Bykil çer çyzinin proletarьjatь, sirigiņder!

7-8-9-10.

# AVЬL kommunisi

7-8

№ 9—10 SENTƏBIR—ƟKTƏBIR № 9—10

7-8-9-10.

GAZET-ÇORNAL BASPASЬ
ALMAT 1936

Bykil çer çyzinin proletarьjatь, siriginder!

# AVЬL kommunisi

# АУЛЬНЫЙ КОММУНИСТ

Партийно-массовый журнал. Орган казкрайкома ВКП(б)

№ 9-10

QAZAQЬSTAN ӨLKELIK PARTIJA KOMIJTETININ PARTIJA KӨPCILIK ÇORNALЬ. AJЬNDA BIR RET CЬQADЬ. 5-ÇЬL CЬQUVЬ.

1936

# J. B. STALIN ÇOLDASQA

## QAJTA TUVQAN QAZAQ QALQЬNAN QAT

**Qьmвattь, syjikti ustazьmьz, eņ çaqsь dosьmьz STALIN çoldas!**

Çaņa ulь quvanьc kynderinde, stalindik konstijtuvtsija qaвьldanqalь otьrqan, Qazaq respuvвlijkasь Odaqtas respuvвlijkaqa ajnalqalь otьrqan qarsaņda, Qazaqtьņ soвetti apatnomijasь qurьlqanьna 16 çьl tolqan вygingidej tarьjqьj kynde, danьcpan ustazьmьz-saqan kөņilimizdegi ojlarьmьzdь ajtqьmьz keledi.

Qazaq qalqь qurьp вityvge ajnalqan edi, Lenin-Stalin partijasь qazaq qalqьn qajta tuvqьzьp өsirip, memleket etip өrkendetip otьr, qazaq qalqь өzinin respuвlijkasь men ulь otanьmьzdaqь teņ praвolь on вir Odaqtas respuvвlijkanьņ semijasьna kirgeli otьr; kәzir вaqьttь вajtaq qalqьmьzdьņ quvanьcь qojnьna sьjmaj, mәrteвesi өsip, kөņili cat вolьp otьr.

Өtkendegi nәlet өmir eske tyskende, вizdiņ osь kәzirgi tamaca çana kelecektegi sәvletti өmirimiz tipti açarlanьp, onan sajьn nurlana вeredi.

Qazaqta reвolytsijadan вurьn, өmir вojь çijan kezip өtken Qorqьt tuvralь ertegi вolatьn. Ol вarmaqan tav, вasвaqan çer qojmaqan, өziniņ tөņir qarqaqan uzaq өmirin dynijeni kezyv men өtkizgen, qajda вarsa da, Qorqьttьņ aldьnan qazuvlь kөr cьqa вergen.

Cьnьnda da solaj edi. Çalqьz Qorqьt emes, ezilip çancьlqan, qurьp вityvge ajnalqan вykil qazaq qalqьnьņ kөrgen kyni sondaj вolatьn.

Al, kәzirce! Tamaca otanьn arqalanьp otьrqan, ulь Odaqtьņ tolьq praвolь azamatь men qalqьnьņ өmirinde вolqan tamca өzgeristerdi ajtьp çetkizetin til qajda!

Budan вir çьl вurьn Qazaqtьņ soвetti aptonomija вolqanьna 15 çьl tolqan kynderde, saqan çazqan qatьmьzda вul өzgeristerdiņ kөвin ajtqamьz. Biraq, өmirimizdiņ tez çana çaqsь өsip, өzgeryvi sonca — вygin kecegiden әlde nece mьņ kijlometirlik çerge uzap ketesiņ. Өtken çьlь вiz orнь men maqtanьp, quvanqan edik, kәzir sonьņ өzinen de kөp alqa вasьp kettik.

Mәselen, вьltьr вiz tipti Ortalьq Qazaqьstan da, вurьn tipti daqdьlь kөcpeli eldiņ өzinde cocьtьp, ýrejin alatьn mejrimsiz Betpaq dalanьņ өzinde nendej tamaca ister istelip çatqandьqьn ajtqan edik.

Bьltьr osь dalanь вasьp, Qaraqadьdan Balqacqa вaratьn çol çana qana salьna вastaqan edi, kәzir soвettiņ çyrdek paraвozdarь вul çol men ersili-qarsьlь çyrip çatьr, kecikpej Mәskev-Qaraqandь-Balqac arasьnda tuvra çyretin pojьzdar çyre вastajdь, kecikpej Balqactaqь mьs alььь da mьsьn вere вastajdь. Kәzirdiņ өzinde taqь da вir çol salьnьp çatьr, ol-Odaqьmьzdaqь mьstьņ eņ iri keni вolьp otьrqan Çezqazqanqa вaratьn çol. Kelesi çьlь Balqactan Tyrksiptegi Cuv stansasьna dejin çol tartьladь

dep ymittenip otьrmьz. Sonda Qazaƣьstanda temir çol çaƣь çaqsь ʙolьp ketedi! Tyrksip çolь respuʙlijkanь uzьnnan uzaq kesip ɵtedi, Qaraƣandь men Balqactь ʙasьp, Cuv stansasьna ʙaratьn çol respuʙlijkanь kɵldeneꞑnen kesip ɵtedi, Ortalьq çana Sol tystik Qazaƣьstandь tɵte çol men aparьp, Tyrksip pen tyjistiredi.

Osь çaqьn arada ƣana Ortalьq Qazaƣьstannьꞑ keꞑ ʙajtaq dalasьnda çaꞑa Qaraƣandь oʙlьsь qurьldь. Burьn Qazaƣьstandaƣь eꞑ qьjьn çer, icer asqa çarьmaƣan, quvanьc degenniꞑ ne ekenin ʙilmegen çer, kəzir eꞑ ɵnerli kəsipti çerge ajnalьp keledi, Odaƣьmьzdьꞑ calƣaj cьƣьsьndaƣь mьs, kɵmir cьƣaruvcь çana mal ɵsiryvci qamalьna ajnalьp keledi.

Mьna ʙir mьjsaldь alajьq! ʙudan ʙir çьl ʙurьn Məskevge qazaq kɵrkem ɵneriniꞑ çetiskendikterin kɵrsetiꞑder, artisteriꞑdi çiʙeriꞑder dese qajtetin edik. Baruvƣa ʙatьlьmьz ʙara qojmas edi. Ujatqa calьnьp qalarmьz dep irkiler edik!

Bьjьl ʙarьp qajttьq, qazaqtьꞑ soʙettik kɵrkem ɵneriniꞑ ɵrge ʙasuvьndaƣь ʙirinci taʙьsьmьzƣa ɵzimizdiꞑ tuvьsqan ustazьmьzdьꞑ ʙergen ylken ʙaƣasьna rьjzamьz, maqtanuvlьmьz.

Al, ʙizdiꞑ taʙьstarьmьz tek caruvacьlьq çana mədenijet majdanьnda ƣana emes. Adam ɵzgerdi, Stalin çoldas, ʙizdiꞑ ʙaqьttь elimizde adamnьꞑ ɵzi kynnen kynge qulpьrьp, çaqsь ʙolьp ʙaradь.

Burьn ʙizde qazaq tilindegi ʙatьr degen sɵz kɵʙinese qalьqtь ezyvci, tonavcь degen sьqьldь uƣьm ʙeretin edi. Aqьnnьꞑ mьnav sɵzderi tegin ajtьlmaƣan edi:

„Tartьnʙaj, qan tɵkkendiʙatьr„ degen,
„Bir ɵzi mьꞑ kisige tatьr“ degen.
Zьjansьz momьndardь caruva ʙaqqan.
„Qolьnan tyk kelmejtin qatьn“ degen.
„Qan“ degen çerge tamƣan qanƣa qumar,
„Dirildep ɵlip ketken çanƣa qumar . . . .„
Çazьqsьz ʙejʙit çatqan eldi cavьp,
Tьjrьl ƣьp çer kyꞑirentken daꞑƣa qumar . . . „

Al, cetten kelgen ezyvciler men ɵz elindegi ezyvcilerge qarsь cьƣuvƣa ʙatьlь çetken cьn erlerin qazaq qalqьnьꞑ aram azƣьndarь—alac ordacьldar, kolonijzatorlar men ʙirigip alьp, mejlince çamandaƣan, kyje çaqqan ʙolatьn. Tipti 1916-çьlƣь kɵterlistiꞑ ʙascьsь, azamat soƣьsь vaqьtьnda qazaq kedejlerinen quralƣan ətiretterdiꞑ ataqtь qolʙasь ʙolƣan, 1919-çьlь alac-ordacьldardьꞑ qolьnan qaza tapqan ʙatьr Amangeldi Ьjmanьptaj qalьq ʙatьrьna da çergilikti ulьtcьldar kɵpke dejin çaman at taƣьp, urь dep çala çapqan. Tek kəzir ƣana, arqijptardь aqtarƣannan kejin ƣana, Qazaƣьstan Amangeldiniꞑ qandaj cьn ʙatьr ʙolƣandьƣьn, qazaq qalqьnьꞑ cьn tamaca ulь ʙolƣandьƣьn kɵrip otьr.

Kəzir çurt ʙurьnƣьdaj ʙatьrlardan zorlьq kɵrmejdi, soqqь çep çьlamajdь. Bizdiꞑ ʙatьrlarьmьz Stalin çoldas, Sen tərʙijelep ɵsirgender-Ckaloptar, Bajduvkoptar, Beləkoptar. Bizdiꞑ ʙatьrlarьmьz—soꞑƣь çьldьꞑ icinde Soʙetter odaƣьnьꞑ ordendarьn alƣan Qazaƣьstannьꞑ əlde nece çyzdegen ordendь adamdarь. Bizdiꞑ ʙatьrlarьmьz-ataqtь ordendь savьncь **Oꞑƣarʙajeʙa Salьjqa** çoldas, kynine kej ʙir sьjьrdan 30 lijtir, tipti 40 lijtir syt alьp otьratьn tamaca svьncь **Gyvsijniskaja** çoldas, ʙizdiꞑ ʙatьrlarьmьz-mal tuqьmьn asьldandьruvcь ataqtь ordendь adamdarьmьz **Çysipəlijip Bodac, Goncarekenko, Əmirijn Tɵke, Juvnac** çana ʙasqa çoldastar. Bizdiꞑ ʙatьlarьmьz-maqta caruvacьlьƣьndaƣь ataqtь zʙeno ʙascьlarь **Qoraqulova Ijʙagyl, Dəvkenip, Çolanьp, Ermekip, Osmanoʙa Ijnajat, Moldaʙajьp Ergec** çana ʙasqa çoldastar; ʙular ɵtken çьlƣь məçiliste maqtanьꞑ tyʙinin artьruv çɵninde ʙergen vədelerin artьƣь men orьndap keledi, ʙular maqtanьꞑ gektarьnan 30 sentinerden, 60 sentinerge dejin alьp otьr; ʙizdiꞑ ʙatьrlarьmьz-qant qьzьlcasьn egyvci tamaca mьꞑsantinerciler-**Bosqoçanoʙa Nurьjpa, Əçiʙajeʙa Kyləj, Germanoʙa Taꞑə** çoldastar, Mekke sapqozьnьꞑ zʙeno ʙascьsь **Rьspajeʙa** çoldas çana tolьp çatqan ʙasqalar. Bizdiꞑ ʙatьrlarь-

mьz-taꞑdavlь komʙajner, traktoris **Rьspanʙekoʙa, Nogornij, Logʙinenko, Ķədirʙekip** çana ʙasqa çoldastar.

Bizde kөmirdiꞑ, tysti metaldьꞑ, temir çoldar qurlьsьnьꞑ, өnerli kəsiptiꞑ ʙasqa taravlarьnьꞑ staqanьpcь məstirleriniꞑ ataqtь ətiretteride өsip çetip keledi! Staqanьpcьlar ədisiniꞑ nusqavcьsь **Bajtuvƣanьp** pen staqanьpcь **Raqьcьp** Maƣvьja çoldastar ʙykil Qaraƣandьƣa, ʙykil Qazaqьstanƣa ataƣь cьqqan adamdar. Osьlar çumьs istejtin Kijrop atьndaƣь caqtь kөmir cьƣaruvdьꞑ çьldьq planьn sentəʙirdiꞑ 30-da aq orьndap ʙoldь.

Oral-Elek temir çolь sьqьldь aldьꞑƣь qatarlь temir çol qurьlьsьnda istejtin staqanьpcь **Kalijnin** ljʙan ʙykil odaqta aldьna çan salmaƣan ordendь ekskaʙatorcь **Jaguvdin** çoldas pen ʙirinci orьnƣa ojdaƣьdaj talasьp keledi. Rijdderdiꞑ staqanьpcьlarь **Ьqьlasьp, Turьcьp** çana **Bratuvqьjn** çoldastar polijmetalruvdalarьn cьƣaruv çeninde ʙykil Odaqtьq rekord kөrsetip, aldarьna çan salmav ycin ojdaƣьdaj kyresip keledi. Ķəzir, Balqac alьʙьn mezgilinen ʙurьn çyrgizip çiʙeryv ycin qьjmьldaƣan kyres kynderinde staqanьpcь qurьlьscьlardьꞑ ʙytin ərmijasь, Balqactьꞑ taꞑdavlь çana kөpteꞑgi qalavcьsь **Myvsin** men **Smoljin** çoldastar, taꞑdavlь montaçnigi **Seʙastijanьp** çoldas, ʙetoncь **Omarʙekip, Toqʙergenip**, zaʙojcь **Turçanьp** pen **Sijryvlnijkop**, usta **Elespajьp** pen **Zulqarnajьp** çana ʙasqa çyzdegen adamdar өsip, kөʙejip keledi.

Adam өzgerip ketti, **Stalin** çoldas! Çaꞑa Konstijtuvtsija ʙojьnca өmir syrip is istevge dajьn, SSSR azamatьnьꞑ ulь mindetterin, otanьnьꞑ aldьndaƣь qoƣamdьq ʙorьcьn adal nijeti men orьndavƣa dajьn naƣьz adam ʙolьp kele çatqandьƣьmьzdь ər qajsьmьz sezip otьrmьz, ər ʙir çoldasьmьz sezip otьr. Ər qajsьmьz өz çoldastarьmьzdь da, өzimizdi de kөʙirek kədirlej ʙastadьq.

Qazaq, orьs, ujƣьr, dunƣan, uvkrajnalьq ʙolьp qol ustasьp, ulь dostьq pen tuvьsqandьq ystin de ʙirlesip is istep kelemiz. Qalьqtardьꞑ ulь tuvьsqandьƣь men dostьq ʙajlanьstarь ʙerik, açьramajdь.

Ķecegi nəlet zamanda, kolonijzatorlar ult arazdьƣьn qozdьrьp, uvcьqtьrƣan zamanda orьstьꞑ cenevnigine ja apijtserine senʙegen el orьs atavlьnьꞑ ərine de senʙejtin ʙolƣan edi. Ol kezde qazaqta: „orьs pen çoldas ʙolsaꞑ, ʙaltaꞑ beliꞑde ʙolsьn“ degen maqalda ʙolatьn. Bul kynde ol maqal kecegi patca men ʙajdьꞑ quldьƣьnda ʙolƣan sum zamandь eske tysiretin avьr eskertkic sьqьldь ƣana ʙolьp qaldь.

Məselen, ʙurьnƣь kyndi eske tysirsek, ʙurьn Oraldьꞑ, Çeti suvdьꞑ qazaq-orьstarь qazaq pen өte araz, өc ʙoluvcь edi, qazaq-orьstьꞑ starcijnalarь, polkoʙnikteri men podpolkoʙnikteri qazaq qalqьn da, өz qazaq-orьstarьnьꞑ kedejin de ezip otьruvcь edi. Al, çuvьqta ƣana, Konstijtuvtsijanьꞑ proektin talqьlaƣan vaqьtta, Çeti suv qazaq—orьsь **Apanasijep** çoldas-Qazaqьstannьꞑ Konstijtuvtsijasьnda „qazaq-orьs pen qazaq-ʙirine ʙiri tuvьsqan“ delinip, ədejlep çazьlsьn dep gazet arqьlь usьnьs çasadь, syitip, ʙərimizdiꞑ kөꞑilimizdegi ojьmьzdь ʙildirdi. Çeti suv, Oral qazaq-orьstarь qazaq çigitteri men ajrьlьspas dos ʙolьp aldь. Bulardьꞑ arasьnda çarьs ʙolьp çyrse, ol çarьs—egindegi, qalqoz eꞑʙegindegi çarьs, ol çarьs-qazaq-orьs kaʙalerijsteri men qazaq çigitteriniꞑ otan qorƣavƣa əzirlenyvindegi çarьs ʙolьp otьr.

Bykil adam ʙalasьn tөmen rasa çana çoƣarь rasa dep ʙөletin, mecev, quldьqta qalьp otьrƣan kolonija qalьqtarьn çek kөryvdi ygittejtin, çeʙrejlerdi çana ʙasqalardь, өzderince ajtqanda arijtsterden ʙasqalardь çek kөryvdi ygittejtin pacister sьqьldь aramdardьꞑ çer çyzinde əli de kөp ekendigi esiꞑe tyskende, solardь ʙir tyrli çek kөrip, çyregiꞑ ajnьjdь. Qurьp ʙara çatqan kapijtalijzmniꞑ ʙasьna avьr zaman tuvƣanь sonca-kapijtalijzm osьndaj çeksurьn adamdarьn, osьndaj ajuvan ʙolьp ketken silimtikterin ykimet ʙijliginiꞑ ʙasьna qojьp çyr, adam çerkenetin teorijalardь ygittep, praktijkada çyzege asьrьp, solarьn ƣьlьmьj teorija dep çyr.

Burьn ezilgen, ʙiz sьqьldь qalьq stalindik tamaca Konstijtuvtsijaƣa

syjsinʙej qajtsin, ʙul Konstijtuvtsija ʙojьnca, ulttь mensinʙevciliktiꞑ ja ult teꞑsizdigin ygittevciliktiꞑ tipti eꞑ səl ʙelgileri de zaꞑ ʙojьnca çazalanadь, ʙykil çer çyzindegi ʙarlьq ezilgenderdiꞑ ymiti, asqar ʙeli ʙolьp otьrƣan ɵzimizdiꞑ ʙaqьttь elimizdi qalaj arqalanʙajьq!..

Pacis çana ʙasqa tyrli kapijtalis sʙolьctarь ʙizdiꞑ soʙet cek arasьnьꞑ ʙekemdigin ʙajqap kɵrsin. Biz olardьꞑ sьʙaƣasьn ʙerip qajtaramьz, sodan kejin olar talaj-talaj adamьnan da, talaj-talaj ykimetinende ajьrьladь. Stalindik ulь Konstijtuvtsijaƣa qolь çetken, ʙarlьq ulttardьꞑ tolьq teꞑdigin praktijkada iske asьrƣan, ʙurьn artta qalƣan qalьqtarƣa ynemi tuvьsqandьq çərdem kɵrsetip kele çatqan elimizdegi qalьqtardьꞑ qolьnan qandaj çumьstar keletinin ol çeksurьndar, ol adam çavlarь, ol çaꞑa soƣьs qozdьruvcьlar sonda ʙiler!

Qazaq qalqь teꞑdikke çetkende, kɵrkejip, gyldengende, orьstьꞑ ulь proletarijatьnьꞑ erlik çərdeminiꞑ arqasьnda çetip otьrƣandьƣьn ʙiledi. Burьnƣь Resejdiꞑ ortalьƣьnda da, ʙizdiꞑ Qazaƣьstannьꞑ ulan ʙajtaq dalasьnda da soʙet ykimeti ycin, ezilgen ulttardь azat etyv ycin qanьn tɵkken Pijter, Məskev çumьscьlarь ʙərimizdiꞑ esimizde.

Qazaq qalqь **Pruvnziniꞑ**, **Kujʙiceptiꞑ**, **Puvrmanoptьꞑ**, azamat soƣьsьnьꞑ ertegidej eri, qalьqtьꞑ qol ʙasь, Oraldaƣь qazaq dalasьnda qaza tapqan Capajьptьꞑ ardaqtь attarьn, pacisterdiꞑ çaldamasь Zijnoʙijep-Kamenip-Trotskijlerdiꞑ çavьz qolьnan qaza tapqan, məngi umьtьlmas Sergej Mijronьʙic **Kijroptiꞑ** ardaqtь atьꞑ mejlince çaqsь kɵrip, ynemi esine alьp, olarƣa alƣьs ajtьp otьradь.

Soʙetti Qazaƣьstan Resej pederatsijasьna qarajtьn aptonomijalь respuʙlijkadan Odaqtas respuʙlijkaƣa ajnalƣalь otьrƣan kəzirgi vaqьtta, ʙiz Lənin—Stalin partijasьna, orьs proletarьjatьna, orьstьꞑ ulь qalqьna cьn çyrekten alƣьs sezimizdi ajtamьz:

Burьnƣь mecevlikten, qurьp ʙityvge ajnalƣandьqtan qutьlьp, asqan çoƣarь sotsijaldь memlekettik kemelge kelip, esejip, kɵrkejyv dəreçesine çetyvimizge çərdemdeskenderiꞑiz ycin ylken alƣьs ajtamьz! Stalindik Konstijtuvtsija qalьqtar arasьndaƣь dostьqtьꞑ çaꞑa dəvirin, ʙurьn ʙolьp kɵrmegen dəvirin tuvƣьzьp otьr, ʙizdiꞑ ajnьmas tuvьsqandьƣьmьzdь ʙurьnƣьdan da əri kycejtip, ʙurьnƣьdan da əri kɵʙirek nьƣajtьp otьr. Qazaƣьstannьꞑ Odaqtas respuʙlijkaƣa ajnaluvь orьstьꞑ ulь qalqь men, soʙet elindegi ʙaqьttь ulь qalьqtar men aramьzdaƣь qatьnastь ʙurьnƣьdan əri kycejtip, ʙurьnƣьdan əri ʙekitedi!

Soʙet qalqьnьꞑ kəzir çaꞑa Konstijtuvtsijaƣa qolь çetkendigi, Qazaƣьstandaƣь kəzirgi taʙьstarьmьzdьꞑ ʙəri ʙolceʙikter partijasьnьꞑ arqasь, qьmʙattь **Stalin** çoldas,-Seniꞑ arqaꞑ!

Lenin—Stalin partijasь kyn-ʙe kyngi ɵmirimizde ʙizge ʙascьlьq etip otьrdь, ɵzderiniꞑ ɵkilderi arqьlь turmьsьmьzdьꞑ nece tyrli egçej-tegiçejine qanьp, ʙizdiꞑ otanьmьzdaƣь çumьstь ɵlkemizdiꞑ ɵzgecelikterine qaraj çyrgizip otьrdь. Partija Lenin—Stalinniꞑ ult sajasatьn iske asьra ʙiletin əlde nece on mьꞑdaƣan adamdь ardaqtap tərʙijelep ɵsirdi, osьlardьꞑ istegen qьzmetiniꞑ arqasьnda caruvacьlьqtьꞑ, mədenijettiꞑ, kɵrkem ɵnerdiꞑ ʙarlьq salasьnda partijadaƣь çana partijada çoq ʙolceʙikterdiꞑ tamaca ətiretteri çasaldь.

Bizdiꞑ qazaqtьꞑ ʙulʙulь, **SSSR** dьꞑ qalьq artijskasь, etikciniꞑ qьzь **Bajsejitiʙa Kyləctiꞑ** tamaca ənderi Məskevdegi dekadniktiꞑ tusьnda qьzьl astanadaƣь çurttьꞑ qulaq qurьcьn qandьrdь. Al, Kyləc pen, ordendь **Çandarʙekip** pen qatar, ʙizde ɵsip kele çatqan ças talanttardьꞑ ʙytin ʙir ətireti ɵrge ʙasьp keledi. Mьjsalƣa **Turdьqulьʙa** Yrijanь, **Bejsemʙajeʙa** Çamaldь ne ʙurьn Rijdderdiꞑ çumьscьsь ʙolƣan **Erçanьp** Manarʙekti-qazaq teatrьnьꞑ osь ɵte talanttь artijsterin alajьq. Bulardьꞑ ʙəri de qalьqtьꞑ qalьꞑ ortasьnan ɵsip cьqqandar, **Stalin** zamanьnda ɵrlep, tərʙije alƣandar.

Al, qalqozdardaƣь kɵrkem ɵnerdiꞑ talapker adamdarьnьꞑ tamaca ... qandaj desenizci! Kyni kece ƣana Kəstek avdanьnda qalьqqa

ʙelgili eki-aq aqьn-**Çampьl** men **Sьdьq** ʙar edi. Kəzir, qazaq kөrkem өnerinin dekandniginen soŋ, qalьqtьŋ eŋ qart aqьnь Çamʙьlƣa orden ʙerilgennen soŋ, qalьq aqьndarь 20 ƣa çetip qaldь. Şadьq aqьn ças çigitter men qьzdardan 24 adamnьŋ ʙasьn qosьp, kruvçok actь, solarƣa ən, domʙьra, ʙij yjretip çatьr. Өtepip degen aqьn çastardan domʙьracьlar orkestrin ujьmdastьrdь. Qalьq çьrcьlarьnьŋ ornь çьjьn tojlarda-qalьq mejramdarьnda ƣana emes, olardьŋ ornь eginci ʙrijgada men mal permasьnda da ekendigin aqьndarь ʙar, aqьndarь is istep otьrƣan qalqozdardьŋ təçirijʙesi ajqьn kөrsetti. „Noʙaja çijzin" qalqozьndaƣь aqьn Sadьq Karʙozьp çazƣь egistiŋ tusьnda ʙrijgadalardь aralap, qol-ma qol өleŋ cьƣarьp otьrdь, sonda çalqavlardь mьsqьldap, Staqanьpcьlardь maqtap otьrdь.

Soʙet ykimetiniŋ alƣacqь çьldarьnda ʙizde mədenijetti adamdardьŋ ajtarlьqtaj kadrlarь çoq edi. Bygin ulь ʙascьmьz, saƣan ajtarlьqtaj kadrlarьmьz ʙar: ult intellijgentsijasьnьŋ sanavlь ƣana ʙolƣan ʙurьnƣь kadrlarьn qajta tərʙijelep aluv men qatar, senen tərʙije alьp cьqqan çyzdegen, mьŋdaƣan kadrlarьmьz ʙar, ʙular qazaq qalqьnьŋ qalьŋ ortasьnan cьqqandar, Lenin—Stalinniŋ ulь isine çan-təni men ʙerilgender.

Mьjsalƣa çazuvcьlardь alajьq! Kece ʙajdьŋ esiginde çyrgen ʙatraq-Səʙijt **Muqanьp** kəzir qazaq өmirinen çazьlƣan өleŋder men romandardьŋ çurtqa eŋ syjikti aptorь ʙolьp otьr.

Inçenerlerdi alajьq! Inçener-sʙazijs **Balpanʙajьʙa** Gylçijhan çoldas, inçener qurьlьscь **Majorьp** Muqammedija çoldas, inçener-geolog **Burqajьp** çoldas, inçener-transportnik **Ydərʙajьp** Əʙdiƣapar çoldas, əjelden cьqqan tuŋƣьc inçener-metallurg **Begəlijiʙa** çoldas, soʙet mekteʙinen tərʙije alьp cьqqan taƣь—talaj qazaq inçenerleri kəzir Qazaƣьstannьŋ өndiris orьndarь men qurьlьstarьnda qьzmet istep çatьr.

Qazaƣьstanda soŋƣь tөrt çьldьŋ icinde partija çana soʙet orьndarьnьŋ ʙascь çaŋa kadrlarьnьŋ өrasan өsip, çoƣarьlaƣanьn өte-mөte eskertip өtkimiz keledi.

**Өmirzaqьp** çoldas-Aqsuv rajkomьnьŋ sekretarь, **Qurmanalijn** çoldas-Qostanaj oʙlьstьq partija komijtetiniŋ sekretarь, **Çanʙajьzьp**-çoldas-Aqteʙe gorkomьnьŋ sekretarь, **Qosçanьp** çoldas-Orda rajkomьnьŋ sekretarь, **Ьzʙanьp** çoldas-Tyrkistan rajkomьnьŋ sekretarь, **Mankijn** çoldas-Almatь gorkomьnьŋ sekretarь, **Aʙdulkarijmop** çoldas-Ojьl rajkomьnьŋ sekretarь, **Bojavʙajьp** çoldas-Eŋʙekci qazaq avdandьq atqaruv komijtetiniŋ predsedatili, **Bajdaqьp** çoldas-Qostanaj oʙlьstьq atqaruv komijtetiniŋ predsedatili, **Aqunьp** çoldas-Ujƣьr avdandьq atqaruv komijtetiniŋ predsedatili, **Sərsenoʙa** çoldas-Sol tystik Qazaƣьstan oʙlьstьq komsomol komijtetiniŋ sekretarь, taƣь talaj ondaƣan, çyzdegen çaŋa adamdar ʙajlarƣa qarsь, alac-ordacьldarƣa qarsь tap majdandarьnda cьnьƣьp cьqqan adamdar, soŋƣь çьldarda asa maŋьzdь ʙascь orьndarƣa çoƣarьlatьp qojьlƣandar.

Bolceʙikter partijasьnьŋ egip, ardaqtap kytip өsirgen tuqьmdarь ʙygin ajta qalƣandaj tamaca çana mol ʙolьp cьƣьp otьr. Sen tərʙijelep, sen өsirgen ʙiz-esejip, Qazaƣьstandь Odaqtas respuʙlijkaƣa ajnaldьruv dəreçesine çettik.

Biz kyni **kөp ʙolsa** da, ʙurьn ʙizge çarьq səvle tyspegen dalada өsip edik, kolonijzatorlar, solardьŋ malajь ʙolƣan ʙajlar men alac-ordacьldar qalьqtьŋ qalьŋ ʙuqarasьn mədenijetsiz, nadan ustap edi.

Lenin—Stalin partijasь, **Stalin** çoldas, sen ʙizge ʙykil qalьqtь kyndiz de, tynde de, munarda da, davьlda da nurьn tөgip, erkeletip өsiretin kyn ʙolьp taʙьldьŋ.

Syjikti **Stalin**, seniŋ tusьŋdaƣь çetiskendikterimizdi Orьnʙaj aqьn ʙьlaj dep çьrlajdь.

„Domʙьra, ynin cьqpaj qorƣaladьŋ.
Kөsilip endi erkin çorƣaladьŋ,

Eңвek syjgen elim men davьs qosьp,
Mende seni qajtadan qolqa alamьn.
Çasardьm, arьstandaj caвьrtamьn,
Elime өnerimdi tanьtamьn.
Kөsemim **Stalinniң** qurmetine,
Өleңimniң tijegin aqqьtamьn".

Aqьnnьң sөzi вykil qazaq qalqьnьң ajtьp otьrqan sөzi. Qazaq qalqь өziniң ekinci вir çьrcьsь, ordendь Çamвьl men вirge stalindik ulь zaңdь, ulь **Stalindi** qurmettep, вьlajca өleңge qosadь:

„**Stalin** zaңьn өr tutam,
Quvantar вul zaң elimdi,
Qulpьrtar вul zaң çerimdi,
Tasьtar вul zaң kөңildi,
Ças өmir kөktep gyl çajnar.
Çaralьs çatqan en вajtaq,
Eңвekci çurtqa вaqqьnar.
Bul zaң men өsken çastarqa,
Erliktiң çolь taвьlar.
Bul zaң men өsken çetkincek,
Oquvqa samsap aqqьlar.
Teңgerip вul zaң tur вizdi,
Çurtьmnьң вirdej çuldьzь".

Qazaqtьң tөrt millijon вaqьttь qalqьnьң atьnan, Soвetti Qazaqьstandaqь вarlьq qalьqtardьң atьnan, qalьqtardьң әkesi, syjikti dosь ulь **Stalin**, saqan kөp çasa dejmiz!

„Tөgiңder çьrdь, aqьndar!
Stalin zaңьn ajtьңdar.
Çьr çьrlap topqa çөneңder.
Çьrlarьң, dos вop вir kөrgen,
Çьrlarьң, eldi gyldengen-
Eңвekke, alqa caqьrar.
Çььtqan millijon çyregin
**Stalin**—kөsem, kemeңger!"

***Bul qat kәsip orьndarьnda,
Qalqozdar men avьldarda
вrijgadalarda, mekemelerde,
oquv orьndarьnda çana әsker
вөlimderinde вolqan 9200
çьjьlьsta talqьlanьp, 1.487.000
kisi qol qojdь.***

---

# MIRZOJAN ÇOLDASTЬꞐ SɵZI

## *MAL CARUVACЬLЬƢЬNDAƢЬ ALDЬꞐƢЬ QATARLЬ ADAMDARDЬꞐ ʙYKIL QAZAƢЬSTANDЬQ II-SIJEZINDE 1936-ÇЬLƢЬ SENTəBIRDIꞐ 22-KYNI SɵJLEGENI*

Çoldastar, mal ɵsiryvci qalqozcьlar men mal sapqozdarьmьzdaƣь çumьscьlardьꞑ 1-sijezinen ʙeri, minekej, yc çьl ɵtti. Osь yc çьldьꞑ icinde qalqozdarьmьzdaƣь mal ɵdəvir kɵʙejdi. Mal eki esege çuvьq arttь. Mal ɵsiryvcilerdiꞑ ʙirinci sijezi vaqьtьnda 5 millijondaj malьmьz ʙolsa (1934 çьlƣь ƣьnuvardьꞑ 1-ne qarsь 4200 mьꞑ ʙolatьn), kəzir 9300 mьꞑnan asa malьmьz ʙar. Sonь men, yc çьldьꞑ icinde malьmьzdь eki ese kɵʙejttik.

### I-Mal ʙasьnьꞑ artuvь men qalqoz malьnьꞑ kɵʙejyvi

Osь çьldardьꞑ icinde qalaj ɵstik? Mal caruvacьlьƣьmьzdьꞑ ɵrkendev qarqьnь qandaj ʙoldь? 1933-çьlƣa qaraƣanda 1934-çьlь ʙarlьq malьmьz 20 prosent artsa, 1934-çьlƣa qaraƣanda 1935-çьlь 22 prosent arttь. 1935-çьlƣa qaraƣanda 1936-çьlь 26 prosent arttь.



L. Mirzojan.

Çoldastar, ɵzderiꞑiz de ʙajqap otьrƣan cьƣarsьzdar, malьmьzdьꞑ ɵsyv qarqьnь çьldan-çьlƣa ydep keledi. Ərijne, ʙul çaman emes. 1930-çьldan ʙastap 1933-çьlƣa dejin malьmьzdьꞑ ɵc ʙir artʙaj, qajta ьlƣьj azajuv men kelgendigin eske alsaq, ʙul çaman emes. Biraq, kəzir malьmьz qancama kɵp artьp otьrƣan men, ʙuƣan ʙiz qanaƣattana almajmьz.

Əsirese ʙьjьlƣь çьlь cocqanьꞑ, tipti qojdьꞑ da kɵʙejyvi çetkilikti emes dep ʙilyvimiz kerek sьqьldь. Osьnda sɵjlegen çoldastardьꞑ ʙir sьpьrasь Soʙetter odaƣьnda malь eꞑ kɵp kɵʙejgen ʙiz degendi ajttь. Munьꞑ qancalьq durьs ekendigin ʙilmejmin, ʙiraq, solaj ʙolƣan kynniꞑ ɵzinde de ʙiz osь men toqtalьp qalmavьmьz kerek. Nege? Nege deseꞑizder, ʙiz maldь ʙudan da kɵʙirek arttьra alatьn edik.

Çoldastar, mal caruvacьlьqьndaqь cabьstarьmьzdьꞑ arqasьnda, oʙьlьstarьmьz ʙen avdandarьmьzda malь çoq qalqozcьlardьꞑ aldьna mal qurap ʙeryv çɵninde ɵte ylken çumьs istedik. 1933-çьlь ʙarlьq caruvalarьmьzdьꞑ 80 protsentinen artьƣьraƣьnda mal çoq edi, 1936-çьlь malь çoq caruvalarьmьz 10 protsenttej ʙolьp otьr, ʙulardьꞑ çartьsьnan kɵʙi Oꞑ tystik Qazaƣьstan oʙьlьsьnda. Onьꞑ ʙer çaƣьnda malь çoq caruvalardьꞑ 10 protsent ʙolьp otьrƣan seʙeʙiniꞑ eꞑ ylkeni sol-Qazaƣьstanƣa el əli kynge dejin qajta kɵcip kelip çatьr; ʙir kezde, mal caruvacьlьqь çɵninde 1930-32çьldar icinde ʙolƣan asьra siltevcilikter

men qatalardьņ saldarьnan Orta Azijaƣa, ezge irgeles elkelerge kecip ketken elde nece on mьņdaƣan qazaq caruvalarь çьl sajьn qajtьp kelip çatьr.

Munь men qatar, ər ʙir qalqozcь yjine keletin maldьņ melceri edəvir keʙejgendigin atap etpej ʙolmajdь. Budan ʙir çьl ʙurьn, ortaqtastьrьlƣan mal men qalqozcьlardьņ çeke pajdasьndaƣь maldь qosьp eseptegende, ər ʙir çyz qalqozcь yjine 756 tujaq mal kelgen ʙolsa, ʙьjьlƣь yjel ajьnda 1018 tujaqtan kelip otьr. Basqaca ajtqanda, ʙir çьldьņ icinde ƣana qalqozcьlardьņ malь edəvir keʙejdi. Bir çьldьņ icinde ər ʙir çyz yjdiņ malьna 250 tujaq mal qostьņьzdar.

Ərijne, ʙul ʙarlьq çerde de qalqozcьlardьņ maldьlьƣь ʙirdej degen sez emes. Barlьq qalqozdardьņ maldьlьƣь ʙirdej emes. Bizde maldьlьƣь ete kycti avdandar men qalqozdar da ʙar, maldьlьƣь elde ʙolsa ete çetkiliksiz avdandar men qalqozdar da ʙar. Əsirese Ortalьq Qazaƣьstan avdandarьnda-Manƣьstavda, Qorƣalçьnda, Ьrƣьzda, Calqarda, Sarь-suvda, Gette, Bajan avьlda, Qarsaqʙajda, Qoņьratta, Quvda, Cьnƣьstavda, Qarqaralьda, Batʙaqqarada, Torƣajda çana ʙasqalarda eldiņ maldьlьƣь çetkiliksiz. Çetkiliksiz ʙolatьn seʙeʙi, ʙirinciden-ʙul avdandarda qalьqtьņ negizgi kəsiʙi mal esiryv, ekinciden-ʙularda yj ʙasьnda 10-15 tujaq mal ʙolsa, ol ete çetkiliksiz. Tipti ʙir avdannьņ ezinde de, ər qalqozdьņ maldьlьƣь ər tyrli.

Almatьƣa çaqьn avdandardьņ ʙirin mьjsalƣa alajьn: ʙizde Almatь oʙlьsьna ƣaraƣan Qoƣalь avdanь degen çaqьn avdan ʙar. Bul avdanda **„Noʙaja çijzin“** çana **„Eltaj“** degen qalqozdar ʙar. „Noʙaja çijzin“ qalqozьnьņ maldьlьƣь mьqьm, çumьs malьnьņ keptigi sonca—olarda ʙir sьpьra artьq çumьs malь ʙar, al, sonь men qanattas “Eltaj„ qalqozьnda (ʙul eki qalqozdьņ ekevi irgeles otьradь) enim ʙeretin mal camasь ete az çana çumьs malь ete çetkiliksiz.

Ərijne, mundaj mьjsaldь kep keltiryvge ʙoladь. Yj ʙasьna keletin maldьņ melceri kep ʙolƣan qalqozdarda mal caruvacьlьƣьn erkendetip, ʙurьnƣьdan əri erge ʙastьra ʙeryv men qatar, dəl ʙygin taņda artta qalьp kele çatqan qalqozcьlardь tez cьjratьp, tez ilgeri ʙastьruvƣa ajьrьqca keņil qojuvьmьz kerek. Əsirese Ortalьq Qazaƣьstan avdandarьn, ʙurьnƣь kecpeli mal esiryvci avdandar degenderdi, ne qurlьm tez ilgeri ʙastьruvƣa ajьrьqca nazar saluvьmьz kerek, çoldastar.

Qalqozcьlardьņ çeke pajdasьndaƣь malƣa kelejik. Bizde talaj-talaj qalqozcьlar osь kynniņ ezinde çurttan ozьp, kep mal qurap aldь; ʙiraq, qalqozcьlarьmьzdьņ negizgi kepciliginde avьl caruvacьlьq arteliniņ stalindik uvstavьnda kersetilgen normaƣa mal əlide çetken çoq. Bizdiņ respuvlijkamьzdaƣь maldьņ keʙejyv qarqьnь çetkiliksiz ʙolatьn taƣьda ʙir seʙeʙi-ʙiz ər ʙir qalqozcь yjine keletin maldьņ sanьn uvstapta ajtьlƣan normaƣa çetkizgenimiz çoq; ər ʙir qalqozcьnьņ qalqoz fermasьndaƣь ortaq malьnьņ ystine çeke pajdasьndaƣь malьn **Stalin** çoldas ajtqan, kejinnen avьl caruvacьlьq arteliniņ uvstavьna çazьlьp, qalqoz turmьsьnьņ zakonьna ajnalƣan melcerge çetkizgenimiz çoq.

Ərijne, ʙizde maldarь tipti normadaƣь melcerden de asьp ketken aldьņƣь qatarlь qalqozcьlar ʙar. Məselen, Tyrkistan avdanьndaƣь **qalqozcь Ospan Marqaʙajьptь** alajьq, onьņ çeke pajdasьnda 432 tujaq malь ʙar, onьņ altavь sьjьr.

Qьzьl qum avdanьndaƣь „Qьzьl tuv“ qalqozьnьņ mycesi **qalqozcь Ajdaʙekiptiņ** çeke pajdasьnda osь kynniņ ezinde 170 tujaq malь ʙar. Aqtəʙe oʙlьsьnьņ Calqar avdanьndaƣь **„Domʙar“** mal seriktiginiņ mycesi **qalqozcь Comartьptьņ** çeke pajdasьnda 151 tujaq malь ʙar; Quramьsьp atьndaƣь seriktik mycesi **qalqozcь Kençetajьptьņ** çeke pajdasьnda 125 tujaq malь ʙar, onьņ icinde çetevi sьjьr, ʙirevi esek, ezgesi qoj. Qarqaralь avdanьnьņ „Quramьs“ qalqozьnьņ mycesi **qalqozcь Çynisiptiņ** çeke pajdasьnda 110 tujaq malь ʙar, onьņ tertevi çьlqь. Qarsaqpaj

avdanьndaƣь „Çaꞑa talap“ qalqozьnьꞑ mycesi **qalqozcь Aʙdьlqadьr-Keꞑgirʙajьptiꞑ** çeke pajdasьnda 109 tujaq malь ʙar, taƣьsьn taƣьlar.

Mundaj qalqozcьlar ʙizde osь kynniꞑ өzinde tolьp çatьr. Bul qalqozcьlar çumьstь ajta qalƣandaj istedi. Sonьꞑ arqasьnda ʙulardьꞑ ʙygin taꞑdaƣь çeke pajdasьndaƣь malь avьl caruvacьlьq artelinin uvstaʙьndaƣь mөlcerden de asьp tysip otьr. Bul qalqozcьlar өzine kerek nərselerin satьp aluv ycin, dəl kəzirdiꞑ өzinde өte kөp malьn sata aladь. Ərijne, Marqaʙajьp sьqьldь qalqozcьlar eki çyzden asa malьn ʙirden sata aladь. Malь avьl caruvacьlьq ərtelinin uvstaʙьnda ajtьlƣan normadan asqan qalqozcьlardьꞑ ʙəri de malьnьꞑ ʙir azьn irgeles qalqozdarƣa, kөrci qalqozcьlarƣa, mөmleketke satьp, aqcalap, өzine kerek nərsesiniꞑ ʙarlьƣьn aluvьna ʙoladь, solaj etyv kerek, olarƣa osьnь ajtuv kerek.

Ərijne, osьlar sьqьldь aldьꞑƣь qatarlь adamdardь ʙasqalarƣa ylgige tartuvьmьz kerek, ʙizdiꞑ mal өsiryvci avdandardaƣь qalqozcьlarьmьz (seriktik pen ərtel myceleri) tajav ʙir-eki çьldьꞑ icinde maldarьn osьlardaj qattь arttьrьp, mladarьn avьl caruvacьlьq arteldiꞑ uvstaʙьnda kөrsetilgen normaƣa çetkizip, maldarьn əʙden kөʙejtyvi kerek.

**Çoldastar, qazaq avьlьnda, əsirese Ortalьq Qazaƣьstanda yj ʙasьna keletin maldьꞑ mөlceri əʙden kөʙejmejince, avqattь çana mədenijetti turmьs ʙola almajdь, osьnь sizder, qalqozcьlar, ʙilyvge tijissizder.**

Mal ajta qalƣandaj kөʙejmejince, maldь kөʙirek saqtap, өsirmejince, maldь çaqsьlap kytpejince, mal ycin kyrespejince qazaq avьlьnda, əsirese mal өsiryvci ortalьq avdandarda avqattь turmьsqa qol çetpek emes, osьnь esten cьƣarmav kerek.

**Tajav vaqьttьꞑ icindegi, tajav ʙir-eki çьldьn icinddeigi ekpindi uranьmьzdьꞑ ʙiri-Ortalьq Qazaƣьstan avdandarьnda sol sьqьldь, ʙykil Qazaƣьstanda, ər ʙir qalqozcьnьꞑ çeke pajdasьndaƣь maldьꞑ mөlcerin kem qojƣanda avьl caruvacьlьq ərteliniꞑ ustaʙьndaƣь normaƣa çetkizyv (Qolcapalaqtav).**

Çoldastar, ʙizdiꞑ ʙuƣan çetyvge mymkinciligimiz ʙarma? Osьndaj mindetti aldьmьzƣa qoja alamьzʙa? **Qalqoz mal permalarьnda, sapqozdarda, sol sьqьldь qalqozcьlardьꞑ çeke pajdasьnda maldь əsirese cocqa men qojdь ana qurlьm kycti qarqьn men kөʙejte alamьz ʙa?**

## II. Maldь 20 milijonƣa çetkizyv ycin kyresejik

Mal өsiryvcilerdiꞑ ʙirinci sijezinen ʙergi yc çьldьꞑ icinde respuvʙlijkamьzdaƣь mal ʙasьn eki ese kөʙejttik. Endigi yc çьldьꞑ icinde malьmьzdь taƣь da eki ese kөʙejte alamьz ʙa, ʙasqaca ajtqanda, **endi yc çьldьꞑ icinde Qazaq respuvʙlijkasьnьꞑ malьn 18-20 millijonƣa çetkizyv mindetiꞑ eꞑ ʙastь, ekpindi mindet etip qolƣa ala alamьz ʙa? (Qol capalaqtav).**

Biz osьnь tajav yc çьldьꞑ icindegi eꞑ irgeli uranьmьzdьꞑ ʙiri etip, qolƣa ala alamьz, qolƣa aluvьmьz kerek. Bykil qalqozdь Qazaƣьstandь osь uranƣa, osь mindetti orьndavƣa attandьruvьmьz kerek. Qalqozcьlar men qalqozcь əjelderdi, Qazaƣьstannьꞑ ʙarlьq qalqьn osь mindetti orьndavƣa çumьldьruv kerek. Qalaj da eki-yc çьldan kejin-Qazaƣьstan Soʙetter odaƣьnьꞑ cьƣьstaƣь mal esiryvci cьn negizgi ʙazasь ʙoldь, dep **Stalin** çoldasqa, partijanьꞑ ortalьq komijtetine, ykimetimizge ʙajandaj alatьn ʙoluvьmьz kerek. **(Qol capalaqtav).**

Өzderiꞑizge məlim, **Stalin** çoldas-Qazaƣьstandь Soʙetter odaƣьnьꞑ Cьƣьstaƣь mal өsiryvci negizgi ʙazasьna ajnaldьruv kerek degen nusqavьn ʙerdi. Biz osь mindetti orьndavƣa kiristik, əzir ʙul mindetti çaman orьndap kele çatqanьmьz çoq. Biraq, ʙul mindetti əli de tolьq orьndap ʙolƣanьmьz çoq. **Qazaƣьstan malь kem qojƣanda 18-20 millijonƣa çetyvi kerek,** sonda ʙiz ʙul mindetti orьndadьq dej alamьz.

Biz əzimizdiꞑ osь sijezde, Qazaƣьstan mal əsiryvcileriniꞑ ekinci sijezinde, mal caruvacьlьƣь çənindegi ylken-ylken taʙьstarьmьzdь qorьtuv men qatar, əlde ʙolsa tolьp çatqan kemciliktərdiꞑ ʙarlьƣьn ajtuvьmьz kerek, şol kemcilikterdi çojuvьmьz, qurtuvьmьz kerek, syjtip, tajav vaqьttьꞑ icinde ulь kesemimiz **Stalin** çoldastьꞑ danьcpan nusqavьn orьndap, Qazaƣьstandь Soʙetter odaƣьnьꞑ Cьƣьstaƣь mal əsiryvci negizgi ʙazasьna ajnaldьruvьmьz kerek **(Qol capalaqtav).**

Bul mindetti orьndav çəninde ʙizdiꞑ ylken-ylken mymkincilikterimiz ʙar. Çalqьz-aq, ʙarlьq qalqozdar men qalqozcьlarьmьz mal ycin oꞑdap kyresyvi kerek, aldьꞑƣь qatarlьlar, ordendьlar, znacoktiler qandaj kyresse, ʙasqalar da sondaj mьqtap kyresyvi kerek, mal caruvacьlьƣьndaƣь çyzdegen, mьꞑdaƣan taꞑdavlь adamdarьmьz dəl ʙygin taꞑda çumьstь qalaj istep otьrsa, mal əsiryvci qalqozcьlarьmьzdьꞑ ʙəri de çumьstь sondaj istevi kerek. Bul ycin ʙarlьq qalqozdarьmьzdьꞑ is nətijçeleri kəzirgi aldьꞑƣь qatarlь çyzdegen ylgili qalqozdarьmьzdьꞑ is nətijçelerindej ʙoluvь kerek. Bul qalqozdardьꞑ ʙir necevin atap ətejik: Sol tystik Qazaƣьstan oʙlьsьnьꞑ **Lenin avdanьndaƣь „Eꞑʙek"** qalqozь 100 savlьqtan 165 qozь, 100 sьjьrdan 100 ʙuzav əsirgen.

**Cyvcin avdanьndaƣь „Buvraʙaj"** qalqozь, -qalqozcь **Myvşijnip** çoldas istejtin qalqoz. Ol ʙьjьl 100 savlьqtan 135 qozь aldьm dejdi, ekinci qajьra qozdatqanda 100 savlьqtan 145 qozь aluv ycin kyresip çatьrmьn dejdi.

**„Seʙernaja zʙezda"** qalqozьn alajьq, osь sijezimizdiꞑ prezijdym mycesi **ordendь Tertьcnьj çoldas** sol qalqozdaƣь mal caruvacьlьƣьn ʙasqaradь, osь qalqoz 100 savlьq tan 165 qozь, 100 sьjьrdan 100 ʙuzav, 17 ʙijeden 17 qulьn alьp, ʙərin de əsirgen. **(Qol capalaqtav).**

Bolajьp avdanьndaƣь **Cijstən MTS**—nьꞑ atьndaƣь qalqozda ordendь **Menkop çoldas** (caʙan) 514 savlьqtan 714 qozь alƣan, ʙul 140 protsent ʙoladь.

Ekinci ʙir **ordendь adamьmьz Ijʙan Suvʙʙotoʙic — Buvdijonnьj atьndaƣь qalqozdьꞑ** mycesi, 100 savlьqtan 165 qozь alƣan.

Cьƣьs oʙlьsьnьꞑ Boroduvlijqa avdanьndaƣь **„Ijdeja"** qalqozьnda perma ʙastьƣь **Ermockin** çoldas 750 savlьqtan 1125 qozь alƣan.

Cьƣьs oʙlьsьnьꞑ **Bel-aƣac avdanьndaƣь „Leninskij pyvt"** qalqozьnьꞑ caʙanь **Pyvtənip** çoldas 25 savlьqtan 43 qozь alƣan, ʙasqaca ajtqanda savlьqtarьnьꞑ 70 protsentten astamь egiz tapqan.

***Mine, çoldastar, cьn erler osьlar, qojьmьzdь kəʙejtyv ycin osьlardaj kyresyv kerek.***

Cьƣьs oʙlьsьnьꞑ **„Kijrop" qalqozьnda caʙan Baltaʙajьp** 185 savlьqtan 214 qozь alƣan. Aqtəʙe oʙlьsьnьꞑ **„Mirzojan" atьndaƣь qalqozь** 400 savlьqtan 600 qozь alƣan.

**„Qьzьl keryven"** serikfiginde **syt permasьnьꞑ ʙastьƣь Beşəlijip** çoldas 43 sьjьrdan 43 ʙuzav alьp, ʙərin tygel əsirgen. **Almatь oʙlьsьnьꞑ kəstek avdanьndaƣь „Qьzьl cilik" qalqozьnьꞑ perma ʙastьƣь Esçanьp çoldas** 100 sьjьrdan 100 ʙuzav alьp, ʙərin tygel əsirgen.

Aldьꞑƣь qatarlь adamdarь ʙar, mal əsiryvcileri maldь kəʙejtyvge cьndap kirisken, maldьꞑ cьƣьnьn, avьruvьn çana ʙasqa kemcilikterin çojuvƣa cьndap kirisken ʙasqa qalqozdardaƣь ondaƣan, çyzdegen çoldastardьꞑ isteri de osьndaj. Bizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ ʙəri de osь aldьꞑƣь qatarlьlarƣa teꞑelse, qojьmьzdьꞑ, sьjьrьmьzdьꞑ, ʙasqa tylikterimizdiꞑ əsyv qarqьnь əlde qajda kycti ʙolatьndьƣь səzsiz.

Osь ajtьlƣan aldьꞑƣьlar men qatar, çumьsьn naçar istep kele çatqan qalqozdar da ʙar. **Məselen, Zьran avdanьndaƣь „Qьzьl partijzan"** qalqozь 300 qozьdan 81 qozьnь, 18 qulьnnan 2 qulьndь, 88 ʙuzavdan 24 ʙuzavdь əltirgen.

Sol tystik qazaƣьstan oʙlьsьnьꞑ **Arьq ʙalьq avdanьndaƣь „Dzerçijnksij" qalqozьnda da** mal cьƣьnь əte kəp. Bul qalqozda təldiꞑ əlimi de, negizgi iri maldьꞑ əlimi de tipti sumdьq kəp. Bul qalqoz soꞑƣь

ʙir nece ajdьꞑ icinde ƣana142 tujaq qojьn өltirgen, munьꞑ teꞑ çarasь savьq.

**Cьƣьs oʙlьsьndaƣь “Stalin“ qalqozь** ʙьjьl tuvƣan 40 ʙuzavdan 10 ʙuzavьn өltirgen, ʙasqaca ajtqanda, cьƣьnь 25 protsent. Sol qalqozdaƣьlardьꞑ çazuvьna qaraƣanda, ʙulardьꞑ ʙuzav qoralarь өte çaman, ʙattasqan saz ʙolƣan, өve kirip turatьn çeltetkici ʙolmaƣan, ʙuzav qoralarƣa ot çaƣьlmaƣan, suvьq ʙolƣan, avruv ʙuzav ʙөlek ʙaƣьlmaƣan, taƣьsьn-taƣьlar, sondьqtan ʙuzav kөp өlgen.

**Batьs qazaƣьstan oʙlьsьndaƣь “Soʙetskaja step„ qalqzьnda** ʙuzavdьꞑ cьƣьnь 16 protsent camasьnda; **Batьs oʙlьsьnьꞑ Prijoral avdanьndaƣь „Krasnьj uvralets“ qalqozьnda** ʙuzav cьƣьnь 18 protsent ʙolƣan.

Qalqozdarьnda tөldiꞑ cьƣьnь өte kөp ʙolƣan avdandar: **Batьs Qazaƣьstannьꞑ Prijoral avdanь, Almatь oʙlьsnьnьꞑ Kəstek pen Celek avdandarь, Cьƣьs Qazaƣьstan oʙlьsьnьꞑ Katon qaraƣaj avdanь, Sol tystik Qazaƣьstan oʙlьsьnьꞑ Arьqʙalьq avdanь çana ʙasqalar.** Mal ycin çөndi kyrespej otьrƣan, sonьꞑ saldarьnan çьl sajьn ondaƣan, çyzdegen, mьꞑ maldan ajьrьluvьmьzƣa seʙep ʙolьp otьrƣan avdandarьmьz, əsirese, qalqozdarьmьz əli de kөp. Əsirese, qalqozdarьmьz ʙьjьlƣь çьlь cocqadan kөp ajrьldь.

Өtken çьlь cocqamьz 100 prosentten asa kөʙejip edi, ʙasqaca ajtqanda 34-çьlƣьƣa qaraƣanda 35-çьl cocqamьz eki ese kөʙejip edi, ʙьjьlƣь çьlь cocqamьz 40 prosent qana arttь, onьꞑ ʙer çaƣьnda Almatь men Oꞑ tystik Qazaƣьstan sьqьldь oʙlьstarьmьzdaƣь qalqozdar cocqanь kөʙejtyv qarqьnьn qattь tөmendetip çiʙerdi. Almatь men Oꞑ tystik oʙlьstarьnьꞑ qolqozdarь ʙir çьldьꞑ icinde cocqalarьn 5-6 prosent qana arttьrdь. Basqaca ajtqanda, ʙul oʙlьstarda cocqa caruvacьlьƣьn өrkendetyv çumьsь erekce nacar ʙolьp otьr.

— Bir avruvpajda ʙolьp, torajlarьmьzdь da, cocqalarьmьzdь da, qьrьp ketti, dejdi çoldastar. Meniꞑ ojьmca, əꞑgime avruvda emes, əꞑgime cocqanь çөndi kytpegendikte ʙolьp otьr. Bizdiꞑ qalqozdarьmьzda-cocqa kyj talƣamajtьn qajuvan, cocqanь çөndi kytpeseꞑde өse ʙeredi dep ojlajtьndьq ʙar.

Onьꞑ ʙer çaƣьnda, cocqa өte kyj talƣajdь, өzge tylikterdiꞑ qajqajsьsьnan ʙolsa da ana qurlьm kөp kytim tilejdi, cocqa, turatьn ornьnьꞑ taza, qorasьnьꞑ çьlь, kytiminiꞑ çaqsь ʙoluvьn tilejdi, taƣьsьn—taƣьlar, ʙul çurtqa məlim.

Cocqa çөndi kytilmedi, oƣan kөꞑil qojьlmadь, sondьqtan kөp cocqa cьƣьn ʙoldь, osьnьꞑ saldarьnan respuʙlijkamьzdьꞑ qalьq caruvacьlьƣь, qalqozdar, qolqozcьlar, memleketimiz ylken zьjan tarttь. **Teginde ʙьjьlƣь çьlь osь eki oʙlьsьmьz—Almatь men Oꞑ tystik maldь kөʙejtyv qarqьnьn ʙir az ʙəseꞑdetip aldь. Munьꞑ seʙeʙi—osь eki oʙlьstaƣь qalqoz ʙascьlarь, avdan ʙascьlarь çana** Almatь men Oꞑ **tystiktiꞑ talaj-talaj oʙlьstьq qьzmetcileri өtken çьlƣь taʙьstarƣa məz ʙolьp, çaj ʙaraqattьqqa ʙerilgendikten ʙolmasa çarar edi dep qorqamьn.** Bьltьrƣь çьlь maldarьn edəvir arttьrƣannan kejin, ʙular eꞑdigi is өzdiginen ilgeri ʙasa ʙeredi dep ʙilgen kөrinedi. Al, cьnьnda өzdiginen ec ʙir is ilgeri ʙaspajdь. Kəstek, Eꞑʙekci qazaq, Celek avdandarь isti ʙeti-men çiʙergen, sonьꞑ saldarьnan maldarьnьꞑ өsimi өte az ʙolьp otьr. Bul avdandar respuʙlijkadaƣь artta qalƣan avdandardьꞑ eꞑ soꞑьnda çyr.

Çandosьp çoldas (Almatь oʙlьstьq atqaruvkomijtetiniꞑ predsedatili), mal caruvacьlьƣьn өrkendetyv isin ʙeti men çiʙergenderiꞑizdiꞑ ʙelgisi sol, maldьꞑ өsyv qarqьnь çaƣьnan sizdiꞑ oʙlьsьꞑьz eꞑ soꞑƣь orьnnьꞑ ʙirin alьp otьr. Bьltьr ʙizde mal caruvacьlьƣь çөninde çumьstь eꞑ nacar istegender Cьƣьs Qazaƣьstan oʙlьsьnьꞑ avdandarь men ʙykil oʙlьstьꞑ өzi edi, sol ycin olar çiji sьnalьp, çiji-çiji sөz estip edi; ʙьjьlƣь çьlь ʙul praʙo Çandosьp çoldasqa çana sonьꞑ oꞑ tystik çaqtaƣь kөrcisine, ʙas-

qaca ajtqanda Ɵꞑ tystik Qazaƣьstan oʙlьsьna çana onьꞑ predsedateli Sluvcak çoldasqa kɵcip otьr. Almatьlьq çoldastar, tuvrasьn ajtuv kerek, ʙьjьlƣь çьlь mal caruvacьlьƣь çɵnindegi çumьstarьꞑьz nacar ʙoldь, oʙlьstьq atqaruv komijteti de çumьstь nacar istedi, mal caruvacьlьƣь çumьsьn ʙeti men çiʙerdi, mal ycin cьndap kyrespedi.

Sonь men, çoldastar, aldaƣь vaqьttьꞑ icinde, 1936-çьldьꞑ ekinci çartьsьnda çana 1937-çьldьꞑ ʙirinci çartьsьnda kəzirgi ylken soraqьlьqtardьꞑ ʙir sьpьrasьn çojuvьmьz kerek, çoja alamьz, yjtkeni kadьrlarьmьz ɵsti, adamdarьmьz ɵsti, qalqozdarьmьz nьƣьjdь, ujьmdastьruv isinde təçirijʙe aldьq; sol soraqьlьqtardь çojuv men qatar, artta qalƣan qalqozdardь aldьꞑƣь qatarlь qalqozdardьꞑ dəreçesine çetkize ʙilyvimiz kerek, ər ʙir qalqozьmьz ər ʙir 100 savlьqtan 130-140 qozь alatьn dəreçege çetyvimiz kerek, sonda danьcpan ustazьmьz, kɵsemimiz Stalin çoldas çyktegen mindetti orьndap cьƣatьndьƣьmьz sɵzsiz.

## III. Maldьꞑ tuqьmьn asьldandьruv ycin, maldь ʙuvdandastьruv ycin kyresejik

Biraq, çoldastar mindet tek maldьꞑ sanьn kɵʙejtyvde ƣana emes. Danьcpan ustazьmьz Stalin çoldastьꞑ aldьmьzƣa qojƣan çana ʙir mindeti—malьmьzdьꞑ sapasьn arttьruv. Bizdiꞑ malьmьzdьꞑ sapasь ɵte nacar. Malьꞑьzdьꞑ qandaj ekenin ɵzderiꞑiz kɵrip çyrsiz. Men avdandardь çana qalqozdardь kɵp aralajmьn. Sol qalqozdardь çana avdandardь aralaƣanda kɵrgen malьmnьꞑ kɵʙi tuqьmь nacar, ьsqьnsьz usaq mal. Əsirese, ʙizde tuqьmь çaqsь qara mal əli az.

Eger, alƣacqь çьldarь kɵʙinese maldьꞑ ɵlim-çitimin toqtatuv, qalqozcьlardь çana qalqozcь əjelderdi maldь çaqsьlap kytyvge yjretyv çaƣьna kyc salsaq, 1933-34-çьldarь kɵʙinese mal sanьn azda ʙolsa kɵʙejtyvge kɵꞑil ʙɵlsek, kəzir, ʙiz tek munь men ƣana qanaƣattana almajmьz. Biz maldьꞑ tuqьmьn asьldandьruv mindetin alƣa qojuvьmьz kerek. Biz, maldь ʙuvdandastьruv çumьsьn is çyzinde çolƣa qojuvьmьz kerek. Malьmьzdьꞑ sapasьn aldaƣь eki-yc çьldьꞑ icinde ana ƣurlьm oꞑdav ycin sьjьrlarьmьzdь, qazaqь sьjьrlardь asьl tuqьmdь ʙuqalardan: sijmental, cʙijtis, gerijpord ʙuqalarьnan, nemis sьjьrьnьꞑ ʙuqalarьnan çana ʙasqa sondaj asьl tuqьmdь ʙuqalardan qacьruv kerek. Bizdiꞑ mal caruvacьlьƣьnьꞑ eꞑ negizgi mindetteriniꞑ ʙiri-osь, çoldastar.

Bizge ьlƣьj gerijpord ʙuqalardь ʙere ʙeredi, ʙul ʙuqalar ʙizdiꞑ caruvamьzƣa kelmejdi, degen sɵzderdi sizder, osьnda turƣan çoldastar, kɵp esitken ʙolarsьz. Cьnьn ajtqanda ʙizde gerijpord ʙuqalardь çaratpajdь, gerijpord ʙizge kerek mal emes, dep eseptejdi. Ərijne, gerijpordtan da sijmental ja cʙijts ʙuqalarь artьq. Biraq, meniꞑce, sijmental, cʙijts ʙuqalarь çana ʙasqa sondaj asьl ʙuqalar çetpej çatqanda, gerijpord ʙuqalarь da çaman emes. Qolьmьzdaƣь mal men salьstьrƣanda, gerijpord çaqsь mal. Cьnьnda da, çoldastar, ʙir gerijpord qazaq malьnьꞑ ekevine turadь, yjtkeni, gerijpordtьꞑ eti, tuqьmь nacar maldьꞑ etinen eki ese kɵp. Sondьqtan, meniꞑce kəzir gerijpord qolajsьz mal, degen sɵzdi qojuv kerek; onьꞑ ornьna, malьmьzdь ʙuvdandastьruv ycin gerijpord, cʙijts ʙuqalarьn, nemis sьjьrьnьꞑ ʙuqalarьn, çalpь alƣanda, asьl tuqьmdь ʙuqalardьꞑ ʙərin pajdalanuvdь kɵzdev kerek. Meniꞑce mal caruvacьlьƣьn kycejtyv programmamьzdьꞑ eꞑ maꞑьzdь ʙɵlimderiniꞑ ʙiri-sьjьr malьnьꞑ, sol sьjaqtь usaq maldьꞑ tuqьmьn negizinen asьldandьruv. Aldaƣь eki çьldьꞑ icinde qazaqь sьjьrlardьꞑ ʙiri qalmaj çaqsь ʙuqalarƣa qacatьn ʙoluv kerek, 1940-çьlƣa dejin ʙarlьq malьmьz tolьƣьnan ʙuvdandasqan ʙoluv kerek. Egerde, ʙul iske sьʙanьp kirissek, saʙataç çasamaj, ʙul çumьstь cьn nijetpen qolƣa alsaq, ʙiz eki-yc çьldьꞑ icinde sьjьr malьn tolьƣьnan ʙuvdandastьra alamьz. Qalqozdardaƣь, sol sьjaqtь qalqozcьlardьꞑ qolьndaƣь maldьꞑ tuqьmьn mejlince asьldandьruv isine ʙizdiꞑ partija men ykimet kynʙe-kyn kɵꞑil ʙɵlip, çərdem

kɵrsetip otьr. **Maldьꞑ tuqьmьn asьldandьrsaq, ʙasqaca ajtqanda, syti kɵp eti kɵp çana çyni kɵp mal ɵsirsek, ʙiz onьꞑ arqasьnda qalqozdьꞑ, qalqozcьlardьꞑ taʙьsьn kɵʙejtemiz ƣoj.** Partija men ykimet qojdь ʙuvdandastьruv ycin 7000 asьl tuqьmdь qocqar ʙerip otьr, 3600 asьl tuqьmdь tajьnca ʙuqa ʙerip otьr; ʙulardьꞑ ʙərin aman saqtap, çaqsьlap ɵsirip, kelecekte malƣa saluv ycin ʙerip otьr. Biraq, ʙizdiꞑ qalqozdar osь ɵzderine ʙerilgen qocqarlardь çana ʙuqalardь vaqьtьnda almaj otьr. Өzderine ʙerilgen 7000 qocqardan qalqozdar ʙolƣanь 2000 qocqardь ƣana, 3500 ças ʙuqadan ʙolƣanь 800 ʙuqanь ƣana aldь. Mal caruvacьlьƣьnьꞑ osь sijezge kelgen aldьꞑƣь qatarlь adamdarь maldь ʙuvdandastьruv çumьsьn tez kycejtyvge çetekci ʙoluvlarь kerek. Malcaruv acьlьƣьnьꞑ staqanьpcьlarь ʙir çaƣьnan maldь ʙuvdandastьruv çumьsьnьꞑ aldьꞑƣь qatarlь adamdarь ʙoluv kerek. Bizdiꞑ orden çana znacok alƣan aldьꞑƣь qatarlь adamdarьmьz maldь ʙuvdandastьruv çumьsьnьꞑ eꞑ ʙirinci ujьmdastьruvcьlarь ʙoluv kerek. Maldьꞑ cьƣьnьn çojuv men qatar, 100 sьjьrdan 100 ʙuzav, 100 savlьqtan 160 qozь aluv men qatar, aldaƣь eki çьldьꞑ icinde qazaqь maldьꞑ ʙərin asьl tuqьmdь ʙuqa, qocqar, ajƣьrlardan cьƣaruv kerek, tuqьmь nacar maldь tolьq ʙuvdandastьruv kerek **(Qol capalaqtav)**, ər qajsьꞑьz mine osь mindetti qolƣa aluvьꞑьz kerek.

Qojdь ʙuvdandastьruv ycin kɵp asьl tuqьmdь qocqarlar: prekos, ramʙuvlije qocqarlarьn əkelip çatqanьmьz ʙəriꞑizge məlim. Biraq, ʙizdiꞑ kɵp qalqozdarьmьz, ne seʙepti ekeni ʙelgisiz, ramʙuvlije qocqarlarьn çaratpajdь. Sirə, ʙul tuqьmƣa çaqsь çaqdaj kerek ʙolƣandьqtan çaqtьrmajtьn ʙolar.

Ramʙuvlije qocqarlarьna ɵreskel tyrde nacar qaraƣandьqtьꞑ kej ʙir paktьlarьn kɵrsetip ɵtyv kerek ʙoladь. Sol tystik Qazaqьstan oʙьlьsьnьꞑ Ruvzajьp avdanьnda Boracijlop atьndaƣь qalqozdьꞑ permasьnьꞑ ʙastьƣь, permaƣa kelgen ramʙuvlije qocqarlarьn alƣьsь kelmegen, ol qocqarlardan mejlince qutьluvƣa tьrьsqan, qaramaƣan, kytpegen, munьꞑ nətijçesinde kelgen qocqarlardьꞑ kɵʙi aqsap, turalap qalƣan. Ruvzajьp avdanьndaƣь Marks atьndaƣь qalqoz 13 ramʙuvlije qocqarьn alƣan. Biraq, ol qocqarlardь ədeji ʙlas, qaraꞑƣь sarajƣa qamaƣan, tynde, „ʙelgisiz adamdar“ qocqarlarƣa tas laqtьrьp, urьp iske asqьsьz etip tastaƣan. Bul ylken masqaracьlьq. Munь men ajamaj qattь kyresyv kerek. Sirə Ruvzajьp avdanьnda qojdь ʙuvdandastьruv çumьsь nacar ʙolsa kerek, avdannьꞑ ʙascьlarь maldь ʙuvdandastьruvdьꞑ maqsatьn çana mindetterin vaqьtьnda tysindiryvge qam qьlmaƣan ʙolsa kerek. Ne pajda, mundaj paktьlar ʙasqa avdandarda da ʙar. Çaqьn arada Cьƣьs Qazaqьstan oʙьlьsьna 405 ramʙuvlije qocqarь əkelindi. Oʙьlьstьq ujьmdar ʙul kelgen qocqarlardь qaʙьldap aluvƣa dajarlanʙaƣan. Bul qocqarlar Semejdiꞑ qasьnda ʙir çerde ʙaƣuvda ʙolƣan, olardь ədejlep çuqpalь avruvь ʙar çerlerge çajƣan. Munan kejin avruv çuqqan qocqarlardь karantijn çasap, qamap tastaƣan. Karantijndegi qocqarlardьꞑ çajь nacar ʙolƣan. Munьꞑ nətijçesinde qocqarlar çydep, arьqtap qocqarlьqqa çaramajtьn ʙolьp qalƣan. Bul zьjankestikke ucasatьn soraqьlьq emesʙe?

Bir sьpьra qalqozdar qazaqь qojƣa daƣdьlanьp qalƣan. Sonan ajьrьlƣьsь kelmejdi. Sondьqtan, olar ʙijazь çyndi qojlardь, əsirese ramʙuvlije qojlarьn çaratpajdь. Biz qojdь ʙuvdandastьrƣanda, əves tikten ʙuvdandastьrmajmьz, qalqozdarƣa çana qalqozcьlarƣa kerek ʙolƣandьqtan, pajdalь ʙolƣandьqtan, ʙuvdandastьramьz. **Yjkeni, qazaqь qojdan 1,5 kijlogramma çyn tysse, ʙuvdan qojdan 5-6 kijlogramma çyn tysedi. Onьꞑ ystine qazaqь qojdьꞑ ʙir kijlogramma çyni 3-4 som tursa, ʙrekos qojdьꞑ ja ramʙuvlije qojdьꞑ ʙir kijlogram çyni 12 som turadь. Olaj ʙolsa, 100 qazaqь qojь ʙar qalqoz ja qalqozcь ol qojlarьnan 150 kijlogramma çyn aladь, kijlogrammasьn 4 somnan satьp, ʙarlьƣь 600 som aqca aladь. Al eger qalqoz çana qalqozcь qojdь ʙuvdandastьrsa, qolьnda 100 ʙuvdan qojь ʙolsa, ol qojlarьnan**

**150 kijlogramma emes, 500-600 kijlogramma çyn alьp, çyndi tɵrt ese qьmbatqa satadь, onan aqcanь 4-5 ese kɵp aladь. Qalqozcьƣa qajьsьsь pajdalь, qьlcьq çyndi qazaqь qoj pajdalь ma, əlde ʙuvdan qoj pajdalь ma? Çyni ʙijazь, çaqsь çana çyndi kɵp ʙeretin, çyni qьmʙat qoj ustaƣan pajdalь ma, əlde qazaqь qoj ustaƣan pajdalь ma? Ərijne, çyni kɵp çana kɵp taʙьs ʙeretin qojdь asьraƣan pajdalь.** Olaj ʙolsa, partija men ykimet ʙuvdandastьruv isine çərdemdeskende, eꞑ aldь men qalqozƣa çana qalqozcьƣa pajdalь ʙolƣan ycin çərdemdesip otьr, qala ʙerdi memleketke de pajdalь ʙolƣan ycin çərdemdesip otьr, yjtkeni, maldь ʙuvdandastьrsa, memleket çyndi kɵp aladь çana çaqsь çyn aladь, ol çynnen ɵziniꞑ paʙirikterinde asьl-cuƣa toqьp cьƣaradь. Olaj **ʙolsa, çoldastar, qojdь ʙuvdandastьruv çumьsьna cьndap kirisyv kerek ekenin ɵzderiꞑiz kɵrip otьrsьz.** Al, eger ʙes ʙarmaq kerek ʙolsa, oƣan ʙizdiꞑ qьlcьq çyndi qazaqь qojlarьmьz da çetip turadь. Meniꞑce, kerek ʙolƣan vaqьtta sojьp, ʙes ʙarmaq pisiryv ycin, ər ʙir qalqozda, ɵsirese, qazaq qalqozьnda ʙir ʙɵlek qazaqь qojlar qaldьruv kerek ʙoladь. **(Qol capalaqtav, kylki).**

Buƣan Soʙetter odaƣьnьꞑ çer qalьq komijssarьnьꞑ orьnʙasarь Tsijlko çoldas ta rijza ʙolьp otьr, yjtkeni, **qazaq ʙes ʙarmaqtь çaqsь kɵredi çana sɵʙet ykimeti** ʙes **ʙarmaqtь çojuvdь tilemejdi, qajta ər ʙir qalqozcьnьꞑ kyn sajьn ʙes ʙarmaq çegendej ʙoluvьna tьrьsadь (Qol capalaqtav).** Munьꞑ ycin qazaq avьldarьnda çeke menciktegi **qojlardьꞑ 30 prosentin ʙuvdandastьrmaj ʙes ʙarmaqqa qaldьruv kerek ʙoladь. (Kylki, qol capalaqtav).** Eeger, osьƣan rьjza ʙolsaꞑdar, ol vaqьtta maldь ʙuvdandastruv isine cьndap kirisejik çana ʙul çumьstь ajta qalƣandaj etip çaqsь orьndajьq. (Qol capalaqtav).

Çeꞑilgen ducpandardьꞑ, ʙajlardьꞑ çana qazaq ultcьldarьnьꞑ qaldьqtarь maldь ʙuvdandastьruvƣa qarsь, mal tuqьmьn asьldandьruvƣa qarsь ygit çyrgizetinin, ygit çyrgizgende qalqozcьnьꞑ çana qalqozdьꞑ qamqorь ʙolьp kɵrinyvge tьrьsatьnьn ec vaqьtta umьtpaꞑьzdar, çoldastar. Bul ʙuqьp çyrgen ducpandar daƣdьda, çalpь çьjьlьstarda, qalьqtьꞑ kɵp çьjnalƣan çerlerinde ər vaqьtta qalqozdь çaqtap, qolqozcьlardь çaqtap sɵjlegen ʙoladь, al, ʙasqa vaqьtta eptep çyrip, qojdь ʙuvdandastьruvƣa ʙɵget çasavƣa, mal caruvacьlьƣь çɵnindegi ʙasqa çaꞑa çumьstarƣa ʙɵget çasavƣa tьrьsadь.

Kuvlak-ʙajlardьꞑ ʙul qaldьqtarьna ajamaj qattь soqqь ʙeryv kerek, ʙuvdandastьruv çumьsьn çaqsь ujьmdastьruv kerek, Lozoʙskij avdanьndaƣь Bolodarskij atьndaƣь qalqozdьꞑ ordendь qalqozcьsь Juvnacep çoldastaj ujьmdastьruv kerek. Juvnacep çoldas maƣan çazƣan qatьnda ʙьlaj dejdi: "Kyzgi caƣьlьstьruv navqanьna dajarlanьp çatьrmьz. Qojlardь qьlьm çolь men qoldan urьqtandьramьz çana tek ʙlƣьj rambuvlije qocqarlarьnьꞑ urьƣь men urьqtandьramьz. Biz qojlarьmьzdь 100 prosent ʙuvdandastьrmaqpьz, qьlcьq çyndi qazaqь qocqarlardь myldе ʙitirmekpiz. Kəzir 14 ramʙuvlije qocqarьn satьp aldьq, ʙurьnnan ɵzimizde 4-vi ʙar edi. Kəzir ʙarlьq 18 ramʙuvlije qocqarьmьz çana 5 ʙuvdan qocqarьmьz ʙar. Sonь men qolьmьzdaƣь savlьqtьꞑ ʙərin asьl tuqьmdь qocqarlar men qamtamasьz ete alamьn„.

Mine, ʙul çoldas ɵziniꞑ mindetin çaqsь tysingen, ɵz qalqozьnьꞑ pajdasьn, qalqoz isiniꞑ pajdasn çaqsь tysingen. Өziniꞑ qalqozьna kɵp pajda keltiryv ycin, savlьqtardьꞑ ʙərin ramʙuvlije qocqarьnan cьƣaruvƣa ʙelsenip kirisken. Mal caruvacьlьƣьnьꞑ aldьꞑƣь qatarlь adamdarьnьꞑ ʙəri de ʙul çoldastan ylgi aluv kerek. Aldьꞑƣь qatarlь adamdar ʙasqalarƣa çumьstь-mine, osь Juvnacep çoldastaj istevge yjretyvi kerek.

Qojdь ʙuvdandastьruv çɵnindegi mindentterimiz mine osьndaj, çoldastar.

Biraq, plan tek munь men ƣana orьndalmajdь. Plandь orьndav ycin, danьcpan ustazьmьz çana kɵsemimiz Stalin çoldastьꞑ nusqavьn orьndav ycin sьjьrdьꞑ syttiligin arttьruv kerek, qojdan çyndi kɵp

alatьn ʙoluv kerek, mal semiz ʙoluv kerek, memleketke semiz çana çaqsь mal ʙeryv kerek. **Plandь orьndav ycin, maldь qьstatuv çumьsьn çaqsь ujьmdastьruv kerek, maldь çaqsь asьrav kerek, çaqsь kytyv kerek, ec ʙir arьq mal, avruv mal ʙolmav kerek. Ulь Stalinniꞑ nusqavlarьn orьndav ycin çuqpalь indetti, qalqoz çana saqqoz malьndaƣь indetterdi ʙir çola çojuv kerek.**

Çoldastar, ʙul sijezde **ordendь** Salьjqa **Oꞑƣarʙajьʙa** ʙir sьjьrdan 20-22 lijtir syt alatьnьn ajttь.

Martyk avdanьndaƣь Cepcenko atьndaƣь qalqozdьꞑ savьncьsь **Guvsijnskaja** ɵziniꞑ „Maruvska" degen sьjьrьnan 42 lijtir syt alatьnьn ajttь. Karl-Marks atьndaƣь qalqozdьꞑ staqanьpcьsь-Sajpgyl ɵziniꞑ „Pajgen" degen sьjьrьnan kyn sajьn 18 lijtir syt aladь. Martyk avdanьndaƣь **„Zaʙet Llijica" qalqozьnьꞑ savьncьsь Gyvdenkoʙa ər ʙir sьjьrdan sɵtkesine 12 lijtir syt aladь,** „Luvna" çana „Barka„ degen çaqsь qazaqь sьjьrlardan **kynine 22 lijtirden syt aladь.** Bel-aƣac avdanьndaƣь „Noʙaja Çijzin„ qalqozьnьꞑ permasьnda 11 sьjьr yjen-yjel ajlarьnda 6000 **lijtir syt ʙergen,** ortaca esep pen kynine **1 sьjьrƣa 10 lijtirden keledi.**

Bizdiꞑ qalqozdarda mundaj mьjsaldar tolьp çatьr.

Bizdiꞑ sapqozdarda ʙir sьjьrdьꞑ kynine 10-15 lijtir syt ʙeretini tuvralь ondaƣan, çyzdegen mьjsaldar keltiryvge ʙoladь. Biraq, sondada, ʙizde ortaca esep pen eseptegende, sьjьrlardьꞑ syttiligi əli kem. Qalqozdardьꞑ çana sapqozdardьꞑ ʙərinde de sьjьrlardьꞑ ana qurlьm kɵpciligi osь ajtьlƣandaj kɵp syt ʙeretin ʙoluv kerek. Ondaƣan, mьꞑdaƣan savьncьlar çana qalqozcь əjelder ɵzderiniꞑ sьjьrlarьnan kemine 10-15 lijtirden syt alatьn ʙoluv kerek. Munьꞑ ycin ne istev kerek? Munьꞑ ycin ne istev kerek ekenin osьnda sijezge qatьnasqan çoldastar tolьq ajtьp ɵtti. Sytti kɵp aluvdьꞑ adam ʙilmejtin ajlasь çoq çana ʙul onca qьjьn da çumьs emes. Sytti kɵp aluv ycin sьjьrdь çaqsь kytyv kerek, çaqsь azьq ʙeryv kerek. Sьjьrdь çaqsь kytse, çaqsь qorada ustasa, sьjьrƣa arnap cɵp syrlese, sьjьrƣa qunarlь azьq ʙerse, ol sьjьr sɵz çoq kynine, 10-15 lijtir syt ʙeredi, onan da kɵp ʙeredi. Bizdiꞑ qazaqь sьjьrь-sytsiz sьjьr dep esepteledi. **Eger, kytimi çaqsь ʙolsa, osь qazaqь sьjьrdьꞑ ɵzide kynine 10 lijtir çana onan da kɵp syt ʙeredi. Qazaqь sьjьrdьꞑ 15 lijtir çana onan da kɵp syt ʙergeni tuvralь kəzirdiꞑ ɵzinde çyzdegen mьjsaldar keltiryvge ʙoladь.** Çoldastar, eger ʙizdiꞑ savьncьlar, ʙizdiꞑ qalqozcь əjelder ʙul iske cьndap kirisse, çartь çьldan kejin ja ʙir çьldan kejin ʙizde, ʙir sьjьrdan 10 lijtir çana onan da kɵp syt alatьn on mьꞑdaƣan savьncьlarьmьz ʙoladь.

Qojdan çyndi kɵp aluv tuvralь da osьnь ajtuvƣa ʙoladь. Qojdь vaqьtьnda qьrьqpaƣandьqtan, kɵp çyn ьsьrap ʙoladь. Bizdiꞑ qoj 2-2,5 kijlogramma, 3 kijlogramma çyn ʙere aladь. Al, ʙiz ʙir qojdan ʙolƣanь ʙir kijlogramma çana onan da kem çyn alamьz, yjtkeni, qojdь vaqьtьnda qьrьqpajmьz, çynniꞑ edəviri tylep, ʙutaƣa ilinip dalada qaladь. Məselen, Jakoʙlep, Kaqijanij, Galaccɵkin, Ijsajьp çoldastar atьndaƣь sapqozdarda men ɵz kɵzim men kɵrdim: dalada çajьlьp çyrgen qojlardьꞑ çyni tylep, tysip dalada qalьp çatьr. Mundaj çaƣdajda ʙiz ʙir qojdan ʙir çarьm kijlogramma da çyn ala-almajmьz. Taƣь da ajtam, ʙiz qoj qьrquv çumьsьn çaqsь ujьmdastьrsaq, qazaqь qojdьꞑ ɵzi 2-2,5 kijlogramma çyn ʙere aladь.

**Məselen, „ɵktəʙirdiꞑ 12 çьldьƣь" qalqozьndaƣь ordendь Əmirijn çoldas ʙir qazaqь qojdan 2,5 kijlogramma çyn aladь. Buvlajьp avdanьndaƣь Menkop çoldas ʙir qazaqь qojdan 2 kijlogamma çyn aldь. Batьs qazaƣьstan oʙlьsьndaƣь Qaztalopka avdanьndaƣь Kijrop atьndaƣь qalqozdьꞑ qalqozcьlarь, çaʙaƣь kyzeminiꞑ ɵzinde ƣana ʙir qojdan 2 kijlogrammadan çyn alƣan. Aqtɵʙe oʙlьsьnьꞑ „Kommuvnijstijceskaja step" qalqozьnda ordendь Snijtko çoldas qazaqь qojdan 3 kijlogrammaƣa dejin çyn alƣan.**

Munьꞑ ʙəri, çumьstь durьs ujьmdastьrsaq, qojdan çyndi kөp aluvƣa ʙolatьnьn kөrsetedi.

Munьꞑ ʙəri, qojdan çyndi kөp aluv ycin kyresyv-ʙizdiꞑ qalqozdardьꞑ, qalqozcьlardьꞑ, qalqozcь əjelderdiꞑ çana sapqoz çumьscьlarьnьꞑ asa maꞑьzdь mindeti ekenin kөrsetedi.

## IV. Mal sapqozdarьnьꞑ çajь çana mindetteri

Bizdiꞑ mal sapqozdarьmьz, çoldastar, ajьrьqca ajtuvƣa turadь. Budan yc çьl ʙurьn ʙizdiꞑ resʙuʙlijkamьzdaƣь ʙarlьq maldьꞑ çartьsьnan kөʙi ʙizdiꞑ sapqozdarьmьzdьꞑ qolьnda edi. Kəzir ʙul çaj ana qurlьm өzgerdi, nege deseꞑiz, ʙirinciden, ʙul yc çьldьꞑ icinde qalqozdaƣь mal caruvacьlьƣьn ujьmdastьrьp, kөteryv ycin qalqozdarƣa çana qalqozcьlarƣa sapqozdar orasan kөp mal ʙөlip ʙerdi; ekinciden, ʙul çьldardьꞑ icinde ʙizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ malь qattь qarqьn men tez өsti.

Respuʙlijkamьzdьꞑ mal caruvacьlьƣьꞑ kөteryv isinde sapqozdarьmьzdьꞑ ornь orasan zor ʙolƣandьƣь davsьz, ʙizdiꞑ qalqozdarьmьzdaƣь mal caruvacьlьƣьnьꞑ tuqьmьn oꞑdav ycin sapqozdarьmьzdьꞑ kөp asьl tuqьmdь mal, əsirese ʙuqa, qocqar çana ʙasqa tuqьm malьn ʙerip otьrƣanь da davsьz.

Alajda ʙizdiꞑ mal sapqozdarьmьzdьꞑ çumьsьndaƣь orasan zor kemcilikterdi çasьruvƣa ʙolmajdь. Mal sapqozdarьmьzdьꞑ kөʙi qьsqa өte-mөte nacar dajarlandь. Barlьq malƣa çeterlik azьq-çem əzirlegen çoq, mal qoralarь, ʙuzav qoralarь çana ʙasqa qora-qopsьlar remonttalƣan çoq. Asьl tuqьmdь maldьꞑ, əsirese ʙuqa, qocqar çana ʙasqa tuqьm malьnьꞑ kytimi өte nacar. Osьnьꞑ saldarьnan sapqozdarьmьzdьꞑ өtken çьlь ʙolƣandaj soraqь kemcilikterdi taƣь qajtalavь mymkin.

Ystimizdegi çьldьꞑ өtken vaqьtьnda sapqozdarьmьzdьꞑ kөpciliginiꞑ qandaj kyjde ʙolƣandьƣьn sьpattav ycin ʙir nece mьsal keltirsek ʙoladь:

Sol tystik Qazaqьstan oʙьlьsьndaƣь Arьqtь, Keꞑ ʙijdajьq, Ruvzajьp, Esil, Qalmaq kөl, Calqar sapqozdarьnda, Өktəʙirdiꞑ 17 çьldьƣь atьndaƣь sapqozda tөldiꞑ cьƣьnь 35 protsentten 55 protsentke dejin ʙardь.

Aqtөʙe oʙьlьsьndaƣь Əlimʙet, Məlyvtin, Qьzьl qajьꞑ, Uvkrajьn, Qaraʙalьq, Çeti-qara sapqozdarьnda tөldiꞑ cьƣьnь ystimizdegi çьldьꞑ өtken vaqьtьnьꞑ icinde 45 protsentke çetti, al, Qarqaralь өkiriginiꞑ Nura-Taldь sapqozь tөliniꞑ 60 protsentin cьƣьndattь; Almatь oʙьlьsьnьꞑ Qulьmʙetip sapqozь tөliniꞑ 48 protsentin cьƣьndattь.

Bul mьsaldar men paktiler ʙizdiꞑ sapqozdarьmьzda əlde ʙolsa kemcilikter kөptigin kөrsetedi. Osь paktiler men mьsaldar ʙizdiꞑ sapqozdarьmьzda maldь aman saqtap өsiryv çolьndaƣь kyrestiꞑ өte nacar ujьmdastьrьlƣanьn kөrsetedi.

Bizdiꞑ sapqozdarьmьzda tөldi kytip ʙaƣuv isi, indetterge qarsь, əsirese ʙruvtseloz sьjaqtь dertterge qarsь kyres өte-mөte nacar ujьmdastьrьldь.

Osьlardьꞑ ʙəriniꞑ ystine sapqozdarьmьz azьq-çemdi өte nacar qamdadь, aldaƣь qьsqa mejlince nacar əzirlendi. Bizdiꞑ qalqozdarьmьz 120-130 protsentten picen cavьp alьp otьrƣanda, sapqozdarьmьz picen caʙuv planьn cetinen 60-70 protsentten asьra almaj otьr. Eger sapqozdar qьsqa mundaj əzirlik pen kirisse, olardьꞑ malьnьꞑ cьƣьnь kөp ʙolatьndьƣь sөzsiz.

Ystimizdegi çьlь azьq-çem tapcь cьqqan avdandar men oʙьlьstardьꞑ sapqozdarь ƣana emes, ʙьjьlƣь çьlь azьq-çem өte kөp ʙolƣan Almatь, Cьƣьs Qazaqьstan sьjaqtь oʙьlьstardьꞑ sapqozdarda azьq-çemdi өte-mөte nacar əzirlep otьr.

Almatьnьꞑ qoj sapqozdarь tresin alajьq, onьꞑ dijrektorь çana dijrektordьꞑ sjaasьj isti ʙasqaratьn orьnʙasarь osьnda otьr, solardan çana trestiꞑ qьzmetcilerinen suraꞑьzdarcь, solar qanca azьq-çem əzirledi

eken? Olar bul sijezde søjlemedi ƣoj dejmin, bizdiꞑ sijezimizde ondaj is pen сьƣьp søjlev de qьjьn ƣoj. Kimniꞑ isi çaqsь bolsa, sol ƣana bizdiꞑ sijezimizde qorƣanbaj, çasqanbaj сьƣьp søjlej aladь, al, Almatь tresiniki sekildi isi masqara nacarlardьꞑ сьƣьp søjlevi onaj emes. Al, Almatьnьꞑ sьjьr sapqozdarьnьꞑ tresi men onьꞑ bascьlarь (dijrektorь da, onьꞑ sajasьj isti basqaratьn orьnbasarь da osьnda otьr), malьna azьq-çemdi olar qalaj əzirledi eken? Tipti nacar! Olar da sijezde сьƣьp søjlevge qorqьp otьr, yjitkeni, mundaj masqara is pen ec qajda barьa almajsьn. Olardьꞑ sapqozdarь azьq-çemdi qamdap alƣan çoq, aldaƣь vaqьtta køp mal сьƣьnƣa ucьraƣalь otьr.

Egerde sapqozdardьꞑ çumьscьlarь, bykil sapqoz çurtcьlьƣь, bizdiꞑ avdandьq ujьmdarьmьz çana qalqozdarьmьz bul øjsьraƣan olqьlьqtan сьƣuv ycin sapqozdarƣa mьqtap çərdemdespese, onda bizdiꞑ ondaƣan mьꞑ maldan ajьrьluvьmьz mymkin. Bizdiꞑ qalqozdarьmьz azьq-çem çaƣьnan sapqozdarƣa qattь qarajlasuvƣa tuvra keledi ƣoj dep ojlajmьn.

Ərijne, sapqozdardьꞑ, çumьstь mundaj çaman istevine ajьptь bolƣan, memleketti orasan køp maldan ajrьltqalь, zьjanƣa ucьratqalь otьrƣan bascьlar men adamdardь mьqtap qolƣa aluv kerek.

Bizdiꞑ bykil qalqoz çana sapqoz çurtcьlьƣьmьzdьꞑ økili bolьp otьrƣan, osь sijezimiz sapqozdarьn mundaj nacar kyjge ucьratqan, osьndaj cøp çaqsь сьƣьp otьrƣan çьlda, osьndaj tamaca çaqsь çaƣdajda malьna çeterlik picendi tolьq qamdap ala-almaj otьrƣan bascьlarƣa bularьꞑ masqaracьlьq dej aladь, devge tijiste. Sapqozdardьꞑ bascьlarь, bizdiꞑ qalqozcьlarьmьzdьꞑ, partijadaƣь çana partijada çoq bolcebikterdiꞑ olardьꞑ çumьsьn maquldamajtьndьƣьn çana maquldaj almajtьndьƣьn bilip qojsьn, partijadaƣь çana partijada çoq bolcebikter olardьꞑ çumьsьna ьrza emes, mundaj masqara çumьs ycin ondaj bascьlarƣa qattь søgis, ylken çaza beryvge bolatьndьƣьn bilsin. Eger bul sapqozdardьꞑ bascьlarь aldьmьzdaƣь mal qьstatuv çumьsьn ojdaƣьdaj ujьmdastьruv ycin azьq-çemdi satьp alьp, sapqozdьꞑ malьna çeterliktej etip qamdap aluv ycin barlьq caranь qoldanbasa, onda partija men ykimette, bizdiꞑ qalqoz çurtcьlьƣь da, bizdiꞑ bykil elimizde olardь qatal çavapqa tartatьndьƣьn, sapqozdarda bolьp otьrƣan soraqь kemcilikter ycin olardan çavap talap etetindigin bilsin.

## V. Çьlqь men tyjeni tølden købejtyv, azьq-çem çana mal dərigerlik məselesi

Çьlqь men tyje caruvacьlьƣь tuvralь, çoldastar, qьsqaca ajtamьn. Çьlqь caruvacьlьƣь çeninde, çoldastar, biz øtken çьlь qalqozdarьmьzdьꞑ betin atqa çana çьlqьƣa køꞑildi køp bølip, çaqsьlap kytyvge burdьq. Bьjьlƣь çьlь biz çьlqьnьꞑ sanьn 16 prosent arttьrdьq, sapqozdar men qosqanda 77 mьꞑdaj qulьn aldьq. Tyje çeninde biz ystimizdegi çьlь tyjeniꞑ burьnƣьdan kemyvin birinci ret tьjьp, tyjeni bir az arttьrdьq. Bizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ, qalqozcьlarьmьzdьꞑ ana ƣurlьm køpciligi tyje men çьlqьnьꞑ tølin øsiryvdi mьqtap qolƣa alьp, alƣacqь ret elevli tabьstarƣa ije bolьp otьr. Biraq, durьsьn ajtqanda, tyje men çьlqь caruvacьlьƣь çenindegi bul tabьstarьmьzdьꞑ azdьƣь sondaj, biz oƣan onca maqtana almajmьz. Tyje men çьlqь caruvacьlьƣь çeninde biz barlьq køꞑilimizdi ingen men bijeniꞑ qьsьr qaluvьn tolьq çojuvƣa, birde-bir ingen men bijeni bojdaq çyrgizbevge bølyvimiz kerek.

Biz əli kynge dejin ingendi mezgili men qajьta almaƣandьqtьn, bijeni mezgili men ajƣьrdan сьƣara almaƣandьqtьꞑ sazajьn tartьp kelemiz, bizdiꞑ bijemiz ben ingenimizdiꞑ køpciligi bojdaq bolьp çyr, qalqoz bulardan qulьn men botanь tolьq ala-almaj otьr.

Ekinciden, mindetimiz mьnav, bije men ingendi avьr çumьsqa salmavьmьz kerek, øsirese, botalavьna, qulьndavьna bir nece aj qalƣanda avьr çumьsqa salmavьmьz kerek. Bir qatar qalqozdar køzir urƣacь

malьn perma etip ʙөlip сьƣarьp otьr. Bul øte kerekti cara, munь mejlince qostav kerek. Ər ʙir qalqozda çьlqь permasь ʙolƣandaj etyv kerek, oƣan ʙarlьq ʙijeni, ʙerip, avьr çumьstan ʙosatuv kerek, syjtip, køʙinese çьlqьnь tөlden øsiretin etyv kerek.

Memleket kəzir qalqozdarƣa çьlqь sapqozdarьnan 8 mьꞑ çьlqь, 3 mьꞑ tyje ʙerip otьr, ʙulardьꞑ køʙi ʙije men ingen, asьl tuqьmdь ajƣьrlar, memleket munь yjirli çьlqь caruvacьlьƣьn ujьmdastьruv ycin ʙerip, qalqozdarƣa mejlince çərdemdesip otьr. Bul çьlqьnь mezgili men alьp, olardan perma ujьmdastьruv, ol malƣa azьq-çem men qora-qopsь əzirlev qalqozdardьꞑ asa maꞑьzdь isi ʙolьp taʙьladь.

**Qazaƣьstan yjir-yjir çьlqь, matav tolƣan tyje øsken çer.** Qazaƣьstanda ʙir kezde tamaca çaqsь yjir-yjir attar, çyristi mьqtь, əskerge çaramdь, çaqsь çьlqьlar køp ʙolƣan. **Tajavdaƣь ʙir nece çьldьꞑ icinde osь qalьpqa ʙarьp, sondaj dəreçege çetetindej, ʙoluvьmьz kerek.**

**Çoldastar, ʙizdiꞑ mindetimiz qazaƣьstandь çaqьn çьldardьꞑ icinde çьlqь men tyje çөninde ulь elimizdiꞑ Сьƣьstaƣь negizgi ʙazьsьna ajnaldьruv ʙolьp taʙьladь.** (Qol capalaqtav).

Aldьꞑƣь qatarlь adamdarьmьzdьꞑ ylgisi, meniꞑ ojьmca, çoldastar, ʙizdiꞑ ʙarlьq qalqozdarьmьzda, ʙizdiꞑ ʙarlьq çьlqь sapqozdarьmьzda køpciliktiꞑ isine ajnaluvь kerek. Mьjsalь: **Çaꞑa qorƣan avdanьndaƣь „Çaꞑa arqa" qalqozьnьꞑ çьlqьсьsь ordendi Sejitməmʙetip** permadaƣь 1933-çьlƣь 55 çьlqьnь 265 çьlqьƣa çetkizip otьr.

Bizde ajƣьr capqan 100 ʙijeden 100 qulьn alьp otьrƣan ondaƣan çoldastar ʙar. **Tertьcnьj** çoldas ajƣьr capqan 17 ʙijeden 17 qulьn alьp otьr. **Aʙdollajьp** çoldas-ajƣьr capqan 55 ʙijeden 55 qulьn alьp otьr. Çьlqьnь, tyjeni øsiryv çolьndaƣь kyresti tamaca çaqsь ujьmdastьrьp otьrƣan ʙasqa da ondaƣan adamdar ʙar. Bul aldьꞑƣь qatarlь adamdardan ylgi aluv kerek, olardьꞑ çьlqь caruvacьlьƣьn ujьmdastьrƣan təçirijʙesin yjrenyv kerek, olardьꞑ сьƣьndь qalaj çojьp, soʙettiꞑ çaqsь attarьn qalaj øsirgendigin yjrenyv kerek.

Istiꞑ tetigi osьnda. Çoldastar, eger ʙizdiꞑ ondaƣan, çyzdegen mьꞑ qalqozcьlarьmьz qolƣa alsa ʙul qoldan keletin, orьndarlьq is. Eger ʙiz сьnьmьz ʙen ʙizdiꞑ dalamьzda çyzdegen mьꞑ ƣana emes, millijondaƣan çьlqь çajьlsьn desek, Tertьcnьj, Sejtməmʙetip çoldastardьꞑ təçirijʙesin ʙarlьq qalqozdar men avьldarƣa çajuvьmьz kerek.

Kej ʙir çerlerde əlde ʙolsa, MTS kelip traktorlarь men avьl caruvacьlьƣьnьꞑ ʙarlьq çumьsьn istejtin ʙoldь, çьlqь øle ʙersin dejtin artta qalƣandьqtan tuvƣan pikir ʙar, ʙul qalqozƣa qarsь pikir, mal caruvacьlьƣьnьꞑ aldьꞑƣь qatarlь adamdarь mundaj pikirlerge qarsь øte-møte ʙatьl kyresyvge tijis. Əli kynge dejin ʙizde, eger çьlqь ʙolmasada onca ec nərsemiz ojsьramajdь, yjitkeni ʙizdiꞑ kerekti çumьsьmьzdь istejtin traktor ʙar, kømʙajьn ʙar, MTS ʙar dep ojlajtьn artta qalƣan qalqozdar əlde ʙolsa ʙar. Bul artta qalƣan qalqozcьlardьn ajtьp çyrgeni ʙaj-kuvlaktardan qalƣan əꞑgime ekeni ajqьn. Mundaj søzderdi ʙurьnƣь ʙajlardan, kuvlaktardan, aqtardan qalƣan, çasьrьnьp çyrgen tap çavlarьnьꞑ sьʙьrlap ketetini ajqьn. Mundaj artta qalƣan pikirlerge qarsь qattь kyresyv kerek, eꞑ aldь men ʙuƣan qarsь aldьꞑƣь qatarlь malcьlar kyresyvi kerek.

Traktorlar men komʙajьndar çьldan çьlƣa køʙejedi, sol sьjaqtь MTS sanь da çьldan çьlƣa artadь, avьl caruvacьlьq çumьstarьnьꞑ macijnelenyvi ulƣaja ʙeredi, ʙiraq sonь men ʙirge çьlqь men tyjeniꞑ sanь da øsetin ʙoluv kerek. **Traktorlar, MTS tar ne ƣurlьm køp ʙolsa, çьlqь men tyje de sol ƣurlьm øse ʙeryvge tijis. Qalqozda, avdanda komʙajьndar, traktorlar ne ƣurlьm køp ʙolsa, at pen qulьnnьꞑ sanьda sol ƣurlьm tez øsyvge tijis.**

**Qazaq avlьnda, qazaq orьs stanijtsasьnda, qalqozdarda qalьꞑ çьlqь ʙolmasa, onda avqattь, mədenijetti turmьsta ʙolmaqcь emes. Ər**

**ʙir qalqozda, avьlda, stanijtsada caruvacьlьq çumьstar ycin, turmьs ycin çana ʙasqa kerekter ycin at qalqozcьƣa kerek ʙoladь, at qalqozƣa kerek ʙoladь, at elimizge kerek, at qьzьl armijamьzƣa kerek (Qol capalaqtav), çьlqьnь ɵsiryv ycin kyresyv kerek.**

Çoldastar, azьq-çem məselelerin, mal qoralarьn saluv çana ʙasqa məselelerdi osьnda Tsijlko çoldas çana ʙasqa çoldastar çete talqьƣa saldь, sondьqtan meniꞑ-ol məselelerge toqtalьp turuvьmnьꞑ qaçettigi çoq. Eger çaqsь azьq-çem ʙolmasa, eger maldьꞑ çaqsь, çьlь qoralarь ʙolmasa, maldьꞑ kɵp ɵspejtindigi, syttiꞑ kɵp cьqpajtьndьƣь çynniꞑ kɵp ʙolmajtьndьƣь, ʙarlьq tɵldi tolьq aman saqtavƣa ʙolmajtьndьƣь ər ʙir qalqozcьƣa məlim.

Bizdiꞑ qalqozdarьmьzda çaꞑa mal qoralar saluv çumьsь keꞑ ɵristep keledi, ʙul sьjaqtь tamaca çaqsь isti ʙarьnca qoldavьmьz kerek. Bizdiꞑ qalqozdarьmьz, əsirese avьl caruvacьlьq ərtelderi ɵsip nьƣajdь, endi olardьꞑ çaqsь mal qoralar saluvƣa, çьlь ʙuzav qoralar saluvƣa, cocqa qamajtьn çana ʙasqa maldardь qamajtьn qoralar saluvƣa mymkincilikteri ʙar. Bizdiꞑ egin-picen seriktikteri men mal seriktikterimiz de mədenijettilik çana saualьlьq çaqьnan ɵsip otьr, endi olar avьl caruvacьlьqь ərteliniꞑ uvstavьna top-toʙь men kɵcip çatьr. Qalqozdьꞑ ərtel tyrine kɵce ʙastaƣan aldьꞑƣь qatarlь seriktik mycelerinin ylgilerin mejlince qoldav kerek, ɵzge seriktikterdiꞑ ʙərine de ʙulardьꞑ durьs ylgisin aluvƣa usьnuv kerek. Çoldastar, ʙizdiꞑ qalqozcьlarьmьz çana tipti avdandarьmьz ʙen qalqozdarьmьzdьꞑ qьzmetcileri kɵcyv durьs pa, kɵcyvge ʙola ma degen məseleni çьjь qojadь.

Bizdiꞑ qalqozdarьmьz ʙen qalqozcьlarьmьzdьꞑ malь ne qurlьm ɵsken sajьn kɵcyv məselesi, ʙasqaca ajtqanda malƣa ɵris izdev məselesi kyceje tysedi.

Eger mal kɵp ʙolsa, əsirese çeke avdandarda maldьꞑ ɵrisin durьs pajdalanuv isin ujьmdastьruv ərijne, kerek, orьndь məsele ʙoladь, munьꞑ ycin maldь 150,200 çana odan da artьq çerge kɵciryvge de ʙoladь. Qalqoz qurьlьsьnьꞑ çaƣdajьnda kɵci-qonnьꞑ myldem ʙasqaca ʙolatьndьƣь ɵzinen-ɵzi ʙelgili. Bizdiꞑ çaƣdajьmьzda mal men ʙirge ʙykil qalqozdьꞑ çajlavƣa kɵcip çyryviniꞑ qaçettigi çoq. Sondьqtan qalqozdьꞑ ɵz orьnьnda qalatьndьƣь ajqьn, mal men ʙirge çajlavƣa qalqozcьlardьꞑ çarьm—çartьsь ne mal ʙrijgadьsь kɵcip, qьsqa qarsь qajtьp keledь. Ulan ʙajtaq ɵristi durьstap, rettep pajdalanuv mindeti çaqьn arada qandaj tyrde ʙolatьndьƣьn kəzir cecip ajtuv qьjьn, alajda mal caruvacьlьƣьnьꞑ ɵsyvi kɵcip çyryvdi kerek qьp otьrƣanda ʙiz ʙul isti ʙurьnƣь eski zamandaƣьdan əlde qajda artьq etip çaꞑaca ujьmdastьra alamьz.

Mal dərigerlik məselesi orasan zor mьꞑьzь ʙar məsele. Maldьꞑ arasьnda avruv əli kɵp, ʙul avruvdan mal kɵp ɵlip çyr. Mal dərigerlik çərdemin ujьmdastьruv isin de iri kemcilikter ɵte kɵp: mal dərigerlik ujьmdarь nacar, ʙizde iske ʙerilgen, təçirijʙeli mal dərigerleri az. Tuvra ajtuv kerek, çoldastar, zatьnda ʙizdiꞑ sapqozdarьmьz ʙen qalqozdarьmьzda mal caruvacьlьƣьnьꞑ mamandarь, əsirese mal ʙractarь, pelcirler, zooteqnijkter çana ʙasqalar az, tipti az. Tsijlko çoldas mal dərigerlik qьzmetcilerine indetterge qarsь, əsirese ʙruvtseloz, mauqa çana ʙasqa dertterge qarsь kyresteriꞑ nacar dep durьs ajttь. Sonь men ʙirge ʙizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ, tipti sapqozdarьmьzdьꞑ mal dərigeri men zooteqniktiꞑ qamьn ojlamajtьndьƣьn, olarƣa çərdemdespejtindign, olarƣa kɵꞑil ʙɵlmejtindigin, olardan isti az talap etetindigin ajtuvьmьz kerek. Mal pelciri, mal ʙracь, mal dərigerlik qьzmetcisi qaƣaçuv, umьt qalƣan adammьn dep ɵzinen ɵzi kemimejtin ʙolsьn. Eger ʙizdiꞑ qalqozdarьmьz ʙen qalqozcьlarьmьz malьm çaqsь ʙolsьn dese, malьmьzda avruv ʙolmasьn dese,-avruv mal qalqozdarƣa ʙarьp turƣan zьjan,-onda olar mal dərgerleriniꞑ çumьs çaƣdajьn oꞑdavь kerek, olarƣa kelik ʙeryvi kerek. Mal dərgerlerine mejlince çərdemdese otьrьp, olardьꞑ isiniꞑ na-

car çerin, kemcilikterin, qalqozƣa mezgili men kelmejtindigin, qaçet çərdemdi kɵrsetpejtindigin sьnav kerek.

Mine, çoldastar, meniꞑ ojьmca mal caruvacьlьƣьn ujьmdastьruv çenin de bizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ aldьn da, bizdiꞑ sapqoz ujьmdarьnьꞑ aldьnda turƣan mindetter osьlar. Biz osь 1936-çьldьꞑ çana 36-37-çьldьꞑ mal qьstatuv çumьsьnьꞑ ɵte çavaptь, ɵte avьr mezgil bolatьndьƣьn çaqsь uƣьnuvьmьz, çaqsь tysinyvimiz kerek. Bir sьpьra oвьlьstar men avdandarda eginniꞑ nacar cьqqandьƣь, Batьs Qazaqьstan, Aqtɵbe, Qostanaj, Qaraƣandь, Oꞑ tystik Qazaqьstan oвьlьstarьnьꞑ avdandarь men qalqozdarьnda bolƣan qurƣaqcьlьq 36-37-çьldьꞑ mal qьstatuv çumьsьn erekce avьr çaƣdajƣa ucьratьp otьrƣandьƣьn, çoldastar, biz umьtpavьmьz kerek. Bizdiꞑ qalqozdarьmьz ben qalqozcьlarьmьz, sapqozdarьmьzdьꞑ çumьscьlarь mal caruvacьlьƣьmьzdь aman saqtap, ɵsiryvdegi ər bir mɵselede bul çьlь ɵtken eki çьldaƣьdan əlde qajda ьqьlastь, əlde qajda ьntalь, əlde qajda qaçьrlь boluvь kerek. Eger bizdiꞑ qalqozdarьmьz ben sapqozdarьmьzdьꞑ barlьq çurtcьlьƣь, barlьq qalqozdarьmьz ben qalqozcьlarьmьz, əsirese aldьꞑƣь qatarlь adamdarьmьz, eger bizdiꞑ çer-çerdegi barlьq ujьmdarьmьz qьsqa kɵzirden bastap mal qьstatuv çumьsьna tьꞑƣьlьqtь tyrde, qunttap əzirlenbese qьstьꞑ qamьn barьnca mьqtap ojlamasa, qьsqa kerektiꞑ barьn aldьn ala ojlap, əzirlep qojmasa, biz bul qьsta orasan kɵp maldaꞑ ajьrьlatьndьƣьmьzdь ajqьn tysinyvimiz kerek.

Aldьmьzdaƣь qьstьꞑ qьjьncьlьqtarьna bajlanьstь kej çerlerdegi artta qalƣan qalqozcьlardьꞑ arasьnda, əsirese seriktikterde toqtь torьm вьlaj tursьn, tɵldejtin maldь da satuvƣa ьꞑƣajlanƣandьq bar. Ducpan elementterdiꞑ silimtikteri kɵzir ɵziniꞑ nazarьn osь yvcaskege avdarьp otьr. Sondьqtan bizdiꞑ qalqozcьlarьmьz, əsirese aldьꞑƣь qatarlь adamdarьmьz çavdьꞑ qas-kynem zьjankestik isin əckerelevge qьraƣь boluvь kerek, qalqozcьlar men qalqozcь əjelderdi maldь aman saqtav çolьndaƣь kyreske, maldь bolcevikce qьstatьp cьƣaruv çolьndaƣь kyreske ujьmdastьruv kerek.

1936-37-çьldьꞑ qьsь, barlьq qьjьncьlьqtarƣa qaramastan, maljmьzdь qьstatuv isin bolcevikce ujьmdastьrƣan qьs boluvƣa tijis. Mal caruvacьlьƣьmьzdь ɵrkendetyvde çaꞑa arnaƣa tysip otьrƣanьmьzda, soƣan qaraj biz mal qьstatuv isine bolcevikce əzirlenip, barlьq maldь 1936-1937-çьldьꞑ qьsьnan cьƣьnsьz aman alьp cьƣuvьmьz kerek **(Qol capalaƣtav).**

## VI. Stalin tuvь astьnda çana tabьstarƣa çetejik

Çoldastar, biz mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çeninde bir dəvir di ajaqtatьp, endi ekinci devirge kirgeli otьrmьz. Bul ɵtken dəvir avьr boldь, sonь men qatar çeꞑil de boldь. Avьr bolƣan sebebi-biz tьm tɵmennen bastadьq, ɵte kejin çatqan dəreçeden ɵrlej bastadьq; avьr bolƣan sebebi-qalqozcьlar men qalqozcь əjelderdi tərbijelevimiz kerek boldь, maldь saqtap, ɵsiryvdi yjretyvimiz kerek boldь; avьr bolƣan sebebi-maldь saqtavƣa, mal ɵsiryv çumьsьn kyцejtyvge qalqozdarda onca kɵꞑil bolmadь, stijmul bolmadь, senim bolmadь. Biz sol avьrlьqtardьꞑ barlьƣьn çeꞑdik. Biz qalqozcьlarьmьzdь qajta tərbijelep aldьq, qalqozdardьꞑ, qalqozcьlar men qalqozcь əjelderdiꞑ kevilin durьstap aldьq. Ulь çana danьcpan kɵsemimiz Stalin çoldastьꞑ sɵzderi ər bir qalqozcьƣa, ər bir qalqozcь əjelge barьp çetti. Kɵsemniꞑ sɵzderi ər bir qalqozcь men qalqozcь əjeldi çigerlendirdi, qalqozcьlar men qalqozcь əjelderdiꞑ kɵp malƣa ije boluvьna, bolatьndьƣьna, ije boluvь kerektigine, mal caruvacьlьƣьn solardьꞑ yzdiksiz ɵrge bastьruvь kerektigine solardьꞑ kɵzin çetkizdi, solarƣa senim berdi.

Biz osьƣan çettik. Al, bul dəvir sonь men qatar çeꞑil dev boldь, çeꞑil bolƣan sebebi-bizde çer kɵp, mal azьƣь kɵp, mal az boldь, sondьq-

tàn suv da, mal azьƣь da, adam da çetkilikti ʙoldь. Kəzir malьmьz kɵʙejdi, kəzir 10 millijondaj malьmьz ʙar, endi ʙudan ʙьlaj çьl sajьn yc-tɵrt millijon tɵl alьp otьruvьmьz kerek, al, ɵtken çьldarda çьl sajьn alƣan tɵlimiz 1-1,5 millijonnan kelip otьrdь.

Bir çarьm millijon tɵldi saqtap ɵsiryv ʙar da, tɵrt millijon tɵldi ɵsiryv ʙar!-ʙul ekevinin arasьndaƣь ajьrmacьlьq ylken. Tɵrt millijon maldь ʙaƣьp-qaƣьp, ɵsiryv ycin əlde qajda kɵp qajrat, kɵp kyc, kɵp is, kɵp naqtьlь caralar kerektigi çurttьꞑ ʙərine ʙelgili. Mine, sonьꞑ ycin, ʙiz mal caruvacьlьqьmьzdь ɵrkendetyv çɵnindegi ekinci dəvirge, ʙurьnƣьdan əlde qajda kyrdeli dəvirge kirgeli otьrmьz. Bul dəvirdiꞑ mindetteri ʙurьnƣьdan əlde qajda ylken ʙoladь, ʙul dəvirde ujьmcьldьq əlde qajda kycti ʙoluv kerek, ʙul dəvirde maldьꞑ qamьn ajrьqca eskeryv kerek ʙoladь, ʙul dəvirde iri-iri caruvacьlьq caralarьn kɵʙirek qoldanuv kerek ʙoladь, isti ƣьlьm çolь men kɵʙirek ujьmdastьruv kerek ʙoladь, mal dərigerligi men zooteqnijka çɵninde kɵp ʙilim kerek ʙoladь.

Qalqozdar men qalqozcьlarьmьz osь mindetti orьndavƣa dajьn turuvь kerek. Qalqozdarьmьz, qalqozcь əjelder men qalqozcьlarьmьz osь çaꞑa mindetterdi orьndaj alarlьq dərəçege çete ʙilyv kerek. Bizdiꞑ qalqozdarьmьzdьꞑ qalqozcь əjelder men qalqozcьlarьmzdьꞑ ʙul mindetterdi orьndap cьƣatьndьƣьnda ec qandaj kymən çoq. Buƣan qalqozdarьmьzda tamaca adamdardьꞑ çaꞑa ʙuvьnь ɵskeni, Stalin tərʙijelegen adamdardьꞑ ʙuvьnь ɵskeni, ulь isimizdiꞑ ʙerik çana mədenijetti ujьmdastьruvcьlarьnьꞑ ɵsip çetilgendigi kepil. **Bizde mal caruvacьlьƣьnьꞑ taꞑdavlь ekpindisi-staqanьpcьsь ʙolьp otьrƣan 75 ordendь adam, 2 mьꞑ znacokti adam ʙar, ʙular ƣana emes. Bular taꞑdavlьlardьꞑ icindegi eꞑ taꞑdavlьlarь, ʙizde osьlar sьqьldь sotsijaldь mal caruvacьlьƣьmьzdьꞑ tamaca ujьmdastьruvcьsь staqanьpcьlarьnьꞑ əlde nece on mьꞑь da ʙar, ʙizde mal caruvacьlьƣьnьꞑ ajta qalƣandaj tamaca, iske cьn kɵꞑili men ʙerilgen ustalarьnьꞑ armijasь da ɵsip keledi, mьꞑdaƣan caʙandar, savьncьlar, çьlqьcьlar, guvrt ʙascьlarь, perma ʙastьqtarь çana ʙasqa sondajlar da ɵsip çetilip keledi. Çaꞑa mindetterimizdi ojdaƣьdaj orьndap cьƣatьndьƣьmьzƣa osьlardьꞑ ʙəri de kepil.**

Qazaƣьstanda mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çumьsьnьꞑ ajaq alьsь qandaj ekendigin surastьrьp, Stalin çoldastьꞑ ajьrьqca kɵꞑil ʙɵlip otьratьndьƣьn sizderge Tsijlko çoldas ajtьp ɵtti. Meniꞑ ajtatьnьm-Stalin çoldas çolьqqan sajьn ɵzi men sɵjlesken sajьn mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çumьsь qalaj, maldьꞑ kɵʙejyvi qalaj dep ər qacan surastьrьp otьradь. **Stalin çoldas ʙizdiꞑ ər ʙir qadamьmьzdь ʙajqap otьradь (Qol capalaqtav), ʙizdiꞑ ilgeri ʙasqan ər ʙir qozƣalьsьmьzdь qadaƣalap otьradь. Ol ʙizdiꞑ mal caruvacьlьƣьmьzdьꞑ qalaj ɵsip kele çatqandьƣьn ʙilip otьradь, mal caruvacьlьƣьnьꞑ ɵsyv qarqьnьn ʙajqap otьradь, ʙizdiꞑ kemciliktterimizdi kɵrip, nusqavlarьn ʙerip, der kezinde tyzetip otьradь. Tuvrasьn ajtuvьmьz kerek-ʙizdiꞑ mal caruvacьlьƣьmьzƣa Stalin çoldastaj kɵꞑil ʙɵlip otьrƣan ec kim çoq (Qol capalaqtav).**

**Biz ʙarlьq qajratьmьzdь çumsap, Stalin çoldas çyktegen ulь isti orьndap cьƣarlьqtaj ʙoluvьmьz kerek. Stalin çoldastьꞑ ulь nusqavlarь men danьcpan keꞑesterin cьn, naqtьlь, qьzuv iske ajnaldьruv ycin ʙarlьq qajratьmьzdь saluvьmьz kerek. Osь sijezde, osь ulь çьjьnda ʙykil respuʙlijkamьzdьꞑ atьnan, Qazaƣьstandaƣь ʙarlьq qalqozdarьmьz ʙen ʙarlьq eꞑʙekcilerdiꞑ atьnan, ʙykil qazaq qalqьnьꞑ atьnan ʙolceʙiktik ulь sertimizdi ʙerejik: danьcpan ustazьmьz, ulь kɵsemimiz Stalin çoldastьꞑ Qazaƣьstanƣa çyktegen mindetterin orьndavƣa ʙilekti sьʙanьp, ʙurьnƣьdan əlde qajda çigerlenip, mьqtap kirisejik, maldь eki ese kɵʙejtip, 20 millijonƣa çetkizetin ʙolajьq.** Bizdiꞑ mal caruvacьlьƣьmьzdь ɵrkendetyv çumьsь-elimizdiꞑ otan qorƣav kycin arttьruv çaƣьnan qaraƣanda da ylken maꞑьzdь çumьs. Ɵzderiꞑizge məlim soƣьsta zeꞑʙiregi, puvlemɵti, samolɵti, tanktarь çana

ʙasqa sondajlarь kɵp el ƣana ər qaçan çeꞑe ʙermejdi. Soƣьsta zeꞑʙin regi, samoləti, tanktarь, artillerijasь çana ʙasqa sondajlarь men qatarmalь mejlince kɵp, mal caruvacьlьƣьnan ɵnetin produvkttarь mejlince kɵp el çeꞑedi. Bizdin elimiz otan qorƣav kyci çoƣarь dəreçede turƣan el. Bizdiꞑ elimiz ɵsip, zor quvattь qaʙьrƣalь memleketke ajnaldь, yjitkeni teqnijka, zavьttar kycejyvi, ɵsyvi men qatar, avьl caruvacьlьƣьmьz, mal caruvacьlьƣьmьz ɵsti. **Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çɵnindegi ər ʙir adьmьmьz, mal caruvacьlьƣьmьzdьꞑ ɵsyvindegi ər ʙir ulь protsent-elimizdiꞑ otan qorƣav kycin nьƣajtuvdaƣь ulь çumьs. Cocqa, çьlqь, qoj, sьjьr maldarьnьꞑ ɵsyvindegi ər ʙir protsentimiz —kapijtalijzimniꞑ irgesin qьjratьp, ʙykil çer çyzindegi sotsijalijzimniꞑ irgesin nьƣajtatьn orasan ylken snarət.** Barlьq çiger-qajratьmьzdь salьp, ʙilekti sьʙanьp kyresejik, sonьꞑ arqasьnda ulь otanьmьz qojь, sьjьrь, cocqasь, eckisi ucan teꞑiz, çaqsь çyristi çьlqьlarь sansьz kɵp elge ajnalatьn ʙolsьn.

Çoldastar, Stalinniꞑ dijrektijʙalalarьn orьndav, caruvacьlьq çana mədenijet çɵninde çaꞑa taʙьstarƣa çetyv ycin ər qajsьmьz orasan qьraƣь ʙoluvьmьz kerek. Qьjratьlƣan ducpannьꞑ qaldьqtarь, ʙetin ʙyrkep alьp, kejde tipti partija ʙeletin ʙetine ustap, ʙizdiꞑ ulь isimizge zьjanьn tijgizgeniꞑ kɵp retterde əli kynge dejin ʙajqamaj kelemiz.

Ər ʙir qalqozcь, ər ʙir qalqozcь əjel, sapqozdardьꞑ ər ʙir çumьscьsь men çumьscь əjeli ducpandь tanьj ʙilyvi kerek, ər ʙir qadam ʙasqan sajьn ducpandь əckerelep otьruvь kerek.

Reʙolytsijacьl qьraƣьlьƣьmьz ne qurlьm kycti ʙolsa, ər qajsьmьzdьꞑ kɵzimiz ne qurlьm ɵtkir ʙolsa, ulь çumьsьmьzdьꞑ qamьn naƣьz ʙolceʙikce ojlap, kɵʙirek daʙьl soƣьp otьrsaq, ulь ustazьmьz, dosьmьz Stalin çoldasqa oqtalьp, aram, çavьz qolьn kɵteryvge ʙatьlь ʙarƣan trotskijs-zijnoʙijepcil ʙandьnьꞑ qalƣan-qutqan qorqaq silimtikterin əckerelevimiz de sol qurlьm oꞑaj ʙoladь.

Çavьz, qorqaq, ɵtirikci surqьja trotskijs-zijnoʙijepcil ʙandijttergerman pacijziminiꞑ agentteri soʙettiꞑ ulь qalqьnan cьn ьlajьqtь soqqь aldь! Ajuvan ʙolьp ketken pacijs ʙandijtterge soʙet qalqь cьn ьlajьqtь ykimin cьƣardь, sotsijaldь çaꞑa qoƣam ornatuv çolьndaƣь kyreske çumьluv ycin, soʙet qalqь ɵziniꞑ ulь kɵsemi Stalin çoldasqa, ulь kommuvnis partijasьna ʙurьnƣьdan da mьqtь, ʙurьnƣьdan da ʙerik ujьdь.

Çyzi qara pacijs reaksijasьnьꞑ taƣь, qutьrƣan ʙascьsь Gijtlerdiꞑ çana onьꞑ çavьz malajь Trotskijdiꞑ soʙet qalqьna, soʙet qalqьnьꞑ kɵsemderine qarsь kylki sɵzderine ʙiz elimizdiꞑ otan qorƣav kycin ʙurьnƣьdan da kɵʙirek nьƣajtuv men, otanьmьzdьꞑ qajratьn, çavьngerligin ʙurьnƣьdan da kɵʙirek kycejtyv men, sotsijaldь caruvacьlьqtь ɵrge ʙastьruv men, mədenijetimizdi ɵrge ʙastьruv men çavap ʙeremiz!

Çoldastar, ʙarlьq kycimizdi salьp, Qьzьl armijamьzdьꞑ ʙascьsь Borocьjlop çoldasqa, ulь Stalin çoldasqa, ykimetimizdiꞑ ʙascьsь Molotьp çoldasqa mьnadaj sertimizdi ʙere alatьn ʙolajьq: partija men ykimet ʙirinci atoj ʙergende, ulь soʙet otanьn qorƣavƣa, çav ʙatpas ʙerik qamaldaj ʙolьp, qalqozdь Qazaqьstan dajьn turadь!

Qalqozdь Qazaƣьstannьꞑ çaꞑa taʙьstarь çasasьn!

Sol taʙьstardьꞑ ujьmdastьruvcьsь, quvat ʙeryvcisi ɵzimizdiꞑ kemeꞑgerimiz ulь Stalin çasasьn!

**(Qol capalaqtav. Çurt tygel ornьnan turdь.)**

Qulьmʙetip Uzaqʙaj
*(Qazaƣьstannьꞑ Ortalьq atqaruv komijtetiniꞑ predsedatili)*

# Gyldengen Qazaƣьstan

Bolceʙikter partijasьnьꞑ, onь quruvcь ulь Lenin-Stalinniꞑ arqasьnda, sotsijaldь ulь Ɵktəʙir reʙolyvtsijasьnьꞑ nətijçesinde Qazaƣьstannьꞑ aptonomьjalь sotsijaldь respuvʙlijka ʙolьp qurьlƣanьna ʙygin 16 çьl toldь.

Ɵktəʙir təꞑkerisi, patca tusьnda ʙolƣan ʙarlьq ezilyvcilikti ʙir çola çojdь. Ɵktəʙir təꞑkerisi adamdь adam qanavcьlьƣьn çoq qьldь.



Qazaqtьꞑ eꞑʙekci ʙuqarasь, azamat soƣьsь çьldarьnda, ɵktəʙir təꞑkerisiniꞑ çemisterin cьn erlik pen qorƣadь, ɵziniꞑ ɵtken zamanьn qajta qurmaq ʙolƣan ʙarlьq aqtardan, kontrreʙolyvtsijacьl alac ordacьldardan ɵziniꞑ ʙajtaq çerin arьlttь.

Qazaq eꞑʙekcileriniꞑ, ɵziniꞑ ʙostandьƣь ycin, 1916-çьlь patcaƣa qarsь kɵterilisiniꞑ 20 çьldьƣьn ʙiz çuvьrda merekelep ɵttik. Bul kɵteriliske qalьq ʙatьrь Amangeldi Ьjmanьp ʙascьlьq etti. Ol otarcьlьq tepkisi men ʙaj-qulaq qanavьnьꞑ avьr azaʙьn ʙasьnan ɵtkizgen, eꞑʙekciler ʙuqarasьnьꞑ ʙel ortasьnan cьqqan gerojlardьꞑ naqьz ʙirevi.

Kommuvnis partijasьnьꞑ çol ʙascьlьƣь men çana Capajьp, Puvrmanьp, Pruvnze sьjaqtь qalьq erleriniꞑ ʙascьlьƣь men, Qazaƣьstannьꞑ eꞑʙekci ʙuqarasь, 1920-çьlь Qazaƣьstannьꞑ ʙarlьq çerin nece tyrli kontrreʙolyvtsijacьldardan arьlttь. 1920-çьlь 4-ɵktəʙirde soʙetterdiꞑ qurьltaj sijezi caqьrьlьp, Qazaqtьꞑ aptanomьjalь sotsij aldь soʙet respuvʙlijkasь qurьldь.

Qazaqьstan eꞑʙekcilerine apatnomьja quruv oꞑaj ʙolƣan çoq, ol ycin aqtar men, kontrreʙolyvtsijacьl alac orda men kyresip qan tɵgip, qьjьncьlьqtardь ʙastan kecirdi.

Qazaƣьstannьꞑ eꞑʙekci ʙuqarasь qьjьncьlьqtardь çeꞑe otьrьp, qьjratьlƣan kontrreʙolyvtsijalьq partijalardьꞑ silimtikteriniꞑ qarsьlьƣьn çeꞑe otьrьp, 16 çьl ʙojьna ɵziniꞑ sotsijaldь caruvacьlьƣьn çasavda.

Burьnƣь ucь-qьjьrь çoq, esiz cɵlde kəzir ɵnerli kəsiptiꞑ iri kəsip orьndarь ornadь, sol kəsip orьndarь ornaƣan çerlerde Qaraƣandь, Qarsaqpaj, Balqac, Çezqazƣan çana ʙasqa solar sьjaqtь sotsijaldь çaꞑa qalalar salьnuvda.

Qaraƣandьnьꞑ kɵmir cьƣaruvь ulƣajƣan soꞑ, Balqac komʙijnatь salьnьp ʙolьp çyrgizilgen soꞑ, ylken Çezqazƣan qurьlьsь ɵris alƣan soꞑ, Altajdaƣь kəsip orьndarь ɵrkendetilgen soꞑ, Qazaƣьstan tek avьl caruvacьlьqtь ɵlke qana emes, indyvstrijalь ɵlke de ʙoldь.

Avьl caruvacьlьƣьnьꞑ produvksijasьn, əsirese mal caruvacьlьƣьnьꞑ produvksijasь men teqnijkaƣa kerekti egisterdi uqsatьp iske asьruv negizinde tamaq ɵnerli kəsiʙi de mejlince ɵrkendep alƣa ʙasьp keledi.

Ɵnerli kəsip pen transporttьꞑ ɵrkendevine ʙajlanьstь, ɵnerli kəsip

proletarijatьnьŋ sanь, əsirese çergilikti qalьq proletarijatьnьŋ sanь çьldan çьlƣa artьp keledi.

Çumьscь çana qalqozcь ʙuqaranьŋ ulan-ʙajtaq ijgiligine ajnalƣan staqanьpcьlar qozƣalьsь qalьq caruvacьlьƣь men mədenijettiŋ ʙarlьq taravlarьnan eŋʙek erlerin ɵsirip cьƣardь. 1935-36-çьldardьŋ icinde ƣana Qazaqьstanda 250 kisige çoƣarь nagrat Odaqtьŋ ordenderi ʙerildi, 9000 daj kisi „Qazaqьstannьŋ 15 çьldьƣь“ znacogin aldь.

On mьŋdaƣan, çyz mьŋdaƣan çumьscьlar men qalqozcьlar, sol sьjaqtь mədenijet qьzmetkerleri, Staqanьp qozƣalьsьnьŋ urpaqtarь sotsijaldьq caruvacьlьƣьmьzdь qurьp çatьr.

16 çьl icindegi taʙьsьmьz qandaj? 1920-çьlь 85 mьŋ tonno kɵmir cьƣarьlsa, 1935-çьlь 2474 mьŋ tonna, 1936-çьldьŋ ʙirinci çartьsьnda 1860 mьŋ tonna kɵmir cьƣarьlьp otьr. 1920-çьlь 30 mьŋ tonna nepti cьƣarьlsa, 1935-çьlь 273 mьŋ tonna, 1936-çьldьŋ ʙirinci çartьsьnda 250435 tonna nepti cьƣarьldь. 1920-çьlь ʙir kijlogram da mьs cьƣarьlƣan çoq edi, 1935-çьlь 4423 tonna, 1936-çьldьŋ ʙirinci çartьsьnda Qarsaqpaj komʙijnati arqьlь 2725 tonna mьs ɵndirip, sotsijaldьq ɵnerli kəsiʙimizge ʙerip otьrmьz. 1920-çьlь 61 tonna qorƣasьn cьƣarьlsa, 1935-çьlь 20997 tonna, 1936-çьldьŋ ʙirinci çartьsьnda 151,9 tonna qorƣasьn cьƣarьlьp otьr. Tɵŋkeriske dejin qazaqьstanda tamaq ɵndirisi ʙolmap edi, 1935-çьlь tamaq ɵndirisi 103494 mьŋ somdьq (1926-27-çьldardьŋ narqь men,) 1936-çьldьŋ çartьsьnda 107852 mьŋ somdьq ɵnim ʙerdi.

Temir çol transportь, suv transportь, aptomoʙil transportь tɵtence ɵrkendep ɵsti. Reʙolyvtsijadan ʙurьn Qazaqьstannьŋ çerinde uzьndьƣь 2042 kijlometir ƣana temir çol ʙar edi, 1935-çьldьŋ aqьrьnda temir çolьmьzdьŋ uzьndьƣь 5844 kijlometirge çetti, al, 1937-çьldьŋ qьnuvar ajьnьŋ ʙirinde 6,8 mьŋ kijlometir temir çolьmьz ʙoladь.

Reʙolyvtsijaƣa dejin Qazaqьstanda ʙirde kijlometir əve çolь çoq edi, al, respuvʙlijkamьzdьŋ 16 çьldьq merekesinde ʙykil respuvʙlijkamьzdь əve çolь aralap otьr. Pocta telegrap qatьnasь keŋ ɵris aldь.

Qazaqьstannьŋ avьl caruvacьlьƣьnьŋ ʙejnesi ƞegizinen ɵzgerdi.

ʙykil Qazaqьstannьŋ çerinde ʙьtьrap çatqan, kɵʙinese kɵcpeli, ʙurьnƣь çyzdegen mьŋ usaq çeke caruvanьŋ ornьna ʙiz kəzir 8 mьŋdaj qalqoz, 236 sapqoz qurdьq. Avьl caruvacьlьƣьmьz aldьŋƣь qatarlь teqnijka men quraldandь. 260 MTS ta 17129 traktor çumьs istap çyr, sonьŋ icinde 2340 traktor kycti gyvsenijcnij traktor, sapqozdarьmьzda 5 mьŋdaj traktor ʙar.

ʙьjьl qazaqьstanda 4943 mьŋ gektar egin egildi, onьŋ icinen sotsijaldьq sektirdiŋ ekken egini 4922 mьŋ gektar. Syjtip, avьlьmьz ʙen derevinemizdiŋ avьl caruvacьlьƣь cьn mьqtap sotsijaldь çolƣa tysti. Partijaƣa qarsь tyrli uvklanijsterdiŋ, Qazaq avьlьn sotsijalistik çolƣa salьp ɵrkendetyv mymkin emes dejtin sandьraqtarь qazir ʙos sɵz ʙolьp qalƣan çoq pa?

Avьl men dereʙineniŋ eŋʙekcileri, ɵzderin mədenijetti, avqattь erkin ɵmirge çetkizgen sotsijalistik çoldь ƣana qalap otьr.

Eginimizdiŋ cьƣьmdьlьƣь yzdiksiz artuvda. Soƣьsqa dejingi on çьldьŋ (1904-1914 ç.) icindegi eginniŋ ortaca tysimi 5,9 sentiner ʙolsa, ʙьltьr ʙijdəjdi 6,8 sentinerden aldьq. Al, ʙьjьl (aldьn ala məlimetter ʙojьnca) sapqozdardьŋ egininiŋ gektarьnan 7,1 sentiner, qalqozdardikinen 6,4 sentinerden tysim alьndь.

Soŋƣь 16 çьl icinde ʙiz, temeki, kaycyk, sʙekla, taƣь solar sьjaqtь çaŋa mədenij egisterdi ɵsiryv çumьsьn meŋgerdik. ʙьjьl Sʙekla ɵsiryvcilerdiŋ çaŋa zʙenolarьnьŋ qajsь ʙirevi, ʙir gektardan 1000 sentinerge dejin rekord tysim ʙerip otьr.

Ɵlkemizdiŋ mal caruvacьlьƣь çьldan çьlƣa ɵsip, nьƣajьp keledi. Kuvlak-ʙaj elementter ɵlkeniŋ eski ʙascьlьƣьnьŋ qatalarьn pajdalanьp, zьjankestik istegendiginiŋ saldarьnan caruvacьlьqtьŋ ʙul salasь 1930-32-çьldarda kɵp kyjzelgen edi. Partijanьŋ Ortalьq komijtetiniŋ 1932-çьlƣь

sentəʙirdiꞑ 17 degi tarьjqьj qavlьsьnan kejin, Ortalьq komijtettiꞑ çana Stalin çoldastьꞑ øz ʙasьnьꞑ çərdemdesyvi arqasьnda, Mirzojan çoldas ʙascь ʙolьp iske kiriskennen kejin qatanь az vaqьttьꞑ icinde tyzetip, mal çaruvacьlьqьn tez ørkendev çolьna saldьq.

Sol ʙascьlьqtьꞑ arqasьnda, qalqozdardьꞑ, qalqozcьlar men sapqoz çumьscьlarьnьꞑ çumьstь çaqsь istevinin nətijçesinde ʙiz malьmьzdьꞑ sanьn 1933-çьlqь yjeldiꞑ 1 degi 4 millijon 242 mьꞑ tujaqtan 1956-çьlqь yjeldiꞑ 1-de 9 millijon 323 mьꞑqa çatkizdik. Osьndaj nətijçeniꞑ arqasьnda ølkemizdiꞑ mal caruvacьlьqь mejlince tez ørkendejtin çolqa mьqtap tysti dep ajta alamьz.

Stalin çoldastьꞑ tarьjqьj nusqavьn orьndaj kele ʙizdiꞑ Qazaqьstan „Sotsijaldь mal caruvacьlьqьnьꞑ Cьqьstaqь negizgi ʙazasь ʙoldь“ dep ajtatьn kezimiz onca qacьq emes.

Øtken 16 çьldьq dəvirde əlevmettik-mədenijet qurlьsь çøninde de orasan zor çumьstar isteldi. Bul 16 çьldьꞑ icinde millijondaqan savatsьz adamdardь oqьtьp, qat tanьttьq, çyzdegen ʙastavьc, ortalav çana orta çaꞑa mektepter actьq, teqnijkyvmdar men çoqarь dəreçeli oquv orьndarьn qurdьq. 1913-çьlь Qazaqьstanda 1475 mektep, olarda 81 mьꞑ oquvcь ʙolsa, 1935-36 oquv çьlьnda 484421 oquvcьsь ʙar 7004 ʙastavьc mekteʙimiz, 5961 oquvcьsь ʙar 653 ortalav mekteʙimiz, 2599 oquvcьsь ʙar 123 orta mekteʙimiz 16 çoqarь dəreçeli oquv orьndarьmьz, 83 teqnijkyvmimiz, çoqarь dəreçeli avьl caruvacьlьq 6 Mekteʙimiz ʙoldь.

1936-37-çьldьꞑ çosparь ʙojьnca çumьs istejtin: 6291 ʙastavьc mektepte 796 mьꞑ oquvcь, 1151 ortalav çana orta mektepterde 172,2 mьꞑ oquvcь ʙoluvь tijis.

Bul typkilikti mektepterdiꞑ sьrtьnda, çьl sajьn, ʙarlьq komijssarijattarda, tyrli kuvrstar øtkizip otьrmьz.

Tøꞑkeriske dejingi dəvirde ʙalalar alaꞑь, ʙalalar ʙaqcasь, ʙalalar jasilderi degender avьzqa da alьnʙap edi, al, 1936-çьlь 253 typkilikti ʙalalar ʙaqcasь ʙar, olarda 12000 ʙala ʙoldь, çana mavsьmdь ʙalalar alaꞑьnda 61000 ʙala ʙoldь.

Typkilikti çumьs istejtin 242 ʙalalar jasilderinde 7.365 ʙala ʙar mavsьm kezinde çumьsistejtin 2.144 ʙalalar jasilderinde 53.463 ʙala ʙoldь.

Soʙet qalqьnьꞑ kørkem øner çønindegi talantь ørkendep østi. Qazaq qalqьnьꞑ ʙaj tʙorcestʙosьna syjengen qazaq kørkem øneri, əsirese soꞑqь yc çьldьꞑ icinde ʙurьn ʙolьp kørmegen dəreçege køterildi: qazaq ultьnan aktør, ənci, kyjci, kompozijtor, çazuvcь çaꞑa kadrlar cьqьp çetildi. Bajsejitiʙa, Çandarʙekip, Ømirzaqьp, Çandarʙekiʙa çana ʙasqa solar sekildi aktørlardьꞑ ataqь ʙykil Soʙetter odaqьna çajьldь. Sejpyvllijn, Majlin, Muqanьp, Əvezip, Çansygirip sьjaqtь qazaq çazuvcьlarьnьꞑ talaj cьqarmalarь orьs tiline avdarьlьp, ʙykil Soʙetter odaqьndaqь eꞑʙekcilerdiꞑ arasьna taraldь.

Qazaq kørkem ønerinin Məskevde øtkizilgen dekadnigi çana 14 qьzmetcimizge Soʙetter odaqьnьꞑ ordenь ʙerilyvi ʙizdiꞑ aktørlarьmьzdьꞑ, ənci, kyjcilerimizdiꞑ, çazuvcьlarьmьzdьꞑ asqan ønerpazdьqьn sьpattajdь.

Qasьrlar ʙojь avьz ʙen ajtьlьp qazaq eꞑʙekcileriniꞑ arasьna çajьlьp ʙolqan tamaca qalьq çьrьnan quralqan „Qьz çiʙek“ pijesesi çana „Çalʙьr“ pijesesi sьjaqtь pijeseler Məskev saqьnasьnda kyrdeli orьn aldь.

Qazaqtьꞑ ʙaj avьz ədeʙijeti, patca tusьnda, retke keltirilip, ʙaspaqa ʙasьlьp, ədeʙijet ʙolьp çarьqqa cьqqan çoq, tek çyz çьldar ʙojь avьz ʙen ajtьlьp, keldi. Ulь øktəʙir tøꞑkerisi men partijamьzdьꞑ Lenin-Stalin ult sajasatь qana, Qazaq qalqьnьꞑ tʙorcijstьʙasьnьꞑ ørkendevine erkin, keꞑ çol actь.

Aptanomьjalь respuʙlijkamьzdьꞑ 16 çьldьq merekesinde 24 teatьr ʙir pijlarmonьjamьz ʙolьp otьr, olardьꞑ icinen qazaq teatrь 18, Ujqьr teatьr-1, Øzʙek teatrь-1, Ølke keleminde 75 dьʙьstь, 209 dьʙьssьz typ-

kilikti kijno çana 556 dьʙьstь, dьʙьssьz kөcpeli kijno ʙar, kөcpeli kijno ʙarlьq qalqozdardь qamtamasьz etip otьr devge ʙoladь.

Qalьqtьꞑ den savlьƣьn saqtav orьndarьmьz da keꞑ qanat çajьp otьr. Qalalarda Den savlьq saqtav qalьq komijssarijatьna qarajtьn 118 avruvqana ʙar, olarda 6918 orьn ʙar, avьlda 210 avruvqana ʙar, olarda 4445 orьn ʙar. Avruv qarajtьn amʙuvlatorijalar qalada 245, avьl, dereʙnede 938. Al, 1913-çьlь ʙykil Qazaƣьstanda avruv çatatьn 1700 orьndьq ƣana avruv qana ʙar edi, munьꞑ kөʙi qalalarda edi, avruv qarajtьn 96 puvnkt ʙar edi.

Qalьqtьꞑ mədenijet dəreçesin өskendigin ʙizdiꞑ savda-sattьq isimizdiꞑ keꞑ өristegeni de sьpattajdь.

Reʙolyvtsijadan ʙurьn Qazaqьstanda mədenijet kyci degende ʙir inçener, ʙir nece ondaƣan tilmactar men muƣalimder, ʙir nece mьꞑ ƣana çumьscьlar ʙar edi. Qazaqьstannьꞑ qurьlƣanьna 16 çьl tolƣan da ʙizdiꞑ çyzdegen inçener, ondaƣan propessor, dotsentter, mьꞑdaƣan muƣalimder men dərigerler, agronomdar çana ʙasqa oqьƣandarьmьz ʙolьp otьr. Bular eꞑʙekci ʙuqaranьꞑ өz arasьnan өsip tərʙijelenip çetti. Өnerli kəsip pen tьranьsporttaƣь çana avьl caruvacьlьƣьndaƣь çumьscьlardьꞑ sanь 700 mьꞑ kisi, munьꞑ 400 mьꞑdajь qazaq. 16 çьldьꞑ icinde ʙiz qazaq eꞑʙekcileriniꞑ qatarьnan partija, soʙet çumьsьna mьꞑdaƣan ʙascь qьzmetciler tərʙijelep өsirdik. Burьnƣь ezilgen, qanalƣandar kəzir memlekettі ʙasqarьp otьr, teqnijkaƣa tamaca çetilip otьr.

Eꞑʙekci qalьqtьꞑ mədenij ьntasьnьꞑ өskendiginiꞑ ʙir ʙelgisi, staqanьpcьlar qozƣalьsьnьꞑ keꞑ өris alьp өrkendegendigi ʙolьp otьr. Staqanьpcьlar qozƣalьsь ʙykil odaq kөlemine çajьlƣalь ʙir çьldan artьq vaqьt ʙolsa, soꞑan ʙeri qalьq caruvacьlьƣьnьꞑ ʙarlьq taravьnda,—өnerli kəsip, transport çana avьl caruvacьlьƣьnda tamaca erlik kөrsetip istep çyrgen mьꞑdaƣan staqanьpcьlar ʙar. Partija men ykimet ʙizdiꞑ eꞑ çaqsь өjgili staqanьpcьlardьꞑ ulь eꞑʙegin, taʙьstarьn ʙaƣalaj ʙilip, soʙetter odaƣьnьꞑ ordenь men nagьradijt etti. Ol nagrat alƣandardьꞑ icinde, Tyriksiptiꞑ çykcisi—Satpajьp, Qaraƣandьnьꞑ kөmircisi Raqьcьp, Savьncь Salьjqa Oꞑƣarʙajьʙa, komʙajner Logʙijnenko, qazaq qalqьnьꞑ aqьnь Çamʙul, ərtisterden Kyləc Bəjsejitoʙa, Qurmanʙek Çandarʙekoʙ traktorijs Pazuvk çana ʙasqalar ʙar. Soꞑƣь çьldarda ʙir talaj çaꞑa staqanьpcьlardьꞑ qatarь kөʙejip keledi. Qant qьzьlcasьn egyvcilerdiꞑ arasьnda rekort çasap çaꞑa taʙьstarƣa çetyv kөpcilik qozƣalьsьna ajnalьp otьr,—qьzьlcanьꞑ gektarьnan 600-700 çana 1000 sentinerge dejin өnim ʙergen Nurьjpa Dosqoçanoʙa, Savruvkoʙa, taƣь sol sьjaqtь eꞑʙektiꞑ asa erlik ylgisin kөrsetkender ʙar. Staqanьpcьlar qozƣalьsьnьꞑ өristevi arqasьnda өndiris plandarьn memlekettik çosparlarьn syreginen ʙurьn artьƣь men orьndap çatqan өndiris, qalqoz, sapqozdar az emes. Mьjsalь: Qaraƣandьnьꞑ Kijrop atьndaƣь eꞑ iri caqtьsь staqanьp ədisin tolьq qoldanuv arqasьnda 30-sentəʙirde 800 mьꞑ tonna çьldьq kөmir cьƣaruvplanьn orьndap cьqtь. Bul caqtьnьꞑ kollektiʙi, osь çьldьꞑ ajaƣьna dejin plannan sьrt taƣь da 300 mьꞑ tonna kөmir cьƣaramьz dep vəde ʙerdi.

Paqta-Aral avdandьq qalqozcь, traktoris, komʙajner staqanьpcьlardьꞑ syletine çьjnalƣan 600 adam, Өktəʙirdiꞑ ʙirinen 10 na dejin, Bykil Qazaƣьstandьq 10-tөtence sijezi atьna ekpindi dekaduik çarьjaladь.

Syletke qatnasuvcьlardьꞑ ər qajsьsь 1500 kijlogramnan taꞑdavlь sorttь çana 5 mьꞑ kijlogramnan çaj sorttь maqta çьjnav mindettemesin aldь.

VIII-Bykil odaqtьq tөtence sijezdiꞑ qarsaꞑьna çьldьq ruvda cьƣaruv planьn tolьq orьndajmьz dep, Stalinskij ruvdniktiꞑ 500 çumьscь inçener-teqnijk qьzmetkerleri vəde ʙerdi. Ordendь traktoris Muvsijenko (Uvkrajьn MTS) nьꞑ ʙirijgadasь VIII-ʙykil odaqtьq sijez atьna өndiris attanьsьn çarьjalap, ər ʙir dөꞑgelekti traktor men 1000 gektar çer çьrtuvƣa mindet alьp otьr, al, ordendь Pazuvktьꞑ (sol MTS tiki) ʙirijgadьsь qazirdiꞑ өzinde dөꞑgelekti traktor men 840 gektar çer ajьrьp otьr.

20-sentəʙirge dejin traktoris Arepejip, Dmijtrijip çoldastar çeꞑil çьrtuvdan ʙir traktor men 625 gektardan çer ajьrьp otьr, al, traktoris Romanenko men Kazacenko çoldastar STZ traktorь men 1170 gekterdan çer çьrttь.

Soʙet ykimetiniꞑ tɵmengi orьndarь-avьl-selo soʙetteri ana qurlьm ɵsip, nьƣajdь. Kɵptegen soʙetterimiz caruvacьlьq pen mədenijettiꞑ ʙarlьq salasьndaƣь çumьstarьn çaqsьlap çolƣa qojdь.

Depuvtat gruvppasьnьꞑ ekinci uvcaskesi (Almatь qalalьq soʙetiniꞑ) qalalьq qurьlьs tiresindegi ʙirlesken məçilisinde, 13 standart yj salьp ʙitiryvge, VIII-soʙetter sijezi atьna 3 ekpindi staqanьpcьlar ʙirijgadьsьn quruvƣa çana ʙasqa mindetter aldь.

Qazaqьstannьꞑ qalьꞑ eꞑʙekcileri, Stalindik çaꞑa konstijtuvtsijanьꞑ, Qazaqьstannьꞑ Aptonomijalь respyvʙlijkadan odaqtьq respyvʙlijkaƣa ajnaluv tuvrasьndaƣь pynkitin asa zor ьnta men qarsь alьp kɵꞑil avdaruvda. Bul tarьjqь aktь, Lenin-Stalin ult sajasatьnьꞑ durьs çyzege asuv nətijçesinde Qazaqьstan eꞑʙekcileriniꞑ sotsijaldьq qurьlьstьꞑ ʙarlьq majdanьnda çeꞑip cьƣьp, tamaca taʙьstarƣa çetkendiginiꞑ nətijçesinde ʙolьp otьr.

Çaqьn arada ʙolьp ɵtken mal ɵsiryvcilerdiꞑ syleti, yc-yc çarьm çьldьꞑ icinde qalqozcьlar men sapqoz çumьscьlarь orasan taʙьstarƣa çetkenin atap kɵrsetti, sonь men ʙirge aldarьna ekpindi mindet qojdь — **„Tajavdaƣь yc çьl icinde mal ʙasьn eki ese arttьrьp, Respyvʙlijkede maldь kem degende 18-20 milijonƣa çetkizyv kerek“** dedi.

Mal ɵsiryvci qalqozcьlardьꞑ ekinci syleti Stalin çoldasqa çazƣan qatьnda, ɵzderiniꞑ çetiskendikterin ajtьp, aldьnda turƣan mindetterin atap kɵrsetti: „Qazaqьstan mal caruvqcьlьƣьnьꞑ qazirgi dəreçesi qalqozcь mal ɵsiryvci ʙizderdi tipti qanaƣattandьrmajdь. Eꞑ ʙastь çumьs əli aldьmьzda., ʙiz əlde de dostьq tatuvcьlьq retpen çumьs istep, mal caruvacьlьƣьmьzdaƣь ʙar kemcilikti çojuvƣa kyc salamьz. Ças tɵlderdiꞑ cьƣьnƣa ucьramavь ycin, maldьꞑ ʙerik azьq qorьn çasaqtav ycin, zootteqnijkelik ʙilim yjrenyv ycin, artta qaluvcь sapqozdar men avdandardь qatarƣa qosuv ycin kyresimiz. Sonьꞑ icinde asa maꞑьzdь ər qajsьmьz kemi 10 qalqozcьnь çaqsь ylgili çumьs istevge yjretemiz“.

Bykil Soʙetter odaƣьnьꞑ eꞑʙekcileri sьjaqtь, ʙizdiꞑ Qazaqьstan eꞑʙekcileride Stalindik Konstijtuvtsijanьꞑ proektьn talqьlap, onьꞑ ər ʙir puvnktine qattь quvanadь, ьnta çigeri artьp, cattanadь.

Qazaqьstan eꞑʙekcileri Konstijtuvtsijanьꞑ proektьn taqьlaƣanda ɵzderiniꞑ usьnьstarьn kirgizip otьr. Biz əzirgi eꞑʙekcilerdiꞑ Stalindik Konstijtuvtsijanьꞑ proektine çasaƣan 400 den asa usьnstarьn, qosьmcalarьn çьjdьq.

Qazaqьstan gyldenip, kɵrkejyvde, talanttь kadrlar ɵsip çetilyvde. Sotsijaldь caruvacьlьqtьꞑ ʙerik negizi salьnьp, sotsijalijzmniꞑ zəvlim yjiniꞑ sementi qujьlьp, qaʙьrƣasь qalanuvda.

Soʙetterdiꞑ ʙykil odaqtьq 8-sijezinde ʙykil çer çyzilik tarьjqьj maꞑьzь ʙar dokuvment, Qazaqьstandь aptonomijadan Odaqtas soʙettik sotsijaldь respuvʙlijkaƣa ajnaldьruv çajьndaƣь dokuvment qaʙьldanadь.

Osьƣan ʙajlanьstь Qazaqьstannьꞑ ʙarlьq eꞑʙekcileriniꞑ aldьnda ɵlkemizdiꞑ caruvacьlьq çana mədenijet qurьlьsь çɵninde çaꞑa mindetter tuvadь.

Odaqtas Qazaq respuvʙlijkasьnьꞑ ər ʙir azamatьnьꞑ ʙorьcь ɵziniꞑ çumьs istejtin çerinde ʙizdiꞑ Qazaqtьꞑ soʙetti sotsijaldь respuvʙlijkasь otanьmьzdьꞑ eꞑ aldьꞑƣь qatardaƣь respuvʙlijkalarь men oʙьlьstarьnьꞑ toʙьnda ʙolatьndaj etip çumьs istev ʙolьp taʙьladь.

Stalin çoldastьꞑ ʙastavь men çasalƣan ʙul dokuvmentke ʙiz sotsijaldь caruvacьlьƣьmьzdьꞑ ʙarlьq taravlarьnda çaꞑa taʙьstarƣa çetyv men çavap ʙeryvimiz kerek.

Mal caruvacьlьƣь çɵninde ʙizde kemcilikter çoq emes, ʙir qatar sapqozdar men qalqozdarda əli de mal ʙasьnьꞑ orasan kemyvi ʙar. Bul

sьqьldь çaramsьz qьlьqtarƣa eç ʙir çol ʙermevimiz kerek. Ər ʙir mal ɵsiryvci, ər ʙir qalqozcь, sapqozdaƣь ər ʙir ʙascь qьzьmetker, ər ʙir çumьscь, ər ʙir sajasьj qьzmetker, 1936-çьldaƣь mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv kyresinin aqьrƣь qortьsьn 1937-çьldьꞑ 1-ƣьnuvarьnda çasajtьndьƣьmьzdь çaqsь uƣьnuv kerek, ər ʙir mal ɵsiryvci ɵzinin çumьsь çeninen ʙizdiꞑ ordendilerimizge teꞑelyv kerek. Mal ɵsiryvciler mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv planьn orьndap qana qojmaj, asьra orьndajtьn ʙoluv kerek. Sonьꞑ nətijçesinde Qazaƣьstannьꞑ Sol tystik Qapqaz ʙen sotsijaldь çarьsta çeꞑip cьƣuvьn qamtamasьz etetin ʙoluv kerek.

Bizdiꞑ respuʙlijkanьꞑ eꞑʙekcileri eꞑ aldь men mal ɵsiryvcileri Mьrzojan çoldastьꞑ mal ɵsiryvcilerdiꞑ 2-syletinde sɵjlegen sɵzin çaqsь uƣьnuv kerek: **„Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çɵnindegi ər ʙir adьmьmьz, mal caruvacьlьƣьmьzdьꞑ ɵsyvindegi ər ʙir ulь protsent—elimizdiꞑ otan qorƣav kycin nьƣajtuvdaƣь—ulь çumьs, cocqa, çьlqь, qoj, sьjьr maldarьnьꞑ ɵsyvindegi ər ʙir protsentimiz—kapijtalijzmniꞑ irgesin qьjratьp, ʙykil çer çyzindegi sotsijalijzmniꞑ irgesin nьƣajtatьn orasan snərat“** *(Mirzojan)*.

Bizde, ɵndiris programmasьn orьndaj almaj otьrƣan ʙir sьpьra kəsip orьndarь ʙar. Bizdiꞑ transportьmьzdьꞑ, əsirese Tyrksiptiꞑ çumьsьnda kemcilikter kɵp. Osь kemcilikterdi çojьp, artta qalьp otьrƣan çerlerimizdi aldьꞑƣь qatarlьlarьmьzƣa teꞑev kəzirgi eꞑ ʙastь mindetimiz.

Çaqьn arada sel, avьl soʙetterdiꞑ, posolkelik, qalalьq soʙetterdiꞑ plenyminiꞑ çumьsь ʙastalƣalь otьr. Osь plenymdɵrge dejin, sajlavcьlar aldьnda ər ʙir depuvtattardьꞑ esepti ʙajandamalarь ʙoluvьn qamtamasьz etyv kerek. Bizde əli talaj depuvtattar, ɵziniꞑ mindetin əʙden uƣьnьp çetken çoq, olar caruvacьlьq yvcəskelerde ʙelsendi çumьs çyrgizʙejdi, ʙascьlьqtarь nacar, al ʙul sьqьldь depuvtattardan sajlavcьlar əli esepti ʙajandama talap ete almaj keledi. Sajlavcьlar ʙul sьjaqtь nacar istejtin depuvtattardan vaqьtь men mьqtap esep surap otьruv kerek, olardьꞑ qaj qajsьsь ʙolsьn kɵpciliktiꞑ senimin aqtap, ɵzi istejtin yvcəskede ɵndiris zadanьjasьnьꞑ orьndaluvьn qamtamasьz etyv kerek, eger kɵpciliktiꞑ senimin aqtamaj, çumьsьn nacar istegen qolajsьz adam ʙolьp cьqsa, onьꞑ ornьna qolajlь ekpindilerdi, staqanьpcьlardь ɵtkizyv kerek. Munь men ʙiz ʙul soʙettiꞑ sostaʙьn çana çumьsьn çaqsartamьz.

Qazaƣьstan eꞑʙekcileri soʙetterdiꞑ avdandьq, oʙlьstьq sijezderin memleket aldьndaƣь mindetterin tolьq orьndap, qьsqa ylgili tyrde dajьndalьp qarsь aluvь kerek.

Ulь Stalinniꞑ tuvь astьnda, Mirzajan çoldas ʙastaƣan Qazaƣьstan ʙolceʙikteriniꞑ ɵlkelik ctaʙьnьꞑ ʙascьlьƣь men, Qazaƣьstan eꞑʙekcileriniꞑ aldьnda turƣan mindetterdiꞑ ʙərin ajta qalƣandaj orьndap, Qazaƣьstannьꞑ Odaqtas sotsijaldь soʙetti respuvlijkasьnьꞑ cьn azamatь ʙolatьndьƣьna gyman çoq.

---

# Mal sanьn tajavdaqь 3 çьlda 18-20 millijonqa çetkizejik, maldьŋ tuqьmьn asьldandьrajьq!

QAZAQ RESPUVBLIJKASЬNDAQЬ BARLЬQ QALQOZCЬLARQA, QALQOZCЬ ƏJELDERGE, MAL SAPQOZDARЬNЬŊ QЬZMETCILERINE, MAL DƏRGERLERI MEN ZOOTEQNIKTARQA

## Sotsijaldь mal caruvacьlьqьndaqь aldьŋqь qatarlь adamdardьn respuvlijkalьq ekinci sijezi delegattarьnьn yndev-qatь

**Qьmвattь çoldastar**, „Qazaqьstannьŋ avьl caruvacьlьqь, onьŋ icinde mal caruvacьlьqь tuvralь" BK(в)P Ortalьq komijtetiniŋ 1932-çьlqь sentəвirdiŋ 17-kyngi tarьjqьj qavlьsьnьŋ cьqqanьna 4 çьl tolqan kyni, Qazaq respuvlijkasьnьŋ astanasь-Almatь qalasьnda вizdiŋ sotsijaldь mal caruvacьlьqьnьŋ aldьŋqь qatarlь adamdarьnьŋ sijezi acьldь.

Aldьŋqь qatarlь sapqozdar men qalqozdardan kelgen 1100 delegat 7 kyndej өz təçirijвesin ortaqa saldь, sotsijaldь mal caruvacьlьqьn өrletyv çolьndaqь, syjikti kөsemimiz Stalin çoldastьŋ danьcpan nusqavlarьn iske asьrьuv çolьndaqь yc çьlqь kyrestiŋ nətijçelerin qorьttь.

Qazaqьstan mal caruvacьlьqьn өrkendetyvge Stalin çoldastьŋ qaçьmaj-talmaj kөŋil вөlgendiginen osь çьldardьŋ icinde ajta qalqandaj ylken nətijçege çettik. Ulь **Stalinniŋ** danьcpan nusqavlarьn sьnnan өtken çyzege asьruvcь **Mirzojan** çoldastьŋ qolma-qol вascьlьqьna erip, вiz respuvlijkamьzdьŋ mal caruvacьlьqьn өrge вastьruvda avьz toltьrьp ajtarlьqtaj taвьstarqa çettik.

1933-çьldьŋ ajaqьnda Qazaqьstanda ər tylik maldan ne вəri 4.242 mьŋ вas mal вar edi. Yc çьldьŋ icinde вiz malьmьzdь eki eseden asa kөвejttik. Kəzir respuvlijkamьzda 9.323 mьŋ вas mal вar.

Вykil otanьmьz qandaj tez өsse, mal caruvacьlьqьmьz da osь çьldardьŋ icinde sondaj tez өsti.

1933-34-çьldarda Qazaqьstannьŋ malь 20 protsent arttь, 1934-35-çьldarda 22 protsent arttь. Aqьrьnda, 1936-çьlda 26 protsent arttь.

1933-çьlь qalqoz malь men çeke menciktegi mal ər вir 100 qalqozcь yjine orta esep pen alqanda 477 вastan kelyvci edi, 1936-çьlqь yjen ajьnda 100 qalqozcь yjine 1018 вas mal kelip otьr.

Malь çoq, sьjьrь çoq qalqozcьlarqa mal, sьjьr qurap вeryvde de edəvir çetiskendikterimiz вar.

1932-çьlь Qazaqьstanda malь çoq qalqozcь yji 87 protsent edi, 1936-çьlqь yjel ajьnda malь çoq qalqozcьlarьmьz 10 protsentten aspajtьn вolьp qaldь.

Qazaqьstan mal caruvacьlьqьn өrge вastьruv çolьndaqь kyrestegi vьz toltьrьp ajtarlьq вirinci taвьstarьmьz osьlar.

**Qьmвattь çoldastar**, вiz Qazaqьstannьŋ partijadaqь çana partijada çoq вolcevikterinin вul taвьstarьn, sizder men өzimizdiŋ taвьstarьmьzdь ajtqanda osь taвьstardь qanaqat etip, arqanь keŋge suluv ycin ajtьp otьrqanьmьz çoq.

**Mirzojan** çoldas sijezde вizge əвden dьrьs ajttь: вizdiŋ taвьstarьmьz ylken, вiraq вul taвьstardь qanaqat etip, osь men arqanь keŋge salьp, çajвaraqat otьrьp вermevimiz kerek, çajвaraqat otьra вeryvimizge вolmajdь. Yjitkeni, вizdiŋ Qazaqьstan ycin qojdьŋ вir çьl icinde 26,7 protsent artqandьqь çetkiliksiz. Onan soŋ вьjьlqь çьlь вiz cocqanь өsirip, tөli men kөвejtyv ycin nacar kyrestik, 1934-35-çьldarda cocqamьz

91,4 protsent artsa, 35-36-çьlda respuвlijkamьzdьņ cocqasь 40 protsent qana artьp otьr.

Çoldastar, ezimizge ujat bolsa da ajtpaj bolmajdь. 1936-çьlь Qazaqьstannьņ kej вir avdandarьnьņ qalqozcьlarь cocqalarьn 1935-çьlqьdan azajtьp aldь. Вular: Almatь oвlьsьndaqь Taldь-qorqan, Ile, Eņвekci qazaq pen Kəstek avdandarь; Oņ tystik qazaqьstan oвlьsьndaqь Merke, Maqta-aral, Çaņa qorqan, Tylki вas pen Lenger avdandarь.



1. Sejtməmвetip Køk-køz — nagrat-qa Eņвek qьzьl tuvь ordenьn alqan. (çaņa qorqan avdanь, „çaņa arьq" qalqozьnьņ çьlqь-tyje fermisiniņ вastьqь).

Вьjьl Almatь men Oņ tystik Qazaqьstan oвlьstarьnьņ qalqozdarь men qalqozcьlarь cocqalarьn вolьmsьz qana arttьrdь; Almatь—6,7 protsent, Oņ tystik—5,2 protsent qana arttьrdь. Munьņ seвeвi, əlde qandaj вir indet kelgendikten emes, munьņ seвeвi osь eki oвlьstaqь qalqozdar men avdandarda cocqaqa çendi køņil вølinвegendikten, cocqanь çendi kytpegendikten, cocqanь kyc-ti qarqьn men køвejtyv ycin qaçьrlь qajrat çumsamaqandьqtan вoldь. Osьnьņ nətijçesinde respuвlijkamьzdьņ qalьq caruvacьlьqь, qalqozdar men qalqozcьlar orasan ylken zьjan tarttь.

Вizde çumьstьņ вasqa yvcəskelerinde de iri-iri kemcilikter osь kynge dejin вar. Talaj-talaj qalqozdardada, əsirese sapqozdardada, teldiņ cьqьnь sumdьq kep. Məselen, Qulьmвetip atьndaqь sьjьr sapqozьnda tel cьqьnь 51,4 protsentke, Əlimвetip sapqozьnda 34,9 protsentke, „Øktəвirdiņ 17 çьldьqь" sapqozьnda 41,5 protsentke, Cьņqьrlav sapqozьnda 35,8 prosentke çana Qьzьl taņ sapqozьnda 38 protsentke çetip otьr.

Qazaqьstannьņ kej вir avdandarьnda çьlqьnь køвejtyv çaqь køņildegidej вolmaj otьr. Məselen, Almatь oвlьsьndaqь Kəskeleņ, Ajagez, Ala-køl çana Yrçar avdandarь, Sol tystik Qazaqьstan oвlьsьndaqь Poluvdin men Kalijnin avdandarь çьlqьlarьn azajtьp alьp otьr.

Вizdiņ çumьsьmьzdaqь eņ iri kemciliktiņ вiri-maldьņ sapasь ycin, maldьņ tuqьmьn asьldandьruv ycin nacar kyreskendigimiz вolьp otьr.

Вul çumьstь əzir nacar, tipti ete nacar çyrgizip kelemiz. Mьnadaj вir mьjsaldь alajьq: qalqoz tavarlь fermalarьna çana qalqozcьlardьņ malьn вuvdandastьruvqa arnalqan asьl tuqьmdь вuqa 7 mьņ edi, sodan sapqozdardan satьp alьnqandarь 2 mьņ вuqa, 3.500 tajьnca вuqadan satьp alьnqanь 800 qana.

**Stalin** çoldas вizge ekpindi mindet çyktedi—Qazaqьstandь mal caruvacьlьqьnьņ Cьqьstaqь negizgi вazasьna ajnaldьruv kerek, dedi.

Mal caruvacьlьqьndaqь aldьnqь qatarlь adamdardьņ вirinci sijezinen вergi yc çьldьņ icinde вiz Qazaqьstandaqь sapqoz, qalqoz, seriktik malьn eki ese køвejttik. Øtken yc çьl sьqьldь qьjьn kezdiņ ezinde malьmьzdь eki ese køвejte вilsek, tajav yc çьldьņ icinde qalqozdarьmьzdьņ kəzirgi malьn eki ese køвejte alatьndьqьmьzqa ec вir kymən вolmasqa tijis.

**Syjikti køsemimizdiņ osь asa maņьzdь nusqavьn ajta qalqandaj orьndap cьquv ycin, tajav yc çьldьņ icinde malьmьzdь eki ese køвejtip, respuвlijkamьzdьņ malьn keminde 18-20 milijonqa çetkizyvimiz kerek.**

Tuvьsqanьmьz **Stalin** çoldasqa вizdiņ вeretin çavaвьmьz osь вoluvqa tijis.

Bul mindet əʙden orьndalarlьq mindet, ʙiraq ʙul mindet qaçьrlьqajrat çumsajtьn kyres pen ƣana orьndalatьn mindet.

Aldьmьzdaƣь qьs ər ʙir qalqoz ʙen sapqozƣa, mal caruvacьlьƣьnda çyrgen ər ʙir qьzmetcige ʙirinci ylken sьn ʙolatьn qьs. Qazaƣьstan malьn 18-20 millijon ʙasqa çetkizyv sьqьldь ulь mindetti orьndavƣa solardьꞑ qancalьq cьndap kiriskendigin sьnajtьn qьs ʙoladь. Aldaƣь qьs çeꞑil ʙolmajdь, ʙul qьstan maldь cьƣьnsьz, aman cьƣaruv ycin ʙərimiz erekce qajrat kərsetyvimiz kerek, çumьstь ʙolceʙikce istevimiz kerek. Malьmьzdь cьƣьndatpav ycin, əktəʙirden qaldьrmaj mьnadaj çumьstardь istev qaçet:

Barlьq çerde maldьꞑ azьƣьn mal qьstajtьn orьndarƣa çetkizip ʙitiryv kerek; mal azьƣьn mal permalarьna ʙəlip, ʙekitip ʙeryv kerek; mal azьƣьnьꞑ taꞑdavlьsьn ʙuzavƣa, ʙuvaz sьjьrlarƣa arnap cьƣaruv kerek. Malƣa kyn sajьn ʙerilip turatьn azьqqa norma qojьp, mal azьƣьn qalaj ʙolsa solaj ustavdь çojuv kerek, uqьpsьzdьqqa çol ʙermev kerek.

Mal qьstajtьn qoralardьꞑ ʙarlьƣьn mal dərigerlerine kərsetip ətyv kerek; mal qoralarьndaƣь qьjdь arьltuv kerek; mal qoralarьn əte çaqsьlap dərilev kerek. Suvьq tyskence eski qoralardь ʙytindep, çьlьtuv, çaꞑalarьn salьp ʙitiryv kerek.

Sьjьr ʙuzavlajtьn qoralardьꞑ ʙarlьƣь men ʙuzav qoralar çьlь ʙoluv kerek, olardь tijisti tərtipke saluv kerek. Ol qoralarda ʙəckege suv qujьp qojuv kerek, mal suvaratьn nava qojuv kerek, syjtip, ʙuzavlar men ʙuvaz sьjьrlardь suvdьꞑ ʙasьna ajdap çyrmejtin ʙoluv kerek.

Barlьq qudьqtardь arcuv kerek, qudьqqa ʙaratьn çoldardь tərtipke saluv kerek, ər qudьqtьꞑ ʙasьna nava ornatuv kerek.

Maldь qьstatuvƣa qojardьꞑ aldьnda ʙarlьƣьn dərigerge kərsetyv kerek, avruv maldь sav maldan ʙəlip, çeke ʙaƣuv kerek.

Ər ʙir permada avruv ʙuzavlardь ʙəlek ʙaƣatьn çeke orьn çasav kerek, indettiꞑ qьsqь qoraƣa çajьluvьna çol ʙermev kerek.

**Qьmʙattь çoldastar**, ʙьjьl çьlqьnь kəʙejtyv çeninde taʙьstarьmьz ʙolƣan men, tyje caruvacьlьƣьn ərkendetyvde artta qalƣanьmьz sьjaqtь çьlqь carvacьlьƣь çeninde əlde ʙolsa ajtarlьqtaj artta qalьp kelemiz.

**Qazaƣьstan—yjirli çьlqьnьꞑ tuvƣan çeri. Respuʙlijkamьz tajav eki-yc çьldьꞑ icinde mal caruvacьlьƣьnьꞑ negizgi ʙazasь ƣana ʙolьp qojmavь kerek, sonьꞑ ystine Qьzьl ərmijamьzƣa at çetkizetin, ulь otanьmьzdь qorƣavƣa kerekti çьlqь əsiretin Cьƣьstaƣь negizgi ʙaza da ʙoluvƣa tijis.**



2. Tertьcnьj—nagrtqa Lenin ordenin alƣan.
(krasnьj-ərmija avdanь, „Seʙernaja zʙezda" qalqozьnьꞑ malcь-sənijtarь).

Maldьꞑ tuqьmьn asьldandьruv ycin kyresyv- Qazaƣьstandaƣь qalqozdar men sapqozdardьꞑ asa maꞑьzdь mindeti.

1933-34-çьldarda kəʙinese maldьꞑ ʙasьn tez kəʙejtyvdi kəzdesek, endi tek osь mindet pen ƣana cuƣьldanuvьmьz ylken qata ʙolar edi. Biz endi ekinci ʙir məseleni, maldьꞑ sapasьn oꞑdav, maldьꞑ tuqьmьn asьldandьruv məselesin de derev cece ʙastavьmьz kerek.

**MIRZOJAN çoldas ʙizdiꞑ sijezimizge qalqozcьlarƣa çana mal sapqozdarьnьꞑ qьzmetcilerine ekpindi mindet tapsьrdь—eki-yc çьldьꞑ icinde ʙarlьq maldь ʙuvdandastьruv kerek**, dedi.

Biz, mal cauvacьlьƣьnьꞑ aldьꞑƣь qatarlь adamdarь, osь çumьsqa ʙas ʙolvƣa ʙel ʙajladьq, ʙizdi ʙarlьq qalqozcьlar men

qalqozcь əjelder mal sapqozdarьnьꞑ ʙarlьq qьzmetcileri, mal caruvacьlьƣьnьꞑ ʙarlьq mamandarь mьqtap qoldajdь dep senemiz.

Osь mindetti orьndav ycin, өktəʙirdiꞑ 15-ne dejin sapqozdardan asьl tuqьmdь ʙuqalar men asьl tuqьmdь qocqarlardь iriktep alьp boluvьmьz kerek; asьl tuqьmdь ʙuqalar men qocqarlardь ʙarьnca tolьq pajdalanuvьmьz kerek, ər ʙir qalqozƣa arnap, maldьꞑ urьƣьn qoldan qujatьn qьzmetciler dajarlap ʙeryvimiz kerek; ʙaƣalь ʙuqalar men qocqarlarьmьzdь, ʙaƣalь sьjьrlarьmьzben savlьqtarьmьzdь asьl tuqьmdь mal tirkeletin avdandьq, oʙьlьstьq çana өlkelik knegelerge çazdьruvьmьz kerek.



Temrʙajьʙa Mərijəm — nagratqa „Qurmet ʙelgisi" ordenin alƣan. (Tokuvci syt-et sapqozьnьꞑ savьncьsь).

Avьl caruvacьlьƣь ərteliniꞑ Stalindik uvstavь ʙojьnca, Qazaƣьstan qalqozcьlarь, əsirese, mal өsiryvci avdandaƣьlar, çeke pajdasьnda өte kөp mal өsiryvge erikti ʙolьp otьr. Qalqozcьlardьꞑ malьn uvstapta kөrsetilgen mөlcerge çetkizyv-respuʙlijkamьzdaƣь qalqozcьlar men qalqozdardьꞑ ylken aʙьroj alatьn çumьsь ʙoluvƣa tijis.

—„1940-çьlƣa dejin Qazaƣьstan malьn 20 millijonƣa çetkizejik" degen ekpindi uranƣa **Mirzojan** çoldas ʙizdiꞑ sijezimizde taƣь-da ʙir uran qostь,-„tajav çьldardьꞑ icinde Qazaq respuʙlijkasьnda malь uvstaptaƣь normaƣa çetpegen ʙir de ʙir qalqozcь ʙolmasqa tijis" dedi.

Esterinizde ʙolsьn, çoldastar, qalqozcьlardьꞑ malьn uvstaptaƣь normaƣa çetkize kөʙejtyv ycin mьqtap kyrespejince-respuʙlijkamьzdьꞑ malь tajav yc çьlda 20 millijonƣa çete almaq emes.

Partija ʙizge ekpindi mindet çyktep otьr—Qazaƣьstandь sotsijaldь mal caruvacьlьƣьnьꞑ Caƣьstaƣь negizgi ʙazasьna ajnaldьruv kerek- dep otьr. Bul mindetti orьndavƣa kerekti ʙarlьq çaƣdajlar, ʙarlьq mymkincilikter ʙizde ʙar.

Birinci çana negizgi çaƣdajьmьz mьnav:-**ʙizge çer çyzindegi asqan ulь adam—өzimizdiꞑ tuvьsqanьmьz, syjikti STALIN ynemi kөꞑil ʙөlip, zer salьp otьr.**

Ekinci—osь **çьldardьꞑ icinde mal caruvacьlьƣьnьꞑ ceʙer kadьrlьrь adam ajtqьsьz өsip çetildi.**

Qazaƣьstanda osь kynniꞑ өzinde sotsijaldь mal caruvacьlьƣьnьꞑ eꞑ coƣarƣь dəreçeli sьj-Soʙetter odaƣьnьꞑ ordendarьn-alьp otьrƣan 73 er ʙar.

Qazaƣьstannьꞑ ordendь erleri mal caruvacьlьƣьndaƣь aldьꞑƣь qatarlь adamdardьꞑ ʙykil odaqtьq məçilisinde STALIN çoldasqa ʙergen vədelerin qalaj orьndap otьrƣandьƣьn sijezimizge ajtьp өtti.

**Sejtməmʙetip Kөk-kөz**—Eꞑʙek qьzьl tuvьnьꞑ ordenьn alƣan, Məskevge ʙarƣanda ʙir çьlda 28 ʙijeden 26 qulьn өsirgen çana ʙotalaƣan 9 ingennen 8 ʙota өsirgen edi. Al, sөtke 34 ʙijeden 34 qulьn, ʙotalaƣan 7 ingennen 7 ʙota çana 100 savlьqtan 185 qozь өsirip kelip otьr.

**Tertьcnьj** qart—Lenin ordenьn alƣan 1936-çьldьꞑ өzinde ʙir urƣacь cocqadn orta esep pen 22 toraj өsirip otьr, ekinci qajьra torajlamaƣan cocqalarь əli de ʙar.

Savьncь əjel **Navuvmova**—„Qurmet ʙelgisi" ordenьn alƣan, 1934-çьlь orta esep pen ʙir sьjьrdan 2.680 lijtir syt alƣan, 1936-çьlь osь kynniꞑ өzinde alƣan syti sьjьr ʙasьna orta esep pen 2.550 lijtirden kelip otьr.

**Esimbetip Təcen**—Eŋbek qьzьl tuv ordenьn alqan, 1935-çьь 100 savlьqtan 141 qozь əsirgen, sijezge 100 savlьqtan 152 qozь əsirip, solarьn yjirge qosьp kelip otьr.

**Kəlbajьp Abdolla**—Lenin ordenьn alqan, 1935-çьь 110 sьjьrdan 120 buzav alqan, solardьŋ bir de birin əltirmegen, 1936-çьь 98 sьjьrdan osь kyппiŋ əzinde 101 buzav əsirgen, sonьŋ ystine endi taqь 14 buzav almaq.

**Temirbajьba Mərijəm**—„Qurmet belgisi" ordenьn alqan, 1935-çьь bir sьjьrdan orta esep pen 2 mьŋ lijtir syt alqan, 1936-çьь 8 ajьnьŋ əzində qana bir sьjьrdan orta esep pen 1953 lijtir syt alьp otьr.

**J. P. Mijnkop**—Lenin ordenьn alqan, 1935-çьь 100 savlьqtan 127 qozь əsirgen, buvdan qojdьŋ ər qajsьsьnan orta esep pen 5 kijlogramma çyn alqan, 1936-çьь 100 savlьqtan 131 qozь alqan, budan qojdьŋ ər qajsьsьnan 5, 2 kijlogramma çyn alqan.

Staqanьpcьlar men ekpindilerdiŋ ataqtь armijasьna qalqozcьlar men sapqoz qьzmetcileri men çaŋa adamdar qosьlьp çatьr; bular çumьstь çaqsь istev ycin ordendьlar men ojdaqьdaj çarьsьp keledi.

Bulardьŋ taŋdavlьlarь da sijezde əzderiniŋ tabьstarьn ajtьp, ətti.

**S. K. Nozdracop**—Sol tystik Qazaqьs tan obьlьsьndaqь „Əktəbirdiŋ 12 çьldьqь„ qalqozьnan, sijezge 100 savlьqtan 177 qozь əsirip kelip otьr.

**Tijqij Tijmopej**—„Krasnьj əktəbir" qalqozьnan, 100 savlьqtan 164 qozь alqan.

**A. J. Gontuvra**—„Krasnьj Bostok" qalqozьnьŋ qoj permasьnьŋ bastьqь, 81 savlьqtan 184qozь əsirgen. Ol qojdь egiz tuvqьzuv təçirijbesin çasap keledi, osьnьŋ nətijçesinde onьŋ 9 savlьqь 4 qozьdan bergen.

**Kembajьp**—Borocijlop atьndaqь qalqozdьŋ çьlqьcьsь, 1936-çьь 29 bijeden 29 qulьn əsirgen, çьlqьsьn 46 dan 74 ke çetkizgen.

**M.P. Tolstuvqijn**—395 savlьqqa urьqtь qoldan qujqan, sonьŋ birde birevi qьsьr qalmaqan, sodan 494 qozь alqan, buvdan merijnos qojьnьŋ ər qajsьsьnan orta esep pen 5 kijlogiram çyn alqan.



**4. Marqabajьp Ospan**—çeke menciginde 432 tujaq malь bar qalqozcь. (Tyrkistan avdanь)

**Təçibajьp Çarma**—Moskolop sьjьr sapqozьndaqь gurtopьrap bascьsь. 935-çьь 108 buzav alqan, 1936-çьь 104 buzav alqan, sonьŋ bir de birin əltirmesten, bərin əsirgen.

**Omarьba**—Esensaj sьjьr sapqozьnьŋ savьncь-buzavcьsь, 4 çьlda 85 buzav əsirgen, bir de bir buzavьn əltirmegen.

**Muqametçanьba Kylcaj**—Keŋ bijdajьq sьjьr sapqozьnьŋ savьncьsь 1936. çьldьŋ 8 ajьnda bir sьjьrdan orta esep pen 2.246 lijtir syt alqan. Qaravьnda 13 sьjьr bar.

**Cьmatьba M.**—Tokuvcin sьjьr sapqozьnьŋ savьncьsь, ordendь Temirbajьba çoldas pen çarьsqa tysip, 8 ajdьn icinde ər bir sьjьrdan orta esep pen 1.849 lijtir syt alqan, əziniŋ qaravьndaqь „Braçka" degen sьjьrdan 3.120 lijtir syt alqan.

**Bajtemirip K.**—Lenin avdanьndaqь „Eŋbek" qalqozьnьŋ çьlqьcьsь, 1934-çьь 35 bijeden 31 qulьn əsirgen, 1935-çьь 26 bijeden 26 qulьn əsirgen, 1936-çьь 59 bijeden 58 qulьn əsirgen, ye çьldьŋ icinde ne bərі 115 qulьn əsirgen.

**Guvrijeba Anna**—Golocokijn atьndaqь qalqozdan, komsamolka, əz

qaravьndaqь sьjьrdьꞑ ər qajsьsьnan 8 ajdьꞑ icinde 2083 lijtir syt alqan.
Biraq, barlьq rekorttan ozьp сьqqan Martyk avdanьndaqь Çepcenko aьndaqь qalqozdьꞑ savьnсьsь Guvsijnkaja boldь. 1936-çьlь ər bir sьjьrdan orta esep pen 2050 lijtir syt alqan, nemistiꞑ qьzьl sьjьrьnьꞑ tuqьmь aralasqan bir buvdan sьjьrdan sətkesine 42 lijtr syt alьp otьrdь.

**Qьmвattь çoldastar,**—stalindik ulь Konstijtutsijanьꞑ proektь bojьnca eki ajdan kejin Qazaqьstan otanьmьzdaqь odaqtas 11 respuвlijkanьꞑ biri bolqalь otьr. Qazaq qalqьnьꞑ tarьjqьndaqь osьndaj asqan ulь isr, Qazaqьstan mal caruvacьlьqьnda çaꞑa taвьstar men qarsь alajьq. Qazaq qalqьna STALINNIꞐ ajrьqca ylken kəꞑil bəlyvine çavap retinde, çumьstь minsiz istejtin bolajьq, sonьꞑ arqasьnda Qazaqьstannьꞑ ulan bajtaq keꞑ dalasьnda əlde neсe on millijondaqan mal çatatьndaj bolsьn, sotsijaldь mal caruvacьlьqьnьꞑ mьꞑdaqan çaꞑa erlerin tərbijelep əsiretin bolajьq.
Qazaqьstan ulь otanьmьzdьꞑ keleli bir bəlimi, munda erlik, qajrat tolьp çatьr.
Bizdiꞑ respuвlijkamьz qalьq aqьndarьnьꞑ mьnadaj çьr qьlqan respuвlijkasь:

Dəvletim mol, çьrlajmьn,
Qalqozda-əsem tyjeler.
Qalqozda-сьn вəjgeler.
Qalqozda-mal maꞑьraqan.
Qalqozda-çer сьrajlь.
Qьrьmdь egin nuv qьlqan;
Qoraвalь-вap yjim.
Qalqozda-men вajьdьm.
Çyzim çarqьn, kəꞑilim məz,
Raqat, cattьq-çanьm çaz.
Baqьttь elge-men çьrсь.
Baвьꞑ kelgen caqьnda,
Bal aqьzьp tiliꞑnen,
Dombьram kyji ьzqьсь.

Biz osь baqьttь eldiꞑ qoçasьmьz, biz ulь kəsemimizdiꞑ-Qazaqьstandь sotsijaldь mal caruvacьlьqьnьꞑ Сьqьstaqь negizgi bazasьna ajnaldьruv kerek degen amanatьn ne qurьm tez vaqьttьꞑ icinde orьndap сьqa alamьz, orьndap сьquvьmьz kerek.
Qazaqьstannьꞑ ucan teꞑiz sotsijaldь mal caruvacьlьqь çasasьn!
Respuвlijkamьzdьꞑ taꞑdavlь adamdarь-ordendь erler,mal caruvacьlьqьnьꞑ staqanьrсьlarь men ekpindileri çasasьn!
Bizdiꞑ baqьmьz, bizdiꞑ quvanьсьmьz bolьp otьrqan-sotsijalijzmniꞑ tamaca taвьstarьnьꞑ quvat beryvcisi, ujьmdastьruvсьsь, əzimizdiꞑ tuvьsqanьmьz STALIN çasasьn!
**Sotsijaldь mal caruvacьlьqьndaqь aldьnqь qatarlь adamdarьnьꞑ вykil Qazaqьstandьq ekinci sijzei**

---

# BK(ʙ)P ge çaꞑa myceler ala ʙastav tuvralь

## *Partijanьꞑ ʙarlьq ujьmdarьna*

Partija dokuvmentterin avьstьruv çumьsь ajaqtalƣandьqtan, BK(ʙ)P Ortalьq kɵmijteti plenuvmьnьꞑ 1935-çьlƣь dekəʙirdiꞑ 25-kyngi qavlьsь ʙojьnca, BK(ʙ)P nьꞑ Ortalьq komijteti partijanьꞑ ʙarlьq ujьmdarьna mьnaꞑь usьnadь: 1936-çьlƣь nojaʙirdiꞑ 1-nen ʙastap partija mycelerine kandijdattar aluv çaꞑa kandijdattardь BK(ʙ)P myceligine ɵtkizyv isi ʙastalsьn.

Partijaƣa aluv çumьsьn qajta ʙastav men qatar, BK(ʙ)P nьꞑ Ortalьq komijteti partijanьꞑ ʙarlьq ujьmdarьna tɵmendegilerdi eskertyvdi qaçet dep ʙiledi: BK(ʙ)P qatarь sostaʙьnьꞑ sapasьn ʙurьnƣьdan əri arttьruv ycin, aldь men, partijnьꞑ ʙarlьq ujьmdarь partija dokuvmentterin tekseryv men avьstьruvdan tuvatьn saʙaqtardь ʙastan ajaq tolьq uƣьnьp, kɵꞑilderine toqьp aluvь kerek; ʙul saʙaqtardьꞑ ʙastь-ʙastьlarь mьnalar:

a) Partija qatarьna çat adamdardьꞑ ʙelgili camada kirip ketkeni partijaƣa çaꞑa mycelerdi iriktep aluv kerek dejtin Lenindik prinsipti talaj-talaj çergilikti partija ujьmdarьnьꞑ umьtqandьqtarьnьꞑ nətijçesi ʙoldь, munь partija dokuvmentteriniꞑ tekseriliyvi men avьstьrьluvь kɵrsetti, al, ol Lenindik pirinsip BK(ʙ)P nьꞑ uvstaʙьnda ajtьlƣan, ol pirinsip ʙojьnca, partijaƣa adamdь **çeke-çeke ƣaꞑa** aluv kerek ʙolatьn.

Partijanьꞑ talaj-talaj ujьmdarьnda partija uvstaʙьnьꞑ osьndaj asa maꞑьzdь ereçesi ьlƣьj qoldanьlmaj keldi. Partija qatarьna adamdь çeke-çeke aluvdьꞑ ornьna ʙet aldь ala ʙergendik, partijanьꞑ çaꞑa myceleri men kandijdattarьn aluvƣa çalpьlap qaravcьlьq ʙolьp keldi, partijaƣa adamdь top-toʙь men aluv praktijkasь keꞑ ɵris alьp keldi, partijaƣa aluv çajьndaƣь arьzdar tizim ʙojьnca qaʙьldanьp, qaralьp keldi, BK(ʙ)P ge alьnatьn ər ʙir adam çeke-çeke qarastьrьlmaj keldi.

Partija osь kemciliktiꞑ tygel çojьluvьn talap etedi.

ʙ) BK(ʙ)P nьꞑ avdandьq komijtetteri partija mycelerininꞑ sostaʙьn rettev çumьsьnьꞑ ʙərin partijanьꞑ ʙastavьc ujьmdarьna senip tapsьrьp keldi. BK(ʙ)P nьꞑ çaꞑa mycelerin ʙekitkende, partijanьꞑ talaj-talaj avdandьq komijtetteri, çaꞑa alьnatьndardь avdandьq komijtetke caqьrmaj, rekomendatsijalarьnьꞑ durьstьƣьn teksermej, alьnatьndardьꞑ ər tyrli kategorijasьna partija uvstaʙьnьꞑ qojatьn ajьrьqca carttarьn qoldanʙaj, teginde sьrttan ʙekitip keldi, opros çolь men ʙekite salatьndьq ta sijrek ʙolƣan çoq.

Partijanьꞑ talaj-talaj avdandьq komijtetteriniꞑ BK(ʙ)P ge çaꞑa myceler aluv çumьsьnan cettep qalьp kelgeni soncalьq-tipti partija ʙeletteri men kandijdat kartickalarьn ʙeryv çumьsьnьꞑ ɵzin de tuvra ʙastavьc partija ujьmdarьna senip tapsьrьp qojƣanь sijrek ʙolƣan çoq; ol avdandьq komijtetter partijanьꞑ çaꞑa mycelerin aluvƣa ʙascьlьq etyv isindegi ɵz rɵlin çaj ƣana puvnksija etip, partija ujьmdarьna partija ʙeleti men kandijdat kartickalarьnьꞑ taza ʙlankelerin çetkizip turuvƣa ajnaldьrьp keldi.

Bul kemcilikti de derev çojuv qaçet.

v) BK(ʙ)P ge çaꞑa myceler alƣanda ʙastavьc partija ujьmdarь da əsirese irileri, partijanьꞑ uvstaʙьndaƣь carttardь qoldanʙaj keldi. Atap ajtqanda, olar partijaƣa çaꞑadan alьnatьn adamdardь partija çьjьlьstarьnda talqьƣa salmaj keldi, rekomendatsijalardьꞑ durьstьƣьn tekseryvge

çavapsъz qarap keldi, BK(в)P ge çaŋa myceler aluv çumьsьn partija qatarьnьŋ əsyvin basqaratьn arnavlь sektorlarqa senip tapsьrьp kelgeni de çiji kezdesip otьradь.

Bastavьc partija ujьmdarьnьŋ talaj-talaj bascьlarь BK(в)P qatarьna adam aluvqa kərsetetin bascьlьqtarь partijaqa aluv çeninde san kərsetip tapsьrmalar beryv dep bilip keldi, syjtip bul çumьstь kyn-be kyngi navqandardьŋ qalpьna ajnaldьrьp otьrdь.

Leninniŋ bizdiŋ partijamьz-„çer çyzinde ykimet basьnda turqan bir qana partija, bul partija, mycelerinin sanьn kəbejtyv emes, solardьŋ sapasьn arttьruv qamьn ojlajdь" degen nusqavьn partija ujьmdьrьnьŋ talaj-talaj bascьlarьnьŋ umьtqandьqь osьdan ajqьn kərinip otьr.

Partija qatarьnьŋ əsiyvin rettev isinde bolcebiktik qьraqьlьq kərsetyv qaçet ekendigin, yjtkeni, partija mycesi degen ataqtь betine ustap, çumьscь tabьnьŋ ulь çumьsьna zьjanьn tijgizyv ycin, partijaqa çat, duspan elementter ər qacan BK(в)P qatarьna kirip ketyvge tьrьsqandьqьn mundaj bascьlardьŋ umьtьp kelgendigi de osьdan ajqьn kərinip otьr.

Partijaqa adam alqanda osь sabaqtardьŋ barlьqьn əte qattь eskeryv qaçet.

Osь ajtьlqandarqa səjkes, BK(в)P ge çaŋa myceler aluv çenindegi iste mьnadaj nusqavlardь qoldanuv mindetin BK(в)P nьŋ Ortalьq komijteti partija ujьmdarьna tapsьradь:

1. Partija ujьmdarь BK(в)P ge çaŋa mycelerdi çeke-çeke aluv tərtibin qattь çyrgize otьrьp, partijaqa cьn aldьŋqь qatarlьlardь, çumьscь tabьnьŋ isine cьn berilgenderdi, elimizdiŋ taŋdavlь adamdarьn, aldь men çumьscьlardan, sol sьqьldь qara caruvalar men eŋbekci intellijgentsijadan da iriktep aluvqa tijis, partijaqa alьnatьndar sotsijalijzim ycin çyrgizilip çatqan kyrestiŋ tyrli yvcəskelerinde sьnnan ətkender boluvqa tijisi.

2. Partija kandijdattьqьna aluv çana kandijdattardь partijanьŋ myceligine ətkizyv isi bastavьc partija ujьmdarьnda da, partijanьŋ avdandьq komijtetteri men qalalьq komijtetterinde de kollektip pen çana toptobь men ətkizilmej, çeke-çeke qaralьp qana ətkizilyvge tijis.

Partijaqa çaŋadan kiryvci ər bir adam partijaqa kirgisi keletindigi tuvralь partija ujьmьna əz qolь men çazqan arьzьn, BK(в)P nьŋ Ortalьq komijteti belgilegen pormadaqь anketasьn, BK(в)P uvstabьnьŋ carttarь bojьnca tijisti rekomendatsijalarьn çana partijaqa kiryvci adamnьŋ çumьs istegen ja istep çyrgen ujьmdarьnьŋ otzьptarьn tapsьruvqa tijis.

Partijaqa aluvdь ətinip bergen arьz qaralqanca, bastavьc partija ujьmdarь, BK(в)P nьŋ avdandьq komijtetteri men qalalьq komijtetteri partijaqa kiryvciniŋ tapsьrqan rekomendatsijalarь men otzьptarьn tekseryvge mindetti.

Osь ajtьlqan carttardьŋ bəri BLKSM mycelerine de birdej mindetti. Partijaqa komsamoldaqь çoldastar da çeke-çeke qaralьp alьnuvqa tijis.

3. Bastavьc partija ujьmdarьnda BK(в)P ge çaŋadan kiryvci ər bir adamdь partijanьŋ myceligine çana kandijdattьqьna aluv məselesin kəsip orьnьndaqь, qalqozdaqь çana mekemedegi kommunisterdiŋ çalpь partija çьjьlьsьnda talqьlav qaçet, bul çьjьlьsta partijaqa alьnatьn adamnьŋ əzi de, oqan rekomendatsija bergen adamdar da boluvqa mindetti. BK(в)P qatarьna kiryv tuvralь arьz bergen ər bir adamnьŋ çajь partija çьjьlьstarьnda partija komijteti sekratarьnьŋ əzi ja bastavьc partija ujьmь partorgisiniŋ əzi bajandavqa tijis. Onьŋ ber çaqьnda BK(в)P myceligine çaŋadan tysyvci adamnьŋ anketasь çana tapsьrqan rekomendatsijalarьnьŋ barlьqь çьjьlьstarda tolьq oqьluvь qaçet.

4. Bastavьc partija ujьmьnьŋ partijaqa aluv çajьndaqь qavlьsьn avdandьq komijtet bekitkende qana, partijaqa ja partija kandijdattьqьna alьnqandьq iske asatьn bolьp esepteledi. Aluv tuvralь bastavьc ujьmnьŋ cьqarqan qavlьsь da, sondaj qavlьnь avdandьq komijtettiŋ bekityvi de protokolqa çazьlьp, arqijpte saqtaladь.

5. BK(в)P пьŋ avdandьq komijtetterinde partijaqa çaŋadan alьnatьndardь вekiterde BK(в)P ge alьnatьn adamdar men tijisti вastavьc partija ujьmdarьnьŋ sekretarlarь køz-вe-køz вoluvqa tijis. Partijaqa aluv tuvralь вastavьc partija ujьmь sekretarьnьŋ øzi вajandajdь.

* * *

Partijaqa çaŋa myceler ala вastav men qatar, duspan elementterdiŋ вudan вьlaj da BK(в)P qatarьna kirip ketyvge tьrьsa вeretindigiŋ partija ujьmdarь esinen сьqarmavqa mindetti. Bolceвiktik qьraqlьqtь вarьnca kycejte otьrьp, Lenin partijasьnьŋ tuvьn çoqarь ustav kerek, partijanьŋ qatarьna çat, duspan çana kezdej soq elementterdiŋ kirip ketpevin qamtamasьz etyv kerek,- partijanьŋ ər вir ujьmьnьŋ mindeti osь.

**BK(в)P NЬŊ ORTALЬQ KOMIJTETI.**

Sentəвirdiŋ 29-kyni.

---

**Izвanop A.**
(Tyrkistan avdandьq partija komijtetiniŋ sekretarь).

# Partija qьraqlьqь tuvralь

Lenin-Stalin partijasьnьŋ вascьlьqь arqasьnda soвet odaqь adam вalasьnьŋ tarьjqьnda вolьp kørmegen taвьstarqa ije вolьp otьr. Sotsijalijzm soвetter odaqьnda məŋgi çana myltiksiz çeŋdi, kapijtaldьq taptar çojьldь çana partijanьŋ icindegi oppartuvnijzmge soqqь вerildi, endi qьraqlьqtь вəseŋdetyvge вoladь dev durьs emes. Trotskijcil tap çavlarьnьŋ, oŋcьl oppartuvnisteriniŋ, ultcьl ukvlonisteriniŋ talqanь сьqarьlsa da, olardьŋ qaldьqtarь əli de вolsa sotsijalizmniŋ qurьlьsьna zьjanьn tijgizyvge tьrьsadь. Sondьqtan, Markisijzm-Leninijzm qьlьmьn tereŋ oqьp, partijanьŋ talap etip otьrqan çumьsьn aqtav ycin, partijalьq sajasьj вilim dəreçesin mejlince køterip, partija qatarьnьŋ kyresceŋdigin kycejtyv kerek.

Yjtkeni, kyni вyginge dejin kej вir kommunisterdiŋ arasьnda tap çavlarьna вerilip, kej kezde olardь acьqtan acьq qorqavqa kyc salьp, øndiristiŋ ylgili qьzmetcisi dep kørsetyv sьjaqtь çumьstarda az вolьp kelgen çoq. Buqan Accь-saj partija ujьmьnьŋ əsirese, onьŋ partkomьnьŋ qatalьqtarь dəlel вola aladь.

Biz Ølkelik partija komijtetiniŋ çana onьŋ isceŋ вascьsь Mirzojan çoldastьŋ Accь-saj çumьsьnьŋ вarьsьn kyn sajьn вaqьlap otьrqanьn çaqsь вilemiz. Mirzojan çoldьs вizdiŋ çumьsьmьzqa ər vaqьtk ømektesip keledi, kømektesedi de. Accь-sajdьŋ osь çьldьŋ alqacqь çartьsьndaqь øndiris pьlanьnьŋ orьndaluvь, Ərijne Ølkelik partija komijtetiniŋ, Mirzojan çoldastьŋ вascьlьqьnьŋ nətijçesi.

Ølkelik, oвьlьstьq partija komijtetiniŋ kyndelikti kømekterin ala otьrsa da, Accь-saj partija ujьmь tap çavlarь Trotskijcil çana Zijnoвijepcilderdi əckerelev, partija kadьrlarь, əsirese, çergilikti ult kadьrlarьn øsiryvde partija køpcilik çumьsьn qalaj çolqa qojuvda iri qatalar istedi.

Partkom çana onьŋ вurьnqь sekretarь Puvstotin partija ujьmьnьŋ reвolyvtsijalьq qьraqlьqьn kycejtyvdiŋ ornьna oppartunьstьq вejqamdьq, acьq avьzdьqqa sdьnadь. Reвolyvtsijaqa qarsь trotskijcil çana zijnoвijepcilderdiŋ qaldьqtarьn qorqap, solardь çaqtap tap qьraqlьqьnan ajrьldь, syjtip, partkom, onьŋ вurьnqь sekretarь Puvstotin çana („Gornak-Qara tav" gazetiniŋ redaktiri de вolьp kelgen) „Gornak-Qara tav" gazetinde toŋkerske qarsь trotskijcilderdiŋ otьna maj qujdь. Puvstotin øz qolь men вurьnqь Zijnoвijepcil Ijgensonqa minezde вerip, onь øndiristegi eŋ çaqsь, вelsendi qьzmetci dep kørsetti.

Partijanьŋ Ortalьq komijtetiniŋ dekaʙir plenymi: „Bizdiŋ taʙьstarьmьzdь kɵʙejgen sajьn, tap duspanь ʙizge qarsь kyrestiŋ ana qurlьm çiŋickelengen ədisterin qoldanadь, ʙul ycin aldь men kommunisterdiŋ oppartuvnistьq ʙejƣamdьƣьn çana acьq avьzdьƣьn pajdalanadь degen partijanьŋ nusqavlarьnьŋ asa zor maŋьzь ʙarlьƣьn partija dokyvmentterin tekseryvdiŋ ʙykil təçirijʙesi tolьq kɵrsetti" dedi.

Partijanьŋ Ortalьq komijtetiniŋ ʙul nusqavlarьnan Accь-saj partkomь çana onьŋ sekretarь Puvstotin ec qandaj qortьndь cьƣara almadь, reʙolyvtsijaƣa qarsь zijnoʙijepcilderdi çaqtadь. Puvstotin ɵziniŋ qatalьƣьn:

„Men avdandьq NKBD arqьlь tutqьnƣa alьnƣan Ijgensonƣa minezdemeni Sʙijnerenko çoldasqa (avdandьq NKBD niŋ nəcəndigi) onьŋ ɵziniŋ ɵtinyvi ʙojьnca ʙerdim. Ijgensonnьŋ ʙurьnƣь tarьjqьn men ʙilmevci edim, sondьqtan meniŋ ʙergen minezdemem, meniŋ Accь-sajda istegen ajlarьma ƣana çavaptь ʙolьp ʙergen minezdeme" dep tysindirdi. Puvstotinniŋ ʙul arьzь, onьŋ ʙizdiŋ partijanьŋ çavьna tek çaj ƣana nemese ojlamaƣan çerden, ʙajqamaj qalьp çiʙergen qьraƣьlьqsьzdьq emes, ol ɵziniŋ oppartuvnistьq ʙejƣamdьƣьn uqpaƣandьƣь; partija ujьmьnьŋ ʙascьsь ekendigin, sol ujьmƣa çavaptь ekendigin uqpastan, tap çavlarьna ʙerilip, acьqtan-acьq qorƣavƣa kiriskendigin kɵrsetedi.

Partkomnьŋ ekinci qatasь „Gornak-Qaratav", gazetiniŋ ʙetinde reʙolyvtsijaƣa qarsь trotskijcilderdiŋ teris pikirin çazadь dedik. Puvstotin ʙuƣan: „Meniŋ sajasьj qatamnьŋ tamьrь mьnadaj: „Gornak-Qaratav" ʙetinde reʙolyvtsijaƣa qarsь trotskijcil Atamonenkonьŋ partijadan cьƣaruv tuvralь partkomnьŋ çana çalpь partija çьjnalьsьnьŋ qavlьsьn ʙastьm. Ɵnda onьŋ ɵz sɵzi tolьq kɵrsetilgen edi, (sɵzderi ʙizge qarsь), men ol qatanь ʙajqamadьm, seʙeʙi mart ajьnьŋ çartьsьnan ʙastap kyni ʙyginge dejin gazettiŋ redaktorь çoq ʙoldь, maƣan gazetke ojdaƣьdaj redaktorlьq etip otьruvƣa mymkindik ʙolmadь. Yjtkeni, çumьstьŋ avьrlьƣь kedergi çasadь" dejdi. Puvstotinniŋ ʙul arьzьnan istegen qatalьƣьn mojnьna aluvdan ʙas tartqandьƣь kɵrinip otьr. Ɵziniŋ istegen sajasьj qatasьn kenetten, kezdej soq, ʙajqamaj qalƣandьqtan ketken qata, çumьstьŋ avьrlьƣьnan tuvƣan qata dep, ʙurьnƣь qatasьn tereŋdetip otьr. Cьnьnda da çumьstьŋ avьrlьƣьnan, gazettiŋ redaktorlьq çumьsьn ojdaqьdaj atqaruvƣa ʙolmadь dev soraqьlьq emes pe? Ərijne, ʙarьp turƣan sajasь qata, ʙul çɵninde dəlel qaravƣa ʙolmajdь.

„Gornak-Qaratav" dьŋ reʙolyvtsijaƣa qarsь trotskijcil ijdejasь, Accь-sajdьŋ kommunis, komsamoldarьn çana partijada çoq çumьscь çurtcьlьƣьn Marks—Lenin ruvqьnda tərʙijelevdi ʙaƣalamaƣandьƣь ʙoldь. Bul pikirler partkom sekretarь Puvstotinniŋ reʙolyvtsijalьq qьraƣьlьƣьnan ajьrьlьp, ʙizdiŋ partija men soʙet odaƣьnьŋ çavь trotskijcil-zijnoʙijepcilderdiŋ qaldьqtarьnьŋ siltevine erip, solardьŋ çьrьn çьrlap, sojьlьn soqqandьƣьn dəleldejdi. Sondьqtan, Puvstotinniŋ çumьstьŋ avьrlьƣьnan çiʙerilgen qata devi ʙos sɵz, qurƣaq mьlçьŋdьq- mundaj qata pikirdi ec vaqьtta quvattavƣa ʙolmajdь.

Partijanьŋ Ortalьq komijteti Petroʙskij atьndaƣь zavьtta partija tarьjqьn yjrenyvci yjirmelerdiŋ saʙaqtarь tuvralь cьqqan qavlьsьnda: „Yjirme saʙaqtarьnda sqemacьldьq ʙasьm ʙolƣan, partija tarьjqьn yjrenyv çumьsь çalaŋ çana maƣanasьz pormuvllardь çaƣdajƣa, partijanьŋ kyresine ʙajlanьstьrmaj, çattaj ʙeryvcilikke ajnaldьrƣan.

Osьnьŋ saldarьnan ʙir nece çьldaj tyrli yjirmelerge qatьnasьp çyrsede, talaj-talaj kommunister partija tarьjqьnьŋ naqtьlь, cьn mazmunьn ʙilmejdi. Partijanьŋ qandaj ducpandarь men kyresip, qalaj quralьp, ɵsip cьqqanьn ʙilmejdi. Partija men çumьscь çavlarьn ʙizdiŋ partijanьŋ qandaj ədis, qandaj çol men əckerelep, talqandaƣanьnda ʙilmejdi" dedi.

Partijanьŋ Ortalьq komijtetiniŋ ʙul nusqavь ʙytindej Accь-saj partija ujьmьna dəl keledi. Cьnьnda da ʙir nece çьldan ʙeri tyrli yjirmelerge qatьnasьp çyrsede Accь-saj partija ujьmьnьŋ kɵp kommunisteri par-

tija tarьjqьnьꞑ naqtьь cьn mazmunьn ʙilmejdi, partijanьꞑ qandaj duspandar men kyresip, qalaj quralƣandьƣьn, qalaj cьqqandьƣьnda ʙilmejdi. Accь-saj partija ujьmьnьꞑ çeke yjirmelerin alьp qaraƣanьmьzda, ondaƣь saʙaq tьꞑdavcьlar partija tarьjqьnьꞑ, partija uvstaʙьnьn eꞑ çeꞑil çerlerin ʙilmejdi. (Kommunisterdiꞑ aʙangarttьq rɵli, çana tərtiʙi t.ʙ.) Mьsalь: 1932-çьldan ʙeri partija mycesi Buvroʙijna (roʙьr ʙolьp istejtin dara kommunis) ɵziniꞑ sajasьj ʙilimin kɵteryv çɵninde ne istep çyr. Gazet çornal oqьjma, ɵndiris planьn qalaj orьndap çyr? Partija ujьmьnьꞑ munь men çumьsь ʙolmaƣan, tek mycelik çarnanь aluv men qanaƣattanƣan. Buvroʙijna kyni ʙyginge dejin sajasьj çaƣьnan ʙolsьn, qara tanuv çaƣьnan ʙolsьn savatsьz.

Partkom ʙir sьpьra ɵndiristerde çaqsь istep çyrgen kommunisterdiꞑ ɵndiristik çumьsь men tanьspaƣan, qalaj istep çyrgenin ʙaqьlamaƣan. Sondьqtan olardьꞑ ylgili, kɵrnekti isteri ortaƣa salьnʙaj ʙyrkevli qalьp kelgen. Cəlkejip degen kommunisti alatьn ʙolsaq, 4 çьldan ʙeri ɵndiriste istejdi, sol istep çyrgen vaqьttarьnda ruvdniktiꞑ kɵcpeli qьzьl tuvь osь Çəlkejip çoldastьꞑ qolьnda ʙolьp kelgen. Syjtsede ʙul çoldastь partkom çasь 61 de, ɵndiriste istej almadь dep, qьzmetinen alьp suv tasuvcь etken. Çəlkejip çoldas munda istemejmin dep ʙir qatar vaqьt qьzmetsiz ʙos çyrip qalƣan. Soꞑƣь kezde ol çoldas qajtadan ruvdniktegi ʙurьnƣь qьzmetine alьndь. Osь kyni kɵp çastardan çaqsь istep, ɵndiriste kɵrnekti çumьstardьꞑ ylgisin ʙasqalarƣa kɵrsetip otьr. 1932-çьldan ʙeri partijaƣa kandijdat Maꞑƣьtajьp çoldas ɵndiriste çaqsь istep çyrsede, 51 çastaƣь qart ɵndiriste istej almajdь dep partijadan cьƣarьptь. 127 kommunisterden osь kezge dejin 21 adam qat tanьmajdь. Bul paktiler, kɵsemimiz Stalin çoldastьꞑ „Barlьq istiꞑ tetigin kadьr cecedi" degen nusqavьn ʙurmalaƣandьƣьn kɵrsetedi.

Biz Accь-saj partija ujьmьnьꞑ qatasьnan tijisti qortьndь cьƣarьp, kyndelikti isimizde saʙaq etyvimiz kerek. Mirzojan çoldastьꞑ qaj çerde ɵz ara sьnƣa qьsьm çasalsa, sol çerde soraqь qьlmьstarƣa çol acьladь. Qьlmьstardьꞑ ʙetin aca almajtьn qorqaqtьqqa salьnadь, partijadaƣьlar men partijada çoq kɵpciliktiꞑ çigeri men ьntasь ʙəseꞑdep, ijnsijatijʙi kɵmeskilendi,—degen sɵzin esten cьƣarmavьmьz kerek. Sondьqtan, ʙolceʙiktik sьn, ɵz ara sьndь ʙarьnca kycejte otьrьp, ʙarlьq çumьsьmьzdьꞑ ilgeri ʙasuvь ycin çurtcьlьqtьꞑ ьntasьn çoƣarь kɵteryvimiz qaçet.

Partija dokyvmentin tekseryv, ʙelet avьstьruv çumьsьnьꞑ nətijçesi partija çavlarьnьꞑ ʙetin acьp, olardьꞑ ujьmьnьꞑ maꞑьnan alastadь. Bir qatar kommunisterdiꞑ oppartuvnistьq ʙejƣamdьƣьn, acьq avьzdьƣьnda ajqьndadь. Degen men ʙuƣan qanaƣattanьp, qarap otьruvƣa ʙolmajdь. Sondьqtan ʙir myjnette reʙolyvtsijalьq qьraqьlьqtь ʙəseꞑdetpej, mejlince kycejte tysyvimiz kerek. Syjtip, tap duspandarьn partija qatarьnan alastap, soqqь ʙerip otьruvьmьz kerek.

---

Qamza Kadirʙekop.

## Partija çumьstarьnьꞑ stijlin ʙilyv kerek

Stijl ər tyrli ʙoladь, kɵʙinese kɵrkem ədeʙijette erekce stijl ʙoladь. Biraq, ʙizdiꞑʙui arada ajtqalь otьrƣanьmьz partija çumьstarьnьꞑ stijli, „Meniꞑ ajtajьn degenim Lenincil-qьzmetkerdiꞑ erekce tijpin çasap cьƣaratьn çumьstьꞑ stijli tuvralь, Leninijzm praktijkesindegi ajrьqcalьqtar men ɵzgecelikter tuvralь (Stalin). Mine, ʙul Leninijzm praktijkesindegi stijl kommunis atavlьnьꞑ ʙojьna tuvьsьnan darьj qalƣan stijl emes, ol stijldi kommunisterdiꞑ ʙojьna siꞑrip, naƣьz Lenincil-qьzmetker etip cьƣaruv ycin partija çumьstarьnьꞑ naƣьz Lenincildik stijlin ʙilyv kerek. Yjtkeni: „Leninijzm-partija men m e m l e k e t qьzmetkeriniꞑ e r e k c e tijpin çasajtьn,

çumьsta erekce Lenindik istijl çasajtьn teorija men praktijka mektebi". Stalin).

Al, endi osь mektepten bizdiŋ partija qьzmetkerleri qalaj oqьp, yjrenip çyr; bul mekteptiŋ negizgi belgileri: a) „orьstьŋ revolyvtsijalьq qulac sermevi; в) „amerijkalьq iskerlik" ti (Stalin) partija çumьstarьnda qosa bilip, iske asьrьp otьr ma, soŋan kelejik.

Partijanьŋ etken sijezderiniŋ barlьqьnьnda kyn tərtibinen partijanьŋ icki çumьsь tysken çoq. Əsirese, partijanьŋ soŋqь bolqan XVII-sijezinde partijanьŋ icki çumьstarь (ujьmdastьruv çumьsь, propaganda çana kəpcilik çumьstarь) erekce qaraldь.

Stalin çoldastьŋ ezi ijdeja-sajasattьq çənindegi mindetterimizdi irik-tep, tajqa taŋba basqandaj qьp kərsetip berdi.

„Ijdeja-sajasattьq çənindegi mindetterimiz:

1. Partijanьŋ teorijalьq dəreçesin mejlince keteryv kerek.

2. Partijanьŋ barlьq buvьndarьnda ijdijologija çumьsьn kycejtyv kerek.

3. Partija icindegi Leninijzm çolьn qaçьmaj-talmaj nasьjqattav kerek.

4. Partija ujьmdarьn çana solardьŋ teŋeregindegi partijada çoq aktipterdi Lenincildik internatsijonalijzm ruvqьnda tərbijelep otьruv kerek.

5. Kej bir çoldastardьŋ Markisijzm-Leninijzm çolьnan tajqandьqьn byrkep qojmaj, batьl sьnap otьruv kerek.

6. Leninijzmge çav aqьmdardьŋ ijdijologijasьn, ijdijologijasьnьŋ sarqьncaqtarьn ynemi əckerelep otьruv kerek" (Stalin).

(„Leninijzm məseleleri" 10-basьluvь 589-bet) degen. Mine osь min-detterdi orьndavda Leninijzm mektebiniŋ çaŋaqь eki belgisin tyjip, is istemej bolmajdь. Sondьqtan partija ər qacanda partija çumьsьn negi-zinde osь ylken nьsana çatsьn, isti osь ekevin tyjyv men istev kerek dej-di. Biraq, bizdiŋ bir talaj ujьmdarьmьz bul ekevin əli de tyje almaj kele çatqandьqьn çoqarь da ajttьq. Yjtkeni, bizdiŋ kəp qьzmetkerlerimiz tek atьn bilgeni bolmasa, bul eki tyrli belginiŋ typ negizine at ysti qarajdь. Təçirijbeli iste ekevin (orьstьŋ revolytsijalьq qulacь men Əmirijkanьŋ iscendigin) qosa almajdь. Bul sezimiz dəleldi boluv ycin bir nece mьj-saldar keltirmekpiz.

Kyrcim avpartkomь (Cьqьs Qazaqьstan obьlьsь) kommunis Morzanьp çoldastьŋ samaotcotьn tьŋdap: „Morazanьp çoldas ezinin isinde orьstьŋ revolytsijalьq qulacь men Amerijkanьŋ iscendigin tolьq qoldanuvqa tapsьrьlsьn" dep qavlь cьqardь. Əlgi kommunis cala savattь. Mine, mu-nь Kyrcim avpartkomьnьŋ birьnqь sekretarь Rəbijn çoldas partija çumь-sьnьŋ stijli dep uqqan. Eziniŋ adasьp otьrqanьna qaramastan cala sa-vattь kommunisti de adastьruvqa tьrьsqan. Endi osь Morzanьp sьjaqtь kommunister Kyrcim avdanьnda az emes, avpartkom olardьŋ ər qajsьsь-nьŋ samotcotьn tьŋdaqan sajьn osьndaj qavlь cьqara berse, kommunis-terdiŋ tek basьn ajnaldьruvda çana partija çumьstarьn bьlьq bajlьqqa (kədivelgi „схолостика" qa) ajnaldьruvьnda sez çoq. Partijamьzdьŋ or-talьq komijteti Stalin çoldastьŋ insijatijbasь men partija dokuvmentterin avьstьruv carasьn çyrgizdi. Bul caralar partija çumьsьndaqь kemcilikter-diŋ barlьqьn derlik acьpta berdi. Partija çumьsьnьŋ stijlindegi kemcilik-terdi badьrajtьpta kərsetti. Partijamьzdьŋ ortalьq, elkelik komijtetteriniŋ plenymderi partija çumьstarьn munan bьlaj qalaj ilgeriletyvdiŋ, Stalin çoldastьŋ çoqarьda kərsetilgen nusqavьn qalaj iske asьruvdьŋ çolьn kərsetti. Alajda, partdokuvmentti avьstьruv qortьndьsь, partijanьŋ ijdeja-teorijalьq çumьstarьnьŋ Leninijzmdi nasijqattav, partijadan tьs kəpcilikti Lenincildik internatsijonalijzm ruvqьnda tərbijelep otьruv çumьstarьnьŋ bir qatar avdandьq partija ujьmdarьnda nacar çyrgizilip çatqandьqьn acьq kərsetip otьr.

Bir qatar avdandьq partija ujьmdarь partija çumьstarьn, tekseryvden kejin kөp ilgeriletken. Mьjsalƣa Kijrop avdandьq partija ujьmьn aluvƣa ʙoladь. Bul avdanda partija çumьstarь өtken çьl men salьstьrƣanda əlde qajda ilgerilegen. Partija oquvьn tərtipke qojƣan. Partija oquvь, partija çьjьlьsь plan ʙojьnca өtkiziletin ʙolƣan. Propagandijsterdi durьstap ala ʙilgen, tek teorijalьq çana praktijkalьq mektepterden өtip, сьnьqqan kommunisterdi ƣana propagandijstik qьzmetine taƣajьndaƣan. Propagandijster ycin semijnarlardь ynemi өtkizip otьradь. Avpartkom ər ʙir ʙastavьc ujьmnьꞑ өzine lajьqtalƣan çergilikti çaƣdajьn eseptej otьrьp, çeke-çeke naqtьlь ʙascьlьq etedi. Tipti ʙastavьc ujьmdardaƣь kommunisterdiꞑ ər qajsьsьnьꞑ qandaj kemcilikteri ʙar, onь çojuv ycin qandaj çumьstar istev kerek ekendigin ajьrьp-ajьrьp kөrsetetin ʙolƣan. Onь men qaʙat qol ma-qol caralar qoldanьp ta otьradь. Ərijne, ʙul ər ʙir ʙastavьc ujьmnьꞑ çumьsьna analijz çasap, ʙaqьlap otьrƣandьqtь kөrsetedi. Blyvqьr atьndaƣь qalqozdьꞑ çanьndaƣь ʙastavьc partija ujьmь partijanьꞑ icki çumьstarьn çaqsь ujьmdastьrƣan ujьmdardьꞑ ʙiri ʙolьp esepteledi, syjtse de avьstьruv qortьndьsь çasalƣanda avpartkom ʙul ujьmnьꞑ (ujьmdaƣь kommunisterdiꞑ), partijadan tьs kөpcilik arasьndaƣь çumьsьn nacar dep taptь. Əsirese, qalqozdьꞑ өndiris ʙirijgədileri arasьnda sajasattьq-kөpcilik çumьstarь ekendigin, sonьꞑ saldarьnan qalqozdьꞑ 4-ʙirijgədisinde çaꞑa zajьmƣa çazьluv çumьsь ajaqsьz qalƣandьƣьn kөrsetti. Bul ujьmnьꞑ aldьnda turƣan negizgi mindet—partijadan tьs eꞑʙekciler arasьnda sajasattьq-tərʙije çumьstarьn nьƣajtuv ekendigin, sotsijaldьq çarьstь keꞑ өristetyv ekendigin naqtap kөrsetti.

Zəvilʙe MTS-ьndaƣь partija ujьmьnьꞑ traktircilikten meqanijkelik qьzmetine çoƣarьlatьlƣan Pregyvpqa ec ʙir kөmek kөrsetpegenin, sondьqtan ʙul çoldastьꞑ osь vaqьtqa dejin qat tanьmajtьndьƣьn acьp, aj çarьmda qat tanьtuvdь MTS derektiriniꞑ orьnʙasarьna çyktedi.

Endi „Gijgant“ qalqozьnьꞑ çanьndaƣь partija ujьmь avdandaƣь ʙastavьc ujьmdardьn eꞑ təviri, eꞑ nьƣajƣanь dep esepteledi. Bul ujьm partijanьꞑ icki çumьstarьn ajta qalƣandaj ujьmdastьrƣan, kommunisterdiꞑ ʙilim çumьsьna soꞑƣь 2-3 çьlda ajrьqca kөꞑil ʙөlgen. Kəzir ʙul ujьmda turatьn kommunisterdiꞑ ʙarlьƣь da derlik 10 çьldьq mekteptiꞑ kөlemindej ʙilim alƣan. Bul ujьmnьꞑ insijatiʙi men Сьƣьs-Qazaqьstan oʙьlьsьnda qalqozcьlardьꞑ tuꞑƣьc dem alьs yji (Домотдыха) salьnьp çatьr. Bul ujьm qalqozcьlar arasьndaƣь çumьstь da çaqsь çolƣa qojƣan. Alajda ʙul ujьmda Leninijzmdi propagandьlav çumьsьn avpartkom çetkiliksiz dep tavьp, avdandьq əktipterden propagandijster ʙөlgen.

Mine, Kijrop avpartkomьnьꞑ ʙascьlьƣь. Munda avpartkom ər ʙir ujьmnьꞑ naqtьlь өz çaƣdajьna qaraj ʙascьlьq etedi. Sondьqtanda Kijrop partija ujьmь Сьƣьs Qazaqьstanda aldьꞑƣь ujьmdardьꞑ ʙirineꞑ eseptelip otьr.

Çalƣьz Kijrop avdanь emes, partija çumьstarь ilgerilegen taƣь ʙir nece avdandьq ujьmdar ʙar. Alajьq Ulan avdanь—ʙul avdan ekanomijkalьq çaƣdajьna, qoldaƣь ʙar kycterine qaraƣanda Kijrop avdanьnan əlde qajda tөmen. Biraq, ʙascьlьq ʙuƣan qarap otьrƣan çoq. Partija çumьstarьn ilgeriletip otьr. Buƣan tolьp çatqan mьsaldar keltiryvge ʙoladь. Ulan partija ujьmьnda eꞑ aldь men partijanьꞑ propagandь çumьsь tərtipke qojьlƣan.

Өtken 1935-çьlƣь 1-aƣusta avdandaƣь kommuvnisterdiꞑ 50 %-i ƣana partija oquvьna tartьlsa, ʙьjьlƣь çьldьꞑ 1-aƣusьnda kommuvnisterdiꞑ 98 prosenti partija oquvьna tartьlьp otьr. Kommuvnisterdiꞑ partija oquvьna qatьnasь da çaqsarьp otьr.

Ajtpaj ketyvge ʙolmajdь, avьldaƣь kommunisterdiꞑ edəviri aq tap partija dokyvmenitterin tekseryv tygil, avьstьruvƣa dejin savatsьz çana cala savattь ʙolatьn. Osь kyni de cala savattь kommunister az emes. Ulan avpartkomь ʙul çumьsqa mьqtap kirisken. 1935-çьlь aƣusta savatsьz 30, cala savattь 37 kommunis ʙar eken, ʙьjьlƣь aƣusqa tek 17 ƣa-

na cala savattь kommunis qalьp otьr; olarda osь kyni oqьp çatьr. Bul avpartkomnьꞑ çumьsьndaƣь endi ʙir erekceligi kommunisterdi ʙavlьp, өsire ʙilgen. Burьn qalqozdьꞑ qoj fermesinde ʙastьq ʙolьp çyrgen Saƣьndьqьʙa kazir avpartkomnьꞑ nusqavcьsь ʙolьp otьr. Qurmanʙajьp K. өtken çьlь qat tanьmajtьn, ec ʙir ʙelsendiligi çoq kommunisterdiꞑ ʙiri ʙolsa, kəzir qalqozda predsedatel ʙolьp otьr. Mine, osьlar sьjaqtь ʙir nece kadьrlardь ʙavlьp cьƣarьp otьr.

Osь keltirgen mьjsaldarьmьzdьꞑ qajsьsь ʙolsa da, partija çumьstarьnьꞑ ilgerilegendikterin çana avpartkomdardьꞑ partija çumьstarьnьꞑ stijlin yjrenip kele çatqandьƣьn kөrsetedi. Sөz çoq, ʙul sьjaqtь çetistikterge ʙiz soꞑƣь 3 çьldьꞑ icindegi Mirzojan çoldastьꞑ ulь partijamьzdьꞑ sara çolь men Qazaƣьstan partija ujьmьn tuvra alьp çyryviniꞑ arqasьnda ƣana çetip otьrmьz. Өlkelik komijtettiꞑ eski ʙascьlьƣь tusьnda tek qurƣaq əkimcilik çasavdan kөz acpajtьn tөmengi ujьmdar, kəzir ʙul dəreçege çetyvi ʙizdiꞑ partija çumьstarьn ligerilete ʙilgendigimizge tolьq ajƣaq.

Alajda ʙir qьdьruv avdandarda partija çumьstarьnьꞑ stijlin yjrene qojmaƣandьq ʙarьn çoƣarь da ajttьq qoj. Bul arada ʙiz Cьꞑƣьstav, Aʙьralь avdandarьna toqtavƣa ʙoladь.

Cьꞑƣьstav avdanьnda ne ʙarь 130 ƣana kommunis ʙar. Bastavьc ujьmdarьnьꞑ eꞑ alьsь 75 kijlometir, avpartkomde ʙes nusqavcь ʙar. Avpartkom sekretarь, onьꞑ orьn ʙasarь ʙar. Barlьƣьn qosqanda 7 adam, ʙulardьꞑ ər qajsьsьna 18-19 kommunisten keledi. Al, avpartkom sekretarьn qospaƣanda qalƣandarьnьꞑ ər qajsьsьna 21 kommunisten keledi. Endi osьlardьꞑ arasьnda qandaj çumьs isteledi?

Əriјne, tipti çumьs çoq devge ʙolmajdь, solajda ortalьq, өlkelik partija komijtetteriniꞑ nusqavlarьna çanasarlьq çumьstardь ʙul avdannan az kөryvge ʙoladь. Partdokuvmentin avьstьruvƣa kelgen kommunisterdiꞑ 30 prosenti savatsьz ʙolьp cьqtь. BK(в)P uvstaʙьn ʙilmejtin kommunister tolьp çatьr. 3 çьldan ʙeri partija ujьmdastьruvcьlьq qьzьmetin atqaruvcь Aqçoltajьp, Məçenop degender partija ykimet ʙascьlarьnьꞑ kimder ekenin ʙilmejdi. Qajdan ʙilsin ʙularda partija oquvь өmirʙojь ʙolmadь devge ʙoladь. Tek 1936-çьldьꞑ martьnan ʙastap qana dekadьlьq kөrister өtkizile ʙastaƣan, onьꞑ da sapasь onca emes. Partija çьjьlьstarь tek parmaldь tyrde ƣana өtedi, ol çьjьlьsta kommunister ʙilim alarlьq partija məseleleri qaralmajdь. Tek caruvacьlьq məselelerine arnap qana çьjьlьs caqьradь.

Partijanьꞑ kөpcilik çumьstarь nacar. Qalqozcьlar arasьnda sajasat kynin өtkizyv, sajasat məseleleri çөninen əꞑgimelesyv, davьstap gazetter oquv sьjaqtь çumьstarь atь men çyrmejdi. Oquv yjleri, qьzьl otavlar ьlƣьj çaʙьq turadь.

Avdan ortalьƣьndaƣь p a r t k a ʙ i j n e t t e d e ç u m ь s ç o q Propagandijster ycin semijnar өtkizyv, olarƣa konsyltatsija çasav isteri ujьmdastьrьlmaƣan. Propagandijsterdi partkaʙijnet, partkomʙijnetti propagandijster ʙilmejdi.

Avpartkomnьꞑ apparatьndaƣь qьzmetkerler ʙastavьc ujьmdarƣa sijrek ʙaradь. Barƣanda is planьn çasap ʙerip, partija çьjьlьstarьn ujьmdastьruvƣa mejlince az kөmeklesedi.

Al, Aʙьralь avdanь da ʙul kөrcisinen uzaj qojƣan çoq. Munda da partija ujьmdarь çolƣa qojьlmaƣan, çumьstьꞑ qarakteri çaƣьnan Cьꞑƣьstav men ʙirdej cьƣadь.

Mine, ʙul eki avdandaƣь partija çumьstarьnьꞑ qojьlьsь, partija çumьstarьnьꞑ sijtilin ʙilmejtindikti kөrsetedi. Kejde ʙul avdandar çumьsьmьzdьꞑ nacar ʙoluvь avdanьmьzdьꞑ ʙurьnƣь ʙascьlarьnan ʙoldь, olar partija çumьsьna mojьn ʙurmaptь, partija çumьstarьnan ʙasqalarƣa əvrelenipti dep, partija çumьsьndaƣь çavapkerlikten qutьlƣьsь keledi. Kemciliktiꞑ ʙir azь eski ʙascьlьqtan ʙolsьn aq, ʙiraq, solar syjtip ketip edi dep qolquvsьruvƣa ʙola ma? Bul avdannьꞑ çaꞑa ʙascьlarь da partija çumьsta-

tьn qolƣa almaj otьr dep ajtamьz. Sondьqtan ʙul avdandar partija çumьstarьn mejlince ilgeriletyv caralarьn iske asьruv kerek.

„**Qandaj taʙьs ʙolsada ec vaqьtta өzdiginen kelip qolƣa tyspejdi, — onь ədette qol men ustap alьp keledi. Partijanьꞑ ulь çolь ycin çaqşь qavlьlar, deklaratsijalar cьƣaruv — ʙul, istiꞑ ʙasь ƣana, yjtkeni olar çeꞑistiꞑ, taʙьstьꞑ өzi emes, tek çeꞑyvdi — taʙьstь tilejtindigimizdiꞑ ʙelgisi. Durьs çol ʙelgilengennen kejin, məsele durьs cecilgennen kejin istiꞑ ojdaƣьdaj orьndaluvь ujьmdastьruv çumьsьna, partijanьꞑ çolьn iske asьruv ycin kyresti ujьmdastьruvƣa, adamdardь durьs iriktep aluvƣa, ʙascь orьndar cьƣarƣan qavlьlarьnьꞑ orьndaluvьn tekseryvge ʙajlanьstь. Munsьz partijanьꞑ durьs çolьnьꞑ, durьs qavlьlardьꞑ, ylken zьjan taʙuvь ьqtьjmal. Tipti durьs sajasьj çol ʙerilgennen kejinde, ʙərin ujьmdastьruv çumьsь cecedi, Sonьꞑ icinde sol sajasьj çoldьꞑ taƣdьrьn, — onьꞑ orьndaluvьn, nemese iske aspaj qaluvьnda osь ujьmdastьruv çumьsь cecip ʙeredi**" (Stalin. „Leninijzm məseleleri", 589-590-ʙet. X-ʙasьluvь).

Mine, Stalin çoldastьꞑ ʙul ajtqanьn ʙarlьq partija ujьmdarь ər ʙir kommunis uƣьnьp, iske asьruv ycin kyresyv kerek. Endigi çerde çumьstь qol-ma qol ujьmdastьrьp, əʙden ʙaqьlav, tekseryvdi kycejtyv kerek. Ol ycin partija çumьsьnьꞑ Stalindik sijtilin yjrenyv kerek.

---

**BAJBATÇAJЬP**

(Mirzojan avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь.)

# AVЬSTЬRUVDЬꞐ TƏÇIRIJBESINEN

Ortalьq partija komijtetiniꞑ partija dokuvmentin avьstьruv tuvralь nusqav qatьn ər ʙir çeke kommunisterdiꞑ arasьnda çaqsь tysinis ʙerilgendiktiꞑ nətijçesinde partija dokuvmentin avьstьruvƣa avdandьq partija ujьmdarь çaqsь dajьndьq pen kiristi. Partija ujьmdarь partija dokuvmentin avьstьruv aldьnda partija çumьsьna dekaʙir plenym qavlьsьn proƣram ete ʙildi. Avdandьq partija komijteti dokuvment avьstьruv tuvralь ujьmdastьruv çumьsьn çolƣa qojuv men kommunisterdiꞑ ʙolceʙiktik qьraƣьlьƣь kycejip, olardьꞑ çumьstь qalaj istep otьrƣandьƣьn ʙilip, çumьstaƣь kemcilikterin çojuv ycin ər ʙir kommunistiꞑ sajasьj ʙilimin, өndiristik ʙelsendiligin kөteryv çajьnda çaqdaj çasaldь. Kommunisterdiꞑ sajasьj çana çalpь savatsьzdьƣьn çojuv tuvralь Aqьr-tөʙe kөlemindegi cala savattь 15 kommunis ycin ədeji mektep acьp, savatsьzdьqtarьn çojdь.

Ьntьmaq qalqozьnьꞑ çanьndaƣь partija komijteti, partija dokuvmentin avьstьruv aldьnda partija kөpcilik çumьsьn plan men çyrgizetin ʙoldь. Burьn çьjьlьsta ləm-mem dep sөjlemejtin sajasьj ʙilimi tөmen kommunister, Lastanьp, Loqaʙajьp, Sarьmsaqьp sьjaqtьlar çьjьlьsta ʙelsendilik etetin ʙoldь. Soꞑƣь yjen-yjel ajlarьnda 6 ret partija çьjnalьsь çaqьrьlьp, Ortalьq partija komijtetiniꞑ yjen plenyminiꞑ qavlьsь, Өlkelik partija komijtetiniꞑ 6-ci plenyminiꞑ qavlьsь çana SSSR konstijtytsijasьnьꞑ proektьsь, mal caruvacьlьƣьnьꞑ memlekettik planь, soʙet ʙaqьlav komijssijesьnьꞑ ycinci plenyminiꞑ qortьndьsь sьjaqtь iri məseleler talqьlandь. Ol çьjьlьsta Sarьmsaqьp, Lastanьp, Loqʙajьp çoldastardьꞑ çeke istegen çumьstarьnьꞑ ʙajandamalarь tьꞑdaldь. Bul kommunistar qalqoz өndirisindegi staqanьpcьlar. Loqaʙajьp Əʙilde, Lastanьp Maqan maqta zʙenosьnda, Sarьmsaqьp Maqamʙetkerim өndiris ʙrijgədisinde istejdi. Maqtalarь 10-ncь aƣusqa dejin 7 caʙьqtan өtti. Qalqozdaƣь ʙarlьq zʙenonьꞑ maqtasьnan Loqʙajьp pen Lastanьptьꞑ ʙaptaƣan maqtasь çaqsь ʙolьp өsti.

Bul kommunister kejingi kezderde sajasьj partija oquvьna ʙelsene qatьnasьp keledi. Mart-aprel ajlarьnda savatsьzdьqtarьn çojdь. Partija ujьmь çumьsьn çaqsь çolƣa qoja ʙilgendiktiꞑ arqasьnda osь çьlƣь egin

oruv navqanь çaqsь ɵtkizildi, memleketke tapsьratьn astьq planь tuqьm qarьzь MTS alьmь, 870 sentner astьq sroginen ʙurьn 1-ci aƣusta orьndaldь.

Endi Birles qalqozьnьꞑ çanьndaƣь ʙastavьc partija ujьmь partija çumьstarьn çolƣa qojdь. Navqan çumьsьn qьzuv qolƣa alьp, maqta ʙaptav tuvralь Stalindik 3-pytepke talqьlandь. Partija mycesi Sьʙanova, Çumatajьptardьꞑ ʙajandamalarь tьꞑdaldь. Partija ujьmьnьꞑ kɵpcilikь çumьsьn çaqsь ujьmdastьrƣannьꞑ arqasьnda egin oruv çumьsьn çaqs ɵtkizdi. Qalqozdarda 566 sentner astьq planь, tuqьm qarьzь, naturplat sroginen ʙurьn orьndaldь. Bul qalqozdaƣь maqta ʙaptav çumьsь əvelgi kezde olqьlьqta ʙolsa da, ol tuvralь avdandьq partija komijtetiniꞑ qavlьsьn, partija ujьmь talqьlap, kɵpcilikti durьs ujьmdastьruv men maqta çumьsьndaƣь olqьlьq tez çojьldь. Partija ujьmdarьnьꞑ kɵpciliginiꞑ çumьsь çoƣarьda kɵrsetilgen Ьntьmaq, Birles qalqozdarьndaƣь partija ujьmdarьnьꞑ çumьsьndaj çolƣa qojьldь. Partija dokuvmentin avьstьruvdьꞑ ystinde çaꞑa kadьrlar dajarladь. Mьjsalь: Ьntьmaq partija ujьmьnьꞑ ujьmdastьruvcьsь Qaʙьlʙekip, Yrkimʙajьp, Alpьsʙajьp, Ajtqulьp, Qaracalьp sьjaqtь kommunister qьzmetke çoƣarьlatьldь.

Aqьr-tɵʙe yvcaske kɵlemindegi Ɵrnek, Ьntьmaq, Qьzьl-tuv, Birles, Tereꞑ-Ɵzek qalqozdarьnьꞑ çanьndaƣь partija ujьmdarьnьꞑ qasьnan 49 adam tilekteske alьndь. Bulardьꞑ 37-si savattь, 12-cala savattь adamdar. Ortalьq partija komijtetiniꞑ nusqavь ʙojьnca tilektesterge ajrьqca kɵꞑil avdarьp, olardьꞑ savatsьzdьqtarьn çojuvƣa, qatarьn kɵʙejtyvge kyc salьnьp otьr. Çaꞑa ʙir kɵꞑil avdarьp otьrƣan irgeli çumьs komsamol çumьstarь. Bul tuvralь Ortalьq partija komijtetiniꞑ dekaʙir plenymi „Lenin komsamolьnьꞑ ujьmь partija qatarьn tolьqtьratьn asa elevli rezerip" dedi. Plenymnen kejin partija ujьmdarь komsamol ujьmdarьna ʙascьlьq çumьsьn kycejte ʙildi. Partija ujьmdarь komsamol çьjьlьsьna kyndelikti qatьsьp, çərdemdesyvge kommunister ʙɵlindi. Olardьꞑ istejtin isterinen partija ujьmь ʙajandamalarьn tьꞑdap otьradь, mьjsalь: Maqpal qalqozьndaƣь partija ujьmь sol qalqozdьꞑ çanьndaƣь komsamol ujьmьnьꞑ ujьmdastьruvcьsь Bektirip Loqpajьdьꞑ ʙajandamasьn tьꞑdap, çastar arasьnda çaꞑa qalqozcьlar arsьnda ygit-nasьjqat çumьsьn tolьq çyrgize almaƣanь ʙetine ʙasьlьp, qataꞑ eskertildi. Komsamoldьꞑ 10-ci sijeziniꞑ qortьndьsьn komsamoldьꞑ sajasьj kryvçoginde talqьlandь. Sijezdiꞑ qortьndьsьn talqьlaƣannan kejin komsamoldardьꞑ sajasьj ʙelsendiligi kɵterilip, sijezdiꞑ qavlьlarьn ɵz çumьsьna proƣьram ete ʙildi. Mьjsalь: Qajьꞑdь qalqozьndaƣь komsamol ujьmьnьꞑ çumьsьna lajьq, ʙul ujьmda 13 komsamol ʙar, ʙular qalqoz ɵndirisinde ɵzderi çumьs istevi men ʙirge qalqozdьꞑ çumьstarьnьꞑ ʙasьnda, ʙirijgədi qastarьnda ygit-nasьjqat çumьsьn çaqsь çyrgizdi, kyndelikti gazet, çornaldardь davьstap oqьp ʙerdi, komsamol ujьmdastьruvcьsь Letpajьp Çoraʙek ygitci ʙolьp çyrip, eresekter mekteʙine 124 adam tarttь.

Komsamol mycesi Dəvletpaj qalqoz ɵndirisinde staqanьpcь picen caʙuv, egin oruv navqanьnda ɵzine ʙerilgen çumьs normasьn orьndap keldi. Bul qalqozdaƣь komsamol ujьmь qalqozcьlardьn qat ʙilmevciligin çojuv çolьnda ykimet pen partijanьꞑ kyndelikti qavlьlarьn kɵpcilikke tysindiryv çɵninde ylgili is istep otьr. Osь sьjaqtь ʙьlajƣь qalqozdarda da staqanьpcь komsamoldar çoq emes.

Aqьr-tɵʙe yvcəske kɵlɵmindegi ʙarlьq kommunisterdiꞑ ʙilimderine qaraj partija tarьjqьn yjretetin kryvçok ujьmdastь. Barlьq kommunister partija uvstap proƣьrammasьn yjrendi.

Partija tarьjqьn oqьjtьn kryvçokte Knorin kitaʙь oqьladь, oquv ɵtken çьlƣьƣa qaraƣanda çaman emes.

Partija ujьmdarь Ortalьq partija komijteti men Qalьq komijsarlar keꞑesiniꞑ 36-çьlƣь qat tanьmavcьlьqtь çojuv tuvralь cьƣarƣan qavlьsьn kɵpciliktiꞑ arasьnada talqьlap ɵtti.

Bykil avdan keleminde osь çьldьꞑ ɵzinde savatsьz birde kommunis ʙolmav caralarь istelip, partija ujьmdarьnda çumьs tərtipke qojьldь. Meniꞑ yvcəskem ʙьlajƣь yvcəskelerge ɵziniꞑ isi men ylgi ʙola aladь.

---

**Çaqьpьp Sərsen**
(Qoꞑrat avpartkom nusqavcьsь).

## Partija çumьsьnьꞑ çavaptь yvcəskesi

Partija kɵpcilik çumьsьnьꞑ eꞑ çavaptь yvcəskesinde avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь istejdi. Ɵz qьzmetiniꞑ asa ylken çavapkerligin sezip, istej ʙilgen adamƣa nusqavcьnьꞑ çumьsь ceꞑil-çelpi, at ystinen ajƣaj salьp ʙitire qojatьn çumьs emes. Buƣanda kɵpcilik pen ʙite qajnap aralasьp, ər ʙir ʙastavьc partija ujьmьndaƣь kommunister men ʙas ʙasьna tanьsьp, olardь partija məselesiniꞑ teꞑiregine ujьmdastьrьp, qaçьrlь eꞑʙek istevge qajnaƣan çiger kerek.

Men ʙir talajdan ʙeri rajkomnьꞑ nusqavcьsь ʙolьp istep kelemin. Əveli ʙajan-avьl avdanьnda istedim, onan kejin 36-çьldьꞑ majьnan ʙeri qaraj osь Qoꞑrat avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь ʙolьp istep çatьrmьn.

Meniꞑ qaramaƣьmdaƣь yvcəskede eki ʙastavьc ujьm ʙar, ondaƣь 18 kommunistiꞑ ʙəri derlik savattь, ʙulardьꞑ ʙir talajь qalqoz predsedatili, avьl sobet predsedatili çana ʙirijgadir sьjaqtь ʙascьlьq çavaptь qьzmetterdi atqaradь.

ʙul yvcəskedegi partija ujьmьnьꞑ majƣa dejingi sajasьj oquvь mezgili men ɵtkizilmej keldi, kommunisteri saʙaqqa dajьndalmajtьn, dajьndalƣan kynde kɵrsetilgen quraldan kɵnspekti çasamajtьn, tipti kej ʙirevleri saʙaqqa mylde qatьspaƣan kezderi ʙolƣan. ʙul kemcilikti avpartkom kezinde tyzevge kiristi. Kəzirde partija oquvь ʙir sestijma men çyrgizilip keledi. Dokyment avьstьruv men ʙajlanьstь oquvƣa kommunisterdiꞑ ьntasь, ʙelsendiligi arttь, ɵzderiniꞑ maꞑьna komsamoldar men partijada çoq qalqoz ʙelsendilerin, qalqoz ɵndirisiniꞑ ekpindilerin ujьmdastьrьp, sajasьj saʙaqqa qatьstьra ʙastadь.

Mьjsalь: Əpirel ajьnьꞑ icinde Sarcijdegi ʙastavьc ujьmda eki ret, Aq-çarda ʙir aq ret sajasьj saʙaq ʙolsa, yjin ajьnda eki ujьmda da 5 retten saʙaq ɵtkizildi. Saʙaqqa kommunisterden ʙasqa qatьsqandar, komsamolisterden 5, partijada çoq ʙelsendilerden 4 adam çana tilektester toʙьnьꞑ mycesi 6 adam, ʙarlьƣь 30 adam qatьsьp otьrdь. ʙulardьꞑ icinde Qalьjьp, Cegenʙajьp çana Corijn sьjaqtь çaqsь oqьƣan çoldastardь saʙaqtan artta qalƣan Çancorijna, Əmenip, Esenqulьʙa sьjaqtь çoldastarƣa ʙekitip, ər vaqtta kɵmektesip otьruvƣa tapsьrdьq.

Tilekiester arasьnda ujьmdastьruv çumьsьn çyrgizip, olardьꞑ sajasьj oquvƣa tolьq qatьsuvьn qamtamasьz etip, kɵmektesip otьruvƣa Çantuvlaqьp, Cegemʙajьp, Corijnderge çykteldi. Savattьlьƣь nacar Qudaʙajьp, Sqaqьp sьjaqtь çoldastardь avdandaƣь ʙir ajlьq kyrisien oqьtьp qat tanьttьq.

Sajasьj saʙaqta ɵtken temalarьmьz: Partijanьꞑ ustap, programmasь, Stalin çoldastьꞑ Roj Gaʙard ʙen əꞑgimesi, yjen pleꞑyminiꞑ qortьndьsь çana konstijtuvtsija proektisi sьjaqtь ʙir nece iri məselerdi talqьladьq. ʙul çɵndegi propagandis Çantuvlaqьp pen Qudaʙajьp sьjaqtь çoldastar az eꞑʙek siꞑirgen çoq, yjtkeni olar ər ʙir oquvcьlardьꞑ yjinede ʙarьp, ʙas ʙasьna tysinʙegen çerlerin əʙden uƣьndьrьp, konspekti çasavƣa ьlƣьj kɵmektesip otьradь. Onь men qaʙat çeke kommunisterimizdiꞑ ɵzderi de ʙilimderin kɵteryvde tьrьsьp, „Avьl kommunisi“ çornalь men „Sotsijaldь Qazaqьstan“, „Eꞑʙek majdanь“ gazetterin aldьrьp oqьjdь.

Partija çьjnalьsь kommunisterdiꞑ tərʙije alatьn, ɵz ara sьnnan ɵtip, naƣьz cьnьƣatьn orьnь, ylgi alatьn partija mekteʙi ekendigi is çyzinde kɵrindi, yjtkeni, ʙiz nece çьjьlьstar ɵtkizip, kommunisterdiꞑ samootcotьn tьꞑdadьq. Onь men qaʙat tilektester toʙьndaƣь mindet alƣan çoldastardьꞑ ʙajandamasьn qojьp, partijanьꞑ ujьmdastьruv çumьsьn kycejtyvimiz arqasьnda kommunis, komsamoldar men partijada çoq ʙelsendiler arasьndaƣь çumьstar çolƣa qojьldь; mьjsalь:

Sarь-cijdegi ʙastavьc partija ujьmьnьꞑ 2-maj kyni ʙolƣan çьjnalьsьnda qatьsqan 21 adamnan 5 aq adam cьƣьp sɵjlese, 16-yjen kyngi ʙolƣan acьq partija çьjnalьsta kommunisterden ʙasqa 71 komsamolis çarьs sɵzge cьƣьp sɵjledi. Onь men ʙirge acьq partija çьjnalьstarьnda partijada çoq ʙelsendilerden 20 ƣa tarta adamnьꞑ qatьsьp, ʙelsene sɵz sɵjlevi, partijada çoq ʙelsendiler arasьnda partija kɵpciligi çumьsьnьꞑ durьs çolƣa qojьlƣandьƣьn kɵrsetedi.

Ortalьq partija komijtetiniꞑ yjen plenyminiꞑ qavlьsь men dekəʙir plenyminiꞑ qavlьsь sьjaqtь partija men ykimettiꞑ maꞑьzdь qavlь-qararlarьn ʙir nece ʙirijgadiler men qalqozdarda talqьlap, tolьq uƣьnьstar ʙerilip otьrdь. Bastavьc partija ujьmdarьnьꞑ aldьnda turƣan eꞑ kyrdeli mindettiꞑ ʙiri ʙolceʙiktik qьraƣьlьqtь munanda kɵri kycejtip, kommunisterdiꞑ Marks, Lenin ƣьlьmь men tolьq qaruvlanuvьn, avьl icindegi ɵz ara sьnƣa keꞑ tyrde ɵris ʙeryv ʙolьp taʙьladь. Çana ɵndiris orьndarьndaƣь qalqozdaƣь ekpindilikti kycejtip, staqanьpcьlar qozƣalьsьnьꞑ keꞑ ɵris aluvьna durьs ʙascьlьq etip, olarƣa çaƣdaj tuvƣьzuv ʙoluvь kerek.

Partijanьꞑ aʙangartьq rɵlin ʙurьnƣьdanda arttьrьp, danьcpan kɵsemimiz Stalin çoldas ajtqan 7-8 millijart put astьqtь is çyzinde orьndap, çana mal caruvacьlьƣьn mejlince ɵrkendetip, Qazaƣьstan men sol systik Qapqaz arasьndaƣь çarьs cartьnьꞑ is çyzinde tolьq orьndaluvьn qamtamasьz etyv men qatar, aldьmьzda turƣan kyrdeli mindettiꞑ ʙiri-ykimetke astьq tapsьruv çumьsьn ojdaƣьdaj orьndap cьƣuvьmьzƣa tijis.

Olaj ʙolsa mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çɵninde erekce eꞑʙek siꞑirip, avdan kɵlemindegi qьzьl taqtadan orьn alьp otьrƣan Majtas soʙeti (154,6%), Kalijnin soʙeti 152 pur. çana Sarterek soʙti mal ɵsiryv planьn 151 pur. osь sьjaqtь, mal ʙasьn kɵʙejtken avьl soʙetterden avdanьmьzdьꞑ ʙasqa yvçəskelerindegi qalqozdar men soʙetterimiz ylgi alьp otьr.

Qalqoz ʙen qalqozdьꞑ arasьndaƣь sotsijaldь çarьsqa tysip, çasasqan cartьnьꞑ qortьndьlarьn cьƣarьp, orьndalƣan, orьndalmaƣanьn tekseryv çana avьldaƣь savatsьzdьqtь çojuv mekteʙine ʙascьlьq etip, qalqozcьlardьꞑ ʙarlьƣьna qat tanьtuv çumьsь partija ujьmьnьꞑ aldьnda turƣan eꞑ maꞑьzdь mindetiniꞑ ʙiri.

Aqçardaƣь partija ʙastavьc ujьmь men Sarcijdegi ujьmda osь çьldьꞑ əpireline dejin 2 aq adam tilektester qatarьna tartьlsa, kəzirde aldьꞑƣь qatardaƣь ekpindi staqanьpcьlar men qalqozdьꞑ əlevmet isterine cьn ʙerilip, ʙelsendiligin is çyzinde kɵrsetken çoldastardan 8 adamdь tilektester qatarьna tartьp otьrmьz. Bulardьꞑ ʙir sьpьrasьn ɵzderiniꞑ ʙilimderine qaraj partija ujьmь tarapьnan tyrli mindettemeler ʙerip, sol mindettemeni is çyzinde orьndavьn ʙaqьlap, onь men qatar çьjьlьsta ʙajandamalarьn tьꞑdap otьrdьq. Mьjsalь: Çartьʙajьp pen Bekʙosьnьp sьjaqtь çoldastardьꞑ çaqьn arada ʙajandamasь tьꞑdaldь. Taꞑdaƣanda ʙulardьꞑ çumьstь ajta qalƣandaj nətijçeli istegendigi kɵrindi, ʙul çɵnde „Eꞑʙek majdanь“ gazetiniꞑ ʙetinde ʙulardьꞑ kɵrnekti çumьstarь (qat tanьp, ɵzderiniꞑ sajasьj ʙilimderin kɵtergendigi, qoƣam ujьmdarьnьꞑ çumьsьna ʙascьlьq etken, taƣь ʙasaqlarь) çazьldь.

Tekseryvde acьlƣan kemcilikterdi qajtalamaj, partija ʙeletin avьstьruv çumьsьn ojdaƣьdaj ɵtkizyvge ʙarlьq partija ujьmь, kommunister ʙolьp, aldьn ala dajьndьq pen kiristik. Bul yvcəskedegi 18 kommunistiꞑ ʙarlьƣь da ʙeletterin avьstьrьp aldь, ʙiraq ɵngime ʙelet avьstьruv men ajaqtalmajdь, ʙelet avьstьruv men ʙajlanьstь kommunisterdiꞑ kyresceꞑdigin

bolcebiktik qьraqьlьqtarьn arttьruv, ujьmnьn çumьsьn çana satьqa keteruv qoj. Mine, sonqь əzirdegi partija kepcilik çana propagandь çumьsitarьnьn çaqsarqandьqь, partija dokymentin avьstьruv isin ojdaqьdaj etip çyrgizgendigimizdin nətijçesi.

Avьstьruvdaqь ylken nətijçe, ər bir kommunistin, partija çumьsьnьn qandajьna bolsьn mejlince çavapkerligi artqandьqь boldь. Avьstьruvdan kejin kommunisterdin qaj qajsь bolsьn, tapsьrьlqan mindetti, çyktelgen isti bulçьtbaj orьndajtьn boldь. Partija çьjnalьsьna, partija sabaqьna ajtqan vaqьtьnda dəl keledi, burьnqьdaj „çarajdь"... „isteler" dep, ijek syjep, çyre tьndajtьn ədetterdin bəri çojьldь. Ər bir kommunis partija qatarьnьn ete ardaqtь, ete çavaptь ekenin əbden uqьnqandaj boldь.

Bizde ərijne, kemcilikte çoq emes, menin yvcəskemdegi eki bastavьc ujьmdaqь 18 kommuvnistin bir talaj qalqozdьn endirisinde istejdi. Olardьn 5-vi qana staqanьpcь, qalqandarь əli staqanьpcь bola alqan çoq. Ərijne bul ylken kemcilik. Partija ujьmdastьruvcьlarьnьn sajasьj bilim dərecəleri temen. Olardь tijisti kyriske çiberip oqьtьp almaj bolmajdь. Kejde ez qarabasьmьz da, ezinen bilim kelemderi temen kommunisterdi oqьtьp, yjretip çyrip, çalpь bilim erisinen kep artta qalьp qojasьn. Bul ycin, ez bilimindi ezin keteryvge kyn-tyn demej ez betin men oqьp otьruvqa mьqtap kirisyv kerek boladь. Partija ujьmьnьn çaqsь, çaman isine partorglar qandaj çavaptь bolsa, sende sondaj çavaptьsьn. Nusqavcьnьn qьzmeti naqьz kepcilik ujьmdastьruv qьzьmet. Partija emirin çaqsь bilip, partija ujьmdarьnьn aldьnda turqan kyrdeli mindetterdi vaqьtь men çyzege asьrьp otьruvqa bar kyc, çigerdi çumsav, mine ər bir rajkom nusqavcьsьnьn en bastь parьzь, bastь borьcь.

---

AQЬMETOBA QURBANKYL

(*Cəvildir rajkomьnьn əjelder sektiri*)

## Maqta dalasьnьn sanalь əjelderi

Stalin dəvirinin baqьttь turmьsьnda emir syrip kele çatqan sobet əjelderi-eskilik kyndiktin, ədet qurьptьn kylin kekke ucьrьp, ulь sotsijaldь rebolytsijanьn alьp bergen tendik zamanda, Lenin—Stalin partijasьnьn sara çol bascьlьqь men ulь qurьlьstьn qaharman erleri qatarьna qosьlьp, kenildi, qьzьqtь, mədenijetti, baqьttь turmьs quruvdьn çolьna tysti.

Qalqoz qurьlьsь, avьl caruvacьlьq ərtelinin stalindik uvstabь qalqozcь əjelderdin endiris majdanьndaqь enbekterin baqьlavdь, əjelderdin çigerin esirip, belsendiligin arttьruvdьn çolьn actь. Sobet enbekci əjelderi kyn sanap, savattьn acьp, bilimin, sana sezimin kenejtip, ulь eristin esyvindegi staqanьpcьlar tobьna qosьlьp keledi. Sobet əjelderinin çetken tabьstarьna ortaq bolьp, ez arasьndaqь manьzdь ulь çumьstarda tamaca is ylgilerin kersetken əjelderdin biri-Cəvildir maqta dalasьnьn enbekci əjelderi, Cəvildir dalasьnda munan 6 çьl burьn, qalqoz qurьlmaj turqanda ec qandaj kezge kerinerlik ezgeris bolmaqandьqь çurtcьlьqqa məlim. Cəvildir dalasьna suv çetisip, qalqozdar ujьmdastьrьlьp, maqta egetin bolqan son da kep vaqqa dejin əjelder arasьndaqь çumьs qolqa alьnьp, çolqa qojьlmadь. Munan bir çarьm çьl burьn Cəvildir ez aldьna avdan bolqan son, partija men ykimet bascьlarь Cəvildir enbekcilerine burьnqьdan keri de kep kenil beldi. Sonьn arqasьnda Cəvildir enbekci əjelderinin arasьnda kyrdeli çumьstar isteldi. Cəvildir avdanьndaqь 4031 çumьsqa çarajtьn əjelderdin icinde 3963 qalqozcь əjelder bar. Qalqandarь çumьscь, qьzmetci əjelder.

Cəvildir avdanьnda 23 kommunis, 31 tilektes, 48 komsamol əjelder bar. Avdanьmьzdaqь 34 çerden acьlqan savattandьruv mektebine 883 adam tartьldь, 481 əjel savattanьp, gazet-çornal oqьjtьn bolьp cьqtь.

Əsirese Cəvildirdiꞑ qalqozcь əjelderi maqta majdanьnda ajta qalarlьq eꞑʙekter siꞑirip otьr.

Cəvildirde maqtanьꞑ çazƣь ʙaptav, suvaruv çumьstarьn; caʙьq isterin əjelder istep atqaradь. Əjelder icinen ʙelsendiligi artьq cьƣьp, ɵndiris isinde ajanʙaj istep, eꞑʙekteri siꞑgen, staqanьpcь əjelder kɵp.

Avdanьmьzda normьsьn 2-3 ese asьra orьndajtьn 150 əjel staqanьpcьlar, 364 əjel ekpindiler ʙar. Osьlar sьjaqtь ɵndiris isine ʙelsendilik kɵrsetip, eꞑʙek siꞑire ʙilgen, sana sezimderi ulƣajƣan əjelder tɵmennen çoƣarь kɵterilip, qalqozdьꞑ ʙascь qьzmetterine ʙelgilendi.

Mьjsalь-Çamal Qazьjeʙa degen əjel, qalqozda qara çumьs istep çyrgen çerinen çoƣarьlatьlьp, avdaꞑьmьzdaƣь „Ьntalь" qalqozьna ʙastьq ʙolьp ʙelgilendi. Çamaldьꞑ ʙasqarƣan qalqozь ɵtken çьlь maqta tapsьruv planьn $193_0/^0$ orьndap, ykimetten 2-apto macijne sьjlьq aldь. Çamaldьꞑ ɵzine Qazaƣьstan ykimeti 15 çьldьq znacok nagratьn ʙerdi.

Çamaldьꞑ ʙasqarьp çyrgen qalqozьndaƣь çigerli komsamol, ʙirijgadir, Qalçigit Tɵlʙasьjьp, maqta majdanьndaƣь siꞑirgen eꞑʙegi ycin ykimetten Qurmet ʙelgisi ordenin aldь.

Bьjьlƣь çьlь Çamaldьꞑ qalqozь 270 gektar çerge maqta egip, ʙaptav, caʙьqtav çumьstarьn sapalь ɵtkizdi. Kəzirde Çamaldьꞑ ʙascьlьƣь men egilip, seʙilip, tərʙijelengen maqta, avdanьmьzdaƣь eꞑ çaqsь maqta ʙolьp otьr.

Sol sekildi mьnan ʙirer çьl ʙurьn qalqoz ɵndirisinde qara çumьs istep çyrgen-Patijma Sadьqʙekoʙa çoldas Cəvildir avdanьndaƣь „Stalin-Aʙat" sьjaqtь milijener qalqozdь ʙasqaruvƣa çaradь. Patijma çoldastьꞑ ʙasqarƣan qalqozь ɵtken çьlь maqta tapsьruv planьn asьra orьndap, ykimetten eki apto macijne sьjlьq aldь. Patijma çoldastьꞑ tərʙijelevi men maqta majdanьnьꞑ ataqtь eri ʙolƣan „Stalin-Aʙat" qalqozьndaƣь zʙeno ʙastьƣь Zyʙəjra Bajьrʙekoʙa çoldas ykimetten nagratqa Qurmet ʙelgisi ordenin aldь.

Cəvildir avdanьnda çoƣarƣь ajtьlƣan əjelderden ʙasqa Əkʙajьʙa degen əjel qalqoz ɵndirisinen, qara çumьstan çoƣarьlatьp, „Qara-tɵʙe" seriktigine ʙastьq ʙolьp sajlandь.

Avdan kɵleminde ʙirijgadi ʙastьƣь ʙolьp 8 əjel, zʙeno ʙastьƣь ʙolьp 50 əjel qьzmet istejdi.

„Qьzьl-Tyrkistan" qalqozьndaƣь ʙirijgadi ʙastьƣь-Kyləsal Təçiʙekoʙa çoldas eꞑʙek ujьmdastьruv, qalqozcьlardьꞑ istegen eꞑʙekterin eꞑʙek kineckelerin ne vaqtьlь qondьruv isin durьstap çolƣa qojdь, Kyləsal ʙirijgadisi ʙьjьlƣь çьlь maqtanьꞑ tysimin eki yc ese normьdan asьrьp ʙeryv ycin kyresip çatьr.

„Nogijna" qalqozьndaƣь qьzьl tuvlь, ekpindi zʙeno ʙastьƣь Qamijla Aqtajьʙa çoldas ɵtken çьlь 400 eꞑʙek kyn taptь. Bьjьlƣь çьldьꞑ ɵtken 6 ajьnьꞑ icinde ɵz zʙenosьndaƣь qalqozcьlardь ʙasqara çyrip, 300 den artьq eꞑʙek taptь. Zʙenosьnьꞑ qaravьndaƣь 16 gektar maqta sapalь caʙьqtap, qanьq suvƣarьp, çazƣь ʙaptav isterin çaqsь ɵtkizdi. Kəzir „Nogijna" qalqozьndaƣь ʙarlьq zʙeno ʙirijgadilerdiꞑ aldьna tysti.

„Nogijna" qalqozьndaƣь ʙirijgadi ʙastьƣь Qalьc Sarqulьʙa çoldas, eꞑʙekti ʙurmalamaj adal ɵlcep, kineckege durьs qondьruvƣa daƣdьlandь. Sonьꞑ arqasьnda ʙirijgadisindegi ʙarlьq çumьstь çolƣa qojdь.

„Bajьldьr" qalqozьndaƣь zʙeno ʙastьƣь Ultaj Əjmenoʙa çoldas ajanʙaj eꞑʙek istevdiꞑ arqasьnda ɵz turmьsьn ʙurьnƣь kyjineꞑ ana qurlьm çɵndep, yj icin taza ustavƣa yjrendi. Kyndelikti çaꞑalьqtardь ʙilyvge qumarlanьp otьratьn ylgili, sanalь qalqozcь ʙoldь.

Qalqozcьlardьꞑ çalpь çьjnalьsь ʙolƣan sajьn-mədenijetti, kɵꞑildi çumьs ornatuvƣa, çьjnaqtь taza turuvƣa ygittep, sɵz sɵjlep otьratьn dərecege çetti. Partija qatarьna eꞑyvdi maqsat etip, tileketester toʙьna kirdi.

Avdan ortalьƣьnda ʙir çerde 25 ʙalalьq ʙalalar ʙaqcasь acьldь. Qalqozdarda 18 çerde ʙalalar ʙesigi ʙar. Bul ʙalalar ʙesikterinde 351 qalqozcь əjelderdiꞑ emcektegi, ʙalalarь tərʙijelenedi. Çoƣarƣь ajtьlƣan ʙa-

lalar вaqcasь men вalalar вesigi əjel çoldastardьŋ qalqoz əndirisine yzdiksiz qatьnasuvlarьna mymkindik вerdi. Avdan ortalьqьnda, ər вir qalqozdarda авortqa tьjьm saluv çənindegi ykimettiŋ dekireti talqьlandь.

Cəvildirde qьzqa çeŋ ucьnan qalьŋ mal вeryv isi toqtaldь devge вolmajdь. Qьzdьŋ qalьŋ malь 8000 somqa dejin çetyvge ajnalqanьn, oqan tьjьm saluvda sot, qьlmьs zerttev orьndarьnьŋ isi, partija, komsamol soвet orпьnьŋ çumьsь ajtarlьqtaj emes ekenin acьq ajtuvьmьz kerek. Avdandьq mekeme orьndarьnda istep çyrgen əjelder əli вarmaq pen sanaqandaj az. Avdandьq atkom apparatьnda çana onьŋ вəlimderinde вir əjelde istemejdi. Qalqozdarda əli de вolsa əjelderdiŋ eŋвegin вaqalamavcьlьq, nem- qurajdь qaravcьlьq çoq emes. Kej çerlerde вalalar вaqcasьnьŋ işine qalqoz вastьqtarь kəŋil qojmaj, qarçь вosatpaj qojatьn qьlьqtar вar. Traktorcь, komвajьncь əjelderimiz çoq. Soвet qьzmetkerlerine əjelderden kadr dajьndav isi qolqa alьnqan çoq. Avdannan acьlatьn tyrli kyrsilerge əjelder caqьrьlmaj, qaqa вeriste qala вeredi. Avdandьq partija komijteti ujьstьrqan propagandister kyrisine 5 aq əjel caqьrьldь. „Talapь" qalqozьndaqь 4-ci вirijgadidegi Sqaqoвa degen ekpindi əjel 3-4 eŋвek istegen kynderin вirijgadi вastьqь çumьsьn tekserip əlcemej, əjel dep cama men çaza salqan.

Qьsqasь maqta dalasьndaqь eŋвekci əjelder arasьnda вir talaj çetisterimiz вolsa tursa da, əli kemcilikterde az emes. Aldaqь mindet sol kemcilikterdi çojьp, maqta dalasьndaqь əjelderdi savattь, mədenijetti, avqattь turmьsqa çetkizyvge kyc saluvьmьz kerek.

---

*Qazaqьstan komsamolь tarьjqьnьŋ məselesi çəninde*

M. QAJЬPNAZAROP

# Kyres pen сьпьqьр əsken qazaq çastarь

Qazaqьstan komsamol ujьmь вьjьl yjen ajьnda əziniŋ 15 çьldьq merekesin tojladь. Bul 15 çьldьqь Lenin-Stalin partijasьnьŋ вascьlьqьnda, tap çavlarь men вeldeskеn kyreste, çastarqa kommunistik tərвije вeryv ycin kyreste ətkizdi.

Qazaqьstan komsamolь 1921-çьlь yjelde caqьrьlqan вykil qazaq komsamolьnьŋ 1-sijezinde əz aldьna ujьm degen ataqqa ije вoldь. Mine, osь vaqьttan вastap tarьjqqa kire вastajdь. Qazaqьstan komsamolьnьŋ orta Resejdegi komsamol ujьmьnan əsyv çana ilgerilev çəninde kəp ajьmasь вar, yjtkeni reвolytsijaqa dejin Qazaqьstan da komsamol ujьmь вolqan çoq. Qazaqьstan artta qaldь. Berekesiz qara caruvacьlьqь qana вoldь. Əlevmettik ekonomijke qatьnastarь mejlince təmen вoldь. Ənerli kəsip, ult proletarijatь вolqan çoq. Alajda qazaq çastarьnьŋ ic вir reвolytsijalьq tradijtsijasь вolmadь devge вolmajdь. Reвolytsijaqa dejin çana reвolytsija tusьnda qazaq çastarьnьŋ reвolytsijalьq tradijtsijasь вolmadь dev-cilik qazaq qalqьnьŋ ult вostandьqь ycin kyresin çoqqa cьqaruvcьlьq, qazaq qalqьnьŋ ortasьnda soвet ykimetin kyctep ornattь, devcilik-вarьp turqan trotiskijcildik вoladь.

Durьsьn ajtqanda qazaq qalqьnьŋ çana qazaq çastarьnьŋ ətken əmiri tuvralь osьndaj pikirler soŋqь vaqьtqa dejin ystem вolьp keldi. Bul sьjaqtь trotiskijcildik pikirlerdi Qazaqьstannьŋ вurьnqь вascьsь Galacokin taqь вasqalar qoldap ta keldi. Olar reвolytsijalьq maŋьzь вar ult вostan-

dьƣь qozƣalьsьn ʙaƣalamadь. Olar qazaq qalqьnьꞑ keterilisterin, tipti 1916-çьlƣь qazaq çastarьnьꞑ Resej imperijalijzimi men ʙeldesip, alьsqan ylken qozƣalьsьn ulь kyresinde kermedi. Reʙolytsijaƣa dejingi Qazaƣьstandaƣь ulttьq reʙolyvtsijalьq qozƣalьs qazaq eꞑʙekcilerinin ezilyvinen tuvdь.

Qazaq eꞑʙekcileri çana qazaq çastarь çalƣьz orьs patcasьnьꞑ ezyvinde ƣana ʙolƣan çoq, ezinin icinde ult ʙajlarьnьꞑ çana uruvcьl peodaldьqtьꞑ yzdiksiz ezilyvinde ʙoldь, qazaq çastarьnьꞑ eꞑʙek istevge, ʙilim aluvƣa kəzirgi soʙet tusьndaƣьdaj praʙolarь ʙolƣan çoq. Mine, sondьqtan qazaq qalqь tygel savatsьz ʙoldь. Mədenijet qoƣamdьq dəreçesi qazaq eꞑʙekcilerinin temen ʙoldь. Çasьratьnь çoq messijoner tipti ʙir nece orьs mektepteri ʙoldь. Munda orьstьꞑ çana qazaq ʙajlarьnьꞑ uldarь oqьdь. Olardьꞑ maqsatь qazaq qalqьn ʙurьnƣьdan da ʙeter ezyv, qanşьratuv edi, ʙir sьpьra çerlerde eptegen musьlmanca oqьtatьn din mektepteri ʙoldь. Bular sez çoq qazaqtьꞑ eꞑʙekci çastarьn oqьtuvdьꞑ ornьna çəʙirlev men ʙoldь. Bul sьjaqtь ezilyvcilikti çana ʙul sьjaqtь praʙosьzdьqtь kergen qazaq eꞑʙekcileri patca ykimetine qarsь, ezinin icki ʙajlarьna qarsь kyres actь. Ol kyres Resej proletarijatьnьn azattьq ycin kyresine, çeꞑimpaz reʙolytsijalьq qьjmьlьna kelip uctastь. Sondьqtanda proletarijattьꞑ ektəʙir reʙolytsijasь qara caruvalar soƣьsьna uctasьp, çalƣьz qara caruvalar soƣьsьna uctasьp qojmaj, ult ʙostandьƣь ycin kyresken soƣьsqnda uctastь.

Stalin çoldas ʙьlaj dejdi:

„Ektəʙir reʙolytsijasь proletarijattьꞑ teꞑiregine ezilgen ulttardь qosuvƣa tьrьsьp, odan əri ilgeriledi. Soꞑƣьlardьꞑ onnan toƣьzь qara caruvalardan çana qalanьꞑ usaq eꞑʙekci qalqьnan ekendigi çoƣarьda ajtьldь. Biraq munь men ezilgen ulttar çenindegi tysinik ʙitpejdi. Ezilgen ulttar ədette tek qara caruva çana qala eꞑʙekcileri eseʙinde ƣana ezilmejdi, ult eseʙinde de jaƣnьj ʙelgili memlekettiꞑ eꞑʙekcileri eseʙinde çeke til, mədenijet, turmьs, adamgercilik ədet çaƣьnanda eziledi. Eki çaqtap ezyvcilik ezilgen ulttardьꞑ eꞑʙekcilerin reʙolytsijacьldandьrmaj qojmajdь, olardь ezyvci negizgi kyc kapijtal men kyreske çetektemej turmajdь. Bul çaqdaj proletarijattьn, proletarijat reʙolytsijasьn tek qara caruvalar soƣьsь men uctastьrьp qojmaj, ulttьq soƣьstarmende uctastьruvƣa da ʙazь ʙoldь. Munьꞑ ʙarlьƣь da proletarijat reʙolytsijasьnьꞑ qьjmьlьn Resejdiꞑ alьs sьrtьna cьƣarmasqada ʙolmadь. Kapijtaldьꞑ ete tunƣьjьq rezerʙilerin soqqьƣa almasqa da ʙolmadь (Stalin Marksijzm çana ult kalonьja məselesi, 141-142 ʙet).

Mine, Stalin çoldastьꞑ ʙul sezi ulttardьꞑ reʙolyvtsijalьq qozƣalьsьꞑьꞑ praktijkesin qorьtuv ʙolьp otьr. Bul sez qazaq qalqьnьꞑ çana qazaq çastarьnьꞑ reʙolytsijalьq tradijtsijasь ʙolƣan çoq, Ektəʙir reʙolytsijasь qazaq avьlьna telegram men keldi. Soʙet ykimeti qazaq avьlьnda əcejin ornaj saldь degen reʙolytsijaƣa qarsь zьjandь pikirlerdi tas talqan qьp otьr. Qazaq qalqьnьꞑ etken zamandaƣь reʙolytsijalьq tradijtsijasьn tasuvcь kim devge ʙoladь, kej ʙir çoldastar reʙolyvtsijaƣa dejingi alactь reʙolytsijalьq-demokratijacьl ujьm degisi keledi. Olar alac ordanьꞑ reʙolytsijaƣa dejin oʙijektipti reʙolytsijalьq reli ʙoldь demekci. Ərijne ʙul pikirdiꞑ durьs emes ekendigi Elkelik partija komijtetiniꞑ çaꞑa ʙascьlьƣь kelgennen kejin ʙir nece qaʙat ʙaspa sez ʙetinde ajtьlьp otьr. Qazaq qalqьnьꞑ reʙolytsijalьq tradijtsijasьn tasuvcь ult ʙajlarь jakij Alac emes, eꞑʙekci qalьqtьꞑ ezi ekendigi ajdan ajqьn. Qazaq qalqь patcalьqqa qarsь eziniꞑ reʙolytsijalьq kyresinde ʙetine ustap, arqa syjegeni orьs proletarijatь çana ez ortalarьnan cьqqan daꞑьqtь ujьmdastьruvcьlar Amangeldi Ьjmanop, Əlekeꞑ Çangeldin sьjaqtь adamdar ʙoldь.

Alac-ordacьldar çana onьŋ kɵsemderi Əlijqan Bɵkejqanьp, Aqьmet Bajtursьnьp, Mьrçaqьp Duvlatьp taƣь ʙasqalar qalьqtьŋ tilegi ycin kyresken çoq. Bajlardьŋ çanaorьs patcasьnьŋ tilegi ycin kyresti. Buƣan 1916-çьlь kɵteriliske (Çalʙьr pijesesin qaraŋьz) peʙral çana ɵktəʙir reʙolytsijalarьna qarsь cьƣьp kyresyv ycin Alac-ordanьŋ patcaƣa çaƣьnƣanьnan kejin Kalcak pen odaq tas ʙolƣandьƣь çana soʙet ykimeti ornaƣannan kejingi vaqьttaƣь reʙo lytsijaƣa qarsь əreketteri ajqьn dəlel.

Mine osьlardьŋ ʙərin çьjnaqtap kelgende cьƣatьn qortьndь sol-qazaqtьŋ ult ʙajlarь çana onьŋ partijasь Alac ʙarlьq ult-eŋʙekcileri tilegi ycin kyresken çoq, tek ɵzinin ystem ʙolьp eŋʙekciler kɵpciligin ʙurьnƣьdan da, ʙeter qanavƣa çaƣdaj çasav ycin kyresti.

Bul maqsattarьn iske asьruv ycin Alac-ordalar çastar arasьnda ʙir qatar çumьs istedi. Baj taʙьnan cьqqan ʙajcьl çastar ɵzderinin ata-ʙaʙasьnьŋ çolьn quvьp, Alac-partijasьnьŋ soŋьnan erdi. Eŋʙekciler taʙьnan cьqqan men kej ʙir aldanƣan çastarda Alac ordanьŋ soŋьnan ketti. Reʙolytsijaƣa dejingi ultcьl ʙajcьl entelegentter reʙolytsijadan kejinde oquvcь çastardьŋ arasьnda ʙir qatar vaqьt ьqpaldarьn çyrgizip keledi. Reʙolytsijaƣa dejin Alac-ordaƣa qarsь turarlьqtaj komsamol ujьmь ʙolƣan çoq, tek kej ʙir çerlerde ƣana qazaqtьŋ oquvcь çastarьnьŋ yjirmeleri ƣana ʙoldь. Mundaj yjirmeler kɵʙinese messijener mekteptérinde ʙoldь. 1916-çьlь Tackende de Qodçanьp ʙastaƣan oquvcь çastar ujьmь qurьldь. 1914-çьlь osь sьjaqtь „Birlik" attь ujьm Omʙьda qurьldь. Bul ujьmdь ʙasqarƣan Saduvaqasьp S. edi. Bul ujьmdardьŋ ʙarlьƣь da Bajtursьnьp, Bɵkejqanьptardьŋ ijdejasьn iske asьruv maqsatьnda ʙoldь. Reʙolytsijaƣa dejingi ʙul sьjaqtь ujьmdardь taldap ʙeryv ycin Omʙьdaƣь „Birlik" ujьmьnьŋ proƣьramьn aluvƣa ʙoladь. Onda ʙьlaj dejdi: Qazaq qalqьn mədenijet ədeʙijet çaƣьnan aldьŋƣь qatardaƣь qalьqtarƣa teŋevge ultcьldьq sezimdi kycejtyvge,ulttь saqtavƣa ʙul maqsatqa çetyv ycin çastar arasьnda ultcьldьq sezimdi kycejtyvge qalьq ədeʙijetin çьjuvƣa, olardь ʙaspaƣa ʙastьruvƣa pijese gazet çornaldar cьƣaruvƣa taƣь ʙasqalar degen 1916-17-çьldar qazaqtьŋ oquvcь çastarь arasьnan ʙir nece ultcьl çana mədenijetti izdegic yjirmeler, ujьmdar qurьla ʙastadь. Ol mьnalar edi.

„Erkin dala" Orьnʙor qalasьnda, „Çanar" Semej qalasьnda, „Qocqar" Torƣajda, „Çasa azamat" Oralda, çana Aqmɵlada, „Çiger" Bɵkej gyʙirnesindegi Ordada, „Talap" Petirpaʙьlda, „Qьzmetker" Paʙladarda „Ças tilek" Aq tɵʙede, „Ças azamat" çana „Birlik" ujьmdarь Omʙьda ujьsqan.

Taptar tartьsьnьŋ cijelinisken kezinde (ɵktəʙir kynderi onan kejinde) ʙul ujьmdar Alac-ordanь ijdija çana sajasat çaƣьnan qoldap, soʙet ykimetine qarsь cьqtь. Munь dəleldev ycin osьlardьŋ icindegi kej ʙir ujьmdardьŋ isine toqtaluvƣa ʙoladь. 1917-çьlь Bɵkej gyʙirnesinin ortalьq qalasь Orda da, es-er partijasьnьŋ mycesi Ɵzerʙajьptьŋ çana menceʙik Kɵkeʙajьptьŋ ʙascьlьƣь men ʙajcьl çastardьŋ „Çiger" attь ujьmь qurьldь. Ustaʙь ʙojьnca ʙul ujьm mədenij aƣartuv ujьmь ʙoluvƣa tijisti edi, al ʙiraq is çyzinde mundaj ujьm ʙolьp cьqqan çoq. Bul ujьm Alac-ordanь çana ʙajlar ykimetin qoldajtьn sajasьj ujьm ʙolьp cьqtь. Sarьʙajьp çoldas ɵzinin „Sajuz çiger" degen statijasьnda onьŋ isin minezdejtin ʙir nece mьnadaj paktiler keltiredi:

1917-çьl ʙurьnƣь Kamenskij yjezindegi çersiz qara caruvalar Bɵkejqanьptьŋ, Cekeʙajьptьŋ çana ʙasqa ʙajlardьŋ çerin ʙɵliske saluv tuvralь oʙlьstьq çer ʙasqarmasьnьŋ aldьna məsele qojьldь, „Çiger sajuzь" acьqtan acьq çer ʙasqarmasьnda ʙajlardь çana qannьŋ murasьn qoldadь, çer surap kelgen qara caruvalar tutqьndalsьn depte usьnьs çasadь. Bul ʙirinci pakti. 1917-çьlь ekinci dekəʙirde Ɵzerʙajьptьŋ çana Kɵkemʙajьptьŋ ʙascьlьƣь men Orda qalasьnda reʙolytsijacьl komijteti çana „Çiger sajuzь" ujьmdastьrьldь. Bular entecegentterdi oqьtuvcьlardь ujьmdastьrьp,

zaʙastopke çasap, reʙolytsijacьl komijtet taratuvcьlardь oʙlьstьq çer ʙasqarmasьnьꞑ mycelerin tyrmeden cьƣaruvdь talap etti.

1918-çьlь Astarqanda ʙolƣan çumьscь qara caruva depuvtattarьnьꞑ ʙirinci sijezinde „Çiger sajuzьnьꞑ" predsedatili Ɵzerʙajьp Bɵkej ordasьndaƣь azamattardьꞑ ataƣьnan soʙet ykimetine qarsь cьqtь, (Ol ʙul çolь ese-er partijasьnьꞑ tapsьruvь men sɵjlegendigin soꞑьnan mojnьna aldь). Sijezden kejin Ɵzerʙajьp çasьrьnьp qaldь, ʙolceʙikter izdese onь taʙa almadь.

Bolceʙikter çeꞑgennen kejinde Ɵzerʙajьp taƣь da çasьrьnьp, aqьrьnda pomeccik Talacьptьꞑ çərdemi men qacьp kektti.

Mine ʙular mədenij aƣartuv məselesin ʙetke ustap, soʙetke qarsь kontr reʙolytsijalьq çumьs çyrgizgen ʙajcьl çastar ujьmьnьꞑ sьjqьn kɵrsetedi. Ajtpaj ketyvge ʙolmajdь, ʙul yjirmelerdiꞑ çana ujьmdardьꞑ icinde Alac-ordaƣa qarsь kyreske cьqqan çeke adamdarda ʙoldь. Mundaj adamdar Omʙьdaƣь „Birlik ujьmьndaƣь" Səken Sajpuvllijn taƣь ʙasqa çoldastar edi.

Reʙolytsijaƣa dejin patca ykimetine qarsь kyresyv tuvьalь eki tyrli aƣьm ʙoldь. Bir çaƣь reʙolytsija ʙolƣan kynde de Alac-orda çaƣьna cьƣьp Bɵkejqanьptьꞑ artьnan erdi. Ekinci çaƣь orьs proletarijatьnьꞑ ʙascьlьƣь men ʙajlarƣa qarsь kyreske cьƣuvdь qoldadь. Səken Sajpuvllijn soꞑƣь aƣьmda ʙoldь. („Qazaƣьstan praʙdasь" nьꞑ 36-çьlƣь 12-yjildegi sanьn qaraꞑьz). Solajda ʙul ujьmdardьꞑ kɵpciligi Alac-orda çaƣьna cьƣьp, soʙet ykimetine qarsь turdь. Bulaj ʙoluvdьꞑ seʙeʙi ne? Seʙeʙi ʙul ujьmnьꞑ myceleriniꞑ ʙarlьƣь da ʙaj ʙalalarь çana ʙajcьl çastar ʙolatьn, ʙulardьꞑ oqьƣandaƣь maqsatь patca cenevnikteriniꞑ pereʙotcigi ʙoluv, kej ʙiri patca ykimeti mekemeleriniꞑ qьzьmetkeri ʙoluv ʙolatьn. Eꞑʙekci çastardьꞑ oquv oƣьp, ʙilim aluvƣa praʙasь ʙolƣan çoq. Kej ʙir ʙaqьttьlarь da ʙoldь, olar oquvƣa tysti. Oquv oqьdь, ʙiraq mundajlar ʙirli çarьmdь ƣana edi. Çana ʙul çastardьn arasьnda ultcьl ʙajcьl Alac-orda intelegentteriniꞑ orasan ьqpalь çyrdi. Bul ujьmdar ijdija sajasat çaƣьnan Alac orda ujьmьn mьqtap qoldadь. Smaƣul Saduvaqasьp ɵziniꞑ „Çaꞑa çol" degen kitapcasьnda ʙul ujьmdarƣa cьq çuvьtqьsь kelmejdi.

Saduvaqasьptьꞑ sɵzine qaraƣanda ʙul ujьm ɵktəʙir reʙolytsijasьn qoldaƣan ujьm emes, ultcьl ujьm ekendigi ap ajqьn. Smaƣuldьꞑ ojьnca ʙular məselege durьs qatьnasqan iske durьs kirisken zaꞑdь istegen sьjaqtь. Saduvaqasьp ʙul ujьmdardьꞑ Alac-ordanь çana kontrreʙolytsijanь qoldaƣanьn tek ɵmir kerek qьlƣan is dep qarajdь, aqtaƣьsь keledi. Olardь ajьptavdь maqul kɵrmejdi. Saduvaqasьp çana Bəjdeldinder partija icindegi Alac-ordanьꞑ ɵkili ʙoldь. Ekevi eki çaqtan çastardь partijanьꞑ ulь çolьna qarsь ujrьmdastьrьp, kontrreʙolytsijanь qoldavƣa caqьrdь. Ultcьl elementter komsamol ujьmьna ʙarьnca qarsь turdь. Olar qazaq çastarьn ʙɵlek ujьmdastьruv kerek dedi. Ujьm qazaq ycin kerek desti.

Qazaqtьꞑ naƣьz kedej, ʙatьraq çastarьnьꞑ ujьmь tek komsamol ujьmь qurьlƣannan ʙastaladь.

Avьldarda komsamol ujьmdarьn ʙastavcь soʙet partija mektepterinen kyristerinen ɵtken çumьscь çana ʙatьraq kedej çastarь ças qьzьl əskerler çana muƣalьmdar ʙoldь. Alƣacqь kezderde ec ʙir ʙascьlьqsьz istedi, ʙul ujьmdarda savattь komsamolister ʙolmadь devgede ʙoladь. Mine, sondьqtan da komsamol qatarьna ʙajcьl Alac-ordacьl çastar kirip ketyvine mymkincilikte ʙoldь. Olar kɵp vaqьtqa dejin Qazaƣьstan komsamol ujьmьnьꞑ icinde ьqpalьnda çyrgizip keldi.

Kedej ʙatьraq çastar ʙajlardьꞑ uruv aqsaqaldarьnьꞑ ьqpalьnan cьƣa almadь. Oquvcь çastardьꞑ ʙir qatarь Alac-ordalardьꞑ ьqpalьnda ʙoldь. Qazaq çastarьn soʙettendiryvde çana ʙolceʙiktendiryvde partija mektepteriniꞑ kyristerdiꞑ ylken rɵli ʙoldь. Al, çalpь ʙilim ʙeretin mektepterde qazaq pijdagok instijtytterinde, pedteqnijkymderde oquvcь çastardьꞑ ne-

dəviri 25-çьlƣa dejin derlik Alac-orda ijdijalogijasьnьꞑ ьqpalьnda ʙoldь. Tek 1925-çьldan ʙermen qaraj ƣana ʙul mektepterde komsamoldьꞑ ьqpalь çyrip, Alactьꞑ ьqpalьn çojdь. Mektepterde Alac-ordanьꞑ ьqpalьn çojuv qazaq çastarьna kommunistik tərʙije ʙeryvdiꞑ eꞑ negizgi ʙir cartь ʙoldь.

Qazaq çastarьna kommunistik tərʙije ʙeryvdiꞑ negizgi ʙir tyri Qazaqьstan partija ujьmьnьꞑ avьlda taptьq çɵninen revolytsijalьq caralar çyrgizyvi ʙoldь, mьjsalь: Çer ʙɵlisi, kedejler toʙьn ujьmdastьruv, soʙet sajlavlarьndaƣь sajasat, iri ʙajlardь konpeskelev astьq dajьndatuv taƣь ʙasqalar. Bul maꞑьzdь caralardь çyrgizyv tusьnda qazaq komsamolь ʙajlar men aqsaqaldьq uruvcьldьq qatьnastar men çigerlenip kyresti. Bul kyresterde çastar cьnьƣьp, ʙajlarƣa, atqa minerlerge çana aqsaqaldьq uruvcьldьq ədetter men ʙeldesip kyresyvge tərʙijelenedi. Qazaq komsamol ujьmьndaƣь eꞑ zьjandь avruv partija icindegi çana komsamol icindegi çikterdiꞑ qazaq çastarь arasьnda ylken ьqpalь ʙoldь. Ol çikter çastardьꞑ çaqsь ɵsyvine kedergiler çasadь. Komsamoldьꞑ ɵz icindegi çikterde asa zьjandь ʙoldь. Bul çɵnde oꞑ tystik Qazaqьstan, (Sьrdarьja, Çeti-suv oʙьlьsьnьꞑ) komsamolь, sol tystik Qazaqьstan komsamolьnan ɵzgecerek. Sol tystik komsamol ujьmьnьꞑ ʙascьlarь Smaƣul Saduvaqasьp, Bəjdeldin, Aldoꞑƣarьp taƣь ʙasqalardьꞑ ultcьldьq tendentsijeleri mejlince kycti ʙoldь. Bulardьꞑ icinen kej ʙirevleri internatsijonaldьq Lenincil komsamol ujьmьn quruvdan ʙas tartьp ʙajlar ʙuqaracьldьƣь pirinsiʙindegi kileꞑ qazaq çastarь ujьmь qurьluvьn talap etti. Bul sьjaqtь pikirlerdi qoldavcьlar oꞑ tystik Qazaqьstan (Tyrkistan) komsamolь ujьmьnanda cьqtь-Ordaʙajьptar, Kamalьptar, Calaʙajьptar, Qurmanʙajьptar taƣь ʙasqalar.

Komsamol ujьmь qurala ʙastaƣannan aq Alac-orda ɵz tilekterin usьna ʙastadь. Kamsamol ujьmьnьꞑ qurьlьs çɵnindegi ʙarlьq məselelerinde kelispevcilik ʙoldь. Mьjsalь:

1. Ujьmnьꞑ qatarьn ɵsiryv məselesi çɵninde tartьsta ʙoldь. Olar ujьmdь çumьscьlandьruvƣa, ʙatьraqtandьruvƣa qarsь ʙoldь. Olar komsamol ujьmьn çalaꞑ ajaqtar sajuzьna ajnaldьramьz dep çьladь.

2. Çer repormasь taƣь ʙasqa revolytsijalьq caralar çɵninde olar ultcьl Bɵkejqanьptardь, çikcil Qodçanьptardь qoldadь. Munьꞑ aqьrь ult ala kɵzdigin kycejtip çana ulь orьscьldьqtьꞑ ьƣajuvьna çol actь. Onь men qaʙat çergilikti ultcьldarƣada dem ʙerdi.

Olar komsamoldьꞑ ʙascьlьƣьna kirip alƣan ʙajlardьꞑ agentteri ʙoldь. Komsamol qurьlьstarьnda azdьruv isterin çyrgizdi.

3. Bascьlьqtaƣь çastardьꞑ ʙajcьl leʙaralcьl toʙь, çumьscь çana kedej ʙatьraq çastarь kɵpciliginiꞑ tilegin ʙurmalav men ʙoldь. Olar çumьscь çana kedej ʙatьraq çastarьn mektepterge çana olardь komsamoldьꞑ ʙascьlьq qьzmetine kɵteryvge ʙarьnca qarsь ʙoldь. Olar ər ʙir ulttardan ʙirdej kɵteryvge kerek oƣьƣandardь, savattьlardь kɵtermelev kerek degendi ajttь. Bul leʙaralcьl, ʙajcьl çastardьꞑ aƣьmь men kyres qazaq çastarьn ʙolcevikik ruvqta tərʙijelev çɵninde ylken maꞑьzdь is ʙoldь.

1924-çьlь Tyrkistandaƣь eki oʙьlьstь Qazaqьstanƣa qosuv tuvralь dajьndьq çumьstarь çyrgizildi. Bul çumьs 1925-çьlь Orta Aztjada memlekettik cek ara ajьruv çumьsь ajaqtaluvdan kejin ʙitti. Qazaqьstanƣa Tyrkistannan qosьlatьn eki oʙьlьstaƣь komsamol çumьsьn, komsamoldьꞑ Tyrkistandaƣь ujьmdastьruv çumьstarьnьꞑ sekretarь ʙolƣan Nurpejisip Sadьq çoldas ʙasqardь. Ol tek qazaq çastarьn ʙir ujьmƣa çьjuv çɵninde ƣana emes, komsamol icindegi partijaƣa qarsь çikter men kyres çɵninde de orasan ylken maꞑьzdь orьn aldь.

1925-çьldan ʙastap qazaqtь ʙir respyʙlikege çьjuv çumьsь ajaqtalƣannan kejin, komsamol ujьmь tyrli uvklondar men (ulь orьscьdьq pen, çergilikti ultcьldьq pen, oꞑcьldьq pen, solcьldьq pen) çedel kyresti, osьnьꞑ negizinde komsamol ɵziniꞑ ujьmdarьn ʙolceʙikce tərʙijeledi. Bul uvklondar men kyreste komsamol ylken çetistikterge çetti.

Kamsamol avьldь qajta quruv çenindegi partijanьꞑ çyrgizgen taptьq revolytsijalьq çumьstarьna ʙelsene qatьnastь, avьldь soʙettendiryv, soʙet sajlavьnda ʙajlarƣa orьn ʙermev, egindik, caʙьndьq çerlerdi ʙølyvde, avьldьꞑ mədenijet qurьlьsьn køterv-ycin ʙajlarƣa salьqtь ʙasa saluv isi peodal, ʙajlardь kompeskelevde az eꞑʙek siꞑirgen çoq. Komsamol Qazaƣьstandaƣь sotsijalistik ønerli kəsipti quruvda: Qaraƣandь, Balqac qurьlьsь, Rijdir, Tyrkisip, Semejdiꞑ et kombijnatь, Emʙi-neptisi taƣь ʙasqalardьꞑ çumьstarьnda ʙelsene qatьnastь. Oƣan dəlel ʙul qurьlьstardaƣь çumьscьlardьꞑ køpciligi çastardanʙoldь. Çumьscь çastardьꞑ køpciligi komsamolƣa kirdi. Qazaƣьstan komsamol ujьmьnьꞑ qatarь soꞑƣь çьldarda avьldarda, qalalarda øsip keledi. 1928-çьlь 206 komsamol ujьmdarь, ol ujalarda 35301 komsamolister ʙolsa, 1934-çьlь komsamol ujalarьnьꞑ sanь 7474 ke, komsamolisterdiꞑ sanь 98191 ge çetti. Qazaƣьstan komsamolь ʙirinci ʙes çьldьqta partijanьꞑ ʙascьlьƣь men avьldaƣь kapijtalistik elementterge attanьs çasap, çeke qara caruvalardь sotsijalistik çolƣa tysiryv, qalqozdastьruv çeninde asa køp çumьstar istedi.

Solajda komsamol partija ujьmdarь men ʙirge ʙir nece qaldьqtarda istedi. Ol qaldьqtar avьlda 100% ke dejin qalqozdastьruv ycin davrьƣьp, ulttьq øzgeceliktierin çana avьldardьꞑ øzgeceliktierin esepke almastan, qalqozdьꞑ çoƣarƣь tyrine køcip, gijganttar çasav ʙoldь. Bul qatalьqtardьꞑ ʙarlьƣьnda ʙaj qulaqtar soʙet ykimetine qarsь kyresterine mьqtap pajdalandь. Aqьrь avьl caruvacьlьƣьnda ʙir qatar qьjьncьlьqtardьꞑ ʙoluvьna əkelip soqtь. Biraq, ʙul qatelikter Ølkelik partija komijtetiniꞑ ʙascьlьƣьna Mirzojan çoldastьꞑ kelyvi men tez tyzeldi. Solajda komsamoldьꞑ Qazaƣьstandьq ølkelik komijteti tezinen qajta qurьla almadь. Eski qateliktierin qajtalaj ʙerdi. Sondьqtan da Mirzojan çoldastьꞑ ijnsijatijʙi men Ølkelik partija komijteti 1933-çьldьꞑ kyzinde Qazaƣьstan komsamol ujьmьnьꞑ çumьsь tuvralь ədejilep qavlь aldь. Bul qavlьda Qazaƣьstan komsamol ujьmьnьꞑ ʙarlьq qateliktierin acьp ʙolceʙiktik tərʙije çenindegi komsamoldьꞑ aldьnda turƣan mindetterdi kørsetti.

Komsamoldьꞑ Qazaƣьstandьq Ølkelik komijtetniꞑ ʙascьlьq isiꞑ çaqsartuv çeninde komsamoldьꞑ ortalьq komijtetiniꞑ 1934-çьldьꞑ 4-dekəʙirindegi qavlьsь çana Kosarop çoldastьꞑ tøtence køꞑil avdaruvь orasan cecyvci caralardьꞑ ʙiri ʙoldь. Bul mindetterdi iske asьruv komsamol ujьmьnьꞑ qatarьna çasьrьnьp kirgen çat çana ʙuzьlƣan elementterdi tazalavdan ʙastadь. 1934-çьlь 3232 çana 1935-çьlь 3280 çat çana ʙuzьlƣan elementter komsamoldan cьƣarьldь. Munь men komsamol ujьmьnьꞑ qatarь kemip qalƣan çoq, ekpindilerden çana ʙasqa aldьꞑƣь qatardaƣь çastardan komsamol qatarьna çetkincekter kelip qosьldь, 1936-çьldьꞑ 1-ƣьnuvarьnda Qazaƣьstandaƣь ʙastavьc ujьmdardьꞑ sanь 7587 ge çattі. Ujьmda turuvcь komsamolisterdiꞑ sanь 100 mьꞑ 276 ƣa çetti. Bulardьꞑ icinde qьz-kelincekter 19,9 prosent ʙolьp otьr.

Ølkelik partija komijtetiniꞑ çaꞑa ʙascьlьƣьnan ʙermen qaraj Qazaƣьstan komsomolь ujьmdastьruv çana ijdija çaƣьnan nedəvir nьƣajdь. Soꞑƣь çьldarda komsamol ujьmdarь ʙolceʙiktik ylgi kørsetetin køp çastardь tərʙijelep øsirdi. Mundaj ataqtь komsamoldan Qazaƣьstandaƣь staqanьpcьlar qozƣalьsьnьꞑ insijatiri Topajьp, Balqactaƣь Toqʙergenip, Semejdiꞑ çyn çuvatьn paʙirigindegi Qasьmova, Çumaʙajьʙa, Cьƣьs Qazaƣьstannьꞑ ataqtь çьlqьcьsь Aldoꞑƣarop Nurƣalьj, Batьs Qazaƣьstannьꞑ ataqtь qojcьsь Aʙatьp taƣь ʙasqalar. Bularƣa ykimet eꞑ çoƣarƣь nagratьn ʙerdi. Eꞑʙek majdanьnda ʙerilip qьzmet istegendigi ycin trakteres çana komʙajner komsamolister Tørgesaj ьp, Parapontьp, Myvsjenko, Nagornaja, Paca, Kilijmenko çana ʙasqalar ordender aldь. Elimizde çastardan mədenijet kycteri: aqьndar, çazuvcьlar øsip keledi. Qazaq teatrьnьꞑ artesteri Məskevde qazaq kørkem øneriniꞑ tamaca çetiskendikterin kørsetti. Olarƣa ykimet orden ʙerdi. Komsamol ʙir qatar ças aqьn çazuvcьlardь tərʙijelep cьƣardь. Komsamol qatarьnan tərʙijelenip cьqqan ƣьlmьj zerttev qьzmetkerleri de az emes. Çastar arasьnda pijzkyltuvralьq

qozqalьsta өsip keledi; Çьl sajьn kamandirlardьn, ucqьctardьn, paracyvtijsterdin, alpijnijsterdin qatarь da çastardan өsip keledi. Alpijnijster qoqamьnьn ветваq dalasьnьn, вaspaqan, вijik tavlardьn qьjьnсьlьqtarьn çenip keledi. Мьjsalь: Komsamol pijigi, Talqar pijigine sьrtьndaqь Ala tav, Qan-tөniri, Tijancannьn вijigi taqь вasqalardь çenip otьr. Belesepet qana çajav sajaqattardь kycejtyvde. Bul attanьstarda komsamlister өçettikti, qaharmandьqtь kөrsetip, olar çenвejtin qьjьnсьlьqtьn çoq ekendigin ьspattap otьr.

Mine, вulardьn вarlьqь da Qazaqьstan komsamoldarьnьn kөp tавьstarqa ije вolqandьqьn, Qazaqьstan komsamol ujьmьnьn өskendigin, Qasaqьstan komsamolьnьn, partijanьn senimin aqtap otьrqandьqьn kөrsetedi. Alajda вul çetiskendikter men вirge Qazaqьstan komsamoldarьnьn әli de tolьp çatqan kemcilikteri вar. Ol kemcilikterdi ajtpaj ketyvge вolmajdь. Ol kemcilik, en aldь men komsamoldьn odaqtьq X-sijezi kөrsetken mindetterdi orьndavda вolьp otьr. Qazaqьstan komsamolь çastardь tәrвijelejtin mektep вoluv mindetin әlde .de çetkiliksiz orьndap keledi. Çastardьn kөpciligi sajasattь çana teqnijkeni oqьjьn oquvlarqa tartьla qojqan çoq. Әsirese, avьlda savatsьz, cala savattь komsamolister az emes. Avьlda pijzkyltuvra çumьstarь nacar. Komsamoldьn qьz-kelincekter, әsirese qazaq qьzdarь arasьndaqь çumьstarь çetkiliksiz. Mine, вul kemcilikterdin вarlьqьnda çaqьn vaqьtta çojuvьmьz kerek. Sajasattьq çana teqnijkelik oquvlardь kycejtyv kerek. Әsirese, tәrвije çumьstarьn kycejtyv kerek. Tәrвije çumьstarь otanьmьzdь, onьn qalqьn вolceвikter partijasьn çana вykil qalьqtardьn kөsemi Stalin çoldastь syjyvcilik ruvqьnda çyrgizilyv kerek.

Qazaqьstan odaqtas respyвlijke вoluv qarsanьnda tur. Bul Qazaqьstan komsamolьnьn aldьna iri mindetter qojadь. Qazaqьstan Komsamolь sotsijalistik qurьlьsьmьzda вurьnqьdan kөri de çigerlene qьjmьldap, çastardьn arasьnda internatsijonaldьq tәrвijeni qalьqtardьn dostьqьn kycejtyv ycin kyresyvi kerek. Qazaqьstan komsamolь Өlkelik partija komijtetinin вascьlьqь men вul mindetterdi orьndavqa tijis.

## Redaksijadan:

Qajьpnazarьptьn maqalasьndaqь Qazaq çastarьnьn reвolytsijalьq kyresinin tarьjqь çәne Qazaqьstan komsamolьnьn qazirgi qalь çөninde, ajtьlqan вir qatar pikirlerine redaksьja qosьlmajdь. Bul çөninde çornalьmьzdьn kelesi sanьnda ajrьqca maqala вasьladь.

# QAZAQ EꞐʙEKCILERINIꞐ PATCA YKIMETINE QARSЬ 1916-çьlƣь ULT-AZATTЬQ KƟTERILISI

***ʙK(ʙ)P пьꞑ Qazaƣьstan ɵlkelik komijteti çanьndaƣь Marksijzm-Leninijzm ƣьlьm-zerittev instijtuvtьnьꞑ tezisteri***

## 1916-çьlƣь kɵterilistiꞑ aldьndaƣь çaƣdaj

1. Resej patcalьƣь qalьqtardьꞑ aʙaqtьsь ʙoldь. Sol qalьqtardьꞑ aʙaqtьsь ʙolƣan Resejdegi eꞑ artta qalƣan, Resejdiꞑ əsker-peodaldьq imperijalijziminiꞑ ezyvinde çana quldьƣьnda ʙolƣan kalonijalardьꞑ biri Qazaqьstan edi. Qazaqьstan 150 çьl camasь Rasej imperijalijziminiꞑ quldьqьnda ʙoldь. Krepostnijk-pomeccik çana orьs ʙurçuvazijasь qazaq qalqьn ajavsьz çancьp, qanap, tuncьqtьrьp keldi. Qazaq eꞑʙekcilerinde adamƣa kerekti eꞑ kickene praʙolar da ʙolmadь. Ər ʙir opijtser, ər ʙir cenevnik, ər ʙir tilmac çana ər ʙir ʙolьs qazaq eꞑʙekcilerin ɵltire salatьn edi, talajtьn edi, qorlajtьn edi. Munьꞑ ycin olar ec ʙir çazaƣa tartьlmajtьn edi.

Patca ykimeti qazaq qalqьn orьstandьruv sajasatьn qattь çyrgizdi, qazaq qalьꞑ ʙuqarasьn qaraꞑƣьlьqta, nadandьqta ustadь. Ɵktəʙirdegi sotsijaldь reʙolyvtsijaƣa dejin qazaq qalqьnьꞑ savattьlarь 2-2,5 prosentten aspadь. Onda da savattьlar tek moldalar men ʙajlar arasьnda ƣana ʙoldь. El tegisinen derlik savatsьz ʙolƣandьqtan, Qazaƣьstanda qalьꞑ ʙuqara men ʙajlanьstь demokratijacьl intellijgentsija da ʙolmadь.

2. Patca ykimeti men orьs ʙurçuvazijasь Qazaƣьstannьꞑ ɵnerli kəsiʙin ədeji kycejtpedi, Qazaƣьstandь ʙir ьꞑƣaj cijki ʙajlьq avdanьna, metropolijanьꞑ Kalonьjasьna ajnaldьrdь. Reʙolyvtsijaƣa dejin Qazƣьstanda ɵnerli kəsip ʙolmadь, ɵnerli kəsip proletarijatь çana iri qalalar ʙolmadь. Kɵʙinese əsker-əkimcilik sentri ʙolƣan qalalarda qazaq qalqь çoqtьꞑ qasь ʙoldь. Qazaq eꞑʙekcileriniꞑ malь, mal caruvacьlьƣьnan ɵngen ɵnimi ʙostьꞑ qasьnda kem ʙaƣa men alьndь, al ɵnerli kəsip tavarь qazaq eꞑʙekcilerine yc ese qьmʙatqa satьldь.

Patca ykimeti qazaq eꞑʙekcileriniꞑ 45-50 millijon desatijna eꞑ çaqsь çerin tartьp aldь, qazaq eꞑʙekcilerin cɵlge, qumƣa ajdap cьqьp, actьqqa, ʙirte-ʙirte quruvƣa ucьrattь.

„Patca ykimetiniꞑ sajasatь, pomeccikter men ʙurçuvazijanьꞑ sajasatь-ʙul avdandarƣa orьs qara caruvalarь men qazaq-orьstardьꞑ kuvlaktarьn пe qurlьm kɵp ornatьp, olardь ulь orьstьꞑ maqsattarьn iske asьruvdьꞑ tiregine ajnaldьruv ʙoldь. Bul sajasattьꞑ nətijçesinde, qьjьr tykpirge quvьlƣan turƣьn el (qazaq, ʙacqurt) ʙirte-ʙirte quruvƣa ʙet aldь“ **(J.Stalin. Marksijzm çana ulttьq-kolonijalьq məsele, 71-ʙet).**

3. Avьldьꞑ ɵzinde peodaldьq aqsaqaldьq qatьnas ystem ʙoldь, ruvcьldьq qaldьqtarь kycti ʙoldь. Bajlar maldьꞑ kɵʙin ɵz qolьna çьjnap alьp, çaqsь çajьlьmnan, egistik çerlerden, çajlav, qьstav, kyzev çerlerden pajdalandь. Bajlardьꞑ caruvacьlьƣь kedejlerdi mejlince qanav, ezyv arqasьnda kycejdi. Avьldaƣь peodaldьq qatьnastardь, ruvcьldьq çana *patrijargaldьq* qatьnastardьꞑ qaldьqtarьn ʙajlar ɵz maqsatь ycin pajdalandь; eski qatьnastardьꞑ ʙul qaldьqtarь men eꞑʙekci ʙuqaranь cьrmadь.

4. Patca ykimeti ʙajlardь pajdalanьp, avьldaƣь orta ƣasьrlьq ystem qatьnastardь saqtap, пьƣajtьp otьrdь.“ Qalьꞑ ʙuqaranь quldьqta çana nadandьqta ustav ycin, patca ykimeti cet avdandarda ədeji patrijarqaldьq, peodaldьq quldьq tərtiʙin çyrgizip otьrdь. Turƣьn elde rdi çaman

avdandarƣa ʙƣƅstƅruv ycin, ult arazdƅƣƅn kycejtyv ycin patca ykimeti cet avdandardƅŋ eŋ çaqsƅ çerlerine ədeji kolonijzatorlƅq elementterdi ornalastƅrdƅ. Qalƅŋ ʙuqaranƅ qaraŋƣƅlƅqta ustav ycin patca ykimeti çergilikti mektepterge, tetƅrlarƣa çana aƣartuv orƅndarƅna qƅsƅm çasadƅ, kejde, ondaj orƅndardƅ myldem çavƅp tastadƅ. Patca ykimeti çergilikti elden cƅqqan çaqsƅ adamdardƅŋ ər ʙir insijatijʙasƅna çol ʙermedi. Aqƅr ajaƣƅnda, patca ykimeti cet avdandardaƣƅ qalƅq ʙuqarasƅnƅŋ qandaj ʙelsendiligine ʙolsa da, çol ʙermej qurtƅp otƅrdƅ“ **(J. Stalin. Marksijzm çana ulttƅq-kalonijalƅq məsele:** 61-ʙet).

Qazaq eŋʙekcilerinin kərgen kyni-kuvlak pen ʙajƣa çumƅs istep, qul ʙoluv, qajƅrcƅlƅq, actƅq çana ʙirte-ʙirte qƅrƅlƅp ʙityv edi.

5. Qazaq qalqƅ 1916-çƅlƅ kəterilisten ʙurƅn da, patca ykimetinin ulttƅq çana kalonijalƅq quldƅƣƅna qarsƅ kyresip keldi.

Bul kyrestiŋ ʙascƅsƅ, qazaq qara caruvalarƅ ʙoldƅ.

Qazaq qara caruvalarƅ ʙuqarasƅnƅŋ stijqijalƅq qozƣalƅsƅ el icindegi narazƅlƅq tyrinde çarƅqqa cƅqtƅ, kəp vaqƅttarda ʙul qozƣalƅs çergilikti kalonijalƅq əkimder men soƣƅsqa, kuvlaktar men, ʙir sƅpƅra çerde ʙajlar men soƣƅsqa ajnalƅp çyrdi.

Qazaq eŋʙekcilerinin qozƣalƅsƅ mundaj ʙolsa, alaccƅldardƅŋ qozƣalƅsƅ munan mylde ʙacqaca ʙoldƅ: olar patcaƣa arƅz ʙeryvden, patca ykimetinen ʙas ijip ʙolmacƅ repormalar çasavdƅ ətinyvden asa almadƅ.

Kejinnen kontrreʙolyvtsijalƅq alac ordanƅŋ kesemi ʙolƣan Əlijqan Bəkejqanƅp patca ykimetine çaƣƅnƅp 1903-çƅlƅ aq: patca ykimeti Qazaƣƅstanda „çartƅlaj taƣƅ qalƅqtƅŋ ədet-qurpƅn dŭrƅstavdƅ çana əl-avqatƅn arttƅruvdƅ“ kəzdej, patca ykimeti qazaq arasƅnda mədenijettiŋ çana oquv çumƅsƅnƅŋ kycejyvine çərdemdesedi, ezinin kalonijalƅq sajasatƅnda „qazaqtardƅŋ tilegin“ kəzdejdi....„astƅqtƅ arzandatuvƣa çana kecpelilerdiŋ turmƅsƅn qamtamasƅz etyvge“ tƅrƅsadƅ-degendi ajttƅ.

—Eldiꞑ kərijeleri „zaman aqьr ʙoladь ƣoj, ʙu ne degen tavsьlmaƣan nalok?!" dep zarlanadь; Ьrƣьzdan nəcəlnikter cьƣьp elden toptap at çьjnap ajdapta ketip çatьr, kijizde aladь, çyk tasuvƣa kɵlikte çьjnatadь, soꞑьꞑ ʙəri soƣьs keregine alьnadь dejdi. Qandaj soƣьs, kim men ʙolьp çatqan soƣьs ekenin osьdan ʙilemiz. Bir-aq ʙizdej çastar onьꞑ avьr çeꞑildigin ʙilip otьrƣanьmьz çoq, ʙizge ʙatʙajdь, ʙajaƣь ojьn ʙajaƣь kylkimiz de.

Syjtip, turƣanda yjildiꞑ ʙas kezi ʙolsa kerek, „patcaʙan ʙujrьq ʙolьptь, qazaqtan saldat aladь eken" degen qaʙar sap ete qaldь. Bizdiꞑ Baqsajьs ʙolьsьna qaraƣan eldiꞑ elcisi ersili-qarsьlь caʙuvьlƣa ajnaldь, ajaƣьnan tik ʙasqan erkekterdiꞑ ylken kicisi at ystinde „pəlence ne ajtьptь?", „pə-

len avьl ne qьlьp çatьr?“, degen sɵz—ekiniꞑ ʙirinde əri ʙerden soꞑ mende atqa mindim, çurt ʙen qatar, qajda çьjьlьs ʙolsa, sonьꞑ ʙirinen qalmajtьn ʙoldьm. Tap sol kezde çasьm on çeti de, soƣьsqa ajdajdь eken dep qorqьp çyrgem çoq, qьzьq kɵrip çyrmin. Osь men ʙir aj camasь ɵtti. „Balalarьmьzdь ʙarsa kelmeske“ ajdajьn dep çatьr dep kempir cal çьlasьp, uv-cuv ʙolьp keledi, ʙiz onь elemejmiz.

Aƣus çuldьzьnda, el aqsaqaldarь yj ʙasь on somnan aqca çьjnap çatьr. Patcaƣa kisi çiʙerip arьz ʙeremiz, suranamьz, syjtip saldat ʙermej aman qalamьz dejdi, çajcьlьqta oꞑajlьq pen kɵne qojmajtьn el, çalƣьz avьz sɵzge kelmej, çerden qazsada yj ʙasь on somnan aqca tɵledi, sonda ʙizdiꞑ ʙolьsta eki mьꞑ yj edi, çьjьrma mьꞑ som aqcanь çьjnap aldь. Çьjnaƣan aqcanь ʙerip, Petьrʙordaƣь patcaƣa arьz çazьp, tɵrt adam çiʙerdi: ʙirevi Qostanaj çigiti (sol kezde styvdent) Çьjanca Sajdalь ulь, ɵzimizdiꞑ Baqsajьstan Tətim ulь Oraz, Duvlat ulь Orьnʙasar, Vajьs ulь Qoccan, „ʙitiremiz, qьjratamьz“ dep aq ketip edi, qajtьp ʙulardь kɵpke cejin kɵrgenimiz çoq. Ne ʙitirip çatqandarьnan derek ʙolmadь. Orьnʙorda „kyvlejtti“ soƣьp icip tьcьp çyr dep artьnan estidik. Bul tɵrtevi ʙeti men oslaj kete ʙersin.

Aƣustьꞑ ajaq kezinde Taʙьldьꞑ asь ʙoldь. Asqa eki mьꞑnan artьq adam çьjnalƣan. Ojdan qьrdan kelgen qaʙardьꞑ ʙəri osьnda. „on toƣьz ʙen otьzʙirdi kyzge cejin alьp, kyzden kejin kəri çasьna qaramaj ʙərimizdi de aladь eken“ degen sɵz çajьldь. Çurtta yrej çoq. Osь qaʙar men qatar: „orьs patcasьnьꞑ əskerin german patcasьnьꞑ əskeri ʙьt-cьtьn cьƣarьp kele çatьr“ degen qaʙarda çajьlьp çatьr.

Buƣan çurt quvanadь: „jə qudaj, germani a kelip qalsa eken, soƣьs ʙasьlar edi“ degen tilekti tilevcilerde kɵp.

Orьnʙordan kelip çatqan „qazaq“ gazetiniꞑ sɵzi: „patcanьꞑ ʙujrьƣьn orьndap, suraƣan adamьn ʙeryv kerek“ dejdi, ʙul sɵzdi quvattap ʙajlar men moldalar nasьjqat ajtadь. Asqa çьjnalƣan kɵp adam ər çerge ʙɵlinip ana çerde ʙir top, mьna çerde ʙir top adam ʙolьp keꞑesip çatьr. Çurttьꞑ ʙasь meꞑ-zeꞑ osь men astan tarqaspaj eki kyn ɵtti. Qulaqqa tijgen qaʙar eki kyn talqьlanьp, aqьr ajaƣьnda on toƣьz ʙen otьz ʙirdiꞑ arasьndaƣь çigitter ʙir ьꞑƣaj çьjnalьp ʙas qosatьndь cьƣardь.

Çastardьꞑ arasьndaƣь sɵz: „ʙas kessede ʙarmajьz!“ degen sьjaqtь. Burьnnan elge ʙascьlьq qьlьp çyrgen „ʙij“ avьlnaj, ʙajlar, ʙurьnƣь ədetteri ʙojьnca, kɵpti kerek qьlmaj, ɵzderi oꞑaca ʙɵlek çьjnalьp, olar, keꞑesip, amal qarastьradь. Bulardьꞑ kɵʙisiniꞑ ʙalalarь ne inileri ʙar, aldь men solardьꞑ qamьn ojlajtьnьn çigittrediꞑ ici sezedi. Aqьl suraj kelgen çigitterge: „çelikpej tura turьꞑdar“ degennen ʙasqa çavap çoq. Bul çavap çigitterge unamajdь:

—Patcanьꞑ ʙujrьƣьna kɵnʙejmiz!

— Çeꞑip alsьn! degen davьs çigitterdiꞑ arasьnan çyz çerden cьƣьp çatьr. Aqʙota degen atanьꞑ ʙoz ʙalalarь—ʙizder ʙir ьꞑƣajlav otьr edik, ʙizdiꞑ aramьzƣada sьʙьr kirdi, əri ʙeri keꞑesip, çastardьꞑ toʙьna ʙarьp qosьldьq. Burьn sьjlap qorqьp çyrgen ʙaj aƣa inilerimiz tap sol kezde ducpannьꞑ ar çaƣьnda ducpan ʙolьp kɵrindi. Burьn aqьldasьp qojƣan kisi sekildi, çastar men kɵp sɵjlespej aq aqьlьmьz ʙirigip nece atanьꞑ ʙalasь nece çyz çigit sol saƣatta ʙir tuvmadaj ʙolьp kettik. Birimizdi-ʙirimiz tanьmajtьndarьmьz kɵp, ʙiraq „patcanьꞑ caqьrƣanьna ʙarmajmьz“ degen sɵz ʙərimizdi ʙiriktiredi. Bɵlek çьjnalьp keꞑesip çatqan çigitterdiꞑ sanь ilezdiꞑ arasьnda əlde nece çyz ʙolьp qaldь. Sol kɵp çigitterdiꞑ icinen ʙirev:

—Bolosnoj oprьavьjtьl Çysip ʙalasь Pralь Ьrƣьzƣa çyrejin dep çatьr. On toƣьz ʙen otьz ʙirdiꞑ arasьndaƣь çigitterdiꞑ tizʙesin alьp ʙarьp nəcəlnikke tapsьratьn cьƣar, çiʙermev kerek. Soƣьsqa ajdasa ʙizdi, çastardь ajdajdь, aldь men kedejlerdi ajdajdь, „ʙij“ ʙolьs, avьlnaj ʙajlar aqьlьn tavьp ʙalalarьn alьp qalar. Bolьstьꞑ tizʙesin qolƣa tysirelik, kim-

di qaldьrьp kimdi çazƣan eken! dep sɵjledi. Osь ьꞑƣaj men ər qajsь sɵjlep çatьr.

Çigitterdiꞑ ьꞑƣajьn kɵrip, manadan ʙeri ʙɵlek otьrƣan „el çaqsь-larь“ çigitterdiꞑ arasьna keldi. Bir az tьꞑdap turьp, aralarьnan ʙirevi:

— Va ʙalalar, „ɵlcev men picken ton kelte ʙolmasьn“ degen sɵz ʙurьnƣьlardan qalƣan. Aqьldasьp istelik, dep edi, çigitter ʙulardьꞑ sɵzi-ne qulaq qojatьn emes. Taƣьda çigitterdiꞑ ʙirevi сьƣьp:

— Aqsaqaldar, „ʙij“ ʙolьstar, ʙizdi alьp qalatьn aqьlьn əlide ʙolsa ɵz ʙetteri men qaraj ʙersin. Bizder ɵz ʙetterimiz ʙen dajьn dana ʙerelik. Qolƣa tysken qaruv, mьqtь attarьꞑdь sajlap mininder „Çaqsьlar“ qaldьr-sa qaldьrdь, qaldьrmasa, attarьmьzƣa minip patcanьꞑ qolь çetpejtin çer-ge ketemiz, ʙizdi izdegender men kezdessek soƣьsamьz. Yvəde osь ʙolsьn, çigitter,! dejdi. Osьƣan ʙətyvə qьlьp, taʙьsatьn çerimizdi, kynimizdi ʙel-giləd astan tarqastьq.

Pralь ʙolьs pen avlьm çaqьn, onьꞑ avьlьnda ne ʙolьp çatqanьn ʙilemin. Çigitter, astan tarqasqannьꞑ artьnan Pralь ʙolьstikine ɵziniꞑ tuvьsь Çumaƣazь kelip, ʙolьs pen ekevi ne devir əngimelesti. Onьꞑ artьnan ile-cala Pralь qacьp ketkendej Ьrƣьz qalasьna çɵneldi. Pralь-nьꞑ artьnan „Çumaƣazь ʙolьs ʙen kerisken eken, çigitterdiꞑ tizʙesin orьsqa ʙerme degen eken, Çumaƣazьnьꞑ tilin almaj Pralь tizʙeni alьp Ьrƣьzƣa qacьp ketti“ degen sɵz çajьldь.

Bul qaʙardь estkensoꞑ Çumaƣazьnьꞑ ataƣь çigitterge çaqsь ʙolьp kɵrinip qaldь.

Tap sol kezde çan çaƣьmьzdaƣь ʙolьstardьꞑ çigitteriniꞑ qьjmьlь es-tilip çattь. Məselen Qьzьlçar ʙolьsьnьꞑ ʙesinci avьlnajьna qaraƣan, Ma-ruva Sansьzʙaj ulь qasьna qьrьq elyv çigit ertip eldiꞑ Ьrƣьzƣa qatьnaj-tьn çolьn tosьp çyripti. Çol tosьp çyrgende, elden Ьrƣьzƣa ʙara çatqan Temirastavьski ʙolьsьnoj opьravьjtьl tilmacь men kez ʙolьptь. Tilmac Əleksandьr Loʙop degendi ɵltirip, qorçьnьndaƣь qaƣazdarьn alьp çatqanda opьravьjtьl Mamet qacьp qutьlьptь. Alƣan qaƣazdь Maruva qarasa, ьlƣьj ƣana çigitterdiꞑ tizʙesi eken. Mamet nəcəlnikke ʙerem dep alьp ʙara ça-tьr eken. Maruvanьꞑ qьjmьlь ʙizdiꞑ çigtterimizge çol kɵrsetip kɵp qaj-rat ʙerdi, endi ʙatьl qьmьldaj ʙastadьq. Atь çoq, çigitter ʙajlardьꞑ çaqsь attarьn ustap minip, kej ʙir ʙajlardьꞑ çyz çьlqьsь, kej ʙirevlerinikin ty-geli men ajdap alƣandarda kɵʙeje ʙastadь. Çigitterdiꞑ tyrin kɵrip aqsa-qaldar сьdap otьra almasa kerek, Qьzьlçar degen çerge ʙasьn qostь.

Tojmaƣamʙet Caꞑƣьtpaj ulьnьꞑ avlьna qulaq ester çerdegi el adam-darь çьjnalьp, sentəʙirdiꞑ ajaƣьnda ʙas qostь. Bascьsь çoq, ʙet ʙeti—men ʙьtьrap çyrgen çigitterdiꞑ ʙasьn ʙiriktiryv ycin sol Çьjьlьsta Çumaƣazь Çyrgen ulьn qan sajladь.

Qan ʙolьp sajlanƣansoꞑ Çumaƣazь yj mola degen çerden qannьꞑ ordasьn qurьp, patcaƣa qarsь kɵterilgen çigitter osь çerge çьjnalsьn dep ʙujrьq ʙerdi. Balcьqʙaj, Bəjgeldi, Nьjaz, Tojmaƣamʙet degen tɵrt adam-dь yvəzir qьlьp ʙelgiledi. Muptaq, Əvez, Tɵrec ycevin ɵzine saqcь qь-lьp qojdь. Bajaƣьda munan çyz elyv çьl ʙurьn qara ʙatьr degen ʙatьr ʙolƣan eken, sonьꞑ tuvь „Taltekem“ degen atanьꞑ ʙalasь Catьr quldь-kinde saqtalьp keledi eken. Catьr quldan əlgi tuvdь aldьrьp ordaƣa tikti. Sarь ala cypirek eken.

Tuv tigilgensoꞑ Baqsajьs ʙolьsьna qaraƣan, on toƣьz ʙen otьz ʙir-diꞑ arasьndaƣь çigitter tygeli men yj-molaƣa çьjnaldь. Belqopa taldьq ʙolьstarьnanda çigitter kelip çatьr. Ilezdiꞑ arasьnda ʙes—altь mьꞑ çigit çьjnaldь, mьꞑ camalь qos tigildi.

Baqsajьs eline qaraƣan ustalardьꞑ ʙəri yj molaƣa çьjnalьp, dyken, derin qurьp najza, qьlьc, ajʙalta soƣьp, ʙajaƣьdan tot ʙasьp iske çaramaj qalƣan ʙьtьra, ʙilte mьltьqtardь tyzep çatьr. Çan çaqqa qaravьlcь qojьl-dь. Azьq tylik dajьndap onь çigitterge ʙɵlip ʙeryvci, otьn dajьndatuvcь ʙastьqtar ʙelgilendi, ʙəri de ɵz qьzmetterin istep çatьr. Soƣьs mənisin

bilem degender bilmegenderge yjretip çatьr. Osь men taqь da bir aj camasьndaj kyn etti.

Өktəbirdiŋ 2065 meken. Ьrqьz qalasьnan Pralь bolьs elge qajtьp keldi degen qabar cьqtь. Çigitter Pьralьqa tisterin qajrap çyrgenin Çumaqazь qan biledi. Өz betteri men birer çamandьq istep qojmasьn dep qavьp qьlьp, Pralь bolьstь Çumaqazь qasьna aldьrьp saqtamaqcь boladь. Osь oj men ezine qaraqan aqa inilerinen bascь qosьp Pralьnь alqьzuvqa otьz qьrьq adam çiberedi.

Çigitter Pralьqa baradь. Pralьnьŋ yjinde aqsaqaldar keŋesip otьr eken, Toptanьp kele çatqan çigitterdi kerip bəri de qacadь, Pralь sasьbajaq yjinde otьrьp qaladь. Anadaj qьrda turьp çigitter Pralьnьŋ yjine Muptaqtь çiberip, ,,qan caqьradь" dep qabar berse, Pralь:

— Bul qutьrqan cal neden munca çeliktil? dep mazaq qьlьp kyledi. Caqьrqanqa çyrmejdi, ojьn keredi. Yjtkeni Çumaqazь eziniŋ tuvьsь, bir aq çigitter bolmaj, zorlap yjinen cьqarьp alьp, arqьmaqьna mingizip, aldarьna salьp qanqa alьp, çol çenekej çigitterdiŋ sezderiniŋ tyrin kerip, cocьjьn dese kerek, qasьnda tajav kele çatqan Qulmaqambet ulь Bajmaqambetke sьbьrlajdь: „mьna qaltamda eki çyz som aqcam kele çatьr eken, osьnь alьp meni qacьr" dejdi. Munь estip ьzalanьp Bajmaqambet, endigi çerde Pralьnьŋ cьlbьrьnan ustap çetelep çyredi, kejin artьnda kep çigit kele çatьr.

Bular munda kele çatqanda Çumaqazь aqsaqaldardь çьjnap alьp: „Mьnav qozqalьs basьlqanca qoldarьŋьzqa alьp Pralьnь saqtaj turьŋьzdar" dep sez saladь, bir—aq aqsaqaldardьŋ birevi de batьp ec deŋe de ajta almajdь, çigitterden qorqadь.

„El qulaqь elyv" Çumaqazьnьŋ keŋesi, aqsaqaldarqa tapsьrqan sezi, aqsaqaldardьŋ yndemej qaluvь çigitterdiŋ qulaqьna tijip, Pьralьnь alьp kele çatqan çigitterge adam çiberip qabarlandьradь. Çumaqazьnьŋ qolьna tijse Pralige ic bir çaza bolmajtьnьna kezderi çetip Pralьnь osь kele çatqanda ezderi eltiryvge batyvəlisedi de, qannьŋ ordasьna tajanqan çerde bas salьp ura bastajdь. Pralь qacadь, qacqan men uzatpaj Bajmaqambet quvьp çetip taqь da cьlbьrьnan ustap beri syjrejdi, syjtip kele çatqanda Pralьnьŋ atь syrinip çerge qulajdь, çatqan çerinde Qudireŋ ulь Qanatpaj degen çigit Pralьnь najzalajdь, basqalarь da kelip tus-tusьnan urьp sol çerde eltiredi.

Çigitter kresin qujьp Pralanьŋ syjegin ertep çiberejin dep çatqanьn estip Çumaqazь acuvalanьp, çigitterge kisi çiberip ertetpejdi, artьnan kədimgidej çanaza oqьp Pralanь kemgizedi.

Arada birer kyn etken soŋ, aqsaqaldardь taqь da çьjnap Çumaqazь qan ortaqa mьnadaj məsele qojadь:

—Va çaqsьlar, pəle qaza kersek birdej kerejik dep mьna çumьsqa kirisip edik. Bizden bir adam eltirildi. Aqbota atamnьŋ qamь ycin qana çьjnalqan çoq edik, barьŋьzdьŋ qamьŋьz. Aqbotadan bir adam eltirilip, basqa atanьŋ balasьnьŋ qarap oturuvь durьs pa? ədildik qajsь? ədildik bolsьn desender ər atadan bir adam eltirilsin dedi.

Çumaqazьnьŋ bul sezin estip aqsaqaldar cocьp ketti. Yjtkeni bul kynəsi çoq adamdь qalaj eltirsin. Pralь eltirilse kinəsi mol, Nijkalaj patcanьŋ adal qьzmetkeri, Çumaqazь inisi ycin endi 8 adamnьŋ qanьn surap otьr. Baqsajьsqa qaraqan Qulman, Çuban Qara kisi, Qara kesek, Taltekem, Baj ulь, Cymekej degen atadan segiz adam surajdь. Aqsaqaldar ərijne bul sezge kenbedi. Biraq çigitterge bildirmej icterinde saqtadь. Eger çigitter bilse Çumaqazь qannьŋ ezin eltirip, onьŋ ornьna basqa kisi sajlaqan bolar edi.

Arada bir nece kyn etti. Pralь bolьstьŋ eltirilgen qabarь Nəcəlniktərdiŋ qulaqьna tijdi, olar ər çerge qabar berdi. Biraq tabanda əsker cьqaruvqa ol kezde Ьrqьzda kep saldat bolmasa kerek. Bir nece kynnen soŋ qana Orьski çaqtan qulap seksen adam atьь, qazaq orьstan keldi. Bascьsь Mesetsop degen əpeser qasьnda Çumaqalijip degen çandarmasь bar.

Mesetsoptьꞑ ətiretine qarsь ʙes çyz çigit ʙolьp ʙiz de dajьndandьq. Qarsь ʙarьp Accь ɵzeniniꞑ ʙojьnda kezdesip atьstьq. Ɵl kyni kecke cejin atьsьp, ʙizden Balcьq ulь Saqaj oqqa ucьp ɵldi, kɵp adamьmьz çaralandь, ʙiraq Mesetsoptanda çaralanƣandar ʙoldь, çana ɵzderi kejin cegindi. Tyn ʙoldь. Erteꞑine qarasaq Mesetsoptьꞑ ətireti Orьskige qaraj ceginip ketken eken. Munьꞑ cegingenin kɵrip ʙizdiꞑ çigitter qajrattanьp-ajdaj quvandь, Mesetsoptьꞑ ətiretiniꞑ ʙetin qajьrdьq dep ʙərimizde kɵꞑildenip, endi qandaj əsker kelsede qorqatьn emesʙiz, soƣьsuvƣa qulcьnьp çyrmiz. Syjtip qulcьnьp turƣanьmьzda Calqardan Laʙrentijep degen çanaraldьꞑ kɵp əskeri cьƣьp Kençeƣara, Tavьp, Qьzьlçar ʙolьstarьnьꞑ çigitterin çeꞑip ʙьt-cьtьn cьƣarьp, endi ʙizge kele çatьr degen qaʙar sap ete qaldь.

Laʙrentijeptiꞑ əskeri kyn cьƣьstan kele çatqanda, kyn ʙatьstan, Aqtɵʙeden ʙizge qaraj segiz çyz saldat cьqtь Orьski çaqqa cegingen ʙajaƣь Mesetsop taƣьda kele çattь. Syjtip yc çaƣьmьzdan yc əsker kele çatqan soꞑ ʙizderge ylken qavьp kirdi. Amal ʙarma yj ici mal mylki men qьs icinde eldiꞑ qacьp ʙarar çeri çoq, çan çaƣьnьꞑ ʙərin əsker qamap keledi, ne qьlsa da soƣьsuvƣa ʙel ʙajladьq. Taldьq, Belqopa ʙolьstarьnьꞑ çigitteride ʙizge kelip qosьldь, olardьꞑ eki qandarь ʙar, Çumaƣazь men qan ycev ʙoldь. Bəri çьjnalьp Qara qudьq degen çerde çattьq.

Qara qudьqqa ʙizde çьjnalьp ʙoldьq, ar çaƣьnan Mesetsoptьꞑ ətireti de kelip ʙizge tijdi. Bul ətiret ʙen ʙir kyn atьsьp, ʙir talaj adamdarьmьz çaralanьp, ɵlgenderde ʙoldь, Belqopaƣa cegindik. Nojaʙirdiꞑ aqьrƣь kyni Klopop degen pedpolkavnijktiꞑ segiz çyzdej saldatь kelip Belqopadaƣь ʙizge qaraj tajanьp kelip zeꞑʙrek, pɵlemetterdiꞑ oƣьn çavdьrdь. Bizderde atьsьp çatьrmьz. Bizdiꞑ mьltьƣьmьzdьꞑ oƣь çetip ducpandь qьjrata qojatьn emes, oƣan ɵzimizde senip turƣanьmьz çoq. Bizdiꞑ mьqtь senetinimiz qol çudьrьqqa kezdesse dejmiz. Aldьmьzƣa kɵp çьlqь salьp, çьlqьnьꞑ soꞑьna çyzden eki çyzden çigit ertip otьrьp, ducpannьꞑ əskerine aralasьp ketʙek ʙolьp tajanьp ʙarьp qalamьz, ʙir-aq naq çaqьndaƣanda ʙьtьrlap atьlьp turƣan mьltьqqa pɵlemetqa qarsь ʙaralmaj çьlqь yrkip kejin qacadь. Yrikken çьlqь çigitterdi ʙasьp ketken çerleride ʙolьp qaladь. Oqqa ucьp ɵlip çatqandarьmьzda ʙar, çaralanƣandar mylde kɵp, ʙolsa da ɵlimge ʙel ʙajlap kirisken çigitter adam ɵliminen çyrekteri caʙьlƣan çoq edi. „Qazaq" gazettiniꞑ sɵzi kɵꞑildi qaçьtьp tastadь: nojaʙirdiꞑ otьzь çana kelesi otьz ʙiri kyni soƣьs acьp, endi erteꞑ çaʙьla qaptaj tijemiz dep ʙətyvɵlesip tarqasьp edi, sol kyni tynde çigitterdiꞑ arasьna „Qazaq" gazetiniꞑ sɵzi çajьlьp, çigitter muqap qalьp, ʙir talajь qacьp ketipti. Gazettegi sɵzdiꞑ mazmunь: „Ьrƣьz ɵjezinen ʙasqa elderdiꞑ ʙəride soƣьstь doƣarьp, çigitterin ʙere ʙastadь. Çigitteri ɵz ʙeti men kelgen elge patcanьꞑ keꞑciligi ʙar. Çalƣьz Ьrƣьz ɵjeziniꞑ eli patcaƣa qarsь turьp, ʙulardь neden qara ʙastь?" degen sьjaqtь edi. Alƣacqь kezde kylli qazaq ʙolьp kɵterildi dep estip çyrgen çigitter endi „çalƣьz Ьrƣьz eli qana" degen sɵzdi gazetten estip cocьp qaldь, çana de çigitterdiꞑ azьp ketyvine, taƣьda sol tyni mьnadaj sɵz çyrgizilipti: „patcadan çaꞑa tərtip, cьqqan, iri qarasь elyvge tolsa ʙir çigit, çyzge tolsa eki çigit ʙosatadь eken, mьꞑ qarasь ʙar ʙajlar çьjьrma çigit alьp qaluvƣa ьqtьjarь ʙar" depti.

Erteꞑine, ʙirinci dekəʙir kyni eleꞑ alaꞑda taƣьda atьs ʙolьp, səskege ʙarmaj aq qazaq çaƣь əlsiredi, qaramьz ne dəvir azajьp qalƣan eken, Klopotьꞑ əskeri endi kecegiden kɵre ʙatьl qьjmьldadь. Bizdiꞑ çaqtьꞑ çigitteride ɵte kɵp qajrat qьldь. Tuv ustaƣan çigit Catьrqul ulь Bajmaqan edi. Bajmaqannьꞑ astьndaƣь atьnьꞑ ʙir ajaƣьn ʙomʙa çulьp ketip, attan quladь, ʙir-aq tuvьn qulatqan çoq, kɵrmesten çavƣa qaraj tuvьn kɵtergen qalpь men çajav çyredi. Çan çaƣьna ʙomʙь çarьlьp çatьr onьꞑ men Bajmaqannьꞑ çumьsь çoq, ojьnada almajdь.

Aqьrьnda klopotьꞑ ətireti cьdatpadь—Belqopanь aldь, onьꞑ artьnan Meciti aldь. Bizden ʙir çyz on adam çaralanƣan eken, ɵlgen adamdarda

kөp, вir-aq qanca ekenin вilmejmin, kөp adamьmьz әttirettiꞑ qolьna tysti, вulardьꞑ вәri de qamavqa alьndь: өzgemiz qactьq.

Qazaqtь çeꞑip alqan әtiret вen qosa, qara вutaqqa вajlar, „вij“ avьlnajlar tolьp ketti. Bәride вuгьn elden qacьp Ьrqьz qalasьna вarьp tьqьlьp çatqan edi, әtiretti solar вastap alьp kelgen eken. Endi olardьn kyni tuvdь, eldiꞑ malьn dynijesin әtiret вir çaqtan talap çatsa, çigitterden kemcilik kөrgen вajlar endi mьqtap turьp kegin aluvqa kiristi. Qacьp вьtьгap ketken çigitterdi izdep onnan çьjьrmadan saldat alьp, elge cьqьp, çol çynekej el talap, qьstav өrtep, әjel вasьp vaj-daj, dәvren syrdi!

Azqana kynniꞑ icinde on-toqьz вen otьz вirdiꞑ arasьndaqь çigitterdi çьjnap Aqtөвege ajdadь. Doqtьr qarap, өlcep çigitterdi topьrlatьp alьp çatьr soqьr, aqsaq, cijki tazdan вasqanьꞑ вәri çaramdь. Camasь kelgende doqtьrqa вarqanda өz ornьna avruvlardь çaldajdь, çaldavqa kiside cьqвajdь. „Tazdь almajdь eken“ degen qaвardь esitip, eldegi вarlьq tazdar вiri qalmaj Aqtөвe kelip, çaldanьp вirev ycin prьjomqa tysip çatьr. Tazdьꞑ mundaj pul вolqanьn adam вalasь вuгьn kөrgen çoq cьqar! Bir tazdьꞑ doqtьrqa вir kөrinip cьquvь mьꞑ somqa вardь. Kej вir tazdar вes-altь qajtara çaldanьp prьjomqa kirgeni вar.

Meniꞑ çasьm On çeti de вolqanь men on toqьzda вolьp kөrinedi, sol seвepten meni de aldь. Bizdiꞑ Baqsajьs вolьsьna qaraqan elden вes çyzdej çigit alьndь. Solar men вirge Prontqa men de kettim.

— —

Ormanьp ƢALЬJ

# Ɵmirdiꞑ ʙijiginde

*(Aʙdolla Qojlьʙajьptьꞑ əꞑgimesi)*

Men-maldьꞑ ɵrisinde turmьn.

Kelestiꞑ oꞑ tystik ʙetindegi qojandaj çьmьjƣan ʙujra adьrda-permi sьjьrlarь ʙьtьrap çajьlьp çatьr.

Tɵꞑireke qarajmьn: kɵz tojmajdь! aspanda kircik çoq. Çarqьraƣan kynin maꞑdajьna qadap, kɵk kymʙez myldirep tɵnip tur. Meniꞑ kɵꞑilimde osьndaj, kicriksiz taza, quvanamьn. Masattanьp erkimce dem alamьn da, ne degen-keꞑ dynije!-dejmin.



Qojlьʙajьp Aʙdulla—Keles avdanь, „Nurmaqьp" qalqozьnьꞑ mal permesiniꞑ bastьƣь, nagratqa Lenin Ordenьn alƣan.

Quv cɵpterdi tyletip, çapьraƣьn çajьp, çaꞑa cɵpter ɵsip, çer qulpьrьp keledi. Meniꞑ kɵri kɵꞑilimde-ʙirge kɵktep çasara tysedi.

Men çaꞑa ʙir tamaca kɵrdim: Bizdiꞑ qalqozdьꞑ çerinde quvrap qalƣan aƣactьn tuqьldarь kɵp. Onьꞑ aralarь tьꞑ ʙoladь. Qalqozcьlar mine, sol eski tuqьldardь qoparьp, ornьna traktьr çyrgizip, maqta ajdap çatьr. Sonь kɵrgende men: „Apьraj mьnav eski dynijeni qoparьp çasap çatqan çaꞑa dynijemizdiꞑ ʙejnesin elestetidi av!" degen ojƣa keldim.

Osьnьꞑ ʙɵrin ojlap kelgende, mьnav turƣan ɵrsim ɵmirdiꞑ eꞑ ʙijigi sьjaqtь. Men osь ʙijikten ʙarlьq tɵꞑirekti colьp turƣan sьjaqtьmьn. Ras, men kɵzir ɵmirdiꞑ eꞑ ʙijiginde turmьn. Kevdemdegi Lenin ordenь meniꞑ kɵkiregimdi cɵjdɵj acьp, tɵꞑiregime tygel kɵzimdi çetkizip tur.

Men ʙul ʙijikten ɵzimniꞑ sonav munarlanьp artьmda qalƣan ɵmirime kɵz çiʙersem-ʙɵri sajrap, ajqьn kɵrinip tur. Bul ʙajaƣь-ymitti sɵvle qalƣan kɵz emes, ʙul-ymitine çetip, ajnalasьn tygel acьp alƣan kɵz.

Mine, aldьmda ʙajaƣь ʙala kynim tur, avьl Alɵmesek degen çerde, Qaralacьq yjde-yrpe-cyrpe yc ʙalamьz. Əke, cecemiz ʙirevdiꞑ malьn ʙaƣьp, otьn çaƣьp, ʙizdi azap pen asьravda. Qarnьmьz qampajьp, qulaƣьmьz qalqajьp, ata, ananьꞑ tapqan-tajanƣanьn icip, çej ʙeremiz. Oqьmajmьz, ojlamajmьz, aldьmьz ʙelgisiz.

Əli esimizde, ɵkemiz avьrьp ɵlgende, anamьz „cijettej ɵꞑkej çetimdi qajda aparьp ʙaƣamьn . . . „dep zarladь. Onьꞑ nege olaj degenin, ʙiraq men tysingenim çoq. Ol kezde men on ʙir çasar edim. Cecemiz ɵr kimge qoꞑьs qonьp, malьn savьp, otьn alьp çyrip, ʙizdi ɵltirmej ɵsirdi. Es kirip, ɵçetke çarap, ɵzim de kisi esigine çyre ʙastadьm. Çalcьlьqta sol ketkennen (onda on çeti çasar edim) çьjьrma segiz çasьma dejin kisiniꞑ malьn ʙaqtьm. Arqalap çyrip asьraƣan altьn ananьꞑ mojnьmdaƣь ʙorьcьn ɵtedim-av dejmin. Men sol kynderimniꞑ icinde çetim ʙala, çesir ɵjeldiꞑ kyn kɵryvi qьjьn ekenin kɵzim men kɵrip, ʙajaƣь anamnьꞑ aꞑьrap çьlaƣan mɵnisin sonda ʙarьp tysindim.

Meniꞑ anam kɵzir tiri, çetpis çetige cьqtь. Inimniꞑ qolьnda. Qonaq. Mɵskevden orden alьp qajtqan soꞑ ʙarьp amandastьm. Meniꞑ sa-

ƣal, cacьmьnьŋ aƣarƣanьna qaramaj, ajmalap ʙetimnen syjdi. Men oƣan əli ʙala sьjaqtь ʙolsam kerek. Menen mejirli kɵzin almaj, ʙarьlьp kɵp qaradь.

— Qalaj ana, quvattьmьsьn?-dejmin.

— Quvttьmьn! men quvattь ʙolmaƣanda dep-kɵterilip qojadь. Sen meniŋ analьq aqьmdь endi ɵtediŋ,dep ombravьmnan ustap, ordendegi Leninge tɵne qarajdь. Bərimizdi ʙaqьttь etken danьcpan aj! dep kyrsinedi. Sonda otьrьp men icimnen, „ol zamannьŋ azaʙьn aralap, ʙul zamannьŋ ʙaqьtьna cyjgigen, ʙalalarьn ʙaqьtqa çetkizgen sende arman ʙarma eken ana!“ dep ojlajmьn.

Anam taƣь ʙetime qarap:

— Qaraƣьm, ʙul ordendь qandaj eŋʙegiŋe ʙerdi?-dejdi.

— Qalqozdьŋ sьjьrьn çaqsь ʙaqqanьma-dejmin.

— Sьjьr ʙaqqanьŋa ma, çaqsь. Sen ʙajaƣьda Aqʙergen men Dosajdьŋ sьjьrьnda ʙaqtьŋ av əli . . .-dep kyrsinip qojadь.

„Onь nelikten ajttь eken, ə „-dep ʙetine qarajmьn. Yndemejdi. Men ojƣa ketip otьrmьn. Men Aqʙergen men Dosajdьŋ sьjьrьn 2 çьl ʙaqtьm. Sьjьrlarь ɵte kɵp. Ɵzderi “maьlmьz„ dep taŋdajlarь taq ete tysken men, onьŋ avьr azap, çeŋil tuzaʙьn ɵmiri kɵrgen emes. Appaq- appaq yjlerin tigip qojьp, maŋьmьzdь ʙьlƣajdь dep, sьjьrdь cenine keltirmejtin. Çaz cьƣьsь men qoj, çьlqь, tyjelerin mьŋqьrtьp qьrƣa, onan əri çajlavƣa kɵcedi. Biz sьr ʙojьnda sьjьrdь ʙaƣьp çatamьz. Baƣuvь ʙizdiki, ʙasь ʙajdiki. Baƣuv qandaj mьqtь. Kyndiz kylki, tynde ujqь kɵrmejmiz, orƣa urьnьp, çarƣa çьƣьlьp qalama dep çamʙasьmьz çerge tijmejdi. Sьjьrdьŋ ʙaƣuvь ʙasqa maldan qьjьn ʙoladь. Məselen men 5 çьl qoj, 4 çьl çьlqь ʙaqtьm. Sonda osь sьjьrdan ʙaƣuvь kyc mal kɵrgenim çoq. Biraq, sonca azap kɵrip, aman ʙaƣьp ʙersekte, alƣьs ajtqan kisi kɵrmejmiz. Aqьrьnda aqьmdь suraƣanьmda, Aqʙergen:

— Sen ɵziŋ əveli kyniŋdi kɵrgeniŋe quvansaŋcь-dep mьsqьldadь.

— Sonda meniŋ çumьsьm tamaƣьmnan artьlmaƣanьma ʙajeke?

— Bəse, tojьnьp alƣan soŋ, ʙular solaj soƣadь. Ajda, eki çьlьŋa ʙir tanə alda, qaraŋdь ɵcir-dep quvьp cьqtь. Amal ʙar ma, tavdaj eŋʙek qьlsaŋda, tarьdaj ʙaƣasь ʙolmaƣan soŋ, temirmiz çasьp, tentirep kete ʙerdik. Mьna anamьzdьŋ çaŋaƣьsь, sondaƣь qor ʙolьp, çelge ketken eŋʙekke əli de ɵkinedi eken ƣoj dep ojlajmьn. Yjtkeni, men sol sьjьr ʙaƣьp çyrgende ʙir nece kelip:

— Qaraƣьm çaqsь ʙaq, ʙaj ycin istemeseŋde, mal ycin iste. Maldьŋ kinəsi çoq-degeni əli esimde. Mende maldь ajanʙaj ʙaqtьm, tɵtennen avьrьp ɵlgen ʙolmasa, qasqьr, urьƣa tьcqaq ʙuzav ʙergenim çoq. Ərijne, ol eŋʙegim malƣa çaqqan men ʙajƣa çaqqan çoq, çalaŋac—çalpь ajdap cьqqanь əlgi. Biraq, meniŋ tapqan olçam aq, maldьŋ sьrьn çaqsь ʙilip cьqqandьƣьm ʙoldь.

Bizdiŋ ɵmir tek osь ƣana ma. Sonan ketken soŋ, kelip temir çolƣa çumьsqa kirdim. Altь çьl avmaj qara çumьscь ʙoldьm. Çasьm 34 ke cьƣьp qaldь. Bul temir çol ʙojьnda çyrgendegi tapqan olçam, yj saluvdьŋ çɵnin ʙilip aldьm. Sonan osь Keles ʙojьna kelip, segiz çьl udajь yj saluvcь ʙoldьm. Talaj mektepter saldьm. Balalь-caƣalь—ʙolьp, ɵzime-ɵzim Keleste kele ʙastadьm.

Onan ʙerirek çer- tipti ajqьn kɵrinedi, 29-çьlь on çeti yj kedej ʙatьraq ʙas qosьp, mojьn serik ʙolьp ujьmdastьq. Bul meniŋ çalcьlьqtan ada-kydə arьlьp ɵmirdiŋ ʙeleŋine cьqqan kezim sьjatь. Osь seriktigimiz-kejin qalqozƣa ajnalьp, 127 yjgə çetti. Men sol qalqozda (atь „keŋes“) 33-çьldьŋ ajaƣьna dejin ʙastьq ʙolьp istedim.

Ərijne, qalqozƣa ʙastьq ʙolƣanda: men, onьŋ ʙarlьq mənine salƣan çerden tysinip kete alƣanьm çoq. Qur daqpьrtqa cavьp, qalqozƣa qamcьnь ʙasьŋqьrap çiʙergen kezderimizde əli esimde. Dynijeni muncalьq ʙir çolata qajta çasavda çaŋьlьspajmьn dev, ol-tipti ɵreskeldiŋsi qoj dejmin. Men ɵzim talaj qatalьqta istedim, ʙiraq onьŋ ʙəri keji n

saʙaq ʙolьp, ajaqtь aꞑdaj ʙasuvƣa yjretip çyrdi. Qalqoz qurьlsь maƣan təçirijʙeniꞑ talaj ƣьlьmьn yjretken ylken mektep ʙolьp cьqtь.

Men alƣacqь kezde: qalqozdastь, endi çurttьꞑ ʙəride kəllektepcil ʙoldь, çumьsqa endi ec ʙir ʙɵget çoq, ʙəri de orьn-orьnь men istele ʙeredi, dep uqtьm. Men turmьstьꞑ sьrtьn ɵzgertken men, ɵzegin-adamnьꞑ sana, sezimin ɵzgertyv ɵte avьr, onь ɵzgertyv ycin uzaq vaqьt, taʙandь qьzmet kerek ekenin tysinʙegenim. Onьꞑ ystine qalqozda-çumьstьꞑ tyrli turƣьlarьnьꞑ tetigin meꞑgere alatьn maman qьzmetci çoqtьƣьn da esep-temegenim. Taƣь ʙir iri qatalьq istegen çerim: qalqozcьlardьꞑ qara ʙasьnьꞑ tilegin qoƣamdьq tilek pen tьƣьz ʙajlanьstьrьp, ekevin salmaq-taj otьrьp, çumьstь sol turƣьdan saʙaqtap cьƣaruvdь ʙilmegemin. ʙizdiꞑ ʙul qatalьqtь ꞑece qьjl ala ajaq, quvlar, duspandar da pajdalanadь. Mine, osьnan ʙarьp qalqozdьꞑ isine kesir kelip ylken qьjьncьlьqtarƣa, ucьraƣan kyndeir ʙoldь.

Meni, kəzir ɵmirdiꞑ ʙijigine cьƣarƣan: Sol qalqoz qurьlьsьndaƣь ulь mektepten alƣan saʙaq arqьlь—eꞑʙektiꞑ dəl tetigin tapqandьƣьm av dep ojlap turmьn. Ɵziꞑniꞑ erkin eꞑʙegiꞑdi—adal nijet pen cьn meꞑgerip, isteseꞑ: ol tipti ataqtь eken. Yjtkeni meꞑgerip, tilin tavьp adal istegen eꞑʙekke kisiniꞑ ɵzi syjsinedi. Al, syjsinip istegen eꞑʙek—ol çemisti ʙolmaj qojmajdь. Çemisti ʙolƣan eꞑʙek—turmьsьꞑdь tyrlentedi. „Turmьs keꞑildi ʙolƣan çerde eꞑʙekte qьzadь". Osьnan kelip: ɵz isiꞑniꞑ tetigin onan əri çaqsь ʙilip, onan əri çaqsь istep, turmьstь onaꞑ əri tyrlendirgiꞑ kele ʙeredi. Ər kimdi osьlaj istevge yndegiꞑ, yjretkiꞑ keledi. Qalqozcьnьꞑ ər qajsьsь olaj istep, qalqoz onan əri nьƣajar edi, qalqozcьlardьꞑ turmьsь onan əri tyrlene ʙerer edi, ɵmirimiz sonda cьn tamaca, səndi ʙolar edi degen ojƣa kelesin. ʙurьnƣьdaj çalƣьz—çarьm kisiniꞑ keꞑildi turuvь—ol kəzir adamdь çijrikentetin sьjaqtь. Kəzir kɵpciliktiꞑ keꞑildi ʙolƣanьn kyndiz—tyni kɵksejsin.

Men osьndaj ojlarƣa kelip, onь çyzege asьruv çolьnda talaj tamacalar kɵrdim.

34-çьldьꞑ ʙasьnda men osь Nurmaqьp atьndaƣь qalqozdьꞑ permisine ʙastьq ʙolьp keldim. ʙul ɵzi 30-çьlь 555 sьjьrdan ujьmdasqaꞑ permi eken. Sonan men kelgen kezde 134 sьjьr qalьptь. Men osь maldь sanap, ɵtkizip aldьm. Qora-qopsьlarь ʙylingen. ʙaqtacьlьqqa: tek əjtevir qalqozƣa unaƣan, çumьs qьlmajtьn kisilerdi ʙergen (mal ʙaquvƣa çumьsqa çaraqsьz adamdь ʙeryv minezi-qalqoz ʙasqamalarьnda əli de ʙar!). Ərijne, „ʙaqʙasa mal ketedi" degendej, ʙaquv, ʙaqtacь çaqsь ʙole maƣansьn, mal osьnca kemip ketken.

Maldь qolƣa alƣansьn, aldь men ʙaqtacьlardь surьptap aldьm. Ər qajsьsьn ɵzdi-ɵziniꞑ çumьsьna mьqtap qostьm. Qoralardь, keꞑildegidej tyzetip aldьq. Soƣan qaraj sьjьrlardь ʙɵldik: ʙojdaq sьjьr ʙir ʙɵlek, savьn sьjьr ʙir ʙɵlek, ʙuzav ʙir ʙɵlek ʙaƣьlatьn ʙoldь. ʙuzavlardьꞑ ɵzin ekige ʙɵldik; otьqqan ʙuzavdь ʙir çerge, ças ʙuzavdь ʙir çerge ʙɵlip ʙaƣatьn ʙoldьq. Ças ʙuzavlarƣa çyregi qarajmasьn dep ʙir mezgil syt qosьp çьlь suv ʙeremiz, ʙular ottьqqansьn cetinen eresek ʙuzavlarƣa qosьla ʙeredi. Onьꞑ ystine çelini çetken sьjьrlarƣa (ʙuzavlajtьn) çьlь, çeke qora salьp, kyn-tyni qaravьldap, qoldan tuvdьrьp alatьn ʙoldьq. Avruv sьjьrlarƣa ʙasqalardan avlaq çeke qora salьp, sonda ʙaƣьp emdej ʙastadьq. ʙurьn munьꞑ ʙirde-ʙiri ʙolmaƣan: Çalpь sьjьrƣa-ʙir qora, avьrsada, ʙuzavlasada-sonda çatadь. Talaj ʙuzavlar ʙasьlьp ɵlgen. Malƣa ec kim esep çyrgizʙegen; ajьnda ʙir sanalьp, çoƣalƣan malƣa „akti" çasala ʙergen.

Osьlardь kɵrip, estigende malƣa cьn qaʙьrƣam qajьstь, ʙajaƣь Aqʙergenge ec ʙolƣan eꞑʙekti, endi qalqozdan qalaj ajajьn dep ʙarlьq ьqьlasьmdь sala iske kiristim. Sondaƣь eꞑ aldь men istegen əligi caralardьꞑ ystine: ʙaqtacьlardьꞑ eꞑʙegine durьs esep çyrgizdik (ʙurьn esep ʙolmaƣan) eꞑʙek kynderi dəl çazьla ʙastadь. ʙirinen ʙiri maldь alƣanda (ʙaqtacьlar men kyzetciler) sanap, qaƣazƣa qol qojьsьp, alьsatn-

boldь. Osьnan kelip ər kimniņ çavaвkerligi artьp, malьmьz aman øsip, 35-çьldьņ ajьqьnda 374 ke çetti; Tek вir qapь qalqan çerim: øzim çoqta вasqarma çumьsqa salьp çyrgen вir øgiz avьrьp ølipti. Maskevde çyrgenimde вir вuzavlь sьjьrdь øltirip alьptь. Dərigerler tek aktь çasaptь. Øtteņ øzim вolqanda: øltirmajtin edim dep ojlajmьn yjtkeni øz qolьmnan avьruvqa mal вergen emes edim.

34-çьlь alqacqь kelgenimde, вir qara вuzav qotьr eken. Enesin eme almajdь, tula вojь siresip qalqan, tura almaj eki çamвasь øjьlьp ketipti.

Baracьp degen dərgerge kørsettim.

— Mal вolmajdь,-dedi.

— Baqsa, вolar,—dedim.

— Sen maldь вьlqajsьn. Mine, men akti çasajmьn, dep qaqaz çazdь.

Alajda men qara вuzavdь вavьzdamadьm.

Bir təçirijвe вolsьn dep, emdevge kiristim: вir kyni вuzavdь qatьqqa sьlajmьn. Kyn cuvaqqa qojamьn. Qajьzqaqь вosajdь; ekinci kyni saвьndap comьldьrьp, çьlь orap çьlь çerge çatqьzamьn.-Kədigimgi вalaca вaqtьm. Aqьrьnda: ystinde qьltanaq qalmaj appaq taqьr çarqaq вolьp сьqtь. Sonan kejin çynin сьqaruv ycin kyrictiņ suvьna kynine вir iret comьldьrьp otьrdьm. Munь istegen mənisim: əjelder cacьn øsiryv ycin kyrictiņ suvьna çuvatьn.

Sonь men çeti kyn degende çyn сьqa вastadь. Endi вir az kynen kejin qara qundьzdaj вolьp çyni çetilip сьqtь. Sonda ekpindi вaqtacь Taqaj Bijçanьrqa: „çazьlqansьn saqan вeremin„ devci edim. Aqьrь oqan вerdim. Endi qara qunaçьn вuzavlap, çelini alcaqtap turqanь mьnav. Bijçanьr murtьnan kylip, sьjьrlardь çajьp masattanьp turqan anav.

Maldь da вaqa вilyv kerek av!

Taqь вir nərse esime tysedi. Men kelip maldь øtkizip alqanda, icinde вir çamвasь sьnqan tarqьl sьjьr вar eken. Tura almajdь, çatьr. Køz qьjarlьq mal emes. „Tanьmasaņ tarqьl al" degendej, øzi tarqьl, øzi ças, øzi вuvaz. Çanьna вarьp, „qalaj çazar ekem" dep qьjnalьp tur edim. Qalqozdьņ prsedatili Turdьqulьp çalaqtap çetip keldi.

— E, Kərija, maldь aldьņ вa?—dedi çьmьjьp.

— Aldьm qoj!..

— Mьna sьjьr turalmajma eken?

— Tura alatьn emes.

— Bəse solaj сьqar. Doqtьr solaj atap edi. Mьna вir qaqaz—dep çan qaltasьnan вir вyktelgen qaqazdь alьp kørsetti.

— Bul ne qaqaz?

— Akti qoj, mьna sьjьrdь kece doqtьrqa kørsetkem вolatьnmьn. Mal вolmajdь dep akti çasaptь qoj, sonь ьrastatьp əkelip em,—dep Sьjьrdьņ çanьna вarьp.

— Øj çanuvar aj, ne qьlьp qьjradь eken. Øzi tьm mylijip ketken eken. Mal вolmas,—dep ynilip—ynilip qaradь.

— Munь endi sojuv kerek—dedi.

— Nege?

— Akti çasaqansьn...вitkeni qoj!

— Qojьņьz, çazьlmaj ma?

— Çazьlsada...onь endi, doqtьr unatqansьn.

Men ojqa qaldьm;

— Çarajdь, aktiņizdi tastap ketiņiz. Maqanda dokuvment kerek вolar, meniņ qolьmda вolsьn.

— Maqul! —dep øl murtьnan kyldi. Aktini вerip, attanьp вara çatьp:

— Endi øziņ...soja вerersin...men...soņьra... dep artьna вurьlьp вøçвьjqan semiz вetteri çьltьrap ьrєьjadь.

Men solƣьꞑ ʙasьmdь ijzedim. Ol ketkesin tarƣьl sьjьrdьꞑ aldьna cɵp salьp, suv ʙerip qojdьm. Deni saq, çazьlar degen ymitim kycti ʙoldь.

Erteꞑine sьjьrdь ɵrgizip çyrgenimde, Turdьƣulьp çalaqtatьp taƣь keldi. Məz-majran kylip, amandasar amandasʙastan:

— Kərija, eti semiz ʙe eken?-dedi.

— Neniꞑ eti?

— Neniꞑ nesi, kecegi tarƣьl sьjьrdьꞑ eti dejmin.

— Eti semiz....

— Bəse, solaj cьƣar...

— Biraq, sojƣamьn çoq.

— Nege?!

— Akti çoƣalьp qaldь.

— Ajdaj, onьꞑьz çaramaƣan eken!.. dep Turdьqulьptьꞑ tyri suvьp ketti. Men icimnen: „ajdaj“ anav ʙes çyz sьjьrdьꞑ azajƣan mənisi osьlaj eken av, “—dep taꞑьrqadьm.

Tarƣьl sьjьrdь pьcaq dyzinen ʙir aman alьp qalƣansьn, endi mьqtap ʙaƣuvƣa kiristik. Astьn çumsaqtap kynde tazalap, ornьnan çьlçьtpaj ʙaƣьp otьrьp, 47 kynde sьnьƣьn ʙitirip sьjьrƣa ilestirip cьƣardьm.

Mine, kəzir sol sьjьr yc ʙuzavlap: ɵzi men tɵrt sьjьr ʙolьp otьr.

Ycinci ʙir təçirijʙe: ɵtken çьlь, ɵktəʙir ajьnda ʙir sarala qacar avьrdь. Avruv malda, qorasьna ʙaƣьp ornьnan turmaƣansьn, ekinci kyni dəriger caqьrdьm. Ol kisi kelip gradьs salьp kɵrdi. Ьstьƣь 34 gradьs ʙolьp tɵmen tysip ketipti.

— Bezgek eken, ɵledi,-dedi.

— Emdevge ʙolmas pa eken?

— Boluvdan ketip qalьptь. Muzdap ketipti. Soja ʙeriꞑder. Erteꞑ kelip aktisin alьꞑьz,-dedi. Permeniꞑ zapqozьn pьcaq ʙerip çanьna otьrƣьzьp ketti.

Sojuvƣa taƣь kezim qьjmadь. Ajnaldьrьp qaradьm. Taƣь ymit ʙar sьjaqtь: qьstь kyni caqьldaƣan ajazda sьjьrdьꞑ tumsьƣь terlep turadь; eger avruvь kycti ʙolsa, sьjьrdьꞑ sol teri kevip ketedi. Sьjpap qarasam: tumsьƣьnda teri ʙar eken. Sonan soꞑ çanьnda otьrƣan zapqozƣa: kevdesinen ɵzdiginen çanь cьqpajьnca, sojmajsьn, dep tapsьrdьm. „Osь ciriktiꞑ et çegisi kelip sojьp qojama“ degen oj taƣь kelip, permeniꞑ ekpindi savьncьsь Ajcanь aparьp qasьna taƣь otьrƣьzdьm. Sьjьrdьꞑ ornьn çajlь qьlьp çatqьzьp qojdьq. Sol sьjьr aqьrь çazьlьp cьqtь. Kəzir mine, ʙuzavlap, alcaqtap tur. Çanuvar ʙajaƣь da Aqʙergenniꞑ sьjьrьn çajƣanda eꞑʙegim ec ʙolsada, sondaƣь mal ʙaƣuvda yjrengen təçirijʙem: ala almaj ketken aqьmnьꞑ ornьn kəzir tɵledi! men ɵlginde: dərigerler „ɵledi“ dep akti çasaƣan maldardьꞑ çazьlьp ketkenin ajttьm ƣoj. Onь ajtqanda men: „dərigerler icteꞑe ʙilmejdi eken“ demekci emespin. Ƣьlьm ʙərin ʙiledi dep ojlajmьn. Biraq, əlgi akti çasap çyrgen çoldastar: sol ƣьlьmьn təçirijʙege ʙajlanьstьrmajdь ƣoj, dep ojlajmьn. Bul ʙir. Ekinci-ərijne, ʙejil salmasa, çaqsьlap qaramasa, çaꞑaƣь ajtьlƣandar ɵletin mal, əlgi Turdьƣulьp sьjaqtanьp, ɵlyvine ɵzi ьntьq ʙolьp turƣan çerde, dərigerdiꞑ de avçajƣa qaraj qьjmьldap ketetin minezi ʙarma, qalaj. Ərijne, ʙəri osьndaj ʙolmaƣan men, mundaj caꞑçoƣajlaƣandar ər çerde aq ʙolatьn cьƣar dedi. Malƣa da asa saq qarav kerek. Men osь təçirijʙelerimdi qoldana almaj, əlgi ɵlgen sьjьrƣa əli ɵkinictimin.

Sьjьr ɵsip keledi. Ɵtken çьlь 100 sьjьrdan 110 ʙuzav tuvƣьzdьq. Onьꞑ ʙəri aman, yjrge qosьldь.

— Onьꞑ mənisi qalaj?

— Sьjьr egiz ʙuzavladь ma?—dejtinder ʙolar.

Ras, ʙizde egiz ʙuzav tapqan sьjьrda ʙar. Mьnav kickene qoꞑьr quꞑaçьn eki çьldaj egiz taptь. Buzavlarь aman, egiz ʙuzavlarьn mejrlene emizip, ʙasqa sьjьrlardь: maƣan çetiꞑder dep çarьsqa caqьrьp aq tur! ʙiraq, ʙarlьq sьjьrdьꞑ qolьnan ol kele ʙereme. Ol da ʙir taʙijƣattьꞑ tamacasь cьƣar. Sьjьrdьꞑ negizgi ɵsimi egizden emes, eki çьlda

yc ʙuzavlavьnan, ʙurьn ʙuda asa sijrek nərse edi ƣoj. Biraq, ʙul eki çьlda yc ʙuzavlatuv kəzir ʙizdiꞑ daƣdьmьzƣa ajnalьp keledi. Munan ərijne, sьjьrьmьzdьꞑ ʙəri eki çьlda yc ʙuzavlajdь degen sɵz cьqpajdь. Bul əzirge ʙelgili ʙir ʙɵleginen ƣana kɵrip otьrƣan təçirijʙem. Eger ƣьlьm çolь unatsa, ʙul təçirijʙeni ʙarlьq sьjьrƣa çajuvƣada mymkindik ʙar, degen men sьjьrlarьmьzdьꞑ eki çьlda yc ʙuzavlavь ʙurьnƣьdan ʙьjьl taƣь kɵʙejdi.

Munьꞑ mənisi - çьldan çьlƣa maldьꞑ ʙavьn durьs taʙa ʙilgendigimizden ʙolьp otьr. Çatatьn orьnnьꞑ: çajlь, çьlь, taza, tamaqьnьꞑ toq, qunarlь ʙoluvь. Biz maldьꞑ çatatьn ornьn əʙden oꞑdav men qatar tamaƣьn da durьstadьq. Bizde altь aluvan mal azьƣь ʙar: çoꞑьcqa, qumaj, ɵleꞑ, qьr cɵʙi, çorьq (çygeri ʙajasь), saʙan. Osьnьꞑ ər qajsьsьn kezekpen, tijisti mezgilinde ʙerip otьramьz. Çana ər azьqtь ɵziniꞑ tileginince, tojƣanca ʙeremiz. Onьꞑ ystine sьjьrdьꞑ tuzь ɵte qanьq ʙoluvƣa tijis. Çaman suv ickizʙej qьsь, çazь, suvdan suvaramьz. Mine, sьjьrdьꞑ kyjiti kelyvge eꞑ ʙastь caralar osь. Bulaj kytilgen sьjьr çьlьna eki kyjlemej tura almajdь.

Endi ʙir cart: sьjьrdьꞑ kyjlejtin mezgilin durьs ʙilyv kerek. Onьꞑ ycin sьjьrdьꞑ qacqan kyninen ʙastap, ɵziniꞑ nɵmiri men kinegege tirkep otьramьz. Sonda ol 9 aj 10 kyde tuvadь. Tuvƣansьn taƣь çaqsьlap kytseꞑ, ol 17 kynde qajta kyjlejdi. Ərijne, onьꞑ osь mezgilderin dəl ʙilip, der kezinde ʙuqaƣa kezdestirip otьruv kerek. Burьn ʙiz sьjьrdьꞑ osьndaj minezin zerttemegendikten: onьꞑ qacan kyjlep, qacan qojƣanьnda ʙilmejtinʙiz. Sonan ʙarьp talaj sьjьr qьsьrda qalьp qojatьn. Mine, ʙiz kəzir osьnь qata qьlmav qamьndamьz.

Məselen: ʙiz ɵtken çьlь kinegege tirkegen, çeti, sьjьrьmьz ƣьjnuvarda, dəl mezgilinde ʙuzavladь, ʙular on çeti kyn degende tygel qajta qactь. On sьjьr pevʙralda ʙuzavlap, ʙolçaldь kyninde olarda qajta qacьp ketti. Endi, ʙul qacqan sьjьrlarьmьz kyzge, ɵktəʙir, nojəʙir ajlarьnda taƣь ʙuzavlajdь degen sɵz. Sonan kytimi çaqsь ʙolьp, taƣь qajta qacьp ketse 37 - çьldьꞑ yjen, yjel ajlarьnda taƣь ʙuzavlajtьn ʙoladь. Sonь men osьlaj dɵꞑgelek esep qьlьp kelgende, eger təçirijʙemizden tanʙaj, maldьꞑ ʙavьn durьs tavьp otьrsaq: Sьjьrdь da eki çьlda yc ʙuzavlatьp otьramьz degen sɵz ʙoladь. Ərijne, ʙul qьjal emes, munь təçirijʙemiz tolьq ajqьndap keledi. Bəlkim ʙul çerde, eki çьlda 24 aj ʙar, sьjьr toƣьz ajda ʙuzavlajtьn ʙolsa, yc ʙuzavlatuv ycin oƣan 28 aj kerek emes ʙe, devciler ʙolar. Ьras, yc ʙuzavlatuv ycin 28 - 29 aj kerek. Cьnьnda da sondaj mezgildiꞑ icinde ʙuzavlajdь. Al, sonda ana eki çьldan asьp turƣan 4 - 5 aj ɵtken çьldan avьsьp kelip otьradь. Məselen: ʙьjьlƣь ƣьjnuvardьꞑ onьnda qacqan sьjьr kyzge sentəʙirdiꞑ çьjьrmasьnda tuvsa, nojəʙirdiꞑ on çaꞑalarьnda qajta qacьp, kelesi çьldьꞑ yjel ajьnьꞑ çьjьrmasь camasьnda taƣь ʙuzavlajdь. Sol sьjьr aƣustьꞑ ʙasьnda qajta qacsa, arƣь çьldьꞑ əpirelinde ʙuzavlajdь; ol sьjьr maj ajьnьꞑ ʙasьnda qajta qacьp, sol çьlь dekəʙir icinde taƣь ʙuzavlajdь. 39 - çьldьꞑ ƣьjnuvar ajnda taƣь qacьp, kyzge sentəʙirde taƣь ʙuzavlamaq. Sol çьlь kyzde qacqan sьjьr 40-çьldьꞑ çaz ortasьnda taƣь ʙuzavlajdь. Sonda, ɵtken çьldan aldaƣь çьlƣa avьsqan ajlardьꞑ esebi men 4 çьldьꞑ icinde 6 ʙuzavlajtьndьƣь ajqьndaldь degen sɵz ʙolьp cьƣadь. Al 40 - çьldьꞑ çaz ortasьnan kejingi ajlarь arƣь 41 - çьlƣa taƣь avьsqanda, əlgi, ʙastapqь, kem degen 4 - 5 ajьmьzdьꞑ orьnь tolьp cьqtь degen sɵz ʙoladь. Ərijne, ʙul çeꞑil çumьs emes, ɵzinen ɵzi ʙitpejdi. Bul ycin: esep dəl çyrilyv kerek, maldьꞑ ʙavьn dəl taʙa ʙilyv kerek. Bul carttardь orьndasaꞑ, maldan qalaƣanьꞑdь alatьndьƣьꞑ kymənsiz sьjaqtь. Bizdiꞑ əzirgi təçirijʙemizde eki çьlda yc ʙuzavlavdьꞑ sьjьrƣa asa avьrlьƣь kɵrinʙejdi.

Taƣь ʙir tamaca ʙar: ɵtken çьlь syt pьlanь keldi. Kezimizge ɵte kɵp kɵrindi. Çyregimiz çudьrьqtaj ʙoldь. Baqtacь, savьncьlardь çьjnap sɵz qьldьq.

— 35 — mьꞑ 4 lijtir syt pьlanь kelipti. Osьnь orьndavdьꞑ çajьn keꞑesejik, — dedik.

— Qoj çoldas, ʙuƣan cama kelmejdi.

— Nege?

— Onan əlde qajda az kelgen pьlanda orьndalmajtьn.

— Nelikten orьndalmavcь edi?

— Nelikten, dep, onь maldьꞑ syti ʙiledi de.

— Ьras syti ʙiledi. Sol sytti ala ʙilyv kerek emes pe?

— Ala ʙilgende, tegi cьƣar syti sol ʙolsa...

— Çoq, cьƣar syti tygel alьnʙaj çyrgen ʙolar.

— Bolsa ʙolar, savuvdan ajanʙaspьz...

— Tek ajanʙaꞑdar.

Sonь men malcьlardьꞑ osь soꞑƣь sөzin syjep, mal savuvdь, syt aluvdь çөndevdiꞑ çolьna kiristik. Eꞑ aldь men savьn sьjьrlardьꞑ azьƣьn (çemin, cөʙin) tərtiptedik: ʙul çөnde sьjьrdьꞑ ər kyngi ʙergen sytin esөptep, qalaj kytkende sytti kөp ʙeretin ədisin tavьp aldьq. Onьꞑ ystine ʙaqtacь, savьncь adamdardьꞑ eꞑʙegin durьstap, turmьstarьn tyzetip, çumьsqa ьqlasьn arьttьrdьq. Burьnƣьdaj çьrьmdavdь tьjdьq. Çaqsь ʙaqtacь men çaqsь savьncьƣa sьj ʙeryvdi de qoldandьq. Osьnьꞑ arqasьnda olar iske ʙelsөne kirisip, ʙiri men ʙiri çarьsqa tysti. Ər sьjьrdan ʙurьnƣьdan eki ese asьrьp syt alatьn ʙoldь. Bizdiꞑ sьjьrlar ʙurьn orьndaldь degendi estimegen eken, өtken çьlь syt pьlanьn 36 mьꞑ 300 lijtir etip orьndap cьqtь. Bizdiꞑ pьlanьmьzdьꞑ durьs ʙoluvь—onь өzimiz çasap, өzimizdiꞑ orьndajtьndьƣьmьzƣa-ər qajsьsьmьzdьꞑ aq kөzimiz çetkendej ʙoldь.

Permeni өrkendetyvde, ərijne, ʙir meniꞑ qolьmnan icteꞑe kelmejdi. Permimizdiꞑ çoƣarƣь olçalarьna, ərijne, ʙaqtacь, savьncь, kyzetci ʙərimizde ortaqpьz. Permemiz өziniꞑ azьn avlaq olçasьna sol kөpciliktiꞑ kyci men çetip otьr. Kөzir mal ʙaƣuvdьꞑ qьjlь ədisin ʙiletin Ьrьsqulьp, maldь qavьpsьz kyzetyvdiꞑ ceʙeri Ajtuvьp mal savьp, syt aluvdьꞑ, ʙuzavlardь tojƣьzьp çaqsь semirtyvdiꞑ tiline çetik-Medevьʙa, Baʙçanьʙa çoldastardan men kyn sajьn yjrenip otьrmьn. Bular meniꞑ aqьlcьm, syjenicim. Bular өzderiniꞑ өnerlerin kyn sajьn tereꞑdetip, savattarьn da acьp, өsip keledi.

* * *

Əli qajda, aldьmьzda asqar ʙeldej çumьstar çatьr. Sol çumьstardь atqaruvƣa ijkemimizdiꞑ ʙarlьƣьn osь ystimizdegi, staqanьpcьlar çьlьnda, ajqьn kөrsetyvimiz kerek. Osьlardь ojlaƣanda kece, Məskevde syjikti kөsemimiz Stalin çoldastьꞑ qasьnda ʙolƣanьmьz, onьꞑ ʙizgə kөp ymit pen qaraƣanь, çer çyzine daꞑqьmьzdь cьƣarьp sьjlaƣanь-kөzirgi dej elestejdi.

Biraq ne kerek, Məskevde, kөsem men ʙirge məçiliste ʙolƣanda kөrgen raqat, qьzьƣьmdь tilim çetip tygel ajta almajmьn. Meniꞑ osь qьrьq toƣьz çasьmnьꞑ icinde kөrgenderim ʙir tөʙe, Məskevde az kyn icinde kөrgenderim ʙir tөʙe ʙoldь qoj dejmin. Sonьꞑ tek ʙir nece turƣьlarьn ƣana ajtьp ketkim keledi.

Məskev, onьꞑ ortasьndaƣь Kiremil, Kiremildiꞑ icinde otьrqan ulь ustazьmьz Stalin-ʙykil qalqьmьzdьꞑ çyregi, dostьƣьnьꞑ tulƣasь qoj dejmin. Bykil qalqьmьzdьꞑ ʙaqьtь osь Kiremilden, qajnap cьƣьp çatqan sьjaqtь. Ol ʙaqьttь otanьmьzdьꞑ ʙykil ʙurьc-ʙurьcьna taratьp turƣan, ʙaqьt ʙьlaƣьnьꞑ muraʙь-Stalin çoldas av dep ojladьm.

Onьꞑ Kiremil tөrinen ʙizge nazarlana qaraƣanь, raqattanьp dem alƣanь-ʙykil adal nijetti adam ʙalasьnьꞑ ʙaqьtь sьjaqtь: Onьꞑ qaçьrlь tulƣasь-adam ʙalasьnьꞑ ʙykil aram, ʙuzaqьlarьna zərden suvьq, mejrim qьlmajtьn qatal ʙitkendej.

Ol çavьna-çavca qьjmьldajtьnda tulƣa qoj dejmin. Ol dosьna-dos ʙolƣanda: ʙykil çumьscь tapьna, eꞑʙekci ʙuqaraƣa, ezilgen ulttarƣa kyndej çьlь, çarьq! çartastaj ʙijik qorƣan! teꞑizdej tereꞑ-tuꞑьq tulƣa sьjaqtь.

Kəz avdarmaj kəre вergiŋ keledi. Məçilisti Kiremilde ətkizdik. Kiremildiŋ zavlьm zəlim mejmildegen вaqьt qoj dejmiŋ. Çyregiŋ quvanьctan вasqa icteŋe вilmejdi. Sol вaqьt вykil ortamьzdьŋ qojnь-qonьcьn toltьrьp turqan sьjaqtanadь. Sol вaqьt quvanьcь вizdiŋde kevdemizdi kernegendej. Biz əz quvanьcьmьzqa qarap, вykil elimizdiŋ quvanьctь əmirin sezemiz.

Bizde adal eŋвek qьlqan adamnьŋ вəri вaqьt darьjasьnda dyzip вara çatqan sьjaqtь. Bizde вykil memleket вascьlarьmьzdan вastap mal вaquvcь əzimizge dejin tygel вaqьttьŋ вesiginde ekenвizdep tysindim. Yjtkeni, вizdiŋ ər qajsьsьmьz əz erkimiz вen, əzimiz ycin, əzimizdiŋ taвьmьz ycin, əz memleketimizdiŋ ijgiligi ycin.—əz qolьmьzdan kelgenin istejmiz. Ər kim əz isiniŋ ceвeri вolьp keledi. Əz isiniŋ ceвeri вolqan kisi-ol вaqьtsьz kisi вolmajdь! Məçiliste qьrav вastь qarttar, вyldirgen вetti вalalar, вəri вoldь. Bəri kyl-kyl çajnajdь Ər qajьsьsь əz isiniŋ mamanь, вular əz isin əzi çaqsь вilgenine masattnadь! Bulardь iske təseldirgen, cьjratqan-вirlesken eŋвek. Qalqoz-qalqozda eŋвek erkin. Tek erinвeseŋ вərin yjrenesin.

Mine вiz, əz qolьmьzdan kelgendi ajanвaj, adal istegendikten otanьmьzdьŋ aldьnda ardaqtь вolьp, əz „вilimiz" di вascьlarьmьzdьŋ aldьna salьp, aqьldasьp otьramьz. Baqьttь вolqanьmьz osь emes pe! вyjtip malcьlar çьjnalьp, memleket вascьlarь men məçilis acьp, çumьstarьnьŋ çoвasьn çasaqandь-əmiri qulaq estip kəz kərip pe edi? esitip kərgen emes. Meniŋ məçilisten вirinci kərgenim osь вoldь.

Məçiliste adam kəp вoldь. Onьŋ icinde kempir çoq, osь qьrьq toqьz çasьmnьŋ icinde kərmegen qalqtardь kərdim: Uvkrajьn, Orьs, Nemis, Cerkes, Qazaq, Tatar, Bacqurt, Qьrqьz, Qalmaq, Qara-qalpaq, Tyrikpen, Taçik, Əzвek, Ujqьr, Tuŋqus, Buvrat, Gryvzijn, Belaros, taqь talaj san qalьqtьŋ вəri вoldь.

Kijimderi qandaj nece qьjlь: delegej, papaq, taqьja, tumaq, oramal, çəli, cləpi, kijmecek, taqь talaj nece aluvandarьn kəresin.

Biraq tyrimiz, tilimiz, nece aluvan вolqan men, çyregimiz вir soqqan sьjaqtь. Kəzimiz вiraq çerge-ulь kəsemimiz Statinge qarajdь, onьŋ qasьndaqь sonav senimdi serikteri: Molotьp, Baracьjlop, Kalijnin çoldastarqa toqьsadь. Qulaqtarьmьz solardьŋ ləвizine tigiledi. Keŋilimizde вiraq oj-malьmьzdь mejlince ərkendetsek av dep ьntьqamьz. Bizdiŋ çyregimizdi вirge soqtьrьp, keŋlimizdi вir çerge tyjip otьrqanmьnav sotsijalijzilmniŋ ulь ordasь. Aŋav məçilis tyrinde вizge mejirlene qarap otьrqan ulь Stalin sьjaqtь.

—Bizdi osьndaj вaqьttь əmirge çetkizgen qamqorьmьz-Stalin çoldas çasaŋьz!-degen nece tyrli qalьqtьŋ yni tutasьp вir kisidej cьqadь. Bul yn вizdiŋ вykil qalqьmьzdьŋ dostьqьnьŋ вejnesi sьjaqtь. Ulь otandь вir kisidej вolьp qorqajtьndьqtьŋ leвizi sьjaqtь. Meniŋ məçiliste uqqan ekinci nərsem osь edi.

Məskevde, məçiliste men mejrimdiliktiŋ cьn ənegesin kərdim: Kremildiŋ minвesine ər ulttьŋ вalalarь cьqьp səjledi. Sonьŋ вiri вizdiŋ qazaq qьzь Ravza вoldь. Solar səjlegende, Stalin çoldas dəl əz əkesindej elçirep tьŋdadь. Qulaqьn salьp, mejirlenip qarap turadь. Men Stalin çoldastь вykil elimizdiŋ вalalarьnьŋ əkesi sьjaqtь kərdim. Ol səjlegen вalalarqa tənip, вarlьq ьqьlasь men qarap turqanda, dəl əzimniŋ yjimdegi Patьjqa, Muqamet degen eki вalama elçirep tənip turqan sьjaqtandь. Sonda men: „Stalindej qamqorь вar elde вykil вalalar вaqьttь qoj" dep ojladьm.

Kəzir men yjimde вalalarqa cьn mejr salьp, qaвaqьn cьtqьzвaj tərвijelegim keledi. Qalaqan kezderinde Pətepon ojnatьp, keŋilderin kəterip otьramьn. Anasьna taza əsir, çasьtpa dep otьramьn. Əjelimniŋ əzide вuqan mojьn qojьp, вalalarqa qattь yjirtletin вoldь, tek əz вalalarьm emes, вykil qalqozdaqь вalalardь çaqsь əsiryvdi ata, analarьna tysindirip çyrmin.

Ərijne, ʙalanь ec kim çek kɵrmejdi. Biraq, ʙalanь ʙavьn tavьp çaqsь tərʙijelep ɵsiryv qьjьn ʙolatьn. Biz osь ʙalanь tərʙijelevge tɵselyvimiz kerek eken dep ojladьm.

Mejrimdiliktiꞑ taƣь ʙir mьjsalь: ʙir kyni Məskevdiꞑ kɵcesinde ycal, çatatьn yjimizden adasьp, kɵcede ujlьqьp qaldьq. Qoçьƣan kɵce, zəvlim yjler, qajdan kelgenimizdi ʙilmejmiz. Ol ʙizdiꞑ Qьzьl-orda, Sar aƣac sьjaqtь qalama. Birev di ʙirev ʙilip ʙolmajdь. Syjtip turьp tanьmajtьn ʙir kisiden çɵn suradьq:

— 3 Dom soʙet qajda?-dep...

— Çyriꞑizder!-dep ol ketip ʙara çatqan çolьnan qajta oralьp, ʙizdi ʙastap aldь da ketti. Kɵp çer eken, soƣan qaʙaƣьn cьtpaj ertip əkep kirgizip:

— Endi qajtajьn urьqsat etiꞑizder!-dep kyledi. Sonь kɵrip tipti razь ʙolьp kettim: „Bul Məskev-tegi mejrimdiliktiꞑ ʙesigi eken!“ dedim. Ɵzimizdiꞑ ʙajaƣь, ʙirev çɵn surasa:

— Anav çerde,-dep ijek kɵteretin qьlьƣьmьzdan qattь ujaldьm.

Məskev—tərtip eken. Sol az kyn məçiliste ʙolƣanda, kɵzge ɵreskel kɵringen tyk kɵrmedim av. Kɵcedegi qozƣalьs qandaj iretti. Sonca qumьrьsqadaj qajnaƣan qьjmьlda, ʙir selkev nərse kɵrmejsin. Omьravь alqa-salqa ʙolьp dalьʙraqtap çyrgen ʙir kisi kɵrmejsin. Çer ʙeti ʙьlaj tursьn, tipti çer astьndaƣь tamacanь qajtersin. Metьronьꞑ pojьzь men sɵryvendedik. Munьꞑ ɵzi Məskevdiꞑ qan tamьrь sьjaqtь. Məskev qalqь soƣan qalanьꞑ ʙar denesinen qujьlьp, ʙar desine qajta taralьp çatьr. Sol qozƣalьsta, sol qьjmьlda kickentaj ʙir aƣattьq çoq. Bəri dəl. Ɵz ornьnda, qajta kickentaj ʙizdiꞑ qalqoz dalasьnda ora colaq qьjmьl kɵp! qьjsьq çyrip, calьs ʙasьp opьr-topьr ʙolьp çatamьz! Stalinniꞑ qalasьnan, Stalin tərtiʙin yjrenyvimiz kerek.

Məskev—tazalьq eken. Biz sonca adam Kiremilde, dom soʙette topьrlap çyrgende, ʙir qoqьqan nərse kɵrmejmiz. Çatar ornьꞑda ʙir kircik kɵrmejsin. Icetin asьꞑ, ьdьsьꞑ qandaj taza. Sonca çurt qumьrьsqadaj qajnap çatqan kɵcesinde ʙir qoqьqan nərse ʙolsajcь! sonь kɵrgende, ɵzimizdiꞑ yjimiz, qalamьz ojƣa tysti. Bir komnat kip-kickene yjde otьrьp, sonь qoqьtamьz. Tɵr aldь caꞑ-tozaꞑ ʙoladь. Burqьldatьp sьpьramьz. Kɵrpeniꞑ de çijeginen kir ketpejdi. Ьdьstьꞑda qaspaƣь az emes.

Əjelim Talmaƣa Məskevden kelgeli osь tazalьqtь qattь eskerte ʙerem: „Tazalьq ɵmirdiꞑ eꞑ səni eken!“ dep.

Məskev—tamaca, savьq eken. Biz onьꞑ ojьndarьna ʙardьq. Qalqь qandaj savьqcьl. Turьsь qandaj kɵꞑildi. Ondaj turmьsь kɵꞑildi, qьzьqtь çerde-enʙek qalaj ɵrcimesin, is ɵnim qalaj kɵʙejmesin! Men sonь kɵrgende, ɵzimizge kɵp ɵkindim. Əli icteꞑe istemejsin. Qalqozda ojьn-savьq əli az, qulьp çoq. Əveli avьlƣa qьzьqtь oqьjtьn kitap kelmejdi. Meniꞑ osь kyni kɵʙinese kɵꞑil kɵteretinim Pətepon. Tynde əjelim, ʙalalarьm, malcьlar ʙolьp ʙərimiz ʙir az ojnatьp tamacaladьq. Biraq, ol qancalьq qanaqattandьradь. Kynde ʙir kyjdi ojnata ʙergen men, çanьꞑ azьq ala ʙereme! Tamaca, savьqtь kɵʙejtyv kərek ʙolar!

Məskev—oquv, Məskev—ɵner eken. Kez kelgen çerde kitap, gazet tolьp tur. Raqattanьp oqьp otьrƣan qalьqtь kɵresin. Bəri oqьp-ʙilip, ɵnerlene ʙeredi eken. Bizde kitap, gazet çoq. Bas qosьp oqьjtьn: çarьq, taza yj ʙolmajdь. Onьꞑ ystine ʙir qorlьq-qat tanьmajtьndar kɵp. Qat tanьmajtьn kisi oqьmajdь. Oqьmaƣan kisi ɵspejdi. Qur qara kycpen alьsqa ʙara almajsьn!

Eldiꞑ savatьn acьp, oquvƣa, ɵnerge yjretyv kerek.

Məskev—eꞑʙek eken. Sonca qajnaƣan qalьqta ʙos çyrgen ʙirev kezdespejdi. Biz syt zavьtьna, toqьma paʙirigine, taƣь talaj çerge ʙardьq. Sonda qьjmьl-qьjmьl eꞑʙek. Məskevdiꞑ ataƣьn aspanƣa kɵterip turƣan sol eꞑʙek sьjaqtь. Tipti eꞑ aqьrь qalanьꞑ kɵcesin alьꞑьzcь: ʙiz qьstь kyni ʙardьq ƣoj, sonda aspannan saʙap çavьp turƣan qardь, kɵcede kɵrmejsiz-kyrep, sьpьrьp, qьrʙьq tysirmejdi. Osьlardь kɵrgende, men

ɵzimizde əli de eꞑʙektiꞑ az ekenine mojьndadьm. Bizde amal taqьl qьlьp, eꞑʙekten çaltaqtap qacuv əli ʙar. Onь qojьꞑьz, tipti kickentaj qalanьꞑ kɵcesin, kɵpirin tyzemejmiz. Alça-alça, çulьm-çulьm ʙoladь da çatadь.

Biz eꞑʙek etyvdi Məskevden yjrensek: çumьsьmьzdьꞑ ʙerekeli, tərtipti, turmьsьmьzdьꞑ qьzьqtь ʙolatьndьƣь kymənsiz ƣoj dep ojladьm.

Qajsь ʙirin ajta ʙerersin. Tavsьlar emes. Kremilge, məçiliske qajta oralajьn. Kremilde endi ʙir erekce eki nərse kɵrdim. Bul ekevi meniꞑ ɵmirimde esimnen ketpejdi.

— Məçilis ajaqtaldь,-dep çarьjalanьp çurt ornьnan turdь, qol capalaqtap, uran-salьp: „kelesi məçiliske munan da zor taʙьs pen kelemiz!“ dep davьstap, ʙascьlar men qoctastьq. Sonda treʙyvnadan ʙasqalardьꞑ ʙəri cьƣьp ketkende: Stalin çoldas çeke qalьp: ʙizge qolьn ʙulƣap, qoctasьp, cegine-cegine ʙarьp, qolьn taƣь talaj ʙulƣap kɵrinʙejde ketti av. Tipti ketip qalƣanьn qьjmaj, qalьꞑ çurt: „taƣь ʙir kɵrinermedi“ degendej zaldьꞑ tɵrine qarap aꞑqarьlьp turьp-turьp ʙarьp, çyrip kettik. Men sonda onьꞑ ər ʙir qol ʙulƣavьn: „maldь ʙaƣьꞑdar, maldь. Bekem ʙolьꞑdar! men soƣan caqьramьn!“ degeniniꞑ ʙejnesi ƣoj dep uqtьm. Onьꞑ sol qol ʙulƣaƣanь əli kɵz aldьmda tur. Sol Stalin çoldas ʙasqarьp otьrƣan osь ʙizdiꞑ soʙet elinen ʙasqa qaj eldiꞑ malcьlarь mundaj qurmettevdi kɵrdi dejsin. Ulь danьcpannьꞑ ʙul qurmettevi-ɵmirimce meniꞑ esimnen cьqpajdь ƣoj.

Endi ʙir esten ketpes nərse-ol otanьmьzdьꞑ ordasь, Ortalьq Atqaruv Komijtetiniꞑ yjinde orden alƣanьm ʙoldь.

Kalijnin aqsaqal kyle çajnap, malcьlardьꞑ ɵmiravьna çarqьratьp, Odaqtьꞑ eꞑ çoƣarƣь nagratь-ordenderdi qadap qoldarьn qьstь. Meqajьl Ijʙanoʙic aqsaqal meniꞑ qolьmdь da qьsьp: Lenin ordenьn qadadь. Sonda, meniꞑ talaj zaman taƣdьrdьꞑ tajaƣьnan avьrƣan çyregim ʙir çola ajьƣьp, tula ʙojьmdь çьlьtьp qoja ʙerdi. Meni men ʙirge Qazaƣьstannan ʙarƣan soʙettiꞑ ʙel ʙalasь, kɵꞑiline qajav tyspegen-Aldoꞑƣarьp degen ʙalada Lenin ʙaʙasьnьꞑ ordenьn qadadь. Sonda men: „Stalin ʙastaƣan elde adal eꞑʙek qьlƣan ylken kiciniꞑ ʙaqьtsьzь ʙarma“ degen ojlarьn ər malcьnьꞑ aq ʙet açarьnan kɵrgendej ʙoldьm.

Bul myjnetti men ec vaqьt esimnen salmajmьn.

Aldaƣь çumьsьmьzdь ajtamьn dep Məskevdi oralьp cьqtьm ʙilem. Vaqasь çoq. Aldaƣь çumьstьꞑ ɵzi sol Məskevde ʙolƣan məçiliske, məçiliste Stalin çoldasqa ʙergen yvədege ʙajlanьstь edi.

Kesemimi ge ʙergen yvədeniꞑ ʙiri-çyz sьjьrdan çyz ʙuzav ɵsiryv edi. Bul yvədeni orьndav ycin eꞑ aldь men malcьlarƣa syjenyv kerek. Sondьqtan, Stalin çoldastьꞑ sələmin olarƣa əʙden tysindirdim. Malcьlar ɵz ara çarьsqa tysti. Bul yvədeni orьndavdьꞑ ʙastь cartь. Kəzir tuvƣan ʙuzav tygel aman. Kytimi çaqsь, eti semiz. Bul ekinci cart. Biz osь ədisterimizdi endi onan əri kycejte ʙeremiz. Onьꞑ ystine, çyz sьjьrdan çyz ʙuzavdь aman ɵsiryv men qatar, ʙьjьl ekinci iret ʙuzavlajtьn sьjьrьmьzdьꞑda ʙir tɵlin cьƣьn qьlmajmьz. Sonda ʙir çьl icindegi tɵlimiz sьjьrdan əlde qajda asьp tysedi, ʙul ʙir.

Ekinci—sьjьrdьꞑ tuqьmьn asьldandьruvdь da qolƣa aldьq. Ɵtken çazda eki Cibets ʙuqasьn alьp yjirge qosьp edik, onьꞑ alƣacqь tɵli çaqsь tuvdь. Bьjьl sьjьrьmьzdьꞑ ʙəri osь asьl ʙuqalarƣa qacadь. Sonda aldьmьzdaƣь kyzden ʙastap, kelesi çьlь ʙuzavьmьzdьꞑ ʙəri caqьrmaq ʙuzavƣa ajnaladь. Syjte ʙarьp, sьjьrdь ʙir çola asьldandьrьp cьƣaramьz.

Mindet tek osь ƣanama. Sьjьrdь aman ɵsiryv men qatar, onь ɵnimdi etyv mindeti çatьr. Sьjьrdь ʙurьnqьdan əlde qajda sytti etyvimiz kerek. Bul mindetti orьndav çɵninde-sьjьrdьꞑ çejtin azьƣьn çɵndedik. Çьldaƣьdaj tek kyndiz çajьlƣan ɵris cɵʙi men qojmaj, keckisinde çoꞑьcqa salьp, ʙir mezgil çem ʙerip otьrmьz. Kəzir sytti ʙurьnqьdan əlde qajda mol ʙere ʙastadь. Bьjьl sьjьr ʙasь 16, 5 kijlogiram maj ʙeryvge ʙel ʙajlap otьrmьz. Əzirgi təçirijʙemizge qaraƣanda, mal azь-

ƣьn əligindej oꞑdaƣannan kejin, syttiꞑ molajuvь men qatar, majlьlьƣь-da əlde qajda artьp, maj çosparьn orьndavƣa tolьq senim tuvьp otьr.

Вьltьrƣьdan вьjьl et pьlanьnda əlde qajda artьq ʙeremiz. Ystimiz-degi 36-çьl 2140 kijlogiram et ʙeryvge tijis edik. Onь kəzir ʙirinci toqsannьꞑ ɵzinde aq tolьq orьndap, kelesi 37-çьldьꞑ esɵʙine 314 kij-logiram et tapsьrьp qojdьq.

Ərijne, ʙizdiꞑ ʙьlaj pьlandь aldьn ala orьndaƣanьmьz, otanьmьz-dьꞑ ulь progiramьnьꞑ ʙurьn orьndaluvьna sep ʙoladь dep ʙilemin. Otanьmьzdьꞑ el qorƣav quvatьn arttьradь dep ʙilemin.
Kɵsemimiz Stalinge ʙerilgen sert-ʙir kynniꞑ, ja ʙir çьldьꞑ serti emes. Bul ʙykil ilgergi ɵmirimizdiꞑ kɵꞑildi, kɵrikti ʙoluvьnьꞑ, əzirlevdiꞑ ser-ti. Biz ʙul sertti ʙulçьtpaj orьndasaq qalqoz tez ʙajьp, kɵteriledi, nь-ƣajadь, elimiz avqattь, mədenijetti, turmьsь cat, quralь kycti elge ajna-ladь. Dəvletti, mədenijetti, turmьsь cat quralь kycti el eç ʙir çavƣa ɵzin aldьrmajdь.

Mine, meni ɵrge tartьp, ɵmirdiꞑ ʙijigine cьƣarьp turƣan osь ƣoj: tɵꞑeregimdi keꞑ acьp, qьjьrƣa kɵzimdi çetkizip tur. Kyndiz-tyni ʙar-lьq ьqlasьndь salьp, cьn ьnta ʙejiliꞑ men qьjmьldap, osь mindetti my-dirmej orьndavdan ardaqtь, ne ʙar dejsin! dep Abdolla qojlьʙajьp əꞑgi-mesin ajaqtadь.

Əꞑgimesin çazьp alƣan—Ormanьp Ƣalьj.
Keles avdanь, „Nurmaqьp“ qalqozь.

---

**QALMAQAN**

# Çьlqьcь

Tys qajta kyn qaʙaƣьn tyje ʙastadь. Buzьlƣan seꞑdej kɵkti ʙas-qan surƣьl ʙult sьrьlьp ʙirine ʙiri taqalьp, ijin tiresiti. Qarlь tav qa-ʙarƣa minip, ьzqьrьq çelin de çelisinen aƣьtqandaj ʙosatьp qoja ʙerdi. Çap-çaꞑa çipsigen teridej ʙosaꞑsьp çatqan çer qanьn icine tartьp, qan icetin kisiniꞑ tyrine kirdi.

Tavdьꞑ çьqpьl-çьqpьlь siresken çьlqь. Biri qulьnьn ajaqtatьp qa-sьna ertip, ʙiri ijskep ystin qurƣatьp ʙiri ьꞑьrsьp çaꞑa tuvƣalь çatьr. Çamancьlьq rajьn sezdirgen kynge çьlqь da tez tysingendej ʙoldь. Ajƣьr azьnap, qulьn cьrьldaj ʙastadь, nəreste ycin çanьn salƣan enesi oqьr-anьp ystine tyse qaldь. Çannьꞑ qьzьlƣanьn qьzьq kɵrgendej suvьtqan kyn suvta tysti. Yjirin adamca kyzetetin aq çal ajƣьr adam caqьrƣan-daj aznap, qьrƣa yc ret cьqtь da, çьlqьnь tavdьꞑ quvьsьna qaraj quva çɵneldi. Ol yjirdi kyzetetin Qoçьm erte men avьlƣa ketken. Onьꞑ ke-letin vaƣь da ʙolьp edi, sələm ʙere ʙarƣan Rьspaj derektir ьstьq ʙot-qadaj çaʙьstь:

,,Ajnalajьn meniꞑ çьlqьcьlarьm... Senderge “sələm ʙere keldik,, degendej tɵʙem kɵkke tijdi... Meniꞑ çьlqьcьlarьm ʙuzavlap çatьr de-gen ras qoj ə, ras-ras...Aj malades, mьjlьj moj!..attan tys, spert avьz tij!..
— Ej, qatьn!...Oj əkeꞑniꞑ.... meniꞑ çьlqьcьm...o...quj spert! dep yji-ne tysirdi. Aq çal ajƣьr ajdaƣan yjirdiꞑ qoçasь Qoçьm solaj otьrьp qaldь.

Qorƣamʙaj kɵp çьlqьnьꞑ ʙir toʙьnda. Onьꞑ ɵzge qazaqtaj ata tegi de çoq. Kɵp çьlqь osь araƣa çьjnalƣanda ʙirge kelipti. Qьs ʙolsьn-çaz ʙolsьn avьlƣa kelip, ne kantorƣa ʙarьp çyrgenin adam kɵrgen emes. Kyni-tyni çьlqь men ʙirge çyredi. Boranƣa ʙirge toꞑadь, ьstьqqa ʙir-ge kyjedi. Cьnьn ajtqanda Qorƣamʙaj ʙaqqan çьlqь ʙɵranƣa ysip, kynge kyjmejdi. Əmʙege ʙirdej cildeniꞑ cьʙьn-cirkeji de Qorƣamʙaj çyrgen çerde çyrmejdi. Qasqьr Qorƣamʙaj çyrgen çerde yc kec çer qacьp çyredi. Onьꞑ qasqьr qorqatьn ijisi ʙar!... Urь-ɵtirik pe? oƣanda

qasijeti ʙar. Tyngi kyzetine suvьq qolьn suqqalь talaj qaraqcь turƣan. Biraq qьrьvar çьlqьdan qьlcьqta ala almajdь.

Bir kezde tɵrt urь turьp tyni men əvre ʙolьptь. Urьnьꞑ ʙiri çьlqьnь ajnala çygirip çyrgan at ʙasьndaj eki coq kɵripti. Ol qaj çьlqьnьꞑ çanьna çaqьndasa da carьldap aldьn oraj ʙeripti. Taꞑƣa çaqьndaƣanda ʙajqasa eki ot degeni Qorƣamʙajdьꞑ eki kɵzi eken dejdi.

Ekinci ʙir urь çuvandьƣь tyjedej, uzьndьƣь, tɵrt çyzdej çьlqьsь ʙar taʙьndь, tygel orap çatqan çьlan kɵripti. Çьlannan qorqьp ajnalaʙeripti, ajnala ʙiripti. Olda taꞑatqan soꞑ Qorƣamʙajdьꞑ qurьƣь ʙolьp cьqqan. Ycinci ʙirev qoldьꞑ salasьndaj çьlqьnь ajnalƣan əsker kɵripti. Tɵrtinci ʙirevine çьlqь kezdespej, çьlqь degeni esepsiz qasqьr ʙolьp, qasqьrdan qorqьp ʙir çьrada taꞑ atqanca tьƣьlьp çatьptь. Osь urьlar eki çuma ajnaldьrьp, aqьrsьnda kɵzge tysip ustalatьn ʙolƣan soꞑ el maꞑьna çolaj almaj tavdan əri ɵtip ketipti...

Əne ʙir cetki Mьrçьqpajdьꞑ yjinde kelte ʙaqaj çeꞑgej ʙar emespe. Sol ɵzindej əjelderdi çьjnap alьp, suv çaƣasьnda el çatqanca əꞑgime soƣadь. Əꞑgimelerinin kɵʙi Qorƣamʙaj tuvralь ʙoladь. Ol tьrsьjƣan ʙetin çьjьrьp, ʙir cimirkenip, kɵzin ʙir qьsьp qojьp:

— Qorƣamʙajdь adam emes dejdi ƣoj—dejdi.

— Endi kim eken ʙajƣus-av?!-dejdi qasьndaƣьlar.

— Ənevgi ʙizdiꞑ yjge çьjnalьp spert, ickender ʙar, (icinde derektirdiꞑ ɵzi ʙar) Qorƣamʙajdь:

— Eger adam ʙolsa "çьlqьcь ata" degen osь...Kɵp çьlqьnьꞑ icinde çyredi dejtin. Al, adam ʙolmasa çьlqьnьꞑ ɵzinen tuvƣan-,,qutь"-desti. Ɵzi çьlqьnьꞑ tilin ʙiledi eken.

— Onь kɵrgen kisi ʙar ma eken?..

— Bar. Paletotdeldiꞑ nacandigi kɵripti. Ɵris avьstьrьp çьlqьnь ajdarda, qьsqь teʙinge ajdaƣanda, ʙir əjdik ʙoran ʙolarda, ne ʙir qulьndarƣa ɵtip keterlik qara çaꞑʙьr çavarda çьlqьnьꞑ ʙarlьƣь çьjьlьp Qorƣanʙajdь qorcalajdь eken. Tipti çaqьnda çyrgen taʙьndardan da çьlqь ʙaratьn ʙolsa kerek... Bir kyni çaqьnda çyrgen taʙьnnan tɵrt qunan qacьp, çьlqьcь ʙitken quvьp, qajьra almaƣan. Qustaj ucьp, qujьndaj yjirlip otьrьp, Qorƣamʙajdьꞑ taʙьnьna qosьlьptь. Artьnan ʙarƣan çьlqьcьlarƣa:

— Tentekter sonca quvьp çetemiz dediꞑder me? Bul atasьna amandasqalь kelgen ƣoj.

— Bərekelde cьraqtarьm, ɵmirli ʙolьꞑdar... dep kɵzderin sьjpap, qulaqtarьnьꞑ tyʙin qasьp, ʙastarьn ijskepti. Sonan soꞑ çьlqьcьlar ajdaƣan eken, ec qajda qacpaj yjirine kelipti. Ketip ʙara çatqanda:

— Endi çьlqьlarьꞑdь tavdьꞑ qaraƣajlь çerinen sьrьp, çazьqqa tysiriꞑder. Endi, muan ʙьlaj qaraj sona kɵʙejedi—depti. Qacьp ʙarƣan qunandar—sona „caqtь" dese kerek. Sol kyni çьlqьnь aralap çyrgen Poletotdel, çьlqьlar Qorƣamʙajdь ortasьna alьp, adamca ʙir nərseler ajtьp turƣanьn kɵripti...-dejdi ʙaqaj çeꞑgej.

Sol çьlqьcь ataƣa ьrajь ʙuzьlƣan kyndi kɵrgen çьlqьlar oqьranьp, kisinep „kəjtemiz" degendej ʙoldь. Aspanƣa ʙir, çьlqьƣa ʙir qarap ciʙerip "saspa" degendej ьjcarat ʙildirdi Qorƣamʙaj. Çaꞑa tuvьp, ysti qurƣamaj çatqan qulьndь kypisine orap, aldьna ɵꞑgerip, cijeli sajƣa qaraj tarttь. Enesine ergen tavьqtьꞑ ʙalapanьndaj çьlqьsь cuʙьrьp artьnan erdi.

Cijli sajda cɵp çьjƣan eski ordь ʙurьnnan ʙelgilegen ʙolatьn Qorƣanʙaj. Otьz çeti qulьndь çaƣalaj orƣa ʙajlap, ortasьna cijdi cavьp yje ʙerdi, Buzьlƣan kyn tyꞑerip, cɵkken avьrmalьqtaj qojuvlana ʙerdi. Ucqьndap qar tysip, ekilene çel soqtь. Adьm çerdi acьq kɵz kɵrmejtindej ʙoran ʙoldь da ketti. Qorƣanʙaj ordь çaƣalaj ot çaqьp, qulьnƣa kelgen ʙorannьꞑ ʙetin ot pen saʙalap arpalьstь. Boran qaharlь zərin qanca kycejtse, çьlqьcь qaçьrlь qajratьn onan eki ese ydetti. Boran eki kyn-eki tyn soqtь da, ycinci kyni taꞑ ata toqtadь, Qorƣanʙaj ʙo-

ran astьnda tuvqan вes qulьndь oravьn çazьp, enesine emizip, çatьp azьraq kəz ilindirdi.

— Qorqanвaj... Ə, Qorqanвaj... adamnьŋ urlьqь tygil, taвьjqattьŋ zorlьqьna tyk вermejtin sen sьjaqtь er kyzetcisi вar keŋestiŋ caruvasьn kim muqatam dep ojlar eken?!, tur erim mьna kijimderdi kijip, tamaq ic... Çьlqьŋ ərip вaradь... dedi Polctotdel. Əzge çьlqьcьlar ças təldiŋ çarьm—çartьsьn вoranqa вergende, qьrьq eki qulьnnьŋ qьlcьqьna qьrav da turqьzвaj вaqьp cьqtь.

Sol Qorqanвaj ekinci malcьlar sijeziniŋ вas delegatь edi. Öl:

— Men keŋes ykimetiniŋ, çumьscь qalqozcьlar ajвьndь qьzьl əskeriniŋ at вaquvcьsьmьn! Meniŋ keŋes eliniŋ вes marcalьna arnap вaqqan вes tajьmnьŋ atasь çel, anasь qus. Sonьŋ вapkeri men çьlqьcь atamьn!—dedi.

---

## Q. CƏKENIP

# Qoçaqьmettiŋ quvanьcь

Esçanьp Qoçaqьmet Cijen qalqozьnьŋ permedegi sьjьrlarьn Dənge lek вulaqtьŋ kymistej məldir suvьna qandьra suvarьp, Suvьq təвe tavьnьŋ kilemdej qulpьrqan gyldi cəpti çasьl təskejine çapa tarmaqaj qaptata çajьp çiвerip, tyçirkesiniŋ təs qaltasьndaqь gazetti qolьna aldь. Qoçaqьmet gazetti qolьna alqanda, ulь quvanьctь вir çьjnalьsta Qastek avdanьnьŋ partija ujьmdarь men sol avdandaqь вytkil kəpcilikke вergen вir serti, sol çьjnalьstaqь cattьq qьzьqtar onьŋ esine tysti.

...Uzьn aqactьŋ kəcesi qumьrsqadaj qajnaqan kəp qalьq, çelвirlep tolqьqan qьzьl çalavlar. Bul adamdar, Məskev qalasьnda вolqan mal caruvacьlьqьnьŋ aldьŋqь qatardaqьlarьnьŋ вirinci məçilisine qatьsьp ordender alьp qajtqan Qastek avdanьnьŋ altь ordendi erlerin qarsь aluvqa cьqqandar edi. Avdan qalqь ardaqtь adamdarьn ortaqa alьp çalьndь qurmet, cattьq quvanьc pen qarsьlaqanda, ordendi altь erdiŋ вiri вolьp, tylki tumaqьn tyre kijip Esçanьpta turdь. Qurmettep qarsь alqan qalqьna ardaqtь ordendiler esep вergende, sol ordendilerdiŋ вiri вolьp Qoçaqьmette səjlegen edi, sol məçiliste.



Esçanьp Qoçaqьmet.
(Qastek avdanь, Cijen qalqozьnьŋ malcьsь, nagratqa „Eŋвek qьzьl tuv“ ordenin alqan).

Qoçaqьmet Meskevdi aralaqanьn, Metroda вolqanьn, Stalindi kərgenin, qalьqtьŋ ulь kəsemi, ardaqtь dosь Stalinniŋ aldьnda mal əsyvde вergen sertin, əziniŋ eŋ вaqьttь turmьsqa ajaq вasqanьn, eliniŋ qьzьqtь cattьq kyjin uzaq səzder men səjlegen edi qalqьna—çumьscь, qalqozcь çoldastarьna.

— Çyz sьjьrdan çyz вuzav, вir sьjьrdan çьlьna yc mьŋ lijtir syt, dedi, çьjnalqan qalьqqa ottь çiger, çarqьn çyz вen Qoçaqьmet.

— Əz ara-sьn retinde ajtamьn çoldastar,-dedi Qoçaqьmet,-men Məskevde ajtьp вitirgisiz qьzьqtardь kərdim, вərin вirdej ajtuvqa tilimde çeter emes. Bijik-вijik yjler, ylken zavьttar. Çyn, maqtadan kezdeme, teriden вulqarь, вərin istep çatqan çumьscь çoldastarьmьz. Biraq, ne kerek osьndaj keŋ əmirde çyrip əzimniŋ osь kynge dejin qat tanьmaqanьma

qattь ujaldьm. Ne qьlsamda, çoldastar, tajav mezgilde qat tanuvqa tьrь-samьn, kөвiŋe вeretin sertim osь. Men kecegi qarapajьm Esçanьp emes, men Staqanьrсьl, men ordendi er, maqan qat вilyvge вirinci mindet,-dep edi sol çьjnalьsta Qoçaqьmet, Esçanьptьŋ вul sertine mьŋdaqan qa-lьq sart surt qol capalaqtaqan вolatьn.

Qoçaqьmet, osь kөrinisterdi esine tysirgende, aman-sav вuzavlaqan perme sьjьrlarьna ajnala вir qaradь. Cyjgin cөpterge, sonь çajьlьmqa kytip вaqqan sьjьrlarьnьŋ kyвidej-kyвidej çelinderine, syjem-syjem em-cekterine kөz saldь-da, өzinin taza qьzmetine masattanьp icinen qattь quvandь.

Gazettiŋ вirinci вetine kөzi tyskende, Qoçaqьmet erlenip ketti, ol taqьda quvandь; orden alьp qajtqannan вeri „Sav çoj" kitaвь kyni-tyni qolьnan tyspejtin. Ol çьjьrma toqьz әripti әlden-aq ajьrьp kөzi әripter-diŋ sьrtqь tyrine qanьqьp qalqandaj edi. Yjtsede, әripterdiŋ вasьn qo-sьp oqьqanda sәl qьjnalatьn tәrizdi. Әsirese uvaq әripterdi qaraqanda kөzi вuldьrlaqandaj вoladь.

Qoçaqьmet gazetke ynile qaraqanda, kөzi sәl acьlqandaj вolsa da, orden alьp qajtqandьqь elinin qarsь alqan çьjnalьsьnda sөjlegen kej вir sөzderi taqь da esine tysti;

„Men alpьs tөrt çastamьn. Alpьs tөrt ças adamqa edәvir ças. Biraq qьzьl astanamьz Meskevdi, ulь вascьmьz Stalindi kөrgeli qajratьmdь tas-taj, denemdi qurьctaj sezip turmьn. Men çьjьrma вestegi çigittejmin. Meniŋ өmirim qajta çasardь"-dep edi Esçanьp quicьna sөjlep kөp aldьnda.

Osь sөzderin ojlap turdьda:

— Men—çasarqan adam. Men—çaŋa zamannьŋ, çaŋa eldiŋ çaŋa qaharmanь,—dedi, вizge kyle qarap Qoçaqьmet, syjtti de, kөzin ylken вet oramalь men syrtip, gazetti qьmtьnqьrap ustadь.

Kecegi çalpь çьjnalьsta kөp ortasьnda talqьlanqan konstijtuvtsija-nьŋ proektin,-munь men tьnвajmьz, qat вiletinderiŋ de, cala savattьlarьn-da konstijtuvtsijanьŋ әr вir statijasьn өz kөzderiŋ men oqьŋdar,-degen qalqoz predsedatelinin sөzine çurt pen вirge Esçanьp ta „qup" dep edi. Qoçaqьmettiŋ manadan вeri gazetti әlde nece ajlandьrьp çyrgenide osь çumьs edi.

„Sovetti sotsijaldь respuвlijkalar odaqьnьŋ konstijtuvtsijasь (negiz-gi zaŋь)" degen iri çazuvdь Qoçaqьmet eki dyrkin oqьp cьqtь. Oqьqan sajьn çyregi attaj tuvlap quvandь.

Qoçaqьmet, konstijtuvtsijanьŋ onьncь, on вirinci taravlarьna, әsir-ese вir çyz on segizinci, вir çyz on toqьzьncь, вir çyz çьjьrmancь, вir çyz çьjьrma вirinci, вir çyz otьz вesinci, statijalarьna әlde nece ajna-lьp qaradь. Әr вir sөzderdiŋ вuvьndarьn dәnelep acьq davьs pen nьq-nьq ajьrьp oqьdь.

— Ne ajtadь, qos aqasь?—degende, Qoçaqьmet çьmьŋ etip kyldi de:

— Qartajsam, qьzmetten qalsam memleketten çәrdem aluvqa pra-вalьmьn,—dedi.

Qoçaqьmet gazetten kөzin alьp erni çaвьrlaqanda, onьŋ вir nәrse ajtqalь otьrqanь kөz çanarьnan вet açarьnan ajqьn вilinip turdь.

— Solaj qos aqasь, sovet elinin graçdandarьnьŋ pravosь ylken. Osьn-daj pravolardьŋ вirde вiri вajlar memleketindegi çumьscь, qara caruva-lardьŋ вirinde de çoq,-dedik вiz, Qoçaqьmettiŋ quvanьcьna qosьla.

— Bras, aj-qaj, çalqan! osьndaj вaqьttь өmirdi өz kөzi men kөrgen pende de adamcьlьq pravo çeninde armanьm вar derme eken?—dep Qo-çaqьmet tereŋ ojqa вattь.

Çajьlьp çatqan kөp sьjьrdьŋ өz çaqьnda Ala tavdьŋ вujrat-вujrat salalarьndaqь qara quzar tastardan sekirip aqqan вulaq suvьnьŋ davьsьn estigende, Qoçaqьmet ertedegi acь өmirdiŋ вelgili вir kezeŋin, esten ket-pegen вir ajqaj cuvьn kөz aldьna elestetti.

— Pravo degende eske tysedi,—dep вastadь ol sөzin,—вajaqьnәŋ вajaqьsь вolьp вaradь. Odan вeri talaj çьldar өtti. Talaj kezeŋderdeŋьd

asьp tystik. Мьna cac, mьna saqal... ije, ne kɵrmedi dejsiꞑ, сьraqtarьm, —dep, Qoça ekeꞑ sijrektev kelgen aq aralas saqalьn sьjpadь. Onьꞑ kyrəꞑ ʙarqьttaj ʙyjrek ʙetine ɵtken ɵmirindegi azap penen ьzanьꞑ izi de, ʙygiꞑgi ɵmirindegi raqat penen quvanьсtьꞑ izi de aralasa сьqtь.

— Sɵjle,—destik.

Qoçaqьmet qolьndaƣь gazetin çьjnaꞑqьrap ustap sɵz ʙastadь.

— Sajlav çaqьndadь desip ʙajlardьꞑ gypildeskenine ajƣa çuvьq ʙolƣan.

Çajcьlьqta çalƣьz atьmьzdь lavƣa ustap əketetin çasavьldar da, ƣamat сьƣьndь ʙajlardan kɵri ʙizderge—kedejlerge ʙasa salatьn ctarcьndar da, aq-isimizdi aramƣa avdarьp ʙeretin ʙijler de, suvdь sytke aralastьrьp, ʙirdi ʙirge qaqtьqtьrьp taqьmьnan mal taʙatьn atqa minerler de əvligip atqa ministi. Eꞑʙekcilerdi qara qurttaj arʙavƣa kiristi. Bajlar, qaçьlar, çuvan atalar ʙirevdi aqca men, ʙirevdi kyc pen, ʙirevdi dav men, ʙirevdi qudalьq pen alьp çatьr. Əjel atavlьda eçelden ese çoq. Onda adamda erik çoq, adam sɵjlemejdi, aqca sɵjlejdi, at sɵjledi, as sɵjledi, ʙaj sɵjledi, mьqtь sɵjledi, adam ʙalasьnьꞑ praʙosь osьlarda ʙoldь.

— „Ьʙьrajьm aƣaꞑ osь sajlavda da ymitti kɵrinedi, quvanʙajsьnʙa, kimge tas salasьꞑ“?—dep sum kylki men çьmьꞑ etti, Ьʙьrajьmnьꞑ aq toqalь, çartь tostaƣan qьmьzdь usьna ʙerip çajlav ystinde.

— Qajdam, сьraƣьm, qudaj ʙiledi-de,-dedim.

— „Çamannьꞑ qudajcьlьn“. Iciꞑ tolƣan aram-av, ə?-dedi aq toqal sarь tostaƣandь qolьmnan çulqьj tastap.

— Çartь tostaƣan qьmьzьꞑ satuvlь ʙolsada, çutьlьp ketti ƣoj, vaqasь çoq,-dedim. Yjde otьrƣandardьꞑ ʙir azь duv kylisti. Olardьꞑ kɵʙi sajlav tartьsьnan pajda tavьp, car tartьp, et pen qьmьz izdep çyrgender. Icim sezedi, kɵʙi Ьʙrajьmƣa qarsь, tek sьr tartьp qajtuv ycin çyrgender edi, otьrƣandardьꞑ ʙir azь kylgende Ьʙьrajьm da, Aq toqalda surlanьp ketti.—dep Qaça ekeꞑ de kyldi, ʙizde kyldik.

— Ɵzinde praʙo çoq, aq toqaldьꞑ ojьnda ne ʙar eken, e?—dep ʙir qalqozcь kyldi.

— Bərekelde, ol ne degeniꞑ, əjelde ʙolsa, aq toqaldьꞑ ojьnda tap namьsь ʙar ƣoj,—dedi Qoçaqьmet tysin suvьqqa salьp.

— Ьras,—destik Qoçaqьmettiꞑ sɵzin qoctap.

Qoçaqьmet sɵzin taƣь sozdь:

— Ojaz keldi, yj sojьs,сьƣьn,— dep, sarь ala mojnaq qьlьc pen sanьn olajda, ʙulajda soqtьra, ʙir kyni Eldemʙaj çasavьl çetti. Sojьs,lav degen eldi ʙasьp ketti. „Meniꞑ elyv yjim, meniꞑ atalasьm, meniꞑ uruvьm“ desip, quvlardьꞑ ʙəri de pajdasь ycin „çurt qamqorь“ ʙola qaladь. Qamcь ʙitken on eki taspadan ɵrildi. Çurt qolƣa tykiristi. Beldi ʙekem ʙuvьstь, at qujrьƣьn tijisti,—dep Esçanьp qolьn qolьna sart-surt etkizdi. Otьrƣan qalqozcьlar ol kyndegi „praʙonьꞑ“ aqca menen qamcь da ekenin, ʙaj menen mьqtьda ekenin sɵz qьlьsьp otьrdь. Bəriniꞑde çyzderi çarqьn. Asa quvanьcta otьrdь. Bulardьꞑ quvanьctarьn qocemet etkendej, saj quvalaj soqqan samal çeldiꞑ leʙi men kɵk ʙetkej tavdьꞑ gyldi cɵpteri damьlsьz teꞑselip, Esçanьpqa qaraj ʙastarьn ijip turdь. Qoçaqьmet sol oqьjƣanь uzaq sɵz ʙen ajta otьrьp, konstijtuvtsijanьꞑ tijisti statijalarьna sol zamannьꞑ tijisti syvretterin salьstьra otьrdь. Bizder Qoçaqьmettiꞑ əꞑgimesin erinʙej tьꞑdadьq.

Qoçaqьmet, Ьʙьrajьm men carƣa talasqan Caltaʙaj qoçanьꞑ ʙajlьƣьn mьqtьlьƣьn, Caltaʙaj men Ьʙьrajьmnьꞑ qajsьsь ʙolьs ʙolsa da kedej, ortacaƣa zьjannan ʙasqa, qьldaj pajdanьꞑ tyspejtinin, çumьscь kelse sol sajlavƣa ʙarmaj-aq əlsiz carıvasьn istep cijettej ças ʙalalarьn asьrap yjde otьrmaq ʙolƣanьn, ʙiraq, Dɵnen elyv ʙasьnьꞑ Qoçaqьmetti sajlavƣa zorlap aparƣanьn, „ʙir kisi ʙolsada, car talasьnda kerek ʙoladь, Ьʙьrajьmƣa qol kɵter, aƣajьnьꞑ azarь ʙolsada ʙezeri ʙolmajdь. Ьʙьrajьmnьꞑ qojьn on ʙes çьl ʙaƣьp çendi aqь almaj çyrmin deviꞑ ʙilmegendik. Ьʙьrajьmda ʙar ʙolsa zьjanь tijeme“—dep çьl ʙojь Dɵnen elyv ʙasьnьꞑ ygittegenin uzaq sɵzder men sɵjlep сьqtь.

— Ɵzime tən elyv yjden ʙir adamdь tьrьp etkizʙejmin dep, əlgi Dɵnen elyv ʙasь Ьʙьrajьmnan ʙir toqtь, ʙir qaƣaz cəj alьp qojƣandьƣь eki kynnen soꞑ-aq eldiꞑ qulaƣьna dyꞑk ete tysken,—dedi tisin ʙasa sɵjlep Qoçaqьmet ʙir mezgilde, otьrƣan qalqoz malcьlarь, ʙolьstьqqa talasьp mal cacqan adam, ʙolьstьqqa ilinsede, ilinʙese de kyni erteꞑ ol cьƣьndь elden çьjnap alatьnьn sɵz arasьna qьstьra ajtьp otьrdь.

— Sonь men, ne kerek, sajlavcь tɵreniꞑ qojnь qanca aqcaƣa tolьptь. „ojaz çatqan yjge Caltaʙaj eki kirip cьqqanda, Ьʙьrajьm tɵrt kirip cьqtь“ degendi Əʙdiqalьq quv ekiniꞑ ʙirine sьʙьrlap ajtьp çyrgenin qulaƣьmьzda estidi,—dejdi çaj salmaq pen Qoçaqьmet.

— Kirgen sajьn aqcanь uvьstap qujatьn cьƣar ojazƣa,—dep kylisti qalqozcьlar. Əꞑgime sozьla ʙerdi:

„Ɵteptiꞑ sazь“ degen çerge sajlav yjleri tigilgen eken. Çɵpcendi tɵʙedej ʙolьp turƣan Ьʙьrajьmnьꞑ aq yji Qoçaqьmettiꞑ kɵzine anadajdan tysti. Yjlerdiꞑ arьndaƣь ɵzektegi irkin suvƣa malьp tasatƣan ʙes, altь çyz sojьldьꞑ icinde Ьʙьrajьmnьꞑ qara ʙaqanь ʙirge çatqanьn Qoçaqьmet anьq kɵrdi. „Ojpьrmaj, kisi ɵlip qalmasa ne qьlsьn“ dep Qoçaqьmet icinen ojlap cocьdь.

Sajlav talasьnda turƣan eki çaqtьꞑ adamь ʙir-ʙirine sələm ʙerispejdi. Bəriniꞑ de icterine qan qatьp qalƣan sьjaqtь. Ьʙьr-sьʙьr, picyv,-picyv sьpsьꞑ sɵz kɵʙejip turadь. Çannьꞑ ʙəri eki-ekiden oꞑaca cьƣьp, otьraqalьp sɵjlesedi. Ьʙьrajьmnьꞑ artь çer ijisker emes, ʙirevden soꞑ ʙirev“ kickene mojnьꞑьzdь ʙursaꞑьz, siz ʙen eki avьz sɵzim ʙar edi, ʙeri taman keliꞑizci“ dep ala kep çɵneledi. Kej ʙirevler mojьndarьn çaƣasьnьꞑ icine qьrçьjta tьƣьp çiʙerip sɵjlejdi, onьꞑ çanьndaƣь ʙirev ʙɵrkin ʙasьnan çulьp alьp qoltьƣьna qьsa qojьp, çyresinen otьraqalьp sɵz tьꞑdajdь. Anav ʙir ʙutanьꞑ tyʙinde eki adam çantajьp sɵjlesip otьr. Kej ʙirevler tumaqtьꞑ eki qulaqьn qajьra ʙajlap, tumaqtьꞑ artьn salʙьratьp qojьptь. Bir ekev anav kɵringen tastьꞑ ystinde otьr. Birevi suq qolь men əldeneni qadap kɵrsetip sɵjlep otьr. Birevi quv cɵpti tistep tykirip, ananьꞑ sɵzine ьjmandaj ujьp otьrƣan tərizdi, ɵzgeniꞑ attarь er toqьmь men, yzeꞑgiden calьp alьp tusaƣan qьl cьlʙьrdьꞑ ycin selteꞑdete sekirip çajьluvda çyrsede, Eldemʙaj çasavьl men Dɵnen elyv ʙasьnьꞑ çanь tьnьm tappaj, əri ʙeri caqpьlap, dyrkin-dyrkin Ьʙьrajьmƣa çolьƣьp qajtьp çyr. Osьlar tektes caqpьlap çyrgen talaj adamdar Qoçaqьmetke tys tanьs ʙolsada, olardьꞑ nemene iliktegi çandar ekenine Qoçaqьmet onca qanьmdь da emes. Tusaƣan atьnьꞑ qasьnda çapadan-çalƣьz çantajьp çata ʙergen soꞑ keceden ʙeri carcap çyrgen Qoçaqьmettiꞑ ujqьsь da kelgen sьjaqtь. Qoçaqьmet alaqanьn çaƣьna tirep, qalƣьp ketkende, çelip kele çatqan attьꞑ dyʙiri men selk etip ojandь.

— Siz mundama ediꞑiz,—dedi Sepʙosьn, entige sɵjlep.

— Qajda ʙarajьn endi, at ottatьp çatьrmьn,—dedi Qoçaqьmet qьmьzdьꞑ dəmi ketpegen avzьn tamsanьp, Avzьndaƣь qьmьzdьꞑ dəmin sezgende, mana ʙir yjge kirip otьrьp kɵp adam sɵjleskende,—ajnьƣandь dəm, tuz tapsьn,—dep Ьʙьrajьmnьꞑ sɵjlegen sɵzderi, sol yjde turƣan dəv qara saʙa, ʙir nece mesterdi esine tysirdi. „Ijt—aj, qandьrьp ta ʙermedi, sol qьmьzdan nən caranь tastap alarma edi“ dep icinen ojladь Qoça eken.

— Qamdanьꞑdar,—dedi Sepʙosьn, ʙasьn tɵmen culƣьƣan arьq torьnьꞑ avьzdьƣь men alьsa.

— Ne menege?

— Enesin urasьꞑʙa, „Tajtorь“ eli ʙir ʙylinsin. Ьʙьrajьm men Caltaʙajdьꞑ arasьnan yc starcьn eldi ʙɵlip alьp, ɵrtadan ʙir çol salmaqcь ʙolьp çatьrmьz. Bizdiꞑ kɵrsetetin kisimiz—Boçьʙajdьꞑ Çeksemʙegi, eti tiri çigit çaꞑa qana ʙir kɵk qasqanь ajtьp sojьp qolьmьzdь qanƣa ʙatьrьp cьqtьq. Seni sьrtьꞑnan kesip-picip otьrmьz, ʙuƣan ne dejsiꞑ, ədeji izdep keldim,—dedi Sepʙosьn aptьƣa sɵjlep.

— Olarьꞑ çaqsь qoj, nijetteriꞑ qaʙьl ʙolsьn, onь endi, ne dejmiz, ɵzgelerine sɵjlesseꞑderci,—dedi Qoçaqьmet ʙasьn kɵtere ʙerip.

Sepʙosьn ʙudan artьq sɵzge kele—almadь, kɵzge tysip qalarmьn dedi me, əlde çumьsь tьƣьz ʙa:

— Senemin saƣan, qudaj degen momьn ediꞑ, sɵziꞑnen taꞑʙa,—dep çygip ketti.

Sepʙosьn eki çeli arqan ʙojь kete ʙergende, sajdan Dɵnen elyv ʙasь сьƣьp kelip:

— Anav ne qьl dep-çyr ʙiꞑ çerde?—dep qamcьsьn eki ʙyktej Sepʙosьndь kɵrsetti.

Qoçaqьmet ne derin ʙilmej sasьp qaldь da;

— Nemene ɵzi, carƣa tysken ycev dedi me, ne ajtqanьn uqpadьm,—dedi.

Dɵnen elyv ʙasьnьꞑ tysi surlanьp ketip, ne sejlerinde ʙilmej tьƣьlьp qaldь.

— Mьnav ne kɵkip otьr, urьnʙaj çyr, urьnsaꞑ urьlьp qalasьꞑ. Eldiꞑ nьsajь çaman, qapelimde ʙirdeme ʙolьp qalsa, anav ɵzektegi aƣacqa ije ʙol,—dep manaƣь sojьl çatqan çerdi mezgedi de, atьnьꞑ ʙasьn urсьqtaj yjire ʙurьp çyre ʙerdi. Dɵnen elyv ʙasь Ьʙьrajьmnьꞑ yjine qaraj çele cavьp ʙettegen mezgilde, „sajlav, sajlav" degen ajqaj сьqtь. Ekiden-ekiden sьʙьrlasьp çyrgen adamdardьꞑ kej ʙiri ʙir ese tusavlь attarьna, ʙir ese tigyvli yjge qaraj turpaꞑdaj çygirip apьr-topьr ʙolьp qaldь. Caltaʙaj çaqtanda dyʙir ʙilindi.

— Min atьꞑa, derevl—dep Dɵnen elyv ʙasь Qoçaqьmetke qaraj qajta captь. Dəl osь kezde Dɵnen elyv ʙasьnьꞑ qançьƣasьnda ʙajlavlь çyrgen qьl сьlʙьrdь kɵrdi Qoçaqьmet.

— Atьꞑ qursьn, çav almajdь, çajav çygir,—dep Dɵnen Qoçaqьmetti aldьna salьp quvьp əketti. Topьrlaƣan eldiꞑ qalьꞑ ortasьna kirgende Dɵnen elyv ʙasь Qoçaqьmetti tastaj ʙerip əri taman ketti. Kimniꞑ kim ycin ala surьp çyrgeni ʙelgisiz. Ajqaj, cuv ydep soqtь. El urandasьp ketti. Attьlь, çajav qalьꞑ kisiniꞑ ortasьnda, qalaj ʙaruvƣa çol izdep çyrgen Qoçaqьmet terlep, tepcip kele çatqanda, on-caqtь kisiniꞑ at ojnatьp, kɵpti qaq çara kelip mojnьna qьl сьlʙьrdь salьp çiʙerip, ʙasь, kɵzine qamcьnь ʙurcaqtaj çavdьrьp alьp çɵnelgenin ƣana ʙildi. Basьn, kɵzin qan çavьp ketti.

— Bul ijtti çьn soƣьp ketti me, Sepʙosьn men nege sejlesedi?—dep ʙirev Qocaqьmettiꞑ eski qara ʙɵrkin ʙasьnan çulьp alƣanda, eki qoldarь artьna ʙajlanƣan ʙir nece adamnьꞑ izi men ʙirge ajdalьp kele çatqanьn Qoçaqьmettiꞑ qan aralasa ter ʙasqan kɵzi calьp qaldь.

— Byjrekten sьjraq сьƣarьp, eldiꞑ ʙerekesin, ujьtqьsьn cajqaƣan oꞑʙaƣandь ajamandar,—dep Aqьmet qaçь toqpaqtaj çudьrьƣь men ʙajlavda çatqan ʙirevdi ɵndircekten eki tyjip çiʙergende:

— Kimdikisiꞑ?—dedi, kiresi, сьƣasь ƣana esi ʙar, tajaq ɵtip ketken Qoçaqьmetke Dɵnen elyv ʙasь.

— Ьʙьr.. rajьm, ɵldim..m...dedi, əlsiregen davьs.

— Bosatьꞑqьra, oꞑʙaƣandь,—dedi ʙir davьs.

Osь syvretterdiꞑ ʙarlьƣьn manadan ʙeri kɵz aldьnan sanap ɵtkizgen Qoçaqьmet, gazettiꞑ ʙetine ʙir yꞑilip kyrsindi de:

— Ɵmir osьlaj ɵtken. Burьnƣь ʙajlardьꞑ ʙijlegen sajlavьnьꞑ talqьsь qaʙьrƣanь osьlaj qьsqan ʙolatьn. Ol zamandaƣь adam „praʙo" sьnьꞑ tarazьsь osьndaj ʙolƣan, сьraqtarьm,—dep kyrsindi Qoçaqьmet.

— Oj, „ɵtken kynde ʙelgi çoq, ajtьp-ajtpaj ne kerek" degen ьrasavl osь kyni, sondaj qьsaꞑ ɵmirdiꞑ ʙelgisi mylde çoƣaldь. Bizder сьn praʙolь, сьn ʙaqьttь çandar ekenʙiz,—destik Qoçaqьmet gəzetke yꞑile ʙir qarap, soꞑƣь taptь çojƣan çьldardьꞑ icindegi ɵmirlerdi ʙir colьp ɵtti.

Nece—nece sajlavlarda Ьʙьrajьm, Caltaʙajdь, osьlardaj ʙaj, qulaqtь qara tizimge ilektirip, sajlavdan, kɵp ortasьnan quvьp сьqqanьn sɵjledi. Egindik, picendik çerdi teꞑ ʙɵlgendegi kyresti sɵz qьldь. Qalqoz ujьmdastьrƣandaƣь tartьstь-tap tartьsьn ajttь. Qoçaqьmet çer tuvralь sɵlegende, çan-çaqьna qolьn siltep, ajnalanь kɵrsetip:

— Osьnav kөringen çerdiꞑ ʙəride ʙizdiꞑ „Cijen" qalqozьna qarajdь. Bul çer ərtel ustaʙь ʙojьnca ʙizge—qalqozcьlarƣa, qalqozƣa өmirlik ʙekitilip ʙergen,-dep quvandь.-qanavcь taptь kyresip çeꞑyvdiꞑ nətijçesi,-dedi. Qoçaqьmet qolьndaƣь gazetiniꞑ ʙetine qadalьp qarap:

— Endi çalpьƣa ʙirdej teꞑ, tөte çana çasьrьn sajlav. Dynijedegi eꞑ ʙuqaracьl sajlav! Bul sajlavƣa sottalƣandar men esalaꞑdardan ʙasqa çurttьꞑ ʙəri tygel qatьsadь. Bul ne degen ʙaqьttь өmir—dep quvanьp, çadьrap sөjledi Qoçaqьmet.

— Urlьq qьlmasa, өtirik ajtpasa, isine taza nijet pen cьn ьnta meneꞑʙek siꞑirse, memlekettiꞑ, qalqozdьꞑ, өndiristiꞑ tilegi ycin ʙar ьnta çigerin çumsasa, sotsijaldьq mylikti qorƣaj ʙilse ondaj adamda sottьꞑ ne isi ʙolsьn,—dedik ʙiz.

Qoçaqьmet az ojlanьp:

— Bilesiꞑder me, Stalin çoldas pen Goʙarttьꞑ əꞑgimesin talqьlaƣanьmьzdь?—dedi,—Bizdiꞑ kelecek sajlavda davьs ʙermejtinderimiz-ʙujrakrat, qolьnan is kelmejtin ʙos ʙelʙev men ʙocalaꞑ, eꞑʙekcilerdiꞑ mədenijetti өmirge ʙudanda ilgeri ajaq ʙasuvьna umtьlmajtьndar kesirler mine osьndajlar,—dedi.

— Əj, mundajlar men əli talaj kyresemiz qoj,—desip, otьrƣandar orьndarьnan qozƣalьsьp qojdь.

Tөte sajlavdьꞑ çaj-çaƣdajьn gazetten taƣь ʙir qarap çiʙerip;

— Sel soʙettin de avdandьq, oʙlьstьq soʙetterdiꞑ de, soʙetti sotsijaldь Qazaqьstan ulь soʙet men Odaqtьq ulь soʙettiꞑ de depuvtattarьn osь çerde otьrьp, men, sьjaqtь ʙytkil eꞑʙekci tөte sajlajtьn ʙolamьz. Uꞑaƣan adamьmьzƣa davьs ʙeremiz, uꞑatpaƣanьmьzƣa davьs ʙermejmiz naƣьz praʙo naƣьz erik degeniꞑ osьma?

Qoçaqьmet maꞑьzdana sөjledi.

— Osь өmirge qol çetkizgen ʙolceʙik partijasь, onьꞑ ulь ʙasсьsь Stalinniꞑ өrkeni өssin deseꞑci!,—dedi ʙir qalqozcь davьsьn kөtere sөjlep.

Qoçaqьmettiꞑ kөzi men ʙirge kөꞑilde kylgendej ʙolьp gazetin ʙyktep tөs qaltasьna salьp ornьnan turƣanda, omьravьndaƣь ordeni kyꞑge caƣьlьsьp çarьq-çurьq etti.

— Qьzьqtь өmir, quvanьctь kөꞑil,—desip, Qoçaqьmet te, өzge, malcьlarda qalqoz permesiniꞑ sьjьrlarьn savatьn çerge qaraj ʙettedi.

# KONSULTATSIJA

**Em. Jaroslaʙskij.**

## Trotskijcilderdiŋ ʙyrkemelenyviniŋ negizgi ədisi—eki çyzdilik

Eŋ alƣacqь сьqqannan ʙastap, sotsijalijzm ycin kyresyvci erlerdiŋ qatarьn ʙyldiryvge, proletarijat partijasьn kapijtalijzm restaʙьratsijasьna tartatьn çolƣa qaraj ʙuruvƣa əreket istegen ʙarьp turƣan çavьz, qьjanatcьl, predatьldьq topqa proletarijat sotь ykim сьƣarьp, ɵlim çazasьna ʙujьrdь. Soŋƣь çьldarda kontirreʙyletsijacьl, Trotskijcil—Zijnoʙijepcil top ʙarlьq pьlatpormalarьn tastap, ɵzderiniŋ ʙarlьq kyci men nazarьn ʙiraq nərsege,—ʙolceʙik partijasьnьŋ ʙascьlarьn ɵltiryvge əkep taqadь.

Osь vaqьtqa dejin tarьjьq çyzinde ʙelgili qьjanattar men predatьldьqtardьŋ ʙarlьƣь—osь qan icerler cajkasьnьŋ qьlmьsьnan ajdan acьq kɵrinip otьr. Tergev men pьroletarijat sotь mine osьndaj ɵtirik pen aldavdьŋ çana qьlmьstardьŋ aramdьq ujacьƣьn əckereledi.

Trotskijcil-Zijnoʙijpcil terrorlьq ʙloktьŋ toʙь qusap, ec ʙir proʙakatьrlьq, ec ʙir predatьldьq top ec qacan osьncalьq tɵmencilikke, çavьzdьqqa ʙas ijgen emes.

Soʙetter odaƣьna qarsь kontrreʙolytsijacьl proʙakatsijalardьŋ ʙas ujьmdastьruvcьsь çana dem ʙeryvcisi-Trotskijdiŋ tikilej dijrektipteri ʙojьnca ʙul ʙandьnьŋ ʙascьlarь-Zijnoʙijep pen Kamenoptьŋ dijrektiʙi ʙojьnca, proletarijat reʙolytsijasьnьŋ çalьndь ceceni, Leniŋ-Stalin partijasьnьŋ eŋ çaqsь uldarьnьŋ ʙiri Sergej Mijronoʙic Kijripti ɵltirgenin sot anьqtadь.

Stalinniŋ ʙascьlьƣь arqasьnda, çigeri men danьcpaƣandьƣь arqasьnda soʙet eli men ʙykil çer çyzilik proletarijat qьjmьlь sotsijalijzmniŋ orasan, çer çyzilik taʙьstьrьna çetip otьr. Mine, ʙul ʙandь, proletarijat partijasьnьŋ osьndaj ulь kɵsemi, ʙizdiŋ danьcpanьmьz tuvьsqanьmьz Stalin çoldastь ɵltiryvge dajьndalƣanьn sot anьqtadь. Osь zəlim, qan icerler elimizdiŋ eŋ çaqsь adamdarь, partija men soʙet memleketiniŋ ʙascьlarь L. M. Kaganoʙьc, Borocьjlop, Ordçenijkijdze, Çdanop, Kossьjor, Postьcьp çoldastarƣa qarsь terrorlьq aktiler dajьndaƣanьn sot anьqtadь.

NKBD nьŋ temirdej ʙerik qolь qan icerlerdi tutqьnƣa aldь, proletarijat sotь olardьŋ ɵmir syryvin toqtattь.

Bul laƣьnat trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙandь səti tysip, ykimetti qolьna ala qalƣan kynde, sol ɵz ʙandьsьna qavьptь ʙolƣandardьŋ ʙarlьƣьn ajamaj çazalap, kɵzin çoƣaltuv çumьsьn, ʙascьlarƣa qarsь terror ujьmdastьruvcьlardьŋ ʙiri—Baqajьptьŋ qolьna ʙeryvge dajьndalƣan. Bul kontrreʙolytsijacьl cajkanьŋ ʙascьlarь, kejin tipti ɵz arasьnan ʙularƣa qarsь сьƣьp, ec kim ʙulardьŋ qьlmьstarьn ʙuqara qalьqtьŋ aldьnda əckerelej almastaj ʙoluv ycin, qalьq aldьna taptaza adam ʙolьp osьlaj сьƣa kelyv ycin, ɵzderiniŋ tapsьrmalarьn qolma - qol orьndaƣan adamdardьŋ kɵzin çoƣaltpaq ʙolƣan.

Bul ʙandьnьŋ sansьz aramdьq qьlmьstar men, oŋʙaƣan cekten tьs qan ickictik pen, qalьq aralьq proʙakatsijalar men ʙelgili ʙolьp otьrƣan kapijtal elderindegi eŋ zəlim ujьm—Germanьjanьŋ oqrankasь—Gestapo men ʙajlanьstь ʙolƣanьn sot anьqtadь. Bul qalьq aralьq proʙakatьrlardьŋ ʙascьlarь Trotskij, Zijnoʙijep çana Kamenop ʙolьp сьqtь.

Bul toptьŋ, qalьq aralьq kontrreʙolytsijasьnьŋ aldьŋƣь qatardaƣь ekpindi ɵtireti ʙolƣandьƣьn, syjtip elimizdiŋ icindegi tas talqanь сьqqan kontrreʙolytsijacьl toptardьŋ qaldьqtarь men soʙet ykimetiniŋ kapijtal dynijesindegi qarƣьs atqan ducpandarьnьŋ ɵzine çyktegen „tarьjqь mijssijasьn“ orьndap turƣandьƣьn sot anьqtadь.

Barlьq ujattь çoƣaltqan, adamdьq minezdiꞑ barlьq normalarьn tastaƣan ƣan ickicter ec qandaj amal-ьlaçdar men ьqpal çyrgize almadь. Olardьꞑ çalpь ʙirlestik maqsatь—partija men ykimettiꞑ ʙascьlьƣьna qolьn ʙir çetkizip, qalaj ʙolƣanda da ylken „orьn" alьp otьruv ʙoldь. Trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙandь osь maqsatьn çyzege asьruv çolьndaƣь kyreste ʙarlьq amaldardь orьndь, ʙarlьq soraqьlьqtardь çaqsь dep esepteді. Kyreste ʙarlьq amaldar çaqsь çana orьndь dep ijezyvijtik pikirdi ɵrkendetken Makijaʙellijdiꞑ cьƣarmalarьn Kamenoptьꞑ „akademija" ʙaspasьnda ʙastьrьp cьƣarьp, ol kitapqa ɵziniꞑ tilektestik alƣь sɵzin çazuvь ənceјin ʙeker ʙirdeꞑe emes. Makijaʙellij, onьꞑ kinə ycin çazьlƣan ijezyvijttik ereçeleri men minez-qulqь, ʙul trotskijcil-zijnoʙijepcil sьqьldь adam ʙalasьnьꞑ azƣьn tuvьstarьna ustaz çana çetekci ʙolƣan.

* * *

Trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙlok, ijdeologijelik çana taptьq çaƣьnan ʙizdiꞑ partijaƣa çat adamdardь, qutьrƣan usaq ʙurçuvalardь, ijntrijgandardьn ʙarlьq tyrin, narazь cenevnikter men ʙelmoçdardь, ʙaq qumarlardь, qara ʙasьnьꞑ qamь ycin kyreskicterdi çana taʙьjƣь eki çyzdilerdi; sonь men qatar pacister ctaʙьnьꞑ tigilej agentterinde surьptap çьjnap, ʙirlestirgen. Trotskijcil - Zijnoʙijepcil ʙlok, ducpan elementterdiꞑ myddesin qorƣap, muꞑьn-muꞑdap, keldi. Mine, solardьꞑ çiʙergen adamdarьna arqa syjep trotskijcil-zijnoʙijepcilder kezinde ɵziniꞑ çasьrьn partijasьn quruvƣa əreket istedi, ɵzderiniꞑ çasьrьn ʙaspaqanalarьn actь, jacejkelerin ujmdastьrdь, soʙetke qarsь demonstratsьjalar çasadь.

Bul aram trotskijcil-zijnoʙijecil ujьmьnьꞑ ʙascьlarь, ɵziniꞑ silimtiktérine, „çer ʙavьrlap çorƣalasaꞑ da partijaƣa kiryv kerek" dep aqьl ʙergen. Syjtip olar ɵzderiniꞑ ɵtkendegisin çamandaƣan ʙolьp, ɵzderin partija qatarьnda saqtap qalьp, onь men kyres acuv ycin, cьdьrtpalatьp, partijaƣa kirgen, partijaƣa senimdiligi çɵninde ant suv icken. Eki çyzdilik-ʙul qarƣьs atqan toptьꞑ kyrestegi negizgi ədisi ʙolƣan, ʙulardьꞑ seniminiꞑ negizgi ʙejnesi ʙolƣan.

**Biraq Zijnoʙijeptiꞑ, Kamenoptьꞑ, Trotskijdiꞑ eki çyzdiligi tek osь vaqtan ʙeri ƣana,—ʙlok çyzege asqan mezgilden ʙeri ƣana ʙastaldь ma?**

**Əriјne olaj emes.** Ɵzderiniꞑ partijaƣa qarsь, sotsijalijzmge qarsь kyresi ycin olar eki çyzdilikti alda qacan qoldanƣan edi. Ɵzderiniꞑ terrorlьq çumьsьn ʙyrkemelev ycin tek alda qacaꞑ partijanьꞑ, çumьscь taʙьnьꞑ, proletarijat reʙolytsijasьnьꞑ çavь ʙolƣan pacistik gestapo men qojan qoltьqtasьp ʙizge çav ʙolƣan adamdar ƣana eki çyzdiliktiꞑ çolьna tolьƣь men tyse aldь.

Barlьq paktilerdi, ʙulardьꞑ ʙarlьq ɵmirin eske alƣanda, kontrreʙolytsijacьl, terrorlьq trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙloktьꞑ ʙascьlarьnьꞑ negizgi qasijeti ər qacan eki çyzdilik ʙoldь degen qortьndьƣa kelmej ʙolmajdь. Lenin əlde nece ret Juvducka dep ataƣan trotskijdiꞑ predatьldьq ornь alda qacannan ʙeri ʙelgili ʙolatьn.

Orьstьꞑ ulь satijrigi Saltijkop Gedirijn eki çyzdi-Juvduckanьꞑ ajqьn klassijkelik oʙьrazьn ʙerdi. Bizdiꞑ zamanьmьzda Juvduckanьꞑ osь oʙьrazь Trotskijdiꞑ ʙasьnda tutasuvь tur. „Tuvcinskij perelet" qusaƣan trotskijdiꞑ qьlьqtarь çɵninde Leniꞑ əlde nece ret çerkenicpen ajtqan ʙolatьn.

Trotskij „aƣus ʙlogin" qurƣan kezinde, çumьscьlar qьjmьlьnda ʙolƣan ʙarlьq ker ketkendiktin, ʙarlьq proletarijatqa çatpajtьn istiꞑ ujьmdastьruvcьsь ʙoldь. Ol sonda elimizdegi çumьscьlar qьjmьlьnьꞑ tarьqьnda alƣacqь ʙilingen, ʙarьp turƣan sandalƣan praksijacьl ʙolьp edi. Biraq ol ɵne ʙojь ɵzgerissiz ɵzin praksijacьldьƣtan sьrtqarь elip kɵrsetti, praksijacьldьq pen kyresken kisi ʙolьp sɵjledi. Mine ʙul ʙarьp turƣan çavьz, eki çyzdilik emej nemene?

Pacistiꞑ əgenti—Trotskij sotsijalijzmniꞑ ʙir elde çeꞑyviniꞑ mymkin ekendigine ec qacan sengen emes, ol ɵktəʙir reʙolytsijasьnьꞑ sotsijalis-

tik qarakterine de sengen çoq. Sondьqtan Trotskij „kɵkek soʙet ykimetiniꞑ 12-inci saƣatьn caqьrdь“ dep ʙir nece ret ajtqan ʙolatьn. Bulaj dep, aqьr ajaƣьnda pacistik gastaponьꞑ odaƣь ʙolьp ketken, çumьscь taʙьnьꞑ tek əjgili çavь ƣana ajta alƣan edi.

Trotskij—ʙul sajasь çyvlik,—Lenin partijasьna iritki salьp, ujьmcьldьƣьn ьdьratuv ycin alda qacannan ʙeri timiskilep, çaƣdajlь kezeꞑdi kytken edi. Ɵl, Lenin ɵlgende, ɵzine çana ɵziniꞑ serikterine sondaj „çaƣdajlь“ kezeꞑ keldi dep esepted i. Kontrreʙolytsijacьl, trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙlok mine sonda qurala ʙastadь.

Zijnoʙijep pen Kamenoptьꞑ eki çyzdiligi 1924-1925-çьldardan ƣana kɵrine ʙastadь ma?

Zijnoʙijeptiꞑ Leninniꞑ qasьnda çyrgende-aq 1908-çьl da 1916-çьl da eki çyzdilikke salьnƣandьƣь ʙelgili.

Kamenoptьꞑ tek 1917-çьl ƣana emes, 1917-çьlƣa dejiꞑ de kɵp vaqьttar əlde nece ret tipti masqara ʙultalaqtap, tolqьƣandьƣь ʙelgili, Kamenoptьꞑ osь çьlƣь onьꞑ ʙolceʙik emes, usaq ʙurçuvacьl radijkal ekendigin acьp ʙergen ʙolatьn. Ol ycin tek ʙolceʙikterdiꞑ duvmadaƣь praksijasьna sot ʙolƣan vaqьttaƣь onьꞑ qurƣaq, ʙejcara, masqara minezin ƣana eske tysirsek ʙoladь.

1917-çьl Lenin Zijnoʙijep pen Kamenoptьꞑ predatьldьƣь çana Ctrejikʙreqerlьƣь tolьq dəleldengendigin çazdь, mine ʙul ekevi sonda osьndaj adam ʙolьp çyzege cьƣьp edi. Bular ɵktəʙir reʙolytsijasьnьꞑ sotsijalistik qarakterine senʙedi. Olar ʙul sotsijalistik reʙolytsijanь mezgilsiz erte dep esepted i. Olar ʙul reʙolytsijanьꞑ çeꞑyvine senʙedi. Olar ʙasqa partijalar men-menceʙikter men, eserler men koalijtsija (ʙirlik) çasavdь ojladь. Olar parlamenttik, ʙurçuvazijacьl-demokrattьq respyʙlijke tuvralь, eki reʙolytsijanьꞑ arasьn uzaqqa sozuv tuvralь ojladь. Al reʙolytsija çeꞑip cьqqanda olar, ʙirge çyrgendej, çorƣalap keldi.

Kelesi çьldardьꞑ ʙarlьƣьnda ʙular Lenin emes, ɵzimiz maqulmьz dep ɵzinikine sendi, ɵktəʙirde ʙolceʙikterge ykimetti qolƣa aluv kerek emes edi dep qьꞑьrttavьn qojmadь. Bulardьꞑ Lenin ɵlgennen kejingi çerdegi kyresiniꞑ ʙarlьƣь Leninniꞑ tiri kyninde-aq olardьꞑ eki çyzdilikke salьnƣandьƣьn, ʙul qьlьƣь ɵzderiniꞑ Leninge qarsь, soʙetke qarsь kɵz qarastarь çolьnda kyres ʙastav ycin çaƣdajlь kezeꞑdi kytken adamdardьꞑ cьmqana ʙyrkemelenyvi ekendigin kɵrsetti.

Bul Lenincildikke qarsь „ijdeasьn“ Trotskijcilder kezinde Zijnoʙijepcilder men ʙirlese otьrьp çasaƣan ɵzderiniꞑ „platpormasьnda“ ajtqan, ol „platpormasь“ soʙetke qarsь, partijaƣa qarsь prinsipsiz ər tyrli ijdealarьnьꞑ qospasь edi. **Partijaƣa qarsь ʙarlьq Lenincildikke qarsьlardьꞑ ʙlogin quruv çolьnda Trotskijcilder men Zijnoʙijepcilder kez kelgen ʙasqa platpormaƣada ʙara alƣan.** Olardьꞑ „platpormasь“, partijanьꞑ lenincildik ʙascьlьƣьna qarsь kyres acuv ycin, ʙascьlьqtь qolьna aluv ycin, lenincildikke qarsь ʙasqa ʙir partija quruv ycin, partija men ykimettiꞑ eꞑ çaqsь, syjikti kɵsemderin ɵltiryv ycin qurьlƣan trotskijcil-zijnoʙijepcil ʙloktiꞑ irge tasь retinde çedel çasalьp, ilgeri çyrgizilgen edi.

Zijnoʙijep-Kamenop, Saparop, Eʙdakijmop, Zaluvtskij taƣь ʙasqalardьꞑ Leningrattьꞑ 22-inci konpirensijasьnьꞑ aldьnda, partijanьꞑ XIV-sijeziniꞑ aldьnda partijamьzdьꞑ lenincildik ʙascьlьƣьna qarsь çala çavьp, sɵz sɵjlegenderi oꞑʙaƣan eki çyzdilik ʙolьp taʙьlmaj ma?.

Zijnoʙijepcilder, tipti Trotskijcilder men ʙlok çasap, partijaƣa qarsь ʙirlesip kyresyv çumьsьn ɵzderi kelisim men cecip qojƣan mezgildiꞑ ɵzinde, Trotskijzmge qarsь „kyresci“ eseʙinde çulqьnьp cьqtь.

Bul ʙloktiꞑ tarьjqьna tolьq toqtap çatuvdьꞑ kəzir qaçeti çoq. Bul ʙloktiꞑ ʙykil osь ɵmirinde ʙolьp kelgen pirinsizdiginiꞑ, tьcqanca çьltьldavьnьꞑ, çyvliktiginiꞑ, padloginiꞑ çana aldavьnьꞑ ʙarlьq paktilerin sanap çatuvdьꞑ qaçeti çoq.

Trotskijcil, Zijnoвijepcilder əzderinin kontrreвolytsijacьl, terrorlьq çumьsьn вyrkemelev ycin eki çyzdilikti qoldana otьrьp, partijaqa çana sotsijalijzmge qarsь kyres actь. Kontrreвolytsijacьl, Trotskijcil-Zijnoвijepcil вlokke qatьnasqandardьn вəri de munьsьn sotta mojnьna aluvqa tijisti вoldь.

Eki çyzdiler—reki çyzdi вolqan kyjinde qala вerdi.

Əzderinin aram maqsatь ycin, proletarijat reвolytsijasьnьn dəviri tərвijelep çarьqqa cьqarqan en çaqsь adamdardь əltiryv ycin, syjtip вizge predatьldьq soqqьlar вeryv ycin вul qьlmьstьlar ətiriktin, aldavdьn вarlьq amaldarьn, вarlьq zəlimdikti pajdalandь. Kontrreвolytsijacьl, Trotskijcil-Zijnoвijepcil вloktьn eki çyzdileri çavьzdьqtьn teren yngirine dejin syngidi, вular tarьjq вetinde, Germanija kommunister partijasьnьn en çaqsь adamdarьn əltirgen zəlim pacis çendetteri men-gestaponьn əgentteri men qatar, tanвalanьp qalьp otьr. Вular tarьjq вetinde proletarijat reвolytsijasь isinin qarqьs atqan predatьldarь retinde, proletarijat kəsemderin əltiryvci qanь qara aramdar retinde ajcьqtalьp qalьp otьr.

Вərinen вurьn вul sottьn maпьzь-Trotskijcil-Zijnoвijepcil вloktьn вarlьq aramdьqь men qьlmьsьn çerine çetkize əckerelevinde вolьp otьr. Sotta əckerelengen çerkenic paktьlardan proletarijat isinin tilegindegi вarlьq adal nijetti adamdardьn denesi titirkenedi. Вul adamdardьn sotsijalijzmge emes, kapijtalijzm restaвratsijasьna qaraj ajaq вasqandьqь, ajuvan pacizmnin kelyvin dajьndaqandьqь, ijnterвentter ycin çol salьp, solarqa çaqdajlь is dajьndaqandьqь, pacisterdin tigilej qaвarcьsь çana kəmekcisi вolqandьqь kəzir eldin вərine ajdan acьq вelgili.

Sot aldьnda, вul sotqa ilinвej qalqan Trotskij qana otьrьp qojqan çoq, **sot aldьnda** çer çyzindegi reвolytsijacьl proletarijattьn isine kedergi keltirgen **Trotskijdin вarlьq pikirlesteri-kontrreвolytsijacьl trotskijzmnin zəlim, вolьmsьz artьna ergicteri otьrdь.** Вul səttьn maпьzь da mine osьnda.

Вykil çer çyzi çumьscьlarь aldьnda, вarlьq elderdin adal enвekcileri aldьnda trotskijzm çendetteri, çumьscь taвьnьn en çaqsь adamdarьn əltirip çatqan pacistik Gestaponьn вas odaqtasь retinde əzinin вarlьq çerkenic tuttaj çalanactьqь men kəzge kərinip otьr. Вasqa elderdegi Trotskijcilder „solcьl" qurqaq səzdin qalqasьna çasьrьnвaj-aq qojsьn.

Eger olar kəmmunijzmge вerilgendigi çəninde ant-suv icse, onьsь qьlmьstь, senimdi aqtamajtьn, qьjanatcьl ant вolьp cьqadь, вul sьrtьn вojaqan eki çyzdi anttьn arqь qalqasьnda proletarijattьn qanьn ickicterdi ujьmdastьruv isi, Germanijanьn aqrankasь men, pacister men odaqtasuvdan çerimejtin adamdardь ujьmdastьruv isi, sotsijalijzmnin eline qarsь ijnterвentsija dajьndavcь adamdardь ujьmdastьruv isi, çumьscь taвьnьn çavlarьn ujьmdastьruv isi çasьrьnьp çatadь. Mine munь eldin вəri kərip otьr.

***

Partija ujьmdarь вul protsesten tijisti qortьndьlardьn вərin cьqaruvь kerek. Вul qortьndьlar, Trotskij-Zijnoвijep çana Kamenoptьn tuvra tapsьruvь вojьnca proletarijat reвolytsijasьnьn syjikti ceceni Sergej Mijronoвic Kijroptьn çavьzdar qolьnan qaza tapqanьnan kejingi çerdegi, Ortalьq partija komijtetinin 1935-çьlqь qьnuvardaqь qatьnda kərsetilipte qojqan вolatьn. Вul qortьndьlar, Kijroptьn əliminin вas ajьpkerleri men ujьmdastьruvcьlarь Trotskijcil-Zijnoвijepcil şentirdin adamdarь: Trotskij, Zijnoвijep, Komenop, Вakajьp, Smijrnop, Mrackoвskij, Ter-Вaganən ekendigin tekseryv isi əckerelep acuv men вajlanьstь cьqqan Ortalьq komijtettin sonqь qatьnda da kərsetilip, cьqarьlqan вolatьn.

**Negizgi qortьndь—partijalьq, вolceвiktik qьraqьlьqtь arttьruv kerek, çavdь вilyvge, onьn вarlьq çerde, kez kelgen yvcaskede der mezgilinde soqqь вeryvge ustarьp, yjrenyv kerek.** Ərijne, вul onca çenil emes, **вiraq вul tolьq mymkin, вul** ər вir вolceвikke **mindetti de.**

Eki çyzdilik Trotiskijcil-Zijnoʙijepcil ʙandьnьꞑ partijaƣa çana sotsijalijzimge qarsь terrorlьq kyresi—ʙyrkemelenyvdiꞑ negizgi ədisi ʙolƣandьƣьn este tutuv kerek. Zijnoʙijep, Kijrop çoldastь ɵltirgennen kejin, osь ɵlimniꞑ ujьmdastьruvcьşь sonьꞑ ɵzi ʙola turьp, S. M. Kijropqa arnap kɵꞑil ajtьp, egilgen kisi ʙolьp nekrolok çazdь, syjtip eki çyzdiliktiꞑ sumdьq surqьjaldьƣьn kɵrsetti.

Qan icer ɵziniꞑ qurʙan qьlƣan adamьna, eki çyzdilenip çьlaƣansьdь.

Osь adamdar eki çyzdilenip, partijaƣa senimdi ʙolatьndьƣьna antşuv icken vaqьtta, reʙolytsijanьꞑ umьtьlmajtьn çalьndь ceceni—S. M. Kijrop ɵziniꞑ partijanьꞑ XVII-sijezinde sɵjlegen tamaca sɵzinde, osьlardьꞑ eki çyzdiligin çana cьn nijeti men ʙerilmegendigin ajttь, olar kejde kədimgi əjgili ənine ʙassa da, ʙiraq ol əni dəl solaj ʙolьp cьqpajdь. „Biraq, olar qalaj tьrьssa da, ojlaƣan çerden cьqpajdь, icteꞑe ʙolmajdь", yjtkeni „davsь ana davsь emes", sondьqtan olar „ьꞑƣajьna dəl kezdespejdi de, ʙir qadam ilgerilep ylgirmejdi de"[1] dep edi S. M. Kijrop.

Al nege **olaj emes?** Yjtkeni olardьꞑ arьzdarьnda cьn ʙerilgendik çoq, ʙolьp kɵrgen de emes. Olardьꞑ arьzdarьnda rastьq çoq. Bul eki çyzdi qaꞑ icerdiꞑ-sɵz ʙen sьdьrtqan arьzdarьna senyvge ʙolmajdь.

Partijanьꞑ eꞑ çaqsь çana syjkti ulь S. M. Kijrop çoldas sonda ʙьlaj dep eskertken edi:

Køterilistiŋ alqacqь kezinde pacister qanca plandaqanь men çumьscьlardan quralqan çavьnger, вatьl qalьq əskeri adam ajtqьsьz erlik pen qarsь soqьsьp, adьmьn ilgeri вastьrmadь. Oŋ tystikten Madirijdke вirden caвuvьl çasav вьlaj tursьn, Seвijlije, Estiremaduvre, Kasenes tøŋkeristerinde çumьscьlar men qara caruvalarqa qarsь kødimgidej cep qurьp, soqьsuvqa tuvra keldi. Malaga, Kartagena, Əlijkantedegi reвolytsijacьl øtiret вylincilik çasavcьlarqa øz ajmaqtarьn вermev вьlaj turьsьn qajta pacisterden øz ajmaqtarьn tazartuv ycin caвuyьlqa kiristi. Al sol tystik majdannьŋ qalь вasqaca вoldь. Karlijsterdiŋ mьqtь øtiretiniŋ kyci

men çanaral Kaʙanelьjas, Sarragastь alьp qojdь. Çanaral Mola, ʙuvrgos, Balьjadolijd çana Leondь aldь. Kycin əʙden ʙiriktip alьp, ʙular Madijrijdke qaraj qozƣaldь. ʙiraq Madijrijddьꞑ qaruvlanƣan proletarijatь çanaral Molaƣa mьqtap soqqь ʙerip, onьꞑ Madijrijdti ʙirden aluv planь iske aspadь. Kəzirgi vaqьtqa dejin pacister Madijrijdti, şol tystiginen qorƣaƣan Sierrade—Gʙardarrama tavьnьꞑ çotalarь arqьlь caʙuvьl çasap aluv əreketine kirisip otьr. ʙuƣanda Madijrijd proletarijatьnьꞑ qarsьlьƣь mejlince kycti ʙolьp tur.

1934-çьlƣь qandь soƣьsta acьnьp, өtkerilgen Astuvrьj proletarijatь, pacisterge qarsь mьqtap kyc kөrsetti. Astuvrьj ajmaƣьnьꞑ eꞑ ylken qalasь Oʙьjedode derev çumьscь ətireti qurьldь. Oʙьjedonьꞑ gornijzon ʙastьƣь polkovnik Arend aqalanь aldap aluv maqsatь men ykimetke senimdi çumьscьlardь qaruv əkelyvge ʙasqa qalaƣa çumsap çiʙerip, olar qajtqanda gornijzon əskerin çumьscьlarƣa qarsь mьltьqьn oqtatьp dajar turƣьzdь. Pacisterdiꞑ aldaƣanьn kөrgen çumьscьlar çavьp turƣan oqqa qaramastan qalanь qamap alьp, ajanʙaj soƣьs saldь, Astuvrьj ajmaƣьnda ʙir nece qalalardь pacisterden arьlttь.

Andaluvzьj ajmaƣьndaƣь ʙir nece qalalarda (Seʙijlija, Grenada, Kordoʙa) ʙylincilik ʙastalƣan kynnen aq soƣьs qattь ʙoldь. Çumьscьlar adam ajtqьsьz çannan kecken erlik pen pacisterge qarsь kyresti, qaruvlь, kycti tərtipti kөteriscilerdiꞑ əskerine taʙandap turьp, tөtep ʙerdi. ʙul ajmaqtьꞑ qara caruvalarьna dejin çumьscьlarƣa qosьlьp, dereʙinelerde ylken azamat soƣьsьn ʙastap çiʙerdi.

Andaluvzьj ajmaƣьnan ilgeri ʙasa almajtьn ʙolƣandьqtan pacister Portuvgalija cek arasьnan tijisip, Estramaduvrьnьꞑ ortalьq qalasь ʙadaqasqa caʙuvьl çasap, qalanь qьzьl qanƣa ʙojadь, qoldarьna kim tysse sonь qьra ʙerdi, qalьq tilegindegi adamdardan mьꞑdap attь, onьꞑ icinde çyzdegen əjelderde ʙer, avьr azaptar kөrsetip, otqa өrtep өltiryv pacisterdiꞑ yjrencikti ədetine ajnaldь. Çeꞑip alƣan ajmaqtardьꞑ, qalalardьꞑ qajsьsьnda ʙolsьn ʙylincilik çasavcь pactister osьndaj cekten tьs qataldьq, ajuvandьq istevde.

Gijtlerdiꞑ qutьrƣan ʙandьlarь kəzir Ijspanija qalqьn qьzьl qanƣa ʙojap otьr. Germanija pacizminiꞑ Ijspanijadaƣь çendeti, çanaral Pranko 1934-çьlь Astuvrьj proletarijatьn qьrьp salƣanda,—men Ijspanijadaƣь ʙarlьq ʙostandьqcьl adamdardь keskilevge ʙarmьn, kerek dese 15 millijon adamdь qurʙan qьlьp, ystemdigimdi ornatuvƣa dajarmьn degen ʙolatьn. Mine, Pranko sol ajtqanьn eki-qьlmaj iske asьruvda, Ijspanija qalqьn cetinen qьjratьp, keskilep, qьrьp çojьp, avьr azap kөrsetip, əʙden yrejin alьp, өziniꞑ pacistik çendetter ykimetin ornatpaq. Anьƣьnda Ijspanijanьꞑ qalqь, eꞑʙekci ʙuqarasь, Ijspanijanьꞑ adal ulaqan icer Prankodan yrejlendime?—qorqьp-ьƣьsьp aldьna ʙas ijdi me?—çoq.

Respyʙlijkeni qorƣavcь qalьq meletsijasь kөterilistiꞑ alƣacƣь kezinde, ʙylincilik çasavcьlardь kөp çerde ʙetin qajtarьp, maꞑьzdь yvcəskelerdi aman alьp qaldь. Degen men soƣьs teqnijkesine çetilmegen, soƣьs tərtiʙin yjrenʙegen ʙьtьrandь, qurandь əsker ʙirme-ʙirge soƣьstarda əlsizdigi kөrinip qala ʙerdi. Munь meꞑ ʙirge ykimet əskerlerine ʙascьlar, opijserler, soƣьs mamandarь çetkiliksiz ʙoldь, çaꞑadan ʙastьqtar ʙelgilegen men olardьꞑ soƣьstьq təçirijʙeleri kem edi. Alƣacqь kezde ʙolƣan endigi ʙir qolajsьzdьq, qalьq əskerleri ər ʙir partijanьn ьqƣajьna qaraj ʙөlek-ʙөlek qurьldь, propsojuvzdar əskerge sajasьj komijsarlar taƣajьndadь (kommunis solcьl, sotsijalister), Katalonijada respyʙlijkecil əskerge komandir men əsker komijteti ʙascьlьq etti, al ykimet əskeriniꞑ kej ʙir ʙөlimderinde yc ʙirdej ʙascьlьq: komandir, sajasьj komijssar çana əsker komijteti ʙolьp çyrdi. Komandьda ʙir ьqƣaj ʙascьlьq, ʙir nacalniktiꞑ tigilej ʙujrьƣь men is istevcilik az ʙoldь, ər armija, ər partija өz ьqƣajь men qьjmьl qьla ʙerdi, partijzancьldьq elementter ʙoldь, mine osьnьꞑ ʙəri respyʙlijkecilder əskeriniꞑ kycin əlsiretpej qojmadь.

Aqustьn ajaqьnda Largo Koвalьjero ykimet sostaвьn qajta qurqan soŋ, ykimet sostaвьna 2 kommunis kirdi, (вiri çer ministiri, вiri oquv ministiri), əskerdi вytindej qajta quruvqa kiristi. Ykimet erikti armija qurьlьsьn dep erekce dekret cьqardь. Kəzirde вir ьŋqaj ykimet əskeri çasaluv carasьn iske asьruvda. Aldь men majdannьŋ вarlьqьna вirdej вascьlьq вeryv ycin, soqьs operatsijasь вir komandь men çyrip otьruv ycin вas ctap qurьldь. Ijspanijanьŋ ministirler soвetiniŋ вastьqь Largo Koвalьjero, əri soqьs ministiri вolьp taqajьndalьp, вarlьq soqьs isine tigilej ezi вascьlьq istep otьr. Osьnьŋ nətijçesinde ykimet əskeriniŋ kyci kejingi əzirde вir talaj nьqajdь.

Ijspanija qalqьnьŋ erligi adam ajtqьsьz zor. Olardьŋ qaj qajsьsь вolsьn, respyвlijkanь elmej, tiri kyjde pacisterdiŋ qolьna вermejmiz dep soqьsuvda. Yjtkeni, pacisterdiŋ qatal ykimetin Ijspan qalqь kece qana kezi men kerdi. Olardьŋ çavьzdьqьn, olardьŋ qan icerligin kece, вygin tolьq kerip otьr, Ijspanijanьŋ əjelderine dejin majdanda, qolьna qьlьc, mьltьq alьp, erikti Ijspanija respyвlijkesin qorqav çolьnda вeluvardan qan kecip soqьsьp çyr.

Qalьq majdanь partijasьnьŋ 23-sentəвirde taratqan yndevinde вьlaj dedi: **„Ijspanija qalqь çeŋyvge umtьlьp otьr. Pacizmdi вir çola çoq qьluv kerek. Bizdiŋ erligimizdiŋ, вatьldьqьmьzdьŋ cegi çoq. Bizdiŋ Pasijonarija ajtqandaj, tize вygip emir syrgennende, qajьspaj tik turьp elgen artьq. Quldьqta çyrip kyn keryvden elgeniŋ artьq kere-tiŋ qalьq elmejdi, çasajdь çana ər qacan çeŋedi".**

Kəzirgi Ijspanija respyвlijkesin pacister caвuvьlьnan qorqav isin ujьmdastьruvda, qalьŋ вuqaranь respyвlijkelik ykimet teŋireginde kycin вiriktiryvde, icki, sьrtqь kontrreвolytsijacьl acьq, çasьrьn çavlar men kyresyvde Ijspanija kommuvnister partijasь erekce orьn alьp otьr. Kommunister partijasьnьŋ вascьlьqь men maŋьzdь ykimet caralarь iske asьrьlьp otьr. Kompartija naqьz Ijspanija qalqьnьŋ tilegi, maqsatь ycin Ijspanijanь pacizm tьrnaqьnan aman saqtav ycin вirlestik qalьq majdanьnьŋ iske asьratьn urandarьn tastap otьr. Kommunis partijasь, pacizm men kyresyvdegi anarqis-sendijkalistik demogogijalьqtarqa вarlьq вultalaqtaqan oppartonizmge qarsь qattь kyres acuvda. Pacizm elementterine, reaksьjacьl toptarqa, icke kirip ketken ducpandarqa ajavcьlьq keltirgenderge qarsь kezinde qataŋ soqqь вerip, mьqtь, tərtip çetik qьlaqьlьq ycin kyresyvde.

Kompartija qalьŋ eŋвekciler men çumьscьlar taвьnьŋ tilegin, maqsatьn alqa ustaj otьrьp, mьnadaj caralardьŋ tolьq iske asuvьn talap etip otьr: 1) Barlьq pacistik çana monarqijalьq elementterden tazartьlqan qalьq armijasьn quruv. 2) iri pomeccikterdiŋ qaramaqьndaqь çerlerdi tygel kompeskelep, qara caruvalarqa вerip, çer məselesin qara caruva men avьl caruvacьlьq çumьscьlar partijasьna cecyv. 3) Din çolьn ustavqa erik вere otьrьp, cerkevlerdiŋ sajasьj çana caruvacьlьq kycterin çojuv. 4) Paвirik, zavьttardь çana da keteriliscilerge qosьlqan pameccik, paвirijkanttardьŋ çer suvlarьn konpeskelev. 5) Katalonьja, Galьjsija çana Baskij ajmaqtarьna tolьq ulttьq praвo вeryv çana *Marokkada* zaŋdь вuqaracьldandьruv. 6) Eŋвekci qalьqtьŋ turmьs qalьn çaqsartuv, olardь istejtin çumьspen qamtamasьz etip, çetkilikti tyrde çal aqь вeryv. 7) Sьrtqь sajasatta вejвitcilik sajasatь ycin kyresyv. Bul uran, вul usьnqan caralar Ijspanija qalqьnьŋ cьn tilegi, Ijspanija qalqьnьŋ respyвlijkecil ykimetiniŋ aldьna qojьlqan mindetteri. Bul mindetter orьndalьp çatьr, çana tolьq orьndalmaqta.

## Çer çyzilik ulь vaqьjqa

Bylinciliktiŋ вirden вasьlmavь, osьnca uzaqqa sozьluv seвeвi nede? Kejingi əzirde вylincilik çasavcьlar вir az kycin çьjnap, nьqajьp, tikelej Madьjrьdke caвuvьl çasavqa qandaj çaqdajlar tuvdь? Munьŋ seвeвi, ga-

zet oquvcьlarьna ʙelgili kөteriliscilder Germanija meꞑ Ijtalijadan tolьq qaruv-çaraq çərdemin alьp keledi dep çoƣarь da ajttьq. Ijspanija kөteriliscilderine oq dəriler, zeꞑʙirek, pyvlemet, mьltьqtar, uvlandьratьn qijmijalьq gazdar esepsiz çiʙerilyvde. Samolet, soƣьs kemelerin Ijtalija, Germanija çerine ajamaj çөneltip çatqanьn Çeneʙede çarьjalanƣaꞑ „Aq kitap“ tatolьq ajtьlƣan. Çana Ijspanija isterine qatьnaspav tuvralь kelsimdi iske asьruv məselelerin qarajtьn komijtettegi soʙet өkili Kogan çoldastьꞑ өktəʙirdiꞑ 7 kyngi çarьjalaƣan məlimdemesinde tolьq dəleldenip ajtьldь. Germanija men Ijtalija ajьrplandarьna qosa soƣьsqa tөselgen maman ucqьctarьnda ʙirge çiʙerip otьr.

Kəzirgi Madirijdtьꞑ tөʙesinde, tөꞑireginde aspannan ʙomʙь çavdьrьp çyrgen samoletterdiꞑ ʙəri derlik, sol Germanija men Ijtalijadan kelgen samoletter, sodan kelgen satьlƣan ucqьctar. Munь ʙykil çer çyzi ajqьn kөrip otьr.

Kөterilis ʙastalƣannan kejin ʙir az vaqьt өtkenniꞑ soꞑьnda, Ijspanijanьꞑ icki tartьsьna qol suqpasqa, eki çaƣьna da ʙolьspasqa dep ʙir nece memleketter kelisim çasap, cartqa qol qojƣan ʙolatьn. Ol memleketter, Angilija, Pransija, Portuvgalija, SSSR, Ijtalija, Germanija. Biraq resmij tyrde eki çaƣьna qaruv çaraq ʙerip, ʙolьspajmьz dep kelisim çasaƣan men is çyzinde ʙul kelsimdi Ijtalija, Germanija çana Portuvgalija kerekte qьlƣan çoq.

Kөterilis çasavcь çanaraldar, kөmekteskeni ycin Muvssolьjnƣa Aprijkadan, Balear aralьnan ʙir az çer ʙermek ʙoldь, ʙul aralardan Ijtalija mьqtь orьn alsa, orta teꞑizde Angilija men Pransijaƣa qarsь ʙekinisi kycejedi. Al Germanijada, Ijtalijada alƣan çerlerden yles aluvdьꞑ ystine, Ijspanija arqьlь Pransijaƣa qarsь pacistik kycti nьƣajtadь, syjtip Pransijanь pacistik memleketter qorcavьnda qaldьrmaqcь. Ijspanijanьꞑ satьlƣan çanaraldarь Ijspanija çerin, Ijspanija qalqьn pacister memleketine osьlaj savdalasьp sьrtьnan satqan edi. Bul eki memleket kөterilistiꞑ alƣacqь kezinde ʙarlьq çərdemin çasьrьn tyrde çyrgizip kelse, kejin - respyʙlijkecil əskerdiꞑ ʙatьl erligi ajqьn kөzge tysip, kөteriliscilerdiꞑ ʙeti qajtьp ʙara çatqan kezde acьqtan acьq qaruv kycti tөge ʙastadь.

Pransija memleketi, Ijspanijada pacizm çeꞑgen kynde өzine qolajsьzdьq tuvatьnьn anьq tysindi. Sondьqtan Ijspanijanьꞑ icki tartьsьna qol suqpajtьndьƣьn ʙildirip, dijplomattьq kelsimderge derev qol qojdь. Pransijanьꞑ pacisterge tilektes iri ʙurçuvazijasь Bluvmnьꞑ ykimetine ylkenьqpalьn çyrgizip, diplamattьq kelsimdi dəlel qьlьp, Ijspanijanьꞑ zaꞑdь ykimetine çərdem ʙeryvdi ʙirden toqtattьrьp tastadь. Bluvm ykimeti qalьq majdanьna syjengen ykimet ʙola tursa da Pransijanьꞑ iri ʙajlarьnьꞑ demevi men zaꞑdь Ijspanija ykimetine, qaruv çaraq samolet satьp ʙeryvdi toqtatьp tastadь. Pransijanьꞑ qalьꞑ ʙuqarasь, proletarijatь ykimettiꞑ Ijspanija çөnindegi kəzirgi ustaƣan sajasatьn qattь minep, məseleni ulttar lijgesinde acьq qarap, Ijtalija men Germanijanьꞑ kөteriliscilerge acьq çərdem ʙeryvin ne toqtatuv kerek, ne Pransija Ijspanijanьꞑ zaꞑdь ykimetine derev çərdem ʙeryv kerek degen talaptь qojьp otьr. Biraq ta, Bluvm ykimeti pacister ykimetiniꞑ kөteriliscilerge acьq çərdem ʙergenin ʙilip otьrsa da, ʙul çərdemniꞑ tyʙi Pransijaƣa asa qavьptь ʙolatьndьƣьn sezip otьrsa da, ʙul çөnde əli ʙatьl cara qoldana qojƣan çoq.

Angilija, Ijspan vaqьjƣasь tuvralь ʙir çaƣьn acьq çaqtarlьqtaj, anьq ʙetin kөrsete qojƣan çoq. Angilijanьꞑ ijmperijalistik ʙurçuvazijasь kөteriliscilderge tilektes ʙoldь, qalьq majdanьnьꞑ çeꞑilyvin tiledi. Sonь men ʙirge Germanija men Ijtalijanьꞑ qьjmьlь Geʙraltar, Marokkode, Angilijaƣa qavьp tuvdьratьnьn kөrgen ykimettiꞑ respyʙlijkecil toptarь kөteriliscilderdiꞑ çeꞑyvine narazьlьƣь kөrinip otьr. Biraq Angilijanьꞑ ykimet tөꞑiregindegi ʙurçuvazija toptarь Ijspanija məselesinde ʙir pikirge kele alƣan çoq.

Ijspanijanьꞑ kөteriliscilderine ylken çərdem ʙerip, Ijspan kontreʙolytsijasьnьꞑ ʙerik ʙazь ʙolьp otьrƣan Portuvgalija. Portuvgalija cek ara-


Bijskajiskij qolo
Qoruvnija
Santander
Sansibastijan
tuluvza
Obijedo
Astuvrija
Pransija
Galijsija
Burrgos
Navarra
Andorra
Orense
Logrono
Katalonija
Bijgo
leon
Eski-Baljadolija
Saragosa
Barselona
Samora
Kastijlija
Tarragona
Salamank
Madrija
Kastetjon
Balensija
toledo
Kyenka
Gaza Kostijlija
Albasete
Almasa
Estiremadura
Badaxoz
Myrsija
Balensija
Tijssabon
portuvgalija
Attlant muqejto
O. BA Balyarskij
O. majorka
Kordoba
Kaen
myrsija
alijkanta
Andaluvzija
Girenacia
malaga
Kartagena
Ortasondaqo teniz
Vyelba
almerija
algesiras
Gijbraltar
Cea
Seyta
tancir
tetyan
Ijspanija marokkesi
Ijspanija
Kartaso

sьnan keterilisciler ʙarlьq cet el ʙandьlarьn, tьꞑcьlarьn, soƣьs-qaruv çaraqtarьn, əskerin emin-erkin çyrgizip otьr. Portuvgalijanьꞑ pacisterge tilektes reaksijacьl ykimeti, cek ara çeninde çer çyzilik ereçelerdi myldem ʙuzdь.

Bizdiꞑ seʙetter odaƣь ƣana Ijspanija çeninde acьq ajtьp, ʙatьl cara usьnьp otьr. Ijspanija isine qol suqpav çeninde kelisimniꞑ myldem ʙuzьlƣanьn, ʙul cartqa ec kim endi mindetti emes ekeꞑin, ʙejʙitcilik tilejtin elder Ijspanijanьꞑ zaꞑdь ykimetin pacister ʙandijtterinen qorƣav kerek ekendigin çer çyzinin aldьnda Lijtʙijnoptьꞑ sөzi men Kaganпьꞑ məlimdesinde ajqьn kesip ajtьlьp otьr. Bizdiꞑ sajasatьmьz, çer çyzinde ʙejʙitcilikti ystem qьluv, Ijspanija çerinde tьnьctьq ornatuv uranь, sonьꞑ ycin soʙetter odaƣьnьꞑ eꞑʙekcileri Ijspanija qalqьna aqca-azьqtaj erikti çərdem ujьmdastьrьp, çөneltip çatьr. Çalƣьz soʙetter eliniꞑ eꞑʙekcileri ƣana emes, ʙasqa elderdiꞑ eꞑʙekcileri de Ijspanijanьꞑ çavьnger qalqьna çərdem ujьmdastьruvda.

Ķəzirgi Ijspanija qalqьnьꞑ, Ijspanija kommunis partijasь ʙastaƣan eꞑʙekcileriniꞑ pacister ʙandьsьna qarsь kyresi çer-çyzi eꞑʙekcileriniꞑ kyresiniꞑ ʙir salasь. Bul kyres qalьq aralьq pacizm qavpьna qarsь kyrestiꞑ cijelenisken ʙir tyri. Ijspanijada qalьq majdanьnьꞑ çeꞑip cьƣuvь-dynije eꞑʙekcileriniꞑ pacizmge qarsь kyreste çeꞑip cьqqandьƣь ʙolьp taʙьladь. Sondьqtan ʙul kyres, ʙul soƣьs ʙir-ʙirine qarsь eki dynijeniꞑ, eki taptьꞑ çan talasqan qattь kyresi. Bul kyresten Ijspanija proletarijatь ne өlip çeꞑiledi, ne pacijzmdi çeꞑip, өmir syredi.

Pacizm 25 milijon Ijspanija qalqьn çoq qьlьp өmir syre almaqcь emes, ʙykil Ijspanija eꞑʙekcileri, qalьq majdanь, ʙuqaracьl ykimet çaƣьnda. Ķəzirgi Ijspanija qalqьnьꞑ pacizmge qarsь qьjmьl-ol qavlaƣan qalьꞑ өrt!. Ulasqan qalьꞑ өrtti pacizm ec vaqьtta sөndire almaqcь emes, өrt qavlap pacizim ʙandьlarьn, qalьqtьꞑ predatilderin, Gijtlerdiꞑ çaldama əgentterin өrtep, çoq qьluvьnda sөz çoq.

S. ESMAƢAMBET.

# ÇER ÇERDIŊ QATЬNAN

AJDARBEKOP ABDЬKARЬM

*(Qьzьl-qum qudanь, „Qьzьl tuv" qalqozьnьŋ syletke kelgen, mal ɵsiryvci znacokti staqanьpcьsь).*

## Syjikti basсьmьzdьŋ aqьlьn eki qьlmajmьn

Budan 4 çьl вurьn 1932-çьldьŋ osь mezgilinde 17-sentəвir qavlьsь сьqqьp, вizdiŋ kɵpten mal ɵsiryvimizge keŋ çol acть. Ol kezde вirde malьm çoq edi, ykimettiŋ çərdem, kɵmegine syjene otьrьp, derev mal вasьn quravqa kiristim. Onьŋ aldьnda peregip вolьp, вiz mal ɵsiryvden вezgendej вolьp edik, endi malqa сьn ьqьlasьmьz avdь.

Aqьrь 1933-çьlь 1 sьjьr, 16 qojьm вoldь. Dəl osь çьlь вizge ɵte-mɵte çaqsь kɵretin, syjikti вasсьmьz Mirzojan keldi. Mirzojan вizdiŋ qal çajьmьz-вen əвden tanьsьp, вizdiŋ mal ɵsiryvge сьn вerilgen ьnta-mьzdь kɵrdi. Tajav çьldardьŋ icinda Qazaqьstan qalqozсьlarь maldь mej-lince kɵp ɵsirip, ɵrkendetetin вolsьn dep вizge aqьl ajttь, mindet tapsьr-dь. Bizdiŋ turmьsьmьzdь çaqsartuvqa kiristi.

Mirzojannьŋ avьzьnan сьqqan lebizin, вizge ajtqan aqьlьn eki et-kimiz kelmedi, çanьmьzdaj çaqsь kɵrip orьndavdь maqsat ettik. Yjtkeni onьŋ ajtqan aqьlь, sɵjlegen sɵzi вizdiŋ вolacaqьmьzdь, вaqьttь turmьs çasavdьŋ qamь ekendigi ajdan anьq kɵkejimizge qujьlьp, çigerimizdi arttьra вastadь. Mine, sonьŋ nətijçesinde 4 çьl icinde kəzir osь syletke qojьmdь 163 ke, sьjьrьmdь 7 ge çetkizip, çana 1 çьlqьm вar, вarlьqь ajaqьnan tik вasqan 171 вas qara ɵsiryv men kelip otьrmьn.

Bet вergen eldiŋ caruvacьlьqь вir вettep alqan soŋ, qalaj tez ɵse qaldь dejtin emes qoj, сьn ɵsyvge вet alqan caruva, ɵsyvdiŋ de qьjva-sьn taвatьn kɵrinedi. Biraq mal ɵzinen ɵzi ɵspejdi, çaqsь вaqьp-qaqьp, kytyv arqasьnda ɵsedi. Meniŋ qojlarьm ədep qozdaqanda—1933-çьlь tɵr-tevi, 1934-çьlь altavь çana sol çьldьŋ kyzinde вesevi, 1935-çьlь toqьzь, вьjьl 1936-çьlь onь egizden taptь. Syjtip 4 çьlda enesinen artьq 34 qozь erip ɵsti. Çasьnan osь vaqьtqa dejin qoldan çem вerip вaqatьn вir qara kyl tusaqьm, qozьnь çьlьnda вir çola 3 qozьdan taвadь. 3 çьldьŋ icinde yki-metke 37 qara kyl eltirisin tapsьrdьm.

Qojьmdь qacatьn, tuvatьn çana çajьlatьn vaqьttarьnda ɵz qolьma alьp, вaqamьn. Çatatьn qorasьn əvesin keŋ maja çon etip salьp aldьm. Bьjьl 50 tonna çoŋьсqa aralas cɵp cavьp yjdim, ɵtken çьldan zapas tur-qan 7 maja cɵвim вar.

Osь kytimniŋ arqasьnda qojьmnьŋ sapasьn teksergende orta salma-qь 70-80 kijlogram arttь, 5 aq qoj ekinci sortqa, вasqa вarlьq qojьm вir-inci sortqa çattь. Sondьqtanda men ɵzime tysken çyn çosparьn artьqь men orьndap kelemin. Bir qojdan alьnatьn çynniŋ normasь 800 gram вolsa, menin qojьmnan 2 kijlogramnan kem tyspejdi. 1936-çьldьŋ 98 kij-logram çazqь çyn çosparьn 132 kijlogram etip orьnda otьrmьn. Qojьmnan ɵzi-me artьlqan çynnen 6 qanat aq yj kɵterip aldьm, 3 вɵlmeli kirpic yjimвar. Bul qazaq yjiniŋ tavьrь. Ykimetke ɵtkizgen cijki zattarьmnьŋ qunь ne, keregine çumsavqa çetedi. Kɵrpe—çastьq, tɵsenic, kijim—kecekke вel-ceden вattьq, turmьsьmьz tyzelip, çaqsarьp ketti. Çasьm mine 40 qa keldi, вul kyngimdej qьzьq, qьzьq, вaqьttь turmьstь kɵzim kɵrgen emes. Ol kynde əjelimiz вen ekevmizdiŋ istejtinimiz вir tamaq ycin, вajlardьŋ arьqьn qazuv men kyn ɵtkizyvci edik, ekevmizdiŋ aramьzda çalqьz ton, вir çamavlь quman qana вoluvcь edi, kəzir вizden onьŋ вəri umьt вolьp kɵrgen tysdej eleske ajnalьp ketip otьr.

Endigi meniŋ aldьmda turqan ulь mindet staqanьpcь degen qurmetti attь munan вьlajda aqtajmьn. Ol ycin əli de malьmdь çьlqa kəвejtip, əsiremin, syjtip keler çьlь osь vaqьtta, sentəвir ajьna dejin qojьmdь 250 ge, sьjьrьmdь 10 qa çekizem dep Qazaqьstannьŋ maŋdaj aldь mal əsiryvcilerine senim вeremin. Kəzirde, вizdiŋ kəsemimiz, вarlьq qalьqtardь вaqьttь turmьsqa çetkizgen Stalin çoldas, çaŋa Qazaqьstan qalqozcьlarьnьŋ, Qazaqьstan mal əsiryvcileriniŋ cьn dosь, syjikti вascьsь Mirzojan çoldas, вizge maldь əsirip kəвejtiŋder, ne qurlьm mal kəвejse, so qurlьm çaqsь turmьsqa qolьŋ çetedi dep ajtьp otьr. Osь syjikti вascьlarьmьzdьŋ səzi meniŋ kəkejime əвden qondь. Biz mal əsiryvci qalqozcьlar, kəsemimiz, вascьmьz ajtqan tapsьrьs səzderdi вulçьtpaj iske asьratьn вolsaq, munanda qьzьqtь, munanda kəŋildi turmьstь kəretinimiz ajqьn.

---

**Dyjsemвijn Naqьpçan**

*(Çaŋa-arqa avdanьndaqь malьn kəp əsirgen znacoktь staqanьpcь)*

## Malьmdь 200 вasqa çetkizem

Bizdiŋ „Taldь-вulaq" qalqozь 1934-çьlь əder ujьmdasqanda 15 yj, onda 17 вas qana qara вar edi.

1935-çьlda yjdiŋ sanь 51 ge, maldьŋ sanь 250 вasqa çetti.

Kəzir 1936-çьldьŋ icinde 477 вas malьmьz вolьp otьr. Bul maldarьmьzdьŋ qorasь saj, cəвi qamtamasьz. Ətken çьlqь caвьlqan 1102-ga 800 tonna cəptiŋ ornьna, вьjьl 1818 ga 1194 tonna cəp caвьp, yjip otьrmьz. Avьlьm aldьŋqь qatardaqь, mal caruvacьlьqьn ərkendetken qalqozdьŋ вirinen sanaluvь maqanda əser etpej qalqan çoq. 1935-çьlqь 7 çьlqь, 1 tyje, 1 egiz, 43 qoj-ecki, вarlьqь 52 qaram вьjьl 108 вasqa çetip, onьŋ icinde çьlqьm 11 ge çetip, 4 qulьndь вijem вolьp otьr. Aldaqь 1937-çьlda qulьndь вijem 5 ke çetedi. Bir tajьm ajqьrdan cьqьp ketti. Meniŋ вul maldarьm 1933-çьlqь 2 вije, 2 eckiden əsken maldarьm. Meniŋ maldь, cьn вerilip, çaqsь kərip kytetinim sondaj, ças təlderimdi tuvqan вalamdaj вaqьp qaqamьn, çana onьŋ erkegin urqacьqa ajьrвastap, urqacьlarьn qьsьr qaldьrmaj caqьlьstan ətyvine çaqdaj çasajmьn. Çajьlьmьn, suvьn, çatar çajьn, çaqsartamьn. Çaz вolsa qoj-eckini çiji-çiji toqьtьp, denesin tazarttьrьp otьramьn. Qoj malьnьŋ qaj kyni təldejtinin вilip, qoldan təldetemin.

Men ətken çazda Seвernij Qapqaz əlkesi men mal caruvacьlьqьn ərkendetyvdegi sotsijaldьq çarьstьŋ cartьna qol qojьsьp keldim. Men вul çəndegi əz mindetimdi, carttь orьndap, ozьp cьquvda вasqalarqa isim men ylgi вolьp, olardь qatarьma caqьruv dep вilemin. Sondьqtan men aldaqь çьldьŋ sentəвirinde malьmdь 200 вasqa çetkizyvge cьn vədemdi вeremin.

---

**Nurьcop**

*(Avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь)*

## Partija caruvacьlьƣь tərtipke qojьldь

Qьzьl-tuv avdandьq partija ujьmь soꞑƣь ajlardьꞑ icinde tɵmengi partija ujьmdarьnьꞑ partija caruvacьlьƣьn tərtipke qojuv çumьsьna ajrьqca nazar avdardь. Partija ʙeletin avьstьruv ystinde partija ujьmdarьna is ʙiletin qaçьrlь kommunisterdi taƣajьndadь. Partija oquvь, partija caruvacьlьƣь edəvir tərtipke qojьlьp, ʙir qatar kemcilikterdiꞑ ʙeti acьldь. Serkeʙajьp, Ьjsьjьp, Çusьpьp sьjaqtь Alac-ordacьl çat elementter partija qatarьnan quvьldь. Partija dokymentin tekseryv ystinde 28 kommunis rezerʙige alьnьp, onьꞑ 21 qьzmetke çoƣarьlatьldь.

Partija ʙeletin avьstьruv çumьsь ajaqtaldь. Kəzirde partija oquvьn qolƣa alьp kommunisterdiꞑ sajasьj ʙilimin kɵteryvdi ʙastь mindetke qojьp, ʙar kyc çumsalьp otьr,

**Qara-qozьn**

## Partija oquvьndaƣь mavsьmdьq çojьlsьn

Temirdiꞑ avdandьq partija komijteti soꞑƣь vaqьtqa dejin partija oquvьnda ʙolьp kelgen mavsьmdьqtь çojьp, ʙudan ʙьlaj partija oquvьn yzdiksiz çyrgizyvine tyrli çaƣdaj tuvƣьzdь.

Qьsqa oqьlatьn partija oquvьna oquv progьramdarь talqьlanьp, propagandister ʙelgilendi. Avdan kɵlemindegi partija ujьmdarьnьꞑ qasьnan 21 çerde partija tarьjqьn yjretetin, yjirmeler qurьldь. Kəzirde oquv qьzuv çyre ʙastadь. Avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьlarь kystilerdi aralap çyrip, çergilikti çerde partija oquvьna çərdemdesedi.

Ɵtken çьlƣь partija oquvьndaƣь kemcilikterdi çoja otьrьp, ʙьjьl qalajda kommunisterdiꞑ ʙərin partija oquvьna tartьp, olardьꞑ qara tanьmavcьlьƣьn, sajasьj savatsьzdьqtarьn çojuvdь mьqtap qolƣa aldь.

**Salьqьp**

*(Torƣaj avdandьq partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь)*

## Tilektester toʙь ujьmdastь

Partija dokymentin tekseryv ystinde avdanda kɵp çumьstar isteldi. Partija qatarьnan çat elementterdi alastav men qaʙat çaꞑadan partija kadьrь dajьndalьp, çoƣarьlatьlьp qьzьmetke qojьldь. Partija qatarьn nьƣajtuv ycin de kɵp çumьstar isteldi. Sonьꞑ icinde kɵʙinese avdandьq partija orьndarьnьꞑ kɵꞑil qojƣan ʙir çumьstarь tilektester çumьsь edi. Kəzirde qьzuv qolƣa alьnьp, avdan kɵlemindegi partija ujьmdarьnьꞑ qaj çerinde ʙolsьn ujьmdasa ʙastadь. Ɵz qaravьmdaƣь kystide ʙurьn eki ƣana tilektes ʙar edi, kəzir olardьꞑ sanь 9 ƣa çetti. Endigi çerde mindetimiz tilektesterdi ʙavlьp, sajasь ʙilimderin kɵteryv ʙolьp otьr.

Çəꞑgerip

*(Tosьn soʙetiniꞑ pred-sedateli).*

## Saqadaj saj qalqoz

Torƣaj avdanьna qarajtьn Tosьn soʙetindegi 189 yj qalqoz-myceleriniꞑ menciginde etken çьlь 5-10 dap mal ʙar edi. Bir mal orьnsьz cьƣьn ʙolmaj, çaqsь qarap ʙaqqandьq pen, sol maldar esip, kəzirde çalpь sanь 1551 ʙasqa çetti. Maldьꞑ qavlap esyvi 1934-çьl men 1936-çьldьꞑ aralьƣь ʙoldь. Bul çьldardьꞑ icinde 475% mal ʙasь esti. Bul qalьpta çьl ma çьl esetin çaƣdaj tuvdьrьlsa, 1937-çьldьꞑ icinde munanda artьq esyvinde kyman çoq. Burьn eki yc ʙas malь ʙar Nəziripte 31 ʙas, Bektyrmipte 19 ʙas, Çьltьrьpta 18 ʙas mal ʙar. Bular qalqozda ylgili mal esiryci ʙolьp sanaladь.

Qalqozda qьsqь mal azьƣьn tolьq dajьndap, qora men qamtamasьz etilip, saqadaj saj otьr.

---

Ƣazьjz Nurmoldьjn

## Malƣa mal qostь

Qьzil tuv. Qara-aƣac avьl soʙetine qarajtьn „Ajsarь" seriginiꞑ mal caruvacьlьƣьndaƣь ʙelgili staqanьpcьsь Ьjmanʙajьp Aʙьlqaj çoldas menciginde gi malьn çaqsь esirdi. 1932-çьlь qalqozcьlardьꞑ mencigine mal ʙergen kezde Ьjmanʙajьp Aʙьlqaj çoldas kecpendilik qatarьnda ec ʙir qalqozda turaqtap tura almaƣandьqtan mencigine mal ala almaj, qurqalƣan caruva edi.

Sonan ʙeri qalqozda çaqsь çumьs istegendik pen eꞑʙegine çьl maçьl mal satьp alьp, kəzirde 42 ʙas malь ʙar, qatardaƣь maꞑdaj aldь mal esiryvci staqanьpcь ʙolьp qatarƣa ilindi. Ьjmanʙajьp Aʙьlqajdьꞑ endigi maqsatь əli de ʙir az çьldьꞑ icinde qalqoz uvstaʙьnda kersetken serik mycesine degen maldьꞑ sanьn çetkizyv ʙolьp otьr.

---

Esimʙekip

## Savatsьzdьqtь çojuvda ylgili is

Qьzьl-tuv avdanь savatsьzdьqtь ʙьjьlƣь çьldьn ezinde aq mylde çojuvƣa çumьla kiristi. Avdan keleminde qalьqtьꞑ 85% savatsьz delinip oʙьlьstьq oquv ʙelimi 2850 adamnьꞑ savatsьzdьƣьn çojuvƣa plan ʙergen. Avdan, oʙьlьstьn ʙergen planь ʙojьnca avdandaƣь ʙarlьq savatsьz adamnьꞑ eseʙin alьp 3580 savatsьz, cala savattь adamdardь oquvƣa tarttь. Oquvƣa tartьlƣandardьꞑ 1647 adamь savatsьzdьqtarьn osь çьl aƣustьꞑ ʙirinde çojьp, savattanьp cьqtь. Qalƣan savatsьz adamdarь oqьp çatьr.

Kəzirdiꞑ ezinde avdan icinde „Səvle", „Najman", „Çezke" sьjaqtь ʙir qatar qalqoz-serikter mylde savatsьzdьqtarьn çojьp otьr. Osь sьjaqtь ʙarlьq qalqoz, serikter çappaj savattь ʙoluvьnda ec ʙir kyman çoq. Savatsьzdьqtь çojuvda avdan oʙьlьstan kecpeli qьzьl-tuv ʙəjge aldь. Endigi çerde ʙul taʙьstь ʙajandь etyvimiz kerek.

---

Ajapвergenip

## Çaņa oquv çьlьna dajьndьqsьz kiristi

Ertis avdandьq oquv вөlimi вьjьlqь çaņa oquv çьlьna dajьndьqsьz kiristi. Avdan kөleminde 61 mektep acьlьp, oqan 5552 вala tartьlmaq edi. Munьņ alqacqь oquv çьlьnьņ вasьnda teņ çarьmdaj aq mektepke tartьladь. Munьņ seвeвi: Çaņadan salьnьp çatqan mektepter tolьq вitpej, eski mektepterdiņ remontь vaqtьnda remonttalmavь sьjaqtь çumьstar kөrnev kedergi boldь. Munьņ ystine oquv çьlь вastalqanqa dejin mektepter de qьsqa çaqatьn otьn tek 40$_0/^0$ qana dajьndalqan. Kej вir mektepterdiņ ojьnda otьn degen çoq. Өtken çьlь вir qatar mektepter otьnnьņ çoqtьqьnan qьstьņ çarьmьnda mektepterin çavьp tastaqan edi. Erterek acьq-çarьqta otьn dajьndap almasa, kөp mektepter өtken çьldьņ ajaqьn qucqalь otьr. Osьnьņ вәri avdannьņ çaņa oquv çьlьna çaqsь dajьndalmaqandьqьnan bolqan is. Әli de kemcilikti çojuv kec emes.

---

Әвdiraqьmanьр

*(Çaņa-arqa rajkomьnьņ nusqavcьsь).*

## Kommunisterdiņ qьsqь vaqьttьq kyrisi

Avdan kөleminde, 7 avьldaqь partija ujьmьnьņ çanьnan kyris acьldь. Bul kөristegi oquvcьnьņ icinde partijanьņ myce kandijdattarь 94, kom samol 140 çana partijaqa aluvqa dajьndap otьrqan tilektester tovьnan 39, qalqozcь çastardan 23, вarlьqь, 296 kyrsant oqьjdь. Bulardьņ oqьp çatqan saвaqtarьnьņ eņ negizdisi partija tarьjqь men partijanьņ praqьrammasь çana partija men ykimettiņ kyndelikti qavьl-qararlarь, cet eldegi oqьjqalar.

Munь men qaвat, avdan ortalьqьndaqь qat вilmejtin savatsьz kommunister men cala savattь kommunisterdiņ savatsьzdьqьn çojdьruv maqsatь men avdan ortasьnan вir kyris acьlьp, (28 kommunis oquvqa tartьldь. Munьņ icinde oquvqa erekce kөņil вөlip, sajasьj savatьn kөteryv ycin ajanвaj kyresken Dosqanьр, Cavвajьр çana Myrsәlijmop sьjaqtь вelsendiligin is çyzinde kөrsetken kommunisterimizde вoldь. Osь sьjaqtь savatsьzdьqtь çojuv majdanьnda kөmegin tijgizip, вelsendiligin is çyzinde kөrsete вilgen komsamoldarьmьzda kөp. Вuqan dәlelge 35 qalqozcьnь savattandьrьp cьqarqan Taccanьр pen 41 qalqozcьqa qat tanьtqan Ьjmanвekip sьjaqtь komsamoldardьņ вir necevin aluvqa воladь.

Çana aqartuv çumьsьnьņ alqa вasqandьqьn kөrsetetin, ekinci вir pakь, avdanьmьzda qat tanьjtьn adamdardьņ kөвeje вastaqandьqь osьnьņ arqasьnda, gazet çornal aldьruvcьlardьņ sanь kөвejdi, avьldaqь kommunis, komsamoldardьņ вedeli kөterilip, вelsendiligi arttь, osьnьņ nәtijçesinde „Ьntalь“ men „Tilenqoça“ qalqozьndaqь qat вiletin 72 kisiniņ вarlьqь gazet, çornal aldьrьp oqьjdь.

Вiraq, kej вir çergilikti partija ujьmdarь, çeke kommunisterimizdiņ вasьnda kemcilikte вolmaj otьrqan çoq. Mьjsalь: „Çarьq“ вastavьc partija ujьmьnьņ icki çumьsь өte nacar-вarqan qavьlьlar tigilmejdi, çeke kommunisterden ne istep çyrgendigi çөninde вajandama tьņdamajdь, onь men qaвat ujьmdastьruv çumьsь da nacar, osь sьjaqtь „Atasuv“ partija ujьmьnьņ çumьsьnda da kөp kemciligi вar. Osь kemcilikke ortaq вolatьn, savatsьzdьqьn çojuv çumьsьna kөņil вөlmej, çajвaraqat çyrgen Qurmanвajьр peņ Әrlnвa sьjaqtь kommunisterde çoq emes.

Endigi mindet Ɵlkelik partija komijtetiniꞑ V-plenyminde ajtqan Mirzojan çoldastьꞑ „aqьrьnda, men tuvrasьn ajtajьn; avdandьq komijtet ɵzine adam qurap ala ʙilmej, qьzmetcini oʙьlьstьq çana ɵlkelik komijtetten suraƣan çerlerde, aldь men, sol avdan ʙascьlьƣьnьꞑ ɵzin qarastьruv kerek, ondaj çerlerde kemcilikti avdan ʙascьlьƣьnьꞑ ɵzinen izdev kerek", degen sɵzin is çyzinde orьndajtьn boluvьmьz kerek.

---

Aldoꞑƣarьp

# Partija propagandьsь nedəvir çaqsardь

Aʙьralь avdandьq partija ujьmь dokyment avьstьruv qarsaꞑьnda partija propagandisiniꞑ dəreçesin çoƣarь kɵteryvge kyc çumsadь. Avdan ortalьƣьnan eki çerden ʙir ajlьq kyris acьlьp, odan 110 kommunis oqьp cьqtь. Partija ujьmьndaƣь qat taꞑьmajtьn kommunister ʙir ʙɵlek savatsьzdьq çojuv mekteʙine tartьldь. Budan ʙasqa partija tarьjqьn-oqьjtьn kommunisterdiꞑ oquvь taƣajьndalƣan kynderinde çyrgizilip otьrьldь.

Ygitcilik çumьsьnda avdandьq partija komijtetiniꞑ sekretarь Əljip ɵzi ʙas ʙolьp kommunisterge saʙaq ʙerdi. Osь sьqьldь sajasьj ujьmdastьruv çumьsьn çyrgizip partija oquvьnьꞑ sapasь arttь. Çoldьʙalin Aqьmetoʙa sьqьldь kommunisterimiz ʙir ajda çaqsь qat taꞑьp oqьj çaza ʙildi. Partijaꞑьꞑ uvstaʙьn çaqsь ʙildi. Partija çьjьlьsь, partija oquvь qattь tərtipke qojьlьp, partija dokymentin avьstьruvƣa dajьndьq çumьsь kycejtildi. Partijaƣa çasьrьnьp kirip ketken taʙь çat Sejlqaꞑьp Satьƣan Partija dokymentterin avьstьruv kezinde partija qatarьnan alastaldь. Qordaʙajьp Baltaʙaj myselikten kandijdattьqqa tysirildi. Partija ʙeletin avьstьruvdьꞑ qortьndьsь 24 VII-kyni ʙarlьq kommunisterdiꞑ avdandьq məçilisi ʙolьp, talqьlaꞑьp ɵtti. Çьjьlьsqa 44 myce, 28 kandijdat ʙarlьƣь 72 kommunis qatьnastь. Onda partija ʙeletin avьstьruvdьꞑ qortьndьsь men Partija ujьmdastьruv, sajasьj tərʙije kɵpcilik çumьstarь tuvralь aldaƣь mindetterdi cecti. Qortьndь da partija ʙeletin avьstьruvdan ɵtʙek avdan kɵlemindegi 124 kommunisten 110 kommunis partija ʙeletin avьstьruvdan ɵtti Eki adam partijadan cьƣьp, 12 adam tyrli seʙepter men kəzirce qaldьrьldь. Bul çьjьlьstьꞑ ʙurьnƣь çьjьlьstardan ylken ɵzgecelikteri ʙoldь. Kɵp çoldastar çarьs sɵzge cьƣьp ʙir nece kemcilikterdi kɵrsetip sьn, ɵz ara sьnƣa keꞑ çol actь. Burьn qat taꞑьmajtьn Aqьmetoʙa, Qodarьʙaj Kendirʙajьʙalar sɵzge cьƣьp tɵmengi ʙastavьc partija ujьmdarьnьꞑ əjelder arasьndaƣь kommunistik tərʙije çumьsьnьꞑ nacarlьƣьn ajttь. partijaƣa kisi aluv dajьndьƣьƣьnьꞑ kej ʙir partija ujьmdarьnda əli de ʙolsa çetkiliksizdigin kɵrsetti.

Soꞑь men çьjьlьsqa qatьsqandardьꞑ 75% ti sɵzge cьqtь. Çarьs sɵzge cьƣuvcьlar tilektester toʙьna adam tartuv çumьsьnьꞑ nacar ekendigin ajttь. Avdan kɵleminde ne ʙarь tilektes qatarьnda 17 aq adam ʙar. Ɵndiriste çaqsь istegen staqaꞑьpcьlarьmьz əli tilektester qatarьna tartьlmaj otьr, (Ucqьn, Aqʙulaq, Tajlan partija ujьmdarьnda).

Taƣь ʙir kemcilik kej ʙir ujьmda partija tapsьrmasь durьs ʙerilmegen. Tajlan, Qulьmʙet, Kalijnin mal serikteriniꞑ çaꞑьndaƣь ʙastavьc partija ujьmdarь osь sьqьldь kemcilikterdi kɵrsetip, partija çьjьlьsь çaqьn kynde ʙul kemcilikterdi çojuvdь mindettedi. Buƣan ʙajlaꞑьstь mal caruvacьlьq çumьsьnda, ʙьjьlƣь staqaꞑьpcьlar çьlьnda memlekettik plandь orьndav maꞑьna çurtcьlьqtь ujьmdastьrmaq ʙoldь. Qorьtьp kelgende Aʙьralь—partija ujьmь ʙurьnƣьdanda cьnьƣьp partija dokymentin avьstьruvdьꞑ, odan cьqqan qortьndьnь, saʙaq etip ʙudan ʙьlajda partijalьq qьraƣlьqtь arttьrьp, sajasьj ujьmdastьruv tərʙije isterin kycejtpek ʙoldь.

Qazirde çьjьlьstьꞑ qortьndьlarь tɵmengi ʙastavьc partija ujьmdarьnda talqьlaꞑьp çatьr.

---

Мьņçапьр

## Avьstьruvdan kejin

Qarqaralь ekirigine qarajtьn Cet avdanьndaqь, cet et sapqozьnьņ partija ujmьnda 16 kommunis вar. Onьņ 11 partija myceside, 5 kandijdatь. Bulardьņ kepciligi sapqoz qaravьndaqь 4 permede turadь. Bul ujьmda dokymentin tekseryvde, sajasьj вilimderi temen, qara tanьmajtьn 4 kommunis вar edi. Partija dokymentterin avьstьruvqa dejin ol qat tanьmajtьn Barsalijp, Naqьpьpçoldastar qara tanьmavcьlьqьn çojьp, sajasьj вilimderin nedəvir keterdi.

Bul sapqozda partija tarьjqьn oqьjtьn вir mektep, 4 çerde sajasьj kyreçekter вar. Munda ajьna 4 ret yzвej oquv çyrip turadь.

Kommunister Ɵlkelik, Oвьlьstьq gazet çornaldardь aldьrьp otьradь. „Avьl kommunisi" çornalьn 10, „sotsijaldь qazaqьstan" gazetin 14 kommunis aldьradь.

Tilektester toвьnda ajdьņqь qatarlь çumьskerden tartьlqan 3 adam вar. Bulardьņ arasьnda partija men ykimet qavlьsьn tysindirip otьramьz.

Barlьqьda sajasьj kyreçekterge tartьlqan. Çaqьnda вizde avьstьruv etti. Barlьq kommunisterimiz çaņa вelet aldь.

---

KENBAJЬP

## Stalindik konstijtuvtsijanь talqьlavdamьz

Oвaqan avdanьna qarajtьn „Eltaj" soвetindagi „Ьjsaj", „Eltaj" atьndaqь qalqozdarda Stalindik çaņa konstijtuvtsija kepcilik talqьlavьnda. Qalqozcьlar kepciligi Stalindik çaņa konstijtuvtsijanь talqьlav men qaвat qalqoz caruvacьlьqьn вurьnqьdan da ьqajtuv çolьnda staqanьp qozqalьsьn kyjcejtpek boldь. Ər вir qalqozcьlar mencigine mal esiryv men qaвat qalqoz ortalьqьndaqь maldardьņ san-sapa çaqьnan erkendevine kyc salьp, sotsijaldь çarьs çumьsьn ujьmdastьrdь. Keņes qaramaqьndaqь qalqozdar-qalqoz вen, вirijgadiler-вirijgadi men çarьsqa tysti. Sotsijaldь çarьs cartьnda mal caruvacьlьq planьn tolьq orьndavdь qamtamasьz etyv men qaвat, qьsqь mal azьqьn, çьlь qorasьn dajьndap, qьsta вir mal olьnsьz cьqьndamavdь вastь mindetke aldь. Sotsijaldь çarьs cartьn ujьmdastьrьp, orьndaluvьn ynemi вaqьlap otьruvdь soвet qasьndaqь partija ujьmdastьruvcьsь Kenevajьp çoldasqa tapsьrdь.

Syjtip, Eltaj soвetine qarajtьn qalqozdar stalindik çaņa konstijtuvtsijanь talqьlav men qaвat mal caruvacьlьqьn erkendetyvdi kepcilik вolьp mьqtap qolqa aldь.

---

ƏBETIP ALPЬSPAJ

*(Sol tystik Qazaqьstan oвьlьsь Eņseкcilder avdandьq zooteqnijgi).*

## Maldь avdan вolamьz

Soņqь 3-4 çьl icinde avdanьmьz caruvacьlьq, mədenijet çaqьnan qep ilgeri вastь. Qalqozdarьmьz ьmьndaqan gektir egiņ salьp çeke qalnozcьlarьmьz yjirli çьlqь, qotandь qoj, qoralь sьjьr ajdap, eņbek enimiņ terine çetti.

ʙьjьl avdan kөleminde 21.000 gektar egin alьndь. MTS 53 traktьrdь, 5 kombajьndь egin oraƣьnda tolьq pajdalana ʙildi. Egin oraƣьnьꞑ qьzuv kezinde kombajьn men traktьrlar çumьs normьlarьn orьndap otьrdь. Avdan egin caruuacьlьƣьn ajaqtap, mal qьstatuv dajьndьq çumьsьn qolƣa aldь.

1932-çьldьꞑ 17-sentəʙirdegi mal caruvacьlьƣьn ərkendetyv çөnindegi tarьjqьj qavlьnь is çyzinde orьndap keledi. 1933-çьldьꞑ 1-yjelinde avdanьmьzda ne ʙarь 4573 ʙas mal, malь çoq 684 yj ʙolsa, 1936-çьldьꞑ 1-yjelinde ol mal 22453 ʙasqa çetip, malsьz yj tygel maldandь.

Mal caruvacьlьƣьn ərkendetyv tuvralь Sol tystik Qapqaz ʙen aradaƣь çarьs cartьn orьndav çөnindegi Өlkelik partija komijteti men Qazaqьstan qalьq komijssarlar soʙetiniꞑ qavlьsьn qalqozcьlar arasьnda talqьlap, qalqoz, perme çaꞑa çeke qalqozcьlar өz ara sotsijaldьq çarьsqa tysti çəne avdan Qьzьl-tuv avdanь men de sotsijaldьq çarьsqa tysip otьr.

Sotsijaldьq çarьs cartьn orьndav ycin mal caruvacьlьƣьnda istejtin staqanьpcьlardьꞑ təçirijʙesin ortaƣa sala otьrьp 36-çьlƣь memlekettik mal өsiryv planь ʙojьnca 139 pur. iri qara maldan 98 pur. qoj men ecki 129 pur. өsyvi kerek edi, kəzirgi qalqoz ʙen istelgen çumьs nətijçesine qaraƣanda qulьn 110 pur. ʙuzav 81 pur. qozь men ьlaq 100 pur. өsti.

Ças tөldi өsiryvde „Mәten" qalqozьnda ordendi Ravza Çamçanьʙa, ʙas qojcь çoldas Grijgorij Aleksejip permedegi 418 qojdь 4 çьldьꞑ icinde 2191 ʙasqa çetkizip-520 pur өsirdi.

Mәten qalqozьnьꞑ çьlqь perme çьlqьcьsь ʙuzavʙajьp eki çьl ʙojьnda ʙir qulьn, Marks atьndaƣь qalqoz perme savьncьsь Açьʙajьp ʙir ʙuzav cьƣьndamaƣan. Osь sьjaqtь ortaqtastьrƣan sektirde staqanьpcьlar ʙar.

Çeke menciginde 7 qarasьn 72 ʙasqa çetkizgen Çьlqьʙajьp, „Ujьmcьl" qalqozьnda Çьlqьʙajьp 72 ʙasqa, 1-qarasьn Çaꞑa çol qalqozьnda Musaʙajьʙa 50 ʙasqa çetkizgen. Mal өsiryv çөninde ʙul sьjaqtь paktiler qaj qalqozdan ʙolsьn kezdesedi.

Mal tuqьmьn asьldandьruv çөninde ʙuvdandastьruv planь kәzirdiꞑ өzinde 82 pur. orьndaldь. Çeke alƣanda ʙьjьl mal caƣьlьstьruv planь iri qara maldan 79 pur. çьlqьdan 98 pur. orьndaldь. ʙul çөnde ʙir qьdьruv qalqozdar caʙan-calaƣajlьqqa salьndь. Çasьratьnь çoq, əli de kemciliktеn avdanьmьz cьƣa almaj keledi. Өtken çьlƣь qulьn 1,8 pur. ʙuzav 5,5 pur. qozь man ьlaq 2,6 pur. cьƣьn ʙolsa, ʙьjьl qulьn 1,6 pur. ʙuzav 6,3 pur. qozь men ьlaq 5 pur. cьƣьnƣa ucьrap otьr. ʙul avdanьꞑ mal caƣьlьstьruv çumьsьna kөꞑil qojmav men ças tөl ʙasьn saqtavda sondaj kөꞑil qojmaƣandьq pen caʙan calaƣajlьqqa salьnьp otьr. Osьnьꞑ saldarьnan „Mәdenijet", „Çaꞑa turmьs" sьjaqtь qalqozdarda 20 pur. ke dejin cьƣьn ʙolƣan.

Mal caruvacьlьƣь kadьrь avdanda çoqtьꞑ qasь edi. ʙьjьl avdan-ortalьƣьnan altь ajlьq kyris acьlьp, perme ʙastьƣьnan 25, mal sanijtarьnan 15 qьzmetker dajьndap cьƣarьldь, çaꞑa ʙir ajlьq kyris acьlьp, 12 savьncь 8 ʙuzavcь dajьndadь. Kәzirde qalqoz permeleriniꞑ çanьnda 8 çerden ujьmdastьrьlƣan zooteqnijkelik yjirmeler ʙar. Munda 52 adam oqьjdь.

Maldьꞑ azьq qorьn çartь çьldьq zapasь men dajьndap, avdan qьsqa dajьndьq pen kirisip, 1937-çьldьꞑ kөktemine qarsь mal ʙasьn 27000-ƣa çetkizyv ycin kyresemiz.

## TYZETYV

| Reti | Çolь — Qaj çaqьnan sanaqanda | Qate basьlqanь | Durьsь |
|---|---|---|---|
| 24 | Çoqarьdan 19 | 151,9 tonna | 79782 tonna |
| 25 | „ 18 | 484.421 oquvcьsь | 691. 944 oquvcьsь |
| 25 | Çoqarьdan 8 | Çatkizdik | Çetkizdik |
| 25 | „ 19 | 5961 oquvcьsь | 99078 oquvcьsь |
| 28 | „ 4 | Qortьsьn | Qortьndьsьn |
| 28 | „ 19 | 2599 oqvcьsь | 9220 oqvucьsь |
| 51 | Tөmennen 1 | Entecegentterdi | Entelegentterdi |
| 53 | Tөmennen 4 | Qajьrnazarьrtьn | Qajьrnazarьr çoldastьn |
| 65 | „ 11 | Ult-azattьq ulь erlik | Ult-azattьq çolьndaqь ulь erlik |
| 96 | Çoqarьdan 16 | Osь çьlqь | Osь qьlьqь |
| 96 | Tөmennen 2 | Pirinsizdiginin | Pirinsipsizdiginin |
| 97 | Çoqarьdan 6 | Reki çyzdi | Eki çyzdi |
| 98 | „ 13 | Davsь emes | Davьs emes |
| 98 | „ 24 | Əreket istev | Əreket istevi |
| 98 | Tөmennen 28 | Saralap beryvdi | Saralap bilyvdi |
| 98 | „ 6 | Saqtap qalalьq | Saqtap qaldьq |
| 100 | „ 15 | Solarqa | Solardь |
| 101 | „ 7 | Sajasattьq | sajasattь |
| 101 | „ 11 | Biz bilmejmiz | Biz bilemiz |
| 102 | Çoqarьdan 10 | Ol ana | Al ana |
| 103 | Çoqarьdan 34 | Saj qaluv kerek | Saj qьluv kerek |
| 105 | Çoqarьdan | Cьqьs-batьs | Tystik-batьs |
| 107 | „ 20 | Proletarijattьq barlьqь | Proletarijattьq partijalar barlьqь |
| 109 | „ 28 | Partija | Partijanь |
| 110 | Tөmennen 1 | Kycti men | Kyci men |
| 112 | „ 14 | Partijasьna | pajdasьna |
| 113 | Kartada | Çer ortasьndaqь teniz. | Çer ortalьq tengizi |
| 123 | „ 3 | E. M. Jaroslabskij | Em. Jaroslabskij |
| 124 | „ | Принято в набор 21/X—36 г. | Принято в набор 1/X—36 г. |
| | | Подписано к печати 1/X—36 г | Подписано к печати 1/XI—36 г. |

Qaz.SSR Memleket
ССР Госуда

## MAZMUNЬ

beti

1. J.B. Stalin çoldasqa qajta tuvqan qazaq qalqьnan qat . . . . . . . . . . 1
2. L. Mirzojan çoldastьn aldьnqь qatarlь mal esiryvcilerdin 2-sijezinde sejlegen sezi. 7
3. U. Qulьmьetip — Gyldengen Qazaqьstan . . . . . . . . . . . . . . 13
4. Aldьnqь qatarlь mal esiryvcilerdin respyvlikalьq 2-sijezinin yndev-qatь . . . 29

### Partija kepcilik çumьsь

1. BK(в)P ge çana mycelerdi ala bastav tuvralь . . . . . . . . . . . . . 35
2. A. Ьzвanop—Partija qьrqьlьqь tuvralь . . . . . . . . . . . . . . . 37
3. Q. Kadirвekop—Partija çumьsьnьn stijlin вilyv kerek . . . . . . . . . . 39
4. Bajвatcajьp—Avьstьruv teçirijвesinen . . . . . . . . . . . . . . . 43
5. S. Çaqьpop—Partija çumьsьnьn çavaptь yvcəskesi . . . . . . . . . . . 45
6. Q. Aqьmetoвa—Maqta dalasьnьn sanalь əjelderi . . . . . . . . . . . . 47
7. M. Qajьpnazarьp—Kyres pen сьnьqьp esken qazaq çastarь . . . . . . . . . 49

### Qazaq euвekcilerinin 1916-çьlqь keterilisinin 20 çьldьqь

1. Qazaq euвekcilerinin patca ykimetine qarsь 1916-çьlqь ult-azattьq keterilisi . . 56
2. S. Lepesip—Ulь-azattьq çolьndaqь ulь erlik . . . . . . . . . . . . . 65
3. S. Carьjpop—„Barsa kelmestin" çolь . . . . . . . . . . . . . . . . 70

### Qazaqьstannьn əjgili adamdarь

1. Ormanьp Qalьj—Emirdin вijiginde . . . . . . . . . . . . . . . . . 76
2. Qalmaqan—Çьlqьсь . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 86
3. Cokenip Q.—Qoçaqьmettin quvanьсь . . . . . . . . . . . . . . . . . 87

### Konsyltatsija

1. E.M. Jaroslaвskij—Trotskijcilderdin вyrkemelenyvinin negizgi ədisi-eki çyzdilik 94
2. S.E.—Ijspanijada pacister вylinciligi . . . . . . . . . . . . . . . 104

### Çer-çerdin qatьnan

115

| | |
|---|---|
| **REDKOLLEGIJA** | **1. Segizbaj ulь S.** (çavaptь redaktor)<br>**2. Qulçan ulь J.**<br>**3. Smajьl ulь E.** |

Техн. редактор ЧЕЖИК
Ответ. корректор ИСКАЛИЕВ З.
Принято в набор 21/X—36 г.
Подписано к печати 1/X—36 г.

Кол. знаков в печ. листе 40 000
Формат бумаги 82×110
Казлит № 2152
Об'ем $7^3/_4$ п. листов. Тираж 10 120.

г. Алма-Ата. Книжно-журнальная типография НКМП. Зак. № 549.

# „AVЬL KOMMUNISI“

**Өlkelik partija komijtetiniꞑ ajьnda bir ret sьƣatьn partija kөpcilik çornalь.**

**„Avьl kommunisi“** Barlьq partija ujьmdarьna, kommunisterge, keꞑes, mədenijet qьzmetkerlerine çana qalьn qalqozcьlar men çumьscьlar çurtcьlьƣьna arnavlь qazaq tilinde cьƣatьn өlkelik çetekci çurnal.

**„Avьl kommunisi“** ne Qazaqьstannьꞑ өlkelik partija, keꞑes, caruvacьlьq çana mədenijet orьndarьndaƣь bascь qьzmetkerler, təçirijbeli partija belsendileri, qьjsьncь, ədisciler, əjgili qalam qajratkerleri, bastь çazuvcь, aqьndar qatьnasьp, çurnalƣa yzbej çazьp otьradь.

Obьlьstьq partija komijtetiniꞑ bastь qьzmetkerleri, avpartkom qatcьlarь men nusqavcьlarь, partkom, partorgьlar, sapqozdьꞑ sajasattьq bөlim nəcəlnikteri, MTS qьzmetkerleri, qalqoz bastьqtarь, өndiris, avьldaqь mədenijet kadrlarь çurnalƣa çazadь.

**„Avьl kommunisi“** nde 1936-çьlь bolatьn bastь bөlimder

1. Partija kөpcilik çumьsь.
2. Qalqoz, sapqoz, MTS tьꞑ caruvacьlьq өndiris məselesi.
3. Mal caruvacьlьƣь.
4. Mədenijet aƣartuv majdanьnda.
5. Avьlda keꞑes, savda çumьsь.
6. Ədebijet bөlimi.
7. Den savlьq məseleleri.
8. Konsultatsija bөlimi.
9. Çer çerdiꞑ qattarь.
10. Өlkelik partija komijtetiniꞑ qavlь qararlarь.
11. Kitap-sьn bөlimi.
12. Çer çyzi, odaq, өlke kөlemindegi bastь çaꞑalьqtar.